ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

АБАЙ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ТЕРЕҢДЕТЕ ОҚЫТАТЫН ОРТА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 5-11-сыныптарына арналған бейіндік пәндердің үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Алматы
2020

ӘОЖ 373
КБЖ 74.268.3Каз
Н36

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 5-11-сыныптарына арналған бейіндік пәндердің үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде): Бағдарлама. Алматы, 2020 – 274 бет

ЖАЛПЫ РЕДАКЦИЯСЫН БАСҚАРҒАН:
Сексенова Роза Ербозымқызы –
мектеп-интернат директоры

ISBN 978-601-09-0403-3

Бұл жинақта негізгі орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағытттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 5-11-сыныптарына арналған бейіндік пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары (оқыту қазақ тілінде) берілген. Бағдарламалар жоғарғы оқу орындарының ғалымдарымен бірлесе әзірленген.

ISBN 978-601-09-0403-3

Абай атындағы Республикалық
мамандандырылған дарынды
балаларға арналған қазақ тілі мен
әдебиетін тереңдете оқытатын орта
мектеп-интернаты

Алғы сөз

XXI ғасыр білім мен ғылымның қарқынды дамып, IT технологиялар мен білім берудегі әдіс-тәсілдердің дамып, жетіліп, өзгеруі заман талабы болып отыр. Осыған сәйкес жалпы білім беретін мемлекеттік мекемелер, яғни мектептерде бейіндік пәндерге қойылатын талап пен сұраныс өзгеру үстінде. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында ҚР жалпы орта білім берудің мақсаты – бейіндік оқытуды іске асыру, білім алушылардың саналы түрде кәсіптік, азаматтық, тұлғалық өзін-өзі анықтауына мүмкіндік беретін түйінді құзыреттіліктерді игеруін қамтамасыз ету және даралық білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. ҚР жалпы білім беретін мектептерін дамыту тұжырымдамасында үш сатыдан тұратын жалпы білім беретін мектептің құрылымы анықталған. Соның жоғары сатысы аяқталған базалық білімнен тұратын негізгі сатыдан кейінгі бейінді білім беру болып табылады. 2007 жылғы ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес орта білім беру деңгейінің жоғарғы сынып оқушыларына бейіндік оқыту қарастырылған. Бейіндік оқыту, білім беру сапасын көтерудің, мемлекеттің және қоғамның, тұлғаның өзекті және келешектегі қажеттіліктерін жүзеге асырудың бірден бір құралы ретінде қарастырылады. Осы берілген құрылым оқушылардың жеке оқу траекториясын таңдауы мен жеке тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз ете отырып, білім беруді ізгілендіру, саралау идеяларын және базистік оқу жоспарындағы өзгермелі бөлікті жүзеге асырады.

Аталған талаптарды орындау, жүзеге асыру мақсатында біздің мектептің ұстаздар қауымы гуманитарлық бағыттағы бейіндік пәндерді ЖОО-ның ғалымдарымен бірлесе отырып жасады. Атап айтсақ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Сүлеймен Демирел атындағы университет, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Аталған оқу орындарының тілші, әдебиетші, журналистика, т.б. саласындағы

ғалымдар заманауи сұранысқа ие, оқушының қызғушылын оятып, таным дүниесіне, білім көкжиегін дамытатын бейіндік пәндерді оқушының жас ерекшелігін ескере отырып әзірледі. Мысалы, **қазақ тілінен бейіндік пәндер:** «Сөз мәдениеті», «Мәтін талдау» 5-9 сыныптар; «Когнитивті лингвистика», «Академиялық жазылым» 10-11-сыныптар. **Қазақ әдебиеті:** «Халық ауыз әдебиеті» 5-7-сыныптар; «Ұлы Дала даналығы» 5-11-сыныптар; «Әдебиеттануға кіріспе» 8-11-сыныптар; «Әлем әдебиеті» 10-11-сыныптар. **Тарих пен мәдениет саласына байланысты:** «Мәдени мұра» 5-9-сыныптар; «Дипломатия негіздері» 10-11-сыныптар; «Әлемдік мәдениет» 10-11-сыныптар. **Шығармашылық бағыттарға** «Поэзия әлемі», «Айтыс өнері», «Шешендік сөз өнері» 5-11-сыныптар; «Дебат» 8-11-сыныптар; «Журналистика негіздері», «Медиасауаттылық» 10-11-сыныптарға арналған. Бұдан бөлек «Вокал», «Домбыра», «Сәндік қолтаңбалы өнер» бейіндік пәндерінің бағдарламасы әзірленді.

Ұлттың болашағы – тілінде. Жаһандану дәуірінде алпауыт елдердің азуына жұтылып кетпес үшін біз болашақта тілін қастерлейтін ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуге міндеттіміз. «Балаға қай тілде білім берсең, өскенде сол ұлтқа қызмет ететін болады», - деп Ә.Бөкейханов айтпақшы, мектеп қабырғасынан бастап ұрпақ санасына ұлттық тілдің бар қадір-қасиетін сіңіретін болсақ, болашағымыздың жарқын болары хақ. Осы орайда бейіндік пәндер бағдарламаларын талапқа сай құрастыруда талмай еңбек еткен жұмыс тобына үлкен алғысымызды білдіре отырып, желілік «Абай мектептерінің» барша ұжымына сәттілік тілейміз!

Мектеп-интернат директоры
Роза Ербозымқызы Сексенова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ТЕРЕНДЕТЕ ОҚЫТАТЫН ОРТА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ

«Келісілді»
Академик С.Қирабаев атындапғы
қазақ тілі мен әдебиеті
кафедрасының меңгерушісі:
_____ Қ.Ө. Есенова

«Бекітемін»
Мектеп-интернат директоры
_____ Р.Е. Сексенова

«Шешендік сөз өнері» бейіндік пәні бағдарламасы

Алматы, 2019

Г. Қосымова, Г.Ж.Махамбетова, Ж. Сәленұлының авторлығымен дайындалған «Шешендік сөз өнері» бағдарламасына

Пікір

Оқушылардың білімі мен біліктілігін және шешен сөйлеу дағдыларын арттыратын «Шешендік сөз өнерін» оқыту қазіргі сөйлеу өнеріне ерекше мән беріліп отырған кезеңде өте маңызды. Бұл аталған бағдарлама оқушылардың шешендер өнер туралы білімін арттыруға, шешендердің сөйлеу өнерінен үйреніп, өзбетіндік шығармашылық жұмысын жандандыруға және өз қабілетін өзі бағалауға үйретеді. «Шешендік сөз өнері» бағдарламасы нәтижесінде оқушы көпшілік алдында сөйлеу әрекетін жоспарлай алады, теорияда алған білімін іс-тәжірибеде қолданып үйренеді, шығармашылық жұмыстың өзін-өзі танытудағы маңызын түсінеді, өзінің ғана емес, өзгелердің жұмысын талдап бағалауға үйренеді.

Бағдарламада қамтылған тақырыптар шешендік өнердің тіл мен әдебиеттің және тарихтың тоғысқан ғылым саласы екендігін білдіреді. Шешендік өнердің нысаны сөйлеу актісі екендігін ұғындырады. Шешендік сөйлеу актісінің ауызша және жазбаша тіл арқылы жүзеге асатынын білетін болады. Шешендік өнердің әлеуметтік мүддені шешуге бағытталған сөйлеу өнері екенін пайымдайды. Шешендер сөзінің жанрлық ерекшеліктерін ажырататын болады.

«Шешендік сөз өнері» бағдарламасы деңгейге бағытталып, әр деңгейде алынған теориялық білімдер мен талаптар шешендіктің мақсат-міндетіне сәйкес оқушылардың әртүрлі жағдаяттардағы сөйлеу әрекетін ыждағаттылықпен әрі белсенді қызығушылықпен орындауына түрткі болады. Оқушының нені білді, нені жасай алады, не нәрсеге әлі де көңіл бөлуі керек деген жайттарды бағамдап, өзіне сын көзімен қарап дағдылануы оның біліктілігін арттыра түседі.

Бағдарламада талаптар жүйесі оқытылатын тақырыптарға сәйкес нақтыланған. «Шешендік сөз өнері» пәнінің оқыту нәтижесі ретінде көрсетілген оқушының тілдік құзыреттілігі, проблемаларды шешу құзіреттілігі, ақпараттық құзіреттілік, коммуникативтік құзіреттілік, мәдени-танымдық құзіреттілігі артатыны сөзсіз.

Бағдарламада көтерілген мәселенің жаңалығын, өзектілігін, білім беру жүйесінде қажеттілігін ескере отырып, «Шешендік сөз өнері» бағдарламасының кеңінен таралуын қолдаймын.

Пікір иесі:
филология ғылымдарының
докторы, профессор Т.С.Тебегенов

«Шешендік сөз өнері» бейіндік пәнінің бағдарламасы

ҮЙЛЕСТІРУШІ: мектеп-интернат директоры **Р.Е. Сексенова**

БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕГЕНДЕР: филология ғылымдарының докторы, профессор **Гүлбану Қосымова**
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері: **Гүлбану Жанбекқызы Махамбетова, Жарқын Сәленұлы**

ПІКІР ЖАЗҒАН: филология ғылымдарының докторы, профессор **Т.С.Тебегенов**

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 5-11-сыныптары үшін «Шешендік сөз өнері» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Түсінік хат

Шешендік өнер тыңдаушысын әуелі толғандырып, одан соң иландырып, бұдан кейін еліктіріп әкетіп, ақырында дәлелді уәжге жүгіндіріп, істі істеуге жұмылдырған. Балалықтан арылып, азаматтыққа аяқ басқан жастардың «өзіндік менін» тапқан кез - жалпы мектептің соңғы сатысы. Осы кезде жоғарғы сынып оқушыларының «Тұлға» болып танылуына көмектесетін күш бар, ол - сөйлеу өнері. Платон шешендікті өз-өзіңді дамытуға үйрететін ептілік, шеберлік, іскерлік деп қараған. Шешен сөйлеу - қажетті жағдайда өз мүдделді қорғау үшін де немесе өз ұсынысыңды көпшілікке дәлелдеп, олардың қолдауына ие болу үшін де қажет өнер. Аристотель: «Шешендік сөз қоғам үшін не пайдалы, не зиян, әділеттілік неде, әділетсіздік неде дегендерді жеткізе алады, бұл тек адамға ғана тән. Егер адам қоғамда қарым-қатынасқа түсе алмаса, онда ол мемлекеттің құрушысы болып есептелмейді»,- деді. Цицерон шешендік өнерді адамдардың өз білімін сөздің көмегімен жеткізе білу өнері деген еді. Ломоносовтың айтуында, шешендік өнер - сөзбен берілген ойлардың қиюын тауып құрастырылуы туралы ілім. Шешендік - қоғамға пайдалы болуды көздеген парасатты, ізгілікті және эмоционалды адамды қалыптастыратын өнер.

Егеменді қазақ елінің тәуелсіздігін, мәңгілігін сақтап, қуатты мемлекеттермен бәсекелестікте жеңіп шығу қоғам мүшелерінің ақыл-ой күшімен ғана жүзеге асады. Әл-Фарабидің айтуында, адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін ақыл-ой күші даналар мен пайымдағыш шешендерде болады. Адамның дүниеде бар және қасиеті жағынан біздің жасауымызға немесе бір қалыптан екінші қалыпқа өзгертуімізге келмейтін заттарды танып білуіне көмектесетін күш - осы ақыл-ой күші. Олай болса, грек, рим, қытай, үнді, ресей, түркі-қазақ елдерінде шешендіктің сөйлеу

өнері ретінде жоғары бағаланып, ақыл-ой даналығының көзі ретінде саналғандығы тегін емес еді. Шешендік өнер ілімі барлық елде және барлық кезеңде қоғам, мемлекет мүддесі үшін бағалы болды.

ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІ

Тілдік құзыреттілік бойынша: оқушы тілдік қарым-қатынастағы шешендік өнердің рөлін түсінеді; сөйлеу мен ойлаудың арақатынасын таниды; сөз мағыналарының, грамматикалық заңдылықтардың шешендік өнермен сабақтастығын біледі; шешендік өнердің тарихындағы ғылыми ұстанымдар мен басты қағидаларды игереді; шешен сөзінің құрылымдық бөліктеріндегі тәсілдерді меңгереді; шешендік сөздің сапалық белгілерін сипаттайды; тілдік қатынастың сөйлеу шеберлігімен сабақтастығын түсінеді; тілдің қатысымдық қызметінің сөйлеу түрлерімен байланысын біледі; сөйлеу түрлерінің әрқайсысына тән белгілерді ажыратады; сөйлеу әрекетін құрайтын элементтерді таниды; сөйлеу әрекетіндегі жұмсалатын сөздер мен сөйлемдердің сөйлеу түрлеріне қатыстылығын анықтайды; сөйлеу түрлеріндегі заңдылықтарды меңгереді; сөйлеу әрекетіндегі шешеннің жағымды бейнесін сипаттайды; монологтік және дискурстық сипаттағышешендік сөздің ерекшеліктерін біледі; мәтін құрау тәсілдерін меңгереді, қазіргі шешендіктің түрлері мен қолданылатын орындарын, оларға тән тілдік қолданыстарды негіздейді.

Проблемаларды шешу құзіреттілігі бойынша: әртүрлі тілдік жағдаяттардағы шешенге тап болған проблемаларды анықтайды; шешен бейнесіне еніп, өздігінен шешім қабылдайды; өз шешімінің нәтижесін бағалай алады; сөйлеу әрекетіндегі жұмсалатын сөздер мен сөйлемдердің сөйлеу түрлеріне қатыстылығын дәлелдейді; шешендік сөздегі тіл тазалығының ой айқындылығына тәуелділігін талдайды; сөз дәлдігінің тілдік сезімге, сөз таңдауға қатыстылығын шешен сөзінен анықтайды, лебіз көркемдігі таңдап жұмсалған көріктеу құралдары мен айшықтау тәсілдеріне байланысты екендігін дәлелдейді; сөз дұрыстығы шешеннің таным деңгейіне

байланысты болатындығын негіздейді; сөздерді өз мақсатына, негізгі ойға, мазмұнға және сөз мәдениеті талаптарына сәйкес өз бетінше талғап қолдана алады; өзгелермен тіл табысуға қажетті сөздерді іріктей біледі; тілді қарым-қатынастық, танымдық, эстетикалық қызметтеріне сай қолданады; шешендік сөздердегі сөйлеу заңдылықтарын негіздейді; әртүрлі жағдаяттарда сөйлеген шешеннің стилін анықтайды; шешен сөзіндегі дәл қолданыстарды анықтап, сөздік қорын өз бетінше толықтырады.

Ақпараттық құзіреттілік бойынша: шешендік сөздердің ақпараттық-мазмұндық сипатын талдайды; ақпараттардың әлеуметтік-қоғамдық мәнін сыни тұрғыдан түсіндіреді; ақпараттар негізінде шешім қабылдайды; шешендік сөздің танымдық қызметтерін өз мақсатына сай қолдана алады; логикалық операцияларды орындап, ақпараттарды өз мүмкіндігіне сай өңдей алады; сөйлеу әрекетін жоспарлауда және оны жүзеге асыруда ақпараттарды іріктеп таңдайды; ақпараттар негізінде сөйлеудің жалпықоғамдық сипатын бағалайды; сөйлеу мазмұнының ішкі және сыртқы бүтіндігін талдайды; сөйлеудің мағыналық шегін анықтайды; шешендік мәтіннің көркемдеуші құралдары мен мәнерлеуіш тәсілдерінің ақпарат мазмұнына сәйкестігін анықтайды; ақпараттар негізінде тақырыпқа сай мәтін түрлерін құрайды; ақпараттар мазмұнына сәйкес шешен бейнесін негіздейді; дискурс тиімділігін арттыратын тілдік және тілдік емес заңдылықтарды анықтайды.

Коммуникативтік құзіреттілік бойынша: сөйлесімнің барлық компоненттеріне тән дағдыларды меңгереді; ауызша және жазбаша тілде сөзді құрау ережелерін, сөзді таңдау тәсілдерін және тілдік нормаларды ұстанады; оқу материалдары бойынша дискурсқа (монолог, диалог, полилог) қажетті дағдыларды меңгереді; ауызша, жазбаша және компьютерлік сөйлеу тілдерінде тілдік сезім мен қажетті коммуникативтік сапаларды қолданады; ұсынылған тақырып пен тілдік жағдайларға сай сөздерді орынды жұмсай алады; сөз дұрыстығы, сөйлеу шеберлігі талаптарын меңгереді; қазіргі шешендіктегі туындаған жағдаяттарға сай қатысымдық, тілдік-әлеуметтік міндеттерді шешетін технологияларды таңдай алады; шешендік сөздің әр жанрға тән тілдік құралдарды таңдап қолданып, шешен бейнесін жасайды; сөйлеу әрекетін құрайтын

мерзімдік жағдаят, авторлық шабыт, сөз (пікір) шынайылығы элементтерін меңгереді; тілдік жағдаяттарға сәйкес туындаған дискурс түрлерін анықтайды және сөз қолданыстары мен сөйлем түрлерін меңгереді.

Мәдени-танымдық құзіреттілік бойынша: қоршаған ортаның шынайылығына деген көзқарастар мен сенімділік жүйесі ретінде біртұтас дүниетанымы орнығады, өз халқы мен басқа да халықтардың мәдени құндылықтарын біледі, көп мәдениетті тұлғаның сапаларын игереді; шешеннің көпшілікке өзін танытқан қалпын сипаттайды; қарым-қатынас жасау мәнерін талдайды; сөйлеу шеберлігін уақытқа және кеңістікке қарай негіздейді; қазіргі шешендер сөздеріндегі ұлттық-мәдени ұғымдарды ажыратады; шешен рөліне еніп, ұсынылған тақырып пен тілдік жағдаяттарға сай сөз жұмсау дағдыларын меңгереді; шешендік сөз нормаларын ұлттық тілдің ішкі ерекшеліктеріне сай сақтайды; шешен тұлғасындағы ұнамды әрекеттерді қоғамдық талап тұрғысынан талдайды; шешендік сөздің ақыл-парасатқа негізделетіндігін мәтін тақырыбы мен идеясы арқылы ашады; сөйлеу мәдениетінің коммуникативтік сапаларына тән талаптарды ұлттық және жалпыадамзаттық нормалармен ұштастырады; сөйлеу түрлеріне лайық шешеннің тілдік дағдыларды жұмсау шеберлігін меңгереді; тілдің этномәдени және эстетикалық даралығын таниды; шешен сөзінің логикалық байланысын, жүйелілігі мен айқындылығын дәлелдейді.

Аталған құзіреттіліктер қалыптастырылғанда ғана пән қоғамға пайдалы адам болудың, жақсы мінез-құлық пен ұлттық сананы қалыптастырудың, мәдени-тілдік мүдделерді жүзеге асырудың құралына айналады.

Пәнді оқытудың басты мақсаты

Адамзат қоғамының өркендеуі үшін ғылыми жетістіктерді пайдалана алатын, ғылым негіздерін жүйелі меңгерген, ғылыми ақпараттарды талдай, өңдей, жинақтай және қолдана білетін, зерттеу және шығармашылық әдістерді игерген, жоғары деңгейдегі қарым-қатынастық қабілеттілігі дамыған Тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік жасайтын тілдің ақпараттық-танымдық, қатысымдық, кумилятивтік қызметтерін мәтін

арқылы меңгерту, ғылым негіздері мен жаңа технологияларды мақсатқа сай қолдану әдістерін игерту, тілдік бірліктерді сөйлеу әрекетінде нормаларға сай қолдануға төселдіру.

Пәнді оқытудың міндеттері

- тілдің функционалдық қасиеттерін білгізу;
- тілдің танымдық қызметін әртүрлі жанрдағы мәтінде таныту;
- тілдің қатысымдық қызметін тілдік жағдаяттарда қолдана білгізу;
- тілдің кумилятивтік қызметін мәтін арқылы негіздеу;
- танымдық мәтіндер арқылы ғылым негіздерін меңгерту;
- ақпараттарды талдай, өңдей, жинақтай білуге төселдіру;
- зерттеу және шығармашылық әдістерді тиімді қолдана алу біліктілігін қалыптастыру;
- сөйлеудің ауызша және жазбаша түрлерінде тілдік бірліктерді мақсатқа сай қолдана білуге жеткізу;
- сөз мәдениеті мен шешендік өнердің талаптарын меңгерту;
- көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымын білгізу;
- шешендіктің дамуына қойылатын алғы шарттарды өмірден алынған фактілер бойынша негіздеу;
- қазіргі шешендіктің түрлерін меңгерту.
- тілдің мәдени-этикалық нормаларын меңгерту ;
- ұлттық құндылықтар мен әлемдік адамзаттық құндылықтарды салыстыра пайымдату;
- әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін шешендікпен дұрыс бағалауға төселдіру;
- қоғамға жат құбылыстарға, идеологиялық, діни ағымдарға және заңды бұзушылық әрекетке қарсы көзқарасын шешендікпен негіздеудің және жұртты сендірудің тәсілдерін меңгерту.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі

5-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;
6-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;
7-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;
8-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;
9-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;

10-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;
11-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат.

«Шешендік сөз өнері» бейіндік пәнінің базалық мазмұны

5-сынып

5-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

Тілдің сөйлеудегі қызметі және мәтін (10 сағат)

Тілдің сөйлеудегі қызметі туралы түсінік. Адамдардың қарым-қатынасындағы жазу мен сөйлеудің мәні. Әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрлерін, олардың тілдік ерекшеліктерін мәтіндер бойынша аңғарту.

Шешендік сөз-мәтін, оның ерекшелігі. Шешендік сөз туралы түсінік. Шешендік сөздің тақырыбы, идеясы, құрылымы.

Шешендік сөздің түрлері. Ауызекі сөйлеуге қатысты мәтіндер, ондағы тақырыптық ерекшеліктер. Оның берілу формалары, сөйлем құрау жүйесі. Жазбаша мәтіндер. Тақырыбы, негізгі идеясы. Ойдың берілу тәсілдері: әңгімелеу, баяндау, сипаттау,талқылау, мінездеу және т.б.

Шешендік сөйлеу - тапқырлық (22 сағат)

Шешен сөйлеудегі тапқырлық сөз қолданысына қатысты. Сөз және оның мағынасы. Сөздің тура мағынасы және ауыспалы мағынасы. Сөздің атауыш мағынасы тура мағына деп аталатындығы. Ауыспалы мағына деген ұғымның екі түрлі ұғынылатындығы: тілде жүре келе пайда болған кейінгі мағынасы және сөздің көркемдеп қолданудан сөйлеу үстінде туатын «жаңа» мағынасы. Шешен сөйлеуде көбіне сөздің ауыспалы мағыналары қолданылатындығы.

Шешендік сөздердегі сөз қолданысы. Тұспалдап сөйлеудегі көп мағыналылық. Көп мағыналы сөздердің екі я одан да көп мағынасы болатындығы. Бұлардың әр сөз табына қатысты екендігі. Көп мағыналы сөздердің бір негізден шығатындығы.

Бейнелеп сөйлеудегі сөз қолданысы. Салыстырмалы сөз қолданыстардағы омонимдер. Омоним сөздердің көп мағыналы сөздермен ұқсастығы және айырмашылығы. Омонимдердің бір

сөз табынан да, әртүрлі сөз табынан да болатындығы. Омонимдер сөздігі.

Шешен сөйлеудегі ой айқындылығы. Ойдың дәлдігін берудегі синонимдердің қолданысы. Шешендік сөздердегі синонимдік қатар, ондағы сөздердің мағыналық, реңктік ерекшеліктері. Синоним сөздердің бір ғана сөз табына қатыстылығы. Синоним сөздердің ойды айқындап, дамытып жеткізудегі рөлі. Синонимдер сөздігі.

Көркемдеп сөйлеудегі антонимдер. Антонимдердің қарсы мәндес сөздердің жұбынан тұратындығы. Антонимдердің көп мағыналы сөздерге, синонимдерге, омонимдерге қатысы. Антонимдердің ойды анықтап, көркемдеп, әсерлі жеткізудегі мәні. Антонимдер сөздігі.

Ауызша шешендік сөздегі табу, эвфемизмдер мен дисфемизмдер. Табудың анықтамасы. Мұндай сөздердің қазақ халқының өмірінде кең тарағандығы, қолданылу себептері. Эвфемизмнің анықтамасы, оның табу сөздерден айырмашылығы. Қолданылу жағдайлары. Дисфемизмнің анықтамасы, оның эвфемизмге қарама-қарсы құбылыс екендігі. Қолданылу жағдайлары, олардың адам санасына әсер ету күші.

Шешендік сөздердегі фразеологизмдер (тұрақты тіркестер). Тұрақты тіркестердің өзіндік ерекшеліктері: екі не одан да көп сөздерден құралатындығы, бір ғана мағына білдіруі, құрамындағы сөздердің орын тәртібінің тұрақты болуы, даяр қалпында жұмсалып, сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқаратындығы. Фразеологизмдердің ойды әсерлі берудегі мәні. Фразеологизмдердің синониммен, антониммен байланыстылығы. Фразеологиялық сөздік. Фразеологизмдердің емлесі.

Шешен сөздегі мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдердің шешендердің сөз саптауынан қалыптасқан халықтық рухани қазына екендігі, олардың өзара ұқсастығы мен ерекшеліктері. Мақалдардың ғибраттық, өсиеттік мәні; мәтелдің ишара, меңзеу тұрғысында қолданылатындығы. Мәтелдердің фразеологизм-дермен ұқсастығы, өзгешелігі.

Талдау эссе (2 сағат)

Шешен сөйлеудің басқа сөйлеу түрлерінен айырмашылығы. Мақсаттылығы, тапқырлығы, ғибраттылығы, деректерге құрылуы.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар (деңгей бойынша)

Базалық деңгейге қойылатын талаптар

Пәндік нәтижелер

- тілдің сөйлеудегі қызметі, жазу мен сөйлеудің мәні жайлы білуі тиіс;
- әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрлерін, тілдік ерекшеліктерін мәтіндер бойынша талдай алуы тиіс;.
- шешендік сөз, тақырыбы, идеясы, құрылымын, түрлерін білуі тиіс;
- жазбаша мәтіндер, тақырыбы, негізгі идеясын анықтай алуы тиіс;
- ойдың берілу тәсілдерін білуі тиіс;
- шешен сөйлеудегі тапқырлыққтың қажеттілігін түсінуі тиіс;
- сөз, сөздің тура мағынасы және ауыспалы мағынасы жайлы білуі тиіс;
- көп мағыналы сөздердің, омонимдердің, синонимдердің, антонимдердің табу, эвфемизмдер мен дисфемизмдердің, фразеологизмдер (тұрақты тіркестер), мақал-мәтелдердің шешен сөздердегі қажеттілігін тануы, анықтауы тиіс;
- шешен сөйлеудің басқа сөйлеу түрлерінен айырмашылығын білуі тиіс

Тұлғалық нәтиже

- қарым-қатынас мәдениетін көрсетуі тиіс;
- рухани-адамгершілік, елжандылық өмір салты қажеттіліктерін игеруі тиіс;
- құндылық ретінде өзі туралы және басқа адамның тұлғасы туралы ұсыныстар жүйесін меңгере білуі тиіс;

- қоғамдағы өзіндік әлеуметтік мәртебесіне саналы қызығушылығын көрсетуі тиіс

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

- нақты жағдаятқа талдау жасап, проблеманың пайда болу себептерін көрсетуі тиіс;
- проблеманы шешуге бағытталған өз әрекеттеріне мақсат қоя отырып, әрекеттің жоспарланған өнімін бағалауға тиіс;
- ұсынылған ақпаратты тапсырмаға сәйкес ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетуі тиіс;
- қойылған міндеттерді шешуге ұмтылыс жасауы тиіс;
- нақты міндеттерді шешу үшін белгілі әрекеттер технологиясын қолдануы тиіс;
- қарым-қатынас мақсатына сәйкес тілдік қатынасқа түсіп, мәтін құрауға тиіс;
- өз ойын мазмұнды әрі жүйелі жеткізе алуы тиіс

6-сынып

6-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

Шешендік – образдылық (12 сағат)

Шешендік сөздердің образды ойлауға құрылатындығы. Шешендік мәтіндегі образды сөздер. Шешендер сөзіндегі образды сөздердің табиғаттағы аң-құстарға, жан-жануарларға, өсімдіктер мен жәндіктерге қатысы.

Метафоралар, жасалу жолдары. Метафораның шешен сөйлеудегі қызметі. Шешендік сөздердегі метафоралардың жиі қолданылатын түрлері.

Теңеулер, оның жасалу жолдары. Теңеулердің шешен сөйлеудегі қызметі. Шешендік сөздердегі теңеулердің жиі қолданылатын түрлері.

Эпитеттер, оның жасалу жолдары. Эпитеттің шешен сөйлеудегі қызметі, заттың бейнесін көркемдеп, ойды көріктеуге құрылғандығы.

Символ, символдың түсініктемесі. Символдың адамның мінез-құлқын бернелеп айту, іс-әрекетін мысалмен жеткізу.

Символ метафораның ұлғайған түрі екендігі. Шешендік сөздердегі айтқалы отырған нәрсені, құбылысты балама бейнемен, сурет арқылы тұспалдап көрсетуі.

Шешендік - мәнерлеп сөйлеу үлгісі (10 сағат)

Шешендік сөздің мәнерлілігінің дауыс сазымен байланыстылығы. Дауыс сазының сөз мағынасын айқындаудағы мәні.

Интонацияның шешен сөзінің тақырыбына, мазмұнына қарай әртүрлілігі: көтеріңкі, қуанышты, мұңды, ашулы, ызғарлы т.б.

Шешендік сөздердегі орфоэпия және орфография. Шешен сөйлеудегі үндестік заңы. Буын және дыбыс үндестігінің мәні.

Дыбыс үндестігі, оның қолданылатын орындары. Сөз қолданысындағы дыбыс үндестігінің түрлері.

Сөз құрамындағы, сөз тіркестеріндегі дыбыстардың үндестігін сақтап айтудың шешендікпен байланысы.

Сөздерді дұрыс айту мен дұрыс жазудың нормалары. Олардың шешеннің сөйлеу мәдениетіне қатысы, қолданылатын орындары.

Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәні. Олардың тілдік этикетпен байланысты болатындығы. Сөздің дұрыс берілуіндегі интонация мен дауыс кідірісінің, екпіннің атқаратын рөлі, сөйлеу мақсатымен бірлігі.

Шешендіктегі айшықтау тәсілдері (10 сағат)

Шешендік сөздердің әсер күші - айшықтау тәсілдерінде. Айшықтау тәсілдері туралы түсінік. Айшықтау тәсілдері - шешендердің көп қолданылған тәсілдері.

Әсірелеу. Бір нәрсені өте асырып айту немесе өте кемітіп айту. Әсірелеу тәсілдерінің фразеологизмдер мен образды сөздерде кездесетіндігі. Әсірелеудің мақсаты - сөздің әсерін күшейту екендігі.

Шешендік сөздердегі әсерлеу тәсілдері. Әсерлеу тәсілдерін қолданудың мақсаты - шешеннің көңіл күйін жеткізуі, тыңдаушылардың көңіліне күй түсіру.

Арнау және оның түрлері. Арнаудың жарлай арнау, зарлай арнау, сұрай арнау түрлері, олардың жасалу жолдары. Арнаудың жиі қолданылатын тәсілдерінің бірі - риторикалық сұрақ.

Қайталаулар және оның түрлері. Сөздік қайталаулар, дыбыстардың қайталануы (аллитерация, ассонанс), сөз тіркестерінің қайталануы, сөйлемдердің қайталануы. Қайталаулардың шешендік сөздерде қолданылу мақсаты, көркемдік қызметі

Шендестіру, оның түсініктемесі. Екі нәрсені қатар қойып, қарама-қарсы суреттеу тәсілі. Шендестіру жасайтын амалдар - ұйқастар, эпифоралық қайталаулар.

Дамыту және оның түсініктемесі. Дамытудың ойды бірден-бірге күшейте беру тәсілі екендігі. Шешендік сөздердегі алдыңғы сөзден артқы сөздің қуатының асып отыруы.

Синтаксистік параллелизм және оның түсініктемесі. Параллелизмнің екі нәрсені, құбылысты қатар қойып, жұптап суреттеуі. Шешендік сөздердегі синтаксистік параллелизм тәсілдерінің қолданылу мақсаты: ұқсас екі құбылысты образды салыстырып, суреттеп отырған нәрсенің қасиетін ашып беруі. Параллелизмнің мақал-мәтелдер мен даналық сөздерде жиі қолданылатындығы.

Талдау эссе (2 сағат)

Шешендердің сөзіндегі образды сөз қолданыстары мен айшықтау тәсілдеріне талдау жасау

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар (деңгей бойынша)

Базалық деңгейге қойылатын талаптар

Пәндік нәтижелер

- шешендік сөздердің образды ойлауға құрылатындығын білуі тиіс;
- метафоралар, теңеулер, (эпитеттер мен символдың жасалу жолдарын, түрлерін, шешен сөйлеудегі қызметтерін білуі тиіс;
- шешендік - мәнерлеп сөйлеу үлгісі екенін түсінуі тиіс;
- дауыс сазының сөз мағынасын айқындаудағы мәнін білуі тиіс;
- шешендік сөздердегі орфоэпия және орфографияның қызметін білуі тиіс;
- шешен сөйлеудегі үндестік заңының маңызын түсінуі тиіс;

- сөздерді дұрыс айту мен дұрыс жазудың нормаларын білуі тиіс;
- шешендіктегі айшықтау тәсілдерін меңгеруге тиіс;
- айшықтау тәсілдері - шешендердің көп қолданатын тәсілдері екенін түсінуі тиіс;
- шешендік сөздердегі әсерлеу тәсілдерін, қолданылу мақсатын білу;
- арнау және оның түрлерін, қайталаулар және оның түрлерін, шендестіру, дамыту, синтаксистік параллелизмді, шешендердің сөзіндегі образды сөз қолданыстары мен айшықтау тәсілдеріне талдау жасай алуы тиіс

Тұлғалық нәтижелер

- қарым-қатынас мәдениетін көрсетуі тиіс;
- рухани-адамгершілік, елжандылық өмір салты қажеттіліктерін игеруі тиіс;
- құндылық ретінде өзі туралы және басқа адамның тұлғасы туралы ұсыныстар жүйесін меңгере білуі тиіс;
- қоғамдағы өзіндік әлеуметтік мәртебесіне саналы қызығушылығын көрсетуі тиіс

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

- нақты жағдаятқа талдау жасап, проблеманың пайда болу себептерін көрсетуі тиіс;
- проблеманы шешуге бағытталған өз әрекеттеріне мақсат қоя отырып, әрекеттің жоспарланған өнімін бағалауға тиіс;
- ұсынылған ақпаратты тапсырмаға сәйкес ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетуі тиіс;
- қойылған міндеттерді шешуге ұмтылыс жасауы тиіс;
- нақты міндеттерді шешу үшін белгілі әрекеттер технологиясын қолдануы тиіс;
- қарым-қатынас мақсатына сәйкес тілдік қатынасқа түсіп, мәтін құрауға тиіс;
- өз ойын мазмұнды әрі жүйелі жеткізе алуы тиіс.

7-сынып

7-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

Шешен сөйлеу мәдениеті (10 сағат)

Көпшілік алдында сөйлеудің түрлері. Мемлекет басшысының, қоғам қайраткерлерінің, дикторлардың, мұғалімдердің, оқушылардың, сөйлеу ерекшеліктері. Көпшілік алдында айтылатын ауызша сөздің жазба сөзге қарағанда құрылысы жағынан ықшам келетіндігі. Қаратпа, қыстырма, одағай сөздердің жиі қолданылатындығы және тыныс белгілері. Ойдың дауыс ырғағы, дауыс кідірісі арқылы берілетіндігін байқау.

Жазудың маңызы. Сөзді дұрыс жазу мәдениеті. Орфографиялық нормадан ауытқуға болмайтындығы, оны сақтаудың міндеттілігі. Емле ережесіндегі соңғы толықтырулар мен өзгерістер тіл фактілері негізінде талқыланып, олардың дағдыға айналуын талдату.

Жазудың адам ойын жүйелі, тиянақты, толық жеткізуге мүмкіндік жасайтындығын ұсынылған тақырыптарға құрылған ауызша және жазбаша мәтін үлгілерін салыстыру арқылы көз жеткізу.

Ұсынылатын тақырыптар. Қазақтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, өнері. Ауыл-қала тұрмысындағы айырмашылық. Табиғаттағы өзгерістер. От басындағы қызығушылық, береке. Сынып мүддесі. Ұлттың мақтанышы, көрнекті адамдардың өмірі жайлы сыр және т.б.

Шешендік және стиль түрлері (12 сағат)

Әртүрлі стильдегі шешендер сөзіне тілдік талдау. Білім-ғылым, әлеуметтік тұрмыс, саясат тақырыбындағы диалогтар мен әңгіме мәтіндерінің тақырыптық және идеялық мәнін ашу, стильдік бояуына қарай мәтіндерге жұмсалатын сөздердің мағыналарын ашу. Ұлттық белгілерді білдіретін, ғылыми түсінік беретін және діни сипаттағы мәтіндермен жұмыс.

Суреттелу, хабарлау, баяндау, әңгімелеу тәсілдеріне қарай шешендердің сөздерін жанрлық ерекшелігіне қарай мәтіннің түрін хабарлама, суреттеме, баяндама, талқылама, әңгіме екенін айқындау.

Шешен сөйлеу мәдениеті халықтың әдет-ғұрпы мен өнерінде. Сөз мағынасы - тауып сөйлеудің кілті. Сөйлеудің түрлері: диолог, монолог. Тіл мәдениеті және шығармашылық жазу жұмыстары. Қосымшалардың тіл мәдениетіне қатысы. Қосымшалардың сөзге жалғану шегі, сөзді таңдап, талғап барып жазылатындығы. Қосымшаларды қолданудағы нормалардан ауытқулардың шешендікке жат құбылыс екендігін аңғару.

Сөйлеу этикеті (10 сағат)

Тілдік жағдаяттарда дұрыс сөйлей, дұрыс жаза білудің шарттары. Сөз қолданудын негізгі принциптері.

Сөз әдебі сөз иесінің сөзді сыпайы қолдану мәдениетімен байланысты екенін, сөйлеушінің, жазушының әр сөзі мәдениетті де сыпайы, ізетті болуын талап ету керектігін мысалдармен түсіндіру. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген мақалдың мәнін ашқызу. Бір ауыз жақсы сөз адамды жадыратып, көңілін көтеретіндігін, қуат беріп, шабыттандыратынын мәтін арқылы дәлелдету.

Сөз құдіретін танытатын мақалдар мен даналық сөздерді талдату. Тілдегі сөйлеу этикетіне жататын сөздер тізбегін жасаттыру. Халқымыздың жақсы дәстүрлерін сақтап келген шешендік сөз үлгілерін әрі қарай дамытып, оны оқушылардың сөйлеу дағдысына сіңіру бағытындағы жұмыс түрлерін жүргізу.

Халықтың салт-дәстүріне байланысты айтылатын табу сөздер мен дөрекі сөзді жұмсартып жеткізу мақсатындағы эвфемизмдердің тіл мәдениетіндегі орнын түсіндіру, олардың сөз әдебімен байланысын ашқызу, көркем мәтіндерден осындай тілдік құбылыстарды теріп жаздырту.

Талдау эссе (2 сағат)

Өркениетті елдер мен Қазақстанда болып жатқан оқиғаларға баға бергізіп, ауызша және жазбаша сөйлеу тілін жетілдіру, сауаттылықты меңгерту.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар (деңгей бойынша)

Базалық деңгейге қойылатын талаптар

Пәндік нәтижелер

- шешен сөйлеу мәдениетінің қажеттілігін білуі тиіс;

- көпшілік алдында сөйлеудің түрлерін ажырата алуы тиіс;
- ауызекі шешен сөйлеуде қаратпа, қыстырма, одағай сөздердің жиі қолданылатындығын білуі және ажырата алуы тиіс;
- сөзді дұрыс жазу мәдениетінің қажеттілігін, орфографиялық нормадан ауытқуға болмайтындығын, оны сақтаудың міндеттілігін білуі тиіс;
- шешендік және стиль түрлері жайлы түсінігі болуы тиіс;
- әртүрлі стильдегі шешендер сөзіне тілдік талдау мүмкіндігінше жасай алуы тиіс;
- суреттелу, хабарлау, баяндау, әңгімелеу тәсілдеріне қарай шешендердің сөздерінің жанрлық ерекшелігін айқындай алуы тиіс;
- сөйлеудің түрлерін, қосымшалардың тіл мәдениетіне қатысын білуі тиіс;
- тілдік жағдаяттарда дұрыс сөйлей, дұрыс жаза білулері тиіс;
- сөз қолданудын негізгі принциптерін білуі тиіс;
- сөз құдіретін танытатын мақалдар мен даналық сөздерді талдай алуы тиіс

Тұлғалық нәтиже

- қарым-қатынас мәдениетін көрсетуі тиіс;
- рухани-адамгершілік, елжандылық өмір салты қажеттіліктерін игеруі тиіс;
- құндылық ретінде өзі туралы және басқа адамның тұлғасы туралы ұсыныстар жүйесін меңгере білуі тиіс;
- -қоғамдағы өзіндік әлеуметтік мәртебесіне саналы қызығушылығын көрсетуі тиіс.

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

- нақты жағдаятқа талдау жасап, проблеманың пайда болу себептерін көрсетуі тиіс;
- проблеманы шешуге бағытталған өз әрекеттеріне мақсат қоя отырып, әрекеттің жоспарланған өнімін бағалауға тиіс;

- ұсынылған ақпаратты тапсырмаға сәйкес ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетуі тиіс;
- қойылған міндеттерді шешуге ұмтылыс жасауы тиіс;
- нақты міндеттерді шешу үшін белгілі әрекеттер технологиясын қолдануы тиіс;
- қарым-қатынас мақсатына сәйкес тілдік қатынасқа түсіп, мәтін құрауы тиіс;
- өз ойын мазмұнды әрі жүйелі жеткізе алуы тиіс

8-сынып

8-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

Шешендік өнер - жоғары өнер (6 сағат)

Шешендік – ақылмен билеу өнері. Шешен сөйлеудің сыры. Шешен сөйлеуге бағытталу жолдары. Шешендік сөздердің құрылымы. Шешендік сөздердің көркемдік сипаты

Шешендік өнердің өзге ғылым салаларымен байланыстылығы (6 сағат)

Шешендік өнердің тарихпен байланысы. Шешендік өнердің этнографиялық ұғымдармен байланысы. Шешендік өнердің тіл тазалығын сақтау мен дамытудағы рөлі

Ұлттық шешендік өнердің өкілдері (16 сағат)

Би-шешендердің қоғамдық қызметі. Қазақ шешендік өнерінің зерттелу тарихы. Қазақ шешендік өнерінің ерекшеліктері. Шешендік өнердің дәуірлік, өңірлік ерекшеліктері. Би-шешендердің маңызы мен қызметі. Билердің шешендігі.

Қазақ шешендік өнерінің атасы - Майқы би. Ұлы жүздің шешені - Төле би. Қаздауысты Қазыбек бидің шешендігі. Әйтеке бидің даналығы. Мөңке бидің шешендігі хақында. Тайкелтір бидің төрелігі. Сырым Датұлының шешендік сөздері. Ескелді бидің есті сөздері. Ақтайлақ би, Бөлтірік шешендік сөздері. Байдалы бидің батасы.

Әдебиеттегі шешендік (6 сағат)

Абайдың шешендік өнері. Саққұлақ шешеннің сөздері. Жақсы Жанқұтты бидің сөздері. Бала бидің сөздері. Ш.Уәлиханов, М.Әуезов еңбектеріндегі шешендік ойлар.

Ақын-жырау, би-шешендердің шешендік сөздері мен ой-толғауы пайдалану жолдары

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар (деңгей бойынша)

Базалық деңгейге қойылатын талаптар:

Пәндік нәтижелер

- шешен сөйлеудің жолдарын анықтамалық әдебиеттерден оқып білуі тиіс;
- шешендік сөздердің құрылымын: кіріспесін, негізгі бөлімін, қорытындысын анықтауға тиіс;
- шешендік сөздердің көркемдік сипатын мәтіндер бойынша ажыратуға тиіс;
- шешендік өнердің тіл тазалығын сақтау мен дамытудағы рөлін білуге тиіс.

Тұлғалық нәтиже

- шешендік өнердің өзге ғылым салаларымен байланыстылығын түсінеді;
- шешендік өнердің тарихпен байланысын негіздейді;
- шешендік өнердің этнографиялық ұғымдармен байланысын талдайды;
- ұлттық шешендік өнердің өкілдерін әлеуметтік қызметі тұрғысынан
  түсіндіруі тиіс;
- шешендік өнердің дәуірлік, өңірлік ерекшеліктерін өзіндік ізденістерімен дәлелдеуі тиіс.

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

- шешендік өнердің тарихи құбылыс болғандығын тарихи кезеңдермен байланыстыра негіздеуі тиіс;
- қазақ шешендік өнерінің ерекшеліктерін кезең бойынша анықтай алуы тиіс;
- би-шешендердің сөзі мен қызметін қоғаммен байланыстыра талдауы тиіс;
- ақын-жазушылардың шығармаларындағы шешендік ойларды тауып, мәнін түсіндіруі тиіс;
- шешендік сөздердің қоғам мүшелерін тәрбиелеудегі рөлін негіздей алуы тиіс.

9-сынып

9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

Шешендік сөздің әлеуметтік мәні (8 сағат)

Шешендік өнердің саяси рөлі мен қызметі. Шешендік өнердің құқықтық сипаты. Шешендіктің дипломатиялық қызметтегі рөлі мен пайдасы. Шешендік өнердің ұлттық тәрбие мен идеологиялық маңызы. Шешендік өнердің педагогикалық, философиялық ерекшеліктері

Шешендік шеберлікті қалыптастыру мен дамыту жолдары (14 сағат)

Жұмбақтап сөйлеу, тұспалдап сөйлеу, астарлап сөйлеудің ерекшеліктері. Мақал-мәтелдің шешендік өнердегі қолданысы. Тұрақты тіркес, көркем сөз, көркемдегіш құралдарды шешендік сөзде пайдалану. Нақыл сөз, көсем сөздерді қолданудың тиімділігі мен ерекшелігі. Ауызекі сөйлеудегі шешендік. Тапқырлықтың шешендік үлгісі. Толғау, өлең-жырларды шешендік өнерде пайдалану. Тұрмыстық, шаруашылық атаулардағы шешендік үлгі. Ауыз әдебиетіндегі шешендік үлгілері. Қара өлең, халық әндерінің мәтініндегі көркемдіктің шешендікке ықпалы.

XXI ғасырдағы шешендік сайыс үлгісі (10 сағат)

XXI ғасырда шешендік сөздерді қолданудың әдістері. XXI ғасырдағы шешендік сайыстың бағыты мен маңызы. Шешендік сөздердегі замана сипаты. Саясаткерлердің, дипломаттардың шешендігі. Заманауи шешендік. Той, жиналыс, мерекелік іс-шаралардағы шешендік. Көңіл айту дәстүріндегі шешендік. Әлеуметтік желілердегі шешендік. Ауылдағы шешендік. Қазақ қаламгерлерінің шешендігі. Шешендікті өмірде қолданудың әдістері.

Шығармашылық жұмыс: шешендік сайыс **(2 сағат)**

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар (деңгей бойынша)

Базалық деңгейге қойылатын талаптар:

Пәндік нәтижелер

- шешендік сөздің әлеуметтік мәнін түсінуі тиіс;.

- шешендік өнердің қазіргі қоғамдағы саяси рөлі мен қызметін білуі тиіс;
- шешендік өнердің құқықтық сипатын түсіндіре алуы тиіс;
- шешендіктің дипломатиялық қызметтегі рөлі мен пайдасын білуі тиіс;
- шешендік шеберлікті қалыптастырудың тәсілдерін меңгеруі тиіс;
- шешендікті өмірде қолданудың тиімді әдістерін шешендер сөздерімен дәлелдеуі тиіс.

Тұлғалық нәтиже

- шешендік өнердің ұлттық тәрбие мен идеологиялық маңызын нақты жағдаяттарда дәлелдеуі тиіс;
- шешендік өнердің педагогикалық ұстанымдарын пікірталаста негіздеуі тиіс;
- шешендердің философиялық дүниетанымын талдай алуы тиіс;

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

- ауызекі сөйлеудегі шешендікті диалогтарда талдауы тиіс;
- тауып сөйлеудің шешендік үлгісін жағдаяттармен негіздеуі тиіс;
- толғау, өлең-жырлардағы шешендік тәсілдерді түсіндіруі тиіс;
- әлеуметтік-тұрмыстық саладағы шешендік үлгілерді талдай алуы тиіс;
- ауыз әдебиетіндегі шешендік үлгілерін негіздеуі тиіс;
- қара өлең, халық әндерінің мәтініндегі көркемдік тәсілдердің тыңдаушыға әсерін талдай алуы тиіс;
- XXI ғасырдағы шешендік сайыс үлгісін тәжірибеде қолдана алуы тиіс;
- XXI ғасырдағы шешендік сайыстың бағыты мен маңызын жобаларда негіздеуі тиіс.

10-сынып

***10-сынып*та аптасына 1сағат, оқу жылында – 34 сағат**

Шешендік және сөз мәдениеті (2 сағат)

Шешендік өнер туралы ұғым-түсінік. Шешендік өнер және шешендік сөз анықтамалары. Шешендік өнер туралы ой-пікірлер. Ұлттық шешендік өнер туралы түсінік.Ұлттық шешендік өнерінің негізі – түркі халықтарына ортақ мұраларда.

Қазақ шешендік өнерінің тарихы (10 сағат)

Қазақ шешендік өнерінің бірінші кезеңі. Қазақ шешендік өнерінің екінші кезеңі. Қазақ шешендік өнерінің үшінші кезеңі. Қазақ шешендік өнерінің төртінші және бесінші кезеңдері.

Қазіргі шешендіктің түрлері. Білім-ғылымдық мазмұндағы шешендік. Әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік. Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды шешендік. Діни мазмұнды шешендік. Сотта қолданылатын шешендік.

Шешендік өнердің дамуына қажетті алғашарттар (1 сағат)

Шешендік сөздің сапалары (9 сағат)

Шешендік сөздің мазмұндылығы. Сөздің дәлдігі-ойдың айқындылығы. Тіл тазалығы. Тіл көрнектілігі. Фигураның түрлері.

Шешенге қойылатын талаптар (8 сағат)

Көпшілік алдында сөйлеуге дайындық. Білімін көтеру. Ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін көтеру. Көпшілік алдында сөйлеу әдістері.

Көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымы. Кіріспе сөз, негізгі бөлім, қорытынды, олардың ерекшеліктері мен міндеттері.

Пікірталастың түрлері (4 сағат)

Пікірталас мәдениеті. Пікірталасқа түсу тәсілдері. Пікірталас шеберлігіне үйренудің жолдары. Пікірталасты жоспарлау сатылары.

Қосымша. Шешендер өмірінен

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар (деңгей бойынша)

Базалық деңгейге қойылатын талаптар:

Пәндік нәтижелер

- тілдің функционалдық қасиеттерін танып білуге тиіс;
- танымдық мәтіндер арқылы қоғамдық және жаратылыстық ғылым негіздерін меңгеруге тиіс;
- ақпараттарды талдай, өңдей, жинақтай білі тиіс;
- тілдің танымдық қызметін әртүрлі жанрдағы мәтінде тани білуге тиіс;
- тілдің қатысымдық қызметін тілдік жағдаяттарда қолдана білуге тиіс;
- тілдің кумилятивтік қызметін мәтін арқылы негіздей алуы тиіс;
- сөз мәдениеті мен шешендік өнердің талаптарын меңгеруі тиіс;
- көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымын жетік білуге тиіс;
- қазіргі шешендіктің түрлерін меңгеруі тиіс.

Тұлғалық нәтиже

- ұлттық құндылықтар мен әлемдік адамзаттық құндылықтарды салыстыра пайымдай алуы тиіс;
- әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін шешендікпен дұрыс бағалай алуға тиіс;
- қоғамға жат құбылыстарға, идеологиялық, діни ағымдарға және заңды бұзушылық әрекетке қарсы көзқарасын шешендікпен негіздей алуға және жұртты сендіре білуге тиіс;
- өздігінен ізденіп, өмірден өз орнын табуға және таңдаған мамандығына ынта-ықыласы мен қабілеттілігін танытуы тиіс;
- тұлға ретінде белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық сезімін көрсете білуі тиіс

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

- сөйлеудің ауызша және жазбаша түрлерінде тілдік бірліктерді мақсатқа сай қолдана білуі тиіс;
- тілдің мәдени-этикалық нормаларын меңгеру тиіс;
- ауызша, жазбаша және компьютерлік сөйлеуде мәтіндік интерпретациялаудың тәсілдерін қолдана білуге тиіс;
- зерттеу және шығармашылық әдістерді өз әрекетінде тиімді қолдана білуге тиіс;

- тұрмыстық-әлеуметтік қатынастағы әдептілік нормаларын меңгеруі тиіс;
- іскерлік қатынастағы тіл табысуға қажетті тілдік амалдарды орнымен жұмсай алуы тиіс;
- жеке адам өміріне, мекеме, ұйым жұмысына қажетті ресми іс-қағаздар жүйесін меңгеруі тиіс;
- шешендік өнердің көпшілік алдында сөйлеу әдістерін меңгеруі тиіс;
- шешендіктің дамуына қойылатын алғышарттарды өмірден алынған фактілер бойынша негіздей алуға тиіс;
- шешендік өнердің қажеттілігін қазіргі шешендердің сөздерін талдау негізінде дәлелдеп көрсетуге тиіс;
- ғылыми ізденісте ақпараттар жүйесін іріктеп, өңдеп, сауатты қолдана білуі тиіс.

11-сынып

11-сыныпта аптасына 1сағат, оқу жылында – 34 сағат

Тілдік қарым-қатынас және шешендік өнер (34 сағат)
I Шешендік өнер мен шешендік сөз

1. Шешендік өнердің тілдік қарым-қатынастағы рөлі. Шешендік өнердің қоғамдық мәні. Шешендік сөздің Тұлға қалыптастырудағы тағылымдық мәні. Шешендіктің дамуына қажетті алғышарттар.
2. Шешендік өнердің ілім ретінде қалыптасу тарихы. Ежелгі грек, рим шешендігі. Ежелгі үнді, қытай шешендігі. Ресейдегі рационалды риторика. Олардың ғылыми ұстанымдары мен басты қағидалары.
3. Қазақ шешендік өнерінің қалыптасу тарихы. Ежелгі түркі, көне түркі, орта ғасыр түркі шешендігіндегі даналық сөздер және олардың әлеуметтік мәні. Билер шешендігі мен ақын-жыраулар шешендігіндегі тапқыр сөздер және олардың танымдық-тәрбиелік мәні.

II Шешендік сөздің мазмұны мен құрылымы

1.Көпшілік алдында сөйленетін сөздің ақпараттық-мазмұндық сипаты: тақырыпқа қатыстылығы, мазмұндылығы,

жеткіліктілігі, шынайылығы, өмірге жақындылығы, көрнекілігі, эмоционалдығы, т.б.

2.Шешен сөзінің құрылымы: кіріспесі, негізгі бөлімі, қорытындысы. Үш бөлікке құрылған шешен сөзінің логикаға құрылатындығы, айқындылығы, өзара байланыстылығы, жүйелілігі және тұтасымдылығы.

Шешеннің кіріспе сөзінің тыңдаушылардың назарын аударуға құрылатындығы, мақсаттылығы. Шешендік сөздің негізгі бөлімін құрайтын талдау мен бекітудің тілдік қатынастағы рөлі. Талдаудың логикалық байланысқа құрылуы, ойды баяндаудың жүйелілігі. Бекітудің дәлелділігі, шынайылылығы, сенімділігі. Шешен сөзінің ойқорытындысы. Қорытындының нұсқау берушілік, іске жұмылдырушылық сипаты.

3.Шешендік сөздің сапалық белгілері. Шешендік сөздің ақыл-парасатқа негізделетіндігі. Ойдың ұшқырлығы, оның логикалық операцияларға негізделетіндігі. Шешендік сөздегі тіл тазалығы, оның ой айқындылығына тәуелділігі. Сөз дәлдігі, оның тілдік сезімге, сөз таңдауға қатыстылығы. Лебіз көркемдігі, оны тудыратын көріктеу құралдары мен айшықтау тәсілдері. Сөз дұрыстығы, оның шешеннің таным деңгейіне байланыстылығы. Шешеннің мәтін құраудағы шеберлігі, оның грамматикалық заңдылықтарды білуге қатыстылығы. Сөз мәнерлілігі, оның дауыс сазымен байланыстылығы. Сөз әуені, оны тудыратын амал-тәсілдер

III Шешендік сөйлеу әрекеті

1. Сөйлеу әрекетін құрайтын элементтер: мерзімдік жағдаят, авторлық шабыт, сөз (пікір) шынайылығы. Сөйлеу әрекетіндегі жұмсалатын сөздер мен сөйлемдердің сөйлеу түрлеріне қатысты анықталатындығы. Сөйлеу түрлеріндегі заңдылықтар: сөйлеудің жалпықоғамдық сипаты; сөйлеу мазмұнының ішкі және сыртқы бүтіндігі; сөйлеудің мағыналық шегі. Сөзді қабылдаушының ыңғайына қарай сөзді құрастырушы шешен сөзінің түсініктілігі және айқындылығы.

Сөз әрекетінің пікір алмасуға құрылатындығы. Дискурс және оның түрлері: тұрмыстық, мемлекеттік, әскери, мәмлегерлік, ғылыми, іскерлік, сот ісі, оқу-ағарту, діни т.б.

Дискурсты туғызатын тілдік жағдаяттар. Дискурс түрлеріне байланысты сөз қолданыстары, сөйлем түрлері. Дискурс тиімділігін артыратын тілдік және тілдік емес заңдылықтар.
2.Тілдік қарым-қатынастағы шешен және тыңдаушы мүддесі. Сөйлеу әрекетіндегі шешен бейнесі. Шешен бейнесінің сөйлеу түрлеріне қатысы. Шешеннің білімділігі мен мәдениеті, өмірдегі ұстанымы, өнегелі іс-әрекеті, үлгілі сөзі – шешендік. Тұлға көрінісі. Монологтік риторикадағы шешеннің өнегелі, жағымды көзқарасы, мемлекетшілдік санасы. Шешен көзқарасындағы тұрақтылық, пікіріндегі біріздiлік, шынайылылық. Шешеннің сөйлеу әрекетіндегі тәжірибесі, дауыс күшін игеруі. Шешен бейнесін танытудағы сөйлеу ерекшеліктері: маңызды, кекесінді, хабарлы, оралымды, түсіндірмелі, үзілмелі, екпінді, әншейін т.б.

Шешеннің көпшілікке өзін танытқан қалпы, қарым-қатынас жасау мәнері, сөйлеу шеберлігі. Шешеннің халық өмірі мен әдет-ғұрып, салт- дәстүрлерге жетіктігі.

Қазіргі шешендік. Қазіргі шешендіктің түрлері және қолданылатын орындары. Әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік және оның тақырыптық-тілдік ерекшеліктері. Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды шешендік сөздер және оның тақырыптық-тілдік ерекшеліктері. Білім-ғылым мазмұнды шешендік және оның тақырыптық-тілдік ерекшеліктері. Діни мазмұнды шешендік және оның тақырыптық-тілдік ерекшеліктері. Сот ісіндегі шешендік және оның тақырыптық-тілдік мазмұнды ерекшеліктері.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне тақырыптар бойынша қойылатын талаптар

1-тақырып. Шешендік өнердің тілдік қарым-қатынастағы рөлі

- тілдік қарым-қатынастағы сөйлеу өнерінің рөлін жетік білуі керек;
- мемлекет мүддесін көтерген шешендердің сөзін талдай білуі керек;
- тілдік қарым-қатынас түрлері мен шешендік өнердегі тілдің қатысымдық табиғатын талдай білуі тиіс;
- түсіністікке құрылған тілдік қатынастың шешендік сөз мәтіні арқылы жүзеге асатындығына көз жеткізуі тиіс

2-тақырып. Шешендік өнердің қоғамдық мәні

- шешендік сөйлеудің жалпықоғамдық сипатына дәлелдер келтіруі тиіс;
- шешендік сөздердегі ұлттық құндылықтар мен әлемдік азаматтық құндылықтарды дәріптей білуі тиіс;
- қазақ халқының және басқа да елдердің тарихына, мәдениетіне, шешендік өнеріне салыстыра талдау жасап, ортақ құндылықтарды анықтай білуі тиіс

3-тақырып. Шешендік сөздің Тұлға қалыптастырудағы тағылымдық мәні

- тілдік қатынас түрлеріне сай шешендік стиль жүйесін меңгеруі тиіс;
- қоғамға пайдалы адам болуға, өмірден өз орнын табуға және көшбасшылық ынта-ықыласы мен қабілеттілігін танытуға тиіс;
- шешеннің қоғамдағы орны, беделі, білімі үлкен рөл атқаратындығын мысалдар арқылы дәлелдей алуы тиіс

4-тақырып. Шешендік өнердің ілім ретінде қалыптасу тарихы

- грек, рим,үнді, қытай, ресей шешендігі туралы түсінігі болуы керек;
- Аристотель, Цицерон, Ломоносовтың риторика туралы пікірлерін талдай білуі тиіс;
- Конфуцийдің тағлымдық сөздерін тілдік жағдаяттарға сай қолдана білуі тиіс

5-тақырып. Қазақ шешендік өнерінің қалыптасу тарихы

- қазақ шешендік өнерінің тарихы көне түркілерге қатысты екендігін білуі тиіс;
- ежелгі түркі шешендігіндегі тақырыпты талдай білуі тиіс;
- көне түркі шешендігіндегі мазмұнды жеткізе білуі тиіс;
- орта ғасыр түркі шешендігіндегі даналық сөздерді талдай білуі тиіс;
- көне түркі шешендігінің әлеуметтік мәнін негіздей алуы тиіс.

6-тақырып. Билер шешендігі және олардың танымдық-тәрбиелік мәні

- билердің қоғамдағы рөлін білуі тиіс;
- билер сөзінің танымдық-тәрбиелік мәнін талдай білуі тиіс;
- шешендік сөздерден билердің образын негіздей алуы тиіс

7-тақырып. Ақын-жыраулар шешендігі және танымдық-тәрбиелік мәні

- қазақ шешендік өнерінің тарихындағы ақындар мен жыраулардың рөлін түсінуі тиіс;
- ақын-жыраулардың шешендік сөздерін тақырыптық-мазмұндық тұрғыдан талдай білуі тиіс;
- шешен ақын-жыраулар тіліндегі образды сөздердің мағынасын талдай алуы тиіс

8-тақырып. Көпшілік алдында сөйленетін сөздің мазмұндылығы, жеткіліктілігі

- шешендік сөздің тақырыбы мен идеясын ажырата білуі тиіс;
- тілдік қатынас түрлеріне сай шешендік стиль жүйесін меңгеруі тиіс;
- сөйлеу әрекетіндегі бос сөз бен іске бастайтын түрткі сөздерді тілдік жағдаяттарда айыра білуі тиіс.

9-тақырып. Шешен сөзінің шынайылылығы, өмірге жақындылығы

- шешен сөзін бүгінгі қоғамға, өмірлік мәселелерге қатысты негіздей алуы тиіс;
- қазіргі шешендердегі әрекетке жұмылдыратын шешендік сөздерді тауып, талдай білуі тиіс;
- шешендік сөздің түрлері мен табиғатына, тілдік ерекшеліктеріне талдау жасай білу тиіс

10-тақырып. Шешендік сөздің көрнекілігі, эмоционалдығы

- шешен сөзінің көрнекілігін, эмоционалдығын құрайтын элементтерді білуі тиіс;
- сөйлеу эмоциясын туғызатын факторларды анықтай алуы тиіс;
- шешендік мәтін белгілері мен мәтіндегі тілдік бірліктердің қызметін талдай білуі тиіс

11-тақырып. Шешен сөзінің құрылымы

- мәтіннің құрылымын жетік біліп, кіріспесі мен негізгі бөлімін, қорытындысын ажырата білуі тиіс;
- шешендік сөздердегі тірек сөздердің мәтін құрылымындағы қызметін айқындай алуы тиіс;
- шешендік тілдің нормаларын жанр түрлеріне сай қолдана білуге тиіс

12-тақырып. Шешен сөзінің жүйелілігі, өзара байланыстылығы, тұтасымдылығы

- шешендік сөздің құрылымындағы сөйлемдердің ойды жеткізудегі рөлін және қолданыс ерекшелігін меңгеруі тиіс;
- шешен мәтініндегі байласым мен тұтасымды жүзеге асыратын амал-тәсілдерді талдай білуі тиіс;
- тақырыпқа сай сөздердің шешен сөзіндегі тіркесу мүмкінділігін қолданыста көз жеткізе білуі тиіс

13-тақырып. Кіріспе сөздің мақсаттылығы, тыңдаушыларға бағытталуы

- шешен мен тыңдаушылар арасындағы түсіністік ахуалды тудыратын амалдарды мәтінде көрсете білуі тиіс;
- қазақ халқының және басқа да елдердің тарихына, мәдениетіне, шешендік өнеріне салыстыра талдау жасап, ортақ құндылықтарды анықтай білуі тиіс;
- шешеннің қоғамдағы орны, беделі, білімі үлкен рөл атқаратындығын мысалдар арқылы дәлелдей алуы тиіс

14- тақырып. Шешендік сөздің негізгі бөлімін құрайтын талдау мен бекітудің тілдік қатынастағы рөлі

- шешен сөзінің негізгі бөлімін құрайтын элементтерді жетік білуі тиіс;
- шешен сөзіндегі келтірілген деректердің тақырыпқа қатыстылығын анықтай алуы тиіс;
- шешендік сөздің түрлері мен табиғатына, тілдік ерекшеліктеріне талдау жасай білу тиіс;
- тілдік жағдаяттарда тақырыпқа сай фактілерді іріктеп қолдану мүмкіндігін іске асыра білуі қажет

15-тақырып. Қорытындының нұсқау берушілік, іске жұмылдырушылық сипаты

- мәтінді талдау арқылы шешен сөзінің ойқорытындысын негіздей алуы тиіс;

- қазіргі шешендердегі әрекетке жұмылдыратын шешендік сөздерді тауып, талдай білуі тиіс;
- қарым-қатынастың түрлеріне сай тілдік белгілерді орынды қолдана білуі, ойқорытындысын жасай білуі тиіс

6-тақырып. Шешендік сөздің ақыл-парасатқа негізделетіндігі

- шешендік сөздің коммуникативтік және этикалық сапаларын білуі тиіс;
- шешен сөзіндегі ой тереңдігін мағыналық-мазмұндық тұрғыдан талдай білуі тиіс;
- шешен сөзіндегі тіл тазалығын мен ой айқындылығына мәтінді талдау арқылы көз жеткізе алуы тиіс;
- қоғамға пайдалы адам болуға, өмірден өз орнын табуға және көшбасшылық ынта-ықыласы мен қабілеттілігін танытуға тиіс

17-тақырып. Шешендік сөздегі сөз дәлдігі, лебіз көркемдігі

- сөз мағыналарын шешендік қолданыста ажырата білуі тиіс;
- шешендік сөздегі лебіз көркемдігін мәтін түрлерінде талдай білуі тиіс;
- шешендік тілдің нормаларын жанр түрлеріне сай қолдана білуге тиіс

18-тақырып. Сөз дұрыстығы, оның шешеннің таным деңгейіне байланыстылығы

- сөз дұрыстығының шешеннің тілдік танымына қатысты екендігін білуі тиіс;
- шешендік мәтіндегі образды сөздердің ауыспалы мағыналарын талдай білуі тиіс;
- шешен сөзіндегі грамматикалық заңдылықтарды анықтай білуі тиіс;
- іскерлік қатынастағы тіл табысуға қажетті тілдік амалдарды орнымен жұмсай алуы тиіс

19-тақырып. Сөз мәнерлілігі, сөз әуені

- сөз мәнерлілігін, сөз әуенін құрайтын тілдік элементтерді жетік білуі тиіс;
- сөйлеудегі ұйқас-ырғақты, шешендік үнді туғызатын тілдік құралдарды мәтіннен ажырата білуі тиіс;

- театр актерлері мен радио, теледидар жүргізушілерінің дауыс күші мен дауыс қарқынының тыңдаушыларға тигізер әсерін негіздей алуы тиіс;
- тілдік жағдаяттарға түсіп, сөз әуенін құбылту амалдарын қолдана білуі тиіс

20-тақырып. Сөйлеу әрекетін құрайтын элементтер

- мерзімдік жағдаят, авторлық шабыт, пікір шынайылығының сөйлеу әрекетінде қатар жүретіндігін білуі тиіс;
- шешен сөзінің мерзімдік жағдаятқа қатыстылығын мәтін арқылы талдай білуі тиіс;
- шешен сөзіндегі авторлық шабытты құрайтын элементтерді тауып талдауы тиіс;
- сөз шынайылығын шешен білімі мен өмірлік жағдаяттарға сәйкес талдай білуі тиіс;
- сөйлеу әрекетіндегі жұмсалатын сөздер мен сөйлемдердің сөйлеу түрлеріне қатыстылығын мәтінде талдай алуы тиіс;
- берілген тақырыптар аясында мәтін түзу шеберлігін меңгеруі тиіс

21-тақырып. Сөйлеу түрлеріндегі заңдылықтар

- сөйлеу түрлеріндегі заңдылықтарды білуі тиіс;
- сөйлеудің жалпықоғамдық сипатын әр кезеңдегі мәтін түрлері арқылы талдай білуі тиіс;
- сөйлеу мазмұнының ішкі және сыртқы бүтіндігін құрайтын элементтерді білуі тиіс;
- әрбір сөйлеудің мағыналық шегі тақырыптан ауытқымай, мазмұн аясынан шықпау екендігін тілдік жағдаяттарда дәлелдеуі тиіс

22-тақырып. Шешен сөзінің түсініктілігі мен айқындылығы

- шешен сөзінің түсініктілігі тілдік нормаға қатысты болатындығын білуі тиіс;
- ой айқындылығының сөз таңдаумен қатыстылығын негіздей алуы тиіс;
- әр кезеңдегі және қазіргі дәуірдегі шешендер сөзінің түсініктілігін құрайтын тілдік амалдарды меңгеруі тиіс;

- тілдік жағдаяттарға сай мәтін құрауда сөздерді таңдап жұмсау шеберлігін көрсете алуы тиіс

23-тақырып. Сөз әрекетіндегі пікіралмасу түрлері

- дискурстың түрлерін жанр және стильге қатысты негіздей білуі тиіс;
- әртүрлі жанрдағы дискурс мәтінін талдай білуі тиіс;
- дискурсты туғызатын тілдік жағдаяттарға түсе алуы тиіс;
- әртүрлі жанрдағы дискурс мәтіндерінің стильдік ерекшеліктерін меңгеруге тиіс.

24-тақырып. Дискурстағы тілдік және тілдік емес заңдылықтар

- дискурстық сөздің түрлерін және оларға тән ерекшеліктерді білуі тиіс;
- дискурстағы тілдік және тілдік емес заңдылықтарды мәтіннен ажырата білуі тиіс;
- тіл табысуға қажетті коммуникативтік дағдыларды меңгеруі тиіс;
- дискурстағы тілдік заңдылықтарды түрлі жағдаяттарда қолдана білуі тиіс

25-*тақырып. Тілдік қатынастағы шешен және тыңдаушы мүддесі*

- сөйлеу өнерінің ауызша және жазбаша түрде жүзеге асатынын, оларға тән ерекшеліктерді білуі тиіс;
- тілдік қарым-қатынастағы шешен және тыңдаушы арасындағы байланыс заңдылықтарын негіздей алуы тиіс;
- тыңдаушы риторикасына кіретін ұғым-түсініктерді түсіндіре алуы тиіс;
- тыңдау мәдениетіне арналған мақал-мәтелдерді, даналық сөздерді талдай білуі тиіс;
- сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қатынастың мәтін арқылы жүзеге асатынын іс-тәжірибеде көрсете алуы тиіс

26-тақырып. Сөйлеу әрекетіндегі шешен бейнесі

- шешен бейнесіне енетін ұғым-түсініктерді түсіндіре алуы тиіс;
- шешен бейнесінің сөйлеу түрлеріне қатысын негіздей алуы тиіс;

- шешендік тұлға көрінісі -шешеннің білімділігі мен мәдениеті,өмірдегі ұстанымы, өнегелі іс-әрекеті, үлгілі сөзі екендігіне талдау жасай білуі тиіс;
- шешен бейнесін танытатын сөйлеу ерекшеліктерін меңгеруі тиіс

27-тақырып. Монологтік риторикадағы шешен көзқарасы

- монологтік шешендік сөздің тұтастығын жүзеге асыратын тілдік тәсілдерді білуі тиіс;
- монологтік шешендік сөздің мазмұндық-құрылымдық жүйесін меңгеруі тиіс;
- монологтік риторикадағы шешеннің өнегелі, жағымды көзқарасын, мемлекетшілдік санасын талдай білуі тиіс

28-тақырып. Шешеннің қарым-қатынас жасау мәнері, сөйлеу шеберлігі

- шешеннің көпшілікке өзін танытқан қалпын түсіндіре білуі тиіс;
- шешеннің қарым-қатынас жасау мәнерін талдай білуі тиіс;
- шешеннің маңызды, кекесінді, хабарлы, оралымды, түсіндірмелі, үзілмелі, екпінді, әншейін сөйлеу ерекшеліктерін мәтіннен талдай білуі тиіс;
- шешендердің көзқарасындағы, ой-пікіріндегі тұрақтылықты, біріздiлікті бақылап, шешендерге мінездеме бере алуы тиіс;
- шешеннің түрлі тілдік жағдаяттардағы сөйлеу шеберлігін меңгеруі тиіс;
- сөйлеу қорқынышын жоятын және өзара достық қарым-қатынасты орнататын шешендік әрекетті басқара алуы тиіс

29-тақырып. Шешеннің халық өмірі мен әдет-ғұрып, салт- дәстүрлерге жетіктігі

- шешендік сөздердегі ұлттық құндылықтар мен әлемдік азаматтық құндылықтарды дәріптей білуі тиіс;
- белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық сезімін көрсете білуі тиіс;
- қоғамдық қатынастағы әдептілік нормаларын меңгеруі тиіс;

- қоғамға пайдалы адам болуға, өмірден өз орнын табуға және көшбасшылық ынта-ықыласы мен қабілеттілігін танытуға тиіс
- *30-тақырып. Қазіргі шешендіктің түрлері және қолданылатын орындары*
- қазіргі шешендік түрлерінің қоғамдық-әлеуметтік жағдаяттарға қатыстылығын білуі тиіс;
- қазіргі шешендіктің бастау көзі-демократиялық қоғам екендігін негіздей алуы тиіс;
- әртүрлі мазмұндағы (ғылым, оқу, тәрбие, сот, тұрмыстық, діни т.б.) сөйлеу әрекетіне түсіп, сөйлеу ережелерінің сақталып-сақталмағандығына көз жеткізуі тиіс;
- қазіргі шешендіктің қолданылатын орындарын мәтін арқылы талдай білуі тиіс

  31-тақырып. Әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік және тақырыптық-тілдік ерекшеліктері
- әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендіктің ерекшеліктерін білуі тиіс;
- полилог сөздің тақырыптық-мазмұндық түрлерін түсіндіруі тиіс;
- шешендердің пікірталасқа түсу мәдениетін мәтіннен талдай алуы тиіс;
- белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық сезімін көрсете білуі тиіс;
- әртүрлі тақырыптағы ізденісте ақпараттар жүйесін іріктеп, өңдеп, сауатты қолдана білуі тиіс;
- шешендердің пікірталасқа түсу тәсілдерін меңгеруі тиіс

  32-тақырып. Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды шешендік сөздер және оның тақырыптық-тілдік ерекшеліктері
- әлеуметтік-тұрмыстық сөздердің ерекшеліктерін білуі тиіс;
- әлеуметтік-тұрмыстық сөздердің қолданылатын орындарын түсіндіре білуі тиіс;
- тұрмыстық-әлеуметтік қатынастағы шешендік сөздерді тақырыптық-мазмұндық жағынан талдай білуі тиіс;

- тілдік бірліктердің шешендік сөздегі қызметін білуі тиіс;
- тұрмыстық-әлеуметтік шешендік сөздерде қолданылатын тілдік құралдарды меңгеруі тиіс

33-тақырып. Білім-ғылым мазмұнды шешендік және оның тақырыптық-тілдік ерекшеліктері

- білім-ғылым мазмұнды шешендік сөздердің ерекшеліктерін білуі тиіс;
- білім-ғылым мазмұнды шешендік сөздердің қолданылатын орындарын түсіндіре білуі тиіс;
- білім-ғылым мазмұнды шешендік шешендік сөздерді тақырыптық-мазмұндық жағынан талдай білуі тиіс;
- білім-ғылым мазмұнды шешендік сөздерде қолданылатын тілдік бірліктерді меңгеруі тиіс;
- әртүрлі тақырыптағы ізденісте ақпараттар жүйесін іріктеп, өңдеп, сауатты қолдана білуі тиіс

34-тақырып. Діни мазмұнды шешендік және оның тақырыптық-тілдік ерекшеліктері

- діни мазмұнды шешендік сөздердің ерекшеліктерін білуі тиіс;
- діни мазмұнды шешендік сөздердің қолданылатын орындарын түсіндіре білуі тиіс;
- діни мазмұнды шешендік шешендік сөздерді тақырыптық-мазмұндық жағынан талдай білуі тиіс;
- діни мазмұнды шешендік сөздерде қолданылатын тілдік бірліктерді меңгеруі тиіс

35-тақырып. Сот ісіндегі шешендік және оның тақырыптық-тілдік мазмұнды ерекшеліктері

- сот мазмұнды шешендік сөздердің ерекшеліктерін білуі тиіс;
- сот мазмұнды шешендік сөздердің қолданылатын орындарын түсіндіре білуі тиіс;
- сот мазмұнды шешендік шешендік сөздерді тақырыптық-мазмұндық жағынан талдай білуі тиіс;
- тілдік бірліктердің шешендік сөздегі қызметін білуі тиіс;
- сот мазмұнды шешендік сөздерде қолданылатын тілдік бірліктерді меңгеруі тиіс

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. "Әдебиет танытқыш". – Алматы, 1997 ж.
2. Негимов С. "Шешендік өнер". – Астана: Фолиант, 2018 ж.
3. Адамбаев Б. "Шешендік сөздер". – Алматы, 1992 "Шешендік шиырлары". – Алматы, 1997 ж.
4. Қосымова Г. "Шешендік өнердің негіздері". – Алматы, 2007ж
5. Қыдыршаев А. "Шешен сөйлей білеміз бе?". – Орал, 2017 ж.
6. "Ақыл-ой антологиясы"/құр: Шаймерденұлы Е. – Алматы, 2009 ж.
7. Төреқұл Н. «Даланың дара ділмарлары». – Алматы, 2006 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН
ТЕРЕНДЕТЕ ОҚЫТАТЫН ОРТА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ

«Келісілді»
Қазақ тілі білімі теориясы мен
әдістемесі кафедрасының меңгерушісі
_____ Ж.К. Отарбекова

«Бекітемін»
Мектеп-интернат директоры
_____ Р.Е. Сексенова

«Академиялық жазылым» бейіндік пәні бағдарламасы

Алматы, 2020

Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатының 10-11-сынып оқушылары үшін дайындалған «Академиялық жазылым» бейіндік пәнінің бағдарламасына

ПІКІР

Академиялық жазылым батыс елдеріндегі оқу орындарында жүйелі түрде жолға қойылып, оқытылады. Біздің Қазақстанда бұл пәннің оқытылуы енді ғана қолға алынып келеді.

Қазіргі кезде кез келген мәліметті ғаламтордан тауып ала аламыз. Бірақ ол мәліметтерді толығымен алып, сол күйінде өзгеріссіз пайдалануымызға болмайды. Себебі ол мәтін біздікі емес.

ЖОО-да студенттер оқытушыларының берген тапсырмаларын интернет желілерінен алып, өзгертпей тапсыра салады. Бұл оның біліміне білім қоспайды. Студенттерді осындай жағдайға жеткізбеудің алдын алып жатқан Абай атындағы республикалық дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-интернаттың болашақ студент атанатын 10-11-сынып оқушыларына «Академиялық жазылым» пәнін оқытуға арналған бағдарлама жасауды қолға алуы өте құптарлық іс. Бұл бағдарлама негізінде білім алған қазақ жастарының:

- біріншіден, өздерінің академиялық ойларын жүйелі айта білетіндігімен;
- екіншіден, дұрыс мәтін жаза алуымен;
- үшіншіден, жүйелі айтылған сөздің аргументтер арқылы қатарлас коммуникантын жеңе алуымен;
- төртіншіден, ғылыми тұрғыдан ойлап, жаңалық аша алуымен;
- бесіншіден, жеке өзіндік мәтін құрай алуымен;
- алтыншыдан, жалпы академиялық жазылымды игере алуымен ерекшеленеді.

Бағдарламада академиялық мәтін жанрлары мен олардың құрылысы, жүйесі, эссе, ғылыми мақала, ғылыми баяндама, ғылыми жоба жазу жолдары, жазу барысында қолданылатын эксперименттің маңызы, ғылыми аппаратты құру негіздері, библиографиялық стандарттардың берілу жолдары, академиялық мәтін соңында қосымшаларды беру жолдарын оқыту қамтылған. Бағдарламаны оқыту үшін пайдалануға ұсынуға болады.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы **Т.Н. Ермекова**

«Академиялық жазылым» бейіндік пәнінің
бағдарламасы

ҮЙЛЕСТІРУШІ: мектеп-интернат директоры Р.Е. Сексенова

БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕГЕНДЕР: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. проф. м.а**. Ғ.Б. Шойбекова**
Ұлыбритания, Ноттингем университетінің магистрі, филология ғылымдарының кандидаты **Е.Т. Оспан**
Абай атындағы ҚазҰПУ п.ғ.м., шебер педагог, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі **Ж. С. Абитова**

ПІКІР ЖАЗҒАН: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы **Т.Н. Ермекова**

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Академиялық жазылым» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасы

Түсінік хат

Академиялық дискурс бір түрі ретіндегі академиялық жазылым - ауызша және жазбаша қарым-қатынас, белгілі бір бағыттағы коммуникацияның клишеленген түрі. Академиялық жазылым қатысушылардың стандартталған және стереотиптік коммуникативтік әрекетімен, әлеуметтік бақылаудың жоғары деңгейімен, стандартты, алдын ала белгіленген, қалыптасқан сценарийлермен сипатталады, коммуникативті-тілдік стратегия мен тактиканы таңдау мүмкіндігі шектеулі сипатымен ерекшеленеді.

Академиялық жазылым әлеуметтік топ ішіндегі тілдік қатынасты реттеуге бағытталады, мұнда коммуниканттардың жеке мүдделеріне қарама-қайшы ынтымақтастыққа ұмтылу, мақсат ортақтығы, барынша тиімді қарым-қатынас құралдарын таңдауға ұмтылыс орын алады.

Академиялық жазылымның академиялық дискурстың бір түрі ретіндегі жанрлық жүйесі оған қатысушылардың стереотиптік деңгейі мен тілдік қарым-қатынас ережелерін ескере отырып, кәсіби (академиялық) қауымдастық өкілдерін біріктіреді.

Академиялық жазылым мәтіндік коммуникацияның фрагменті және мәтін түзілімінің белгілі бір типі, мұнда субъект өзінің негізгі коммуникативтік әрекетінің мақсатына сай өз стратегиясын қалыптастырады.

Академиялық жазылым лингвориторикамен, герменевтикамен, психолингвистикамен, әлеуметтанумен, прагматикамен байланысады. Осылардың бәрі кешенді түрде автор мен адресаттың қарым-қатынасы мәселесіне жауап береді. Өйткені академиялық жазылым коммуникацияның ерекше формасы ретіндегі академиялық мәтін концепциясын жасаумен байланысты. Академиялық мәтін, дискурс пен контексті тұтастықта қарау оны жүйелі түрде зерттеуге жаңа мүмкіндіктер ашады.

Академиялық жазылым тәжірибесі лингвистика, функционалды стилистика, психология, конгитивті лингвистика, мәтін лингвистикасы және басқа аралық ғылыми бағыттар негізінде жасалады. Академиялық жазылым курсында шешілетін практикалық міндеттер академиялық мәтіндерді автоматты түрде өңдеуге алып келеді.

Академиялық жазылым құзыреттілігін қалыптастыру оқылыммен байланысты. Мәтін деңгейінде коммуникативті, дискурстық құзыреттілік қалыптасады. Мәтінмен жұмыс істеу қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға, тілдік материалды зерттеуге, тілдік дағды мен білікті жетілдіруге кең мүмкіндіктер ашады.

Академиялық жазылымның ғылыми-теориялық және методологиялық негіздерін айқындап, академиялық мақсаттағы жазылым әрекетіне үйрету мақсат етіледі.

Академиялық жазылымға байланысты оның методологиялық негіздерін айқындау үшін академиялық дискурстың ерекшеліктері қарастырылып, шетелдік және отандық тәжірибелерді зерделеу, академиялық жазылым орталықтарымен тәжірибе алмасу, талдау, сараптау жұмыстары жүргізіледі.

Бұл бағдарлама биыл алғаш рет қолданыста болғандықтан, 10-11-сыныптарға бір ғана бағдарлама (бір күнтізбелік жоспар) ұсынылып отыр.

Бейіндік пәнді оқи отырып, академиялық мәтін түрлерін меңгереді, мәтінді жүйелі, нақты, мазмұнды, сауатты құруға үйренеді. Академиялық дискурстың ерекшеліктері мен теориялық моделін зерделеуде, академиялық стильдің түрлері мен жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, лингвистикалық шаблондар жасауда, академиялық жазылымды игеруді деңгейлеп оқытуда, арнайы мәтіндерді құрастыруда, редакциялау және рәсімдеуге үйрететін оңтайлы технологиялар мен басылым таңдауда, хат жазысу және жариялауға дейінгі үздіксіз процесті меңгеруде бұл пәннің берері мол.

Пәннің мақсаты: академиялық мәтін түрлерін, жүйелі, нақты, мазмұнды, сауатты құруға үйрету.

Пәннің міндеттері:

- академиялық дискурстың ерекшеліктері мен теориялық моделін зерделеу;
- академиялық стильдің түрлері мен жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, лингвистикалық шаблондар жасау;
- академиялық жазылымды игеруді деңгейлеп оқыту
- арнайы мәтіндерді құрастыру, редакциялау және рәсімдеуге үйрететін оңтайлы технологиялар мен басылым таңдау, хат жазысу және жариялауға дейінгі үздіксіз процесті меңгерту;

Пәнаралық байланыс оқушының дүниетанымын молайтып, академиялық жазылымды меңгертуде ұлттың тарихымен байланысты. Жалпы білім беретін мектептің негізгі орта дегейінде «Қазақ тілі» пәні негізіндегі «Академиялық жазылым» бейіндік пәнін төмендегі пәндермен байланыстыру көзделеді.

Қазақ тілінде ғылыми стильдегі мәтіндерді дұрыс жазу (сауаттылық) дағдыларын қалыптастыруға және негізгі ережелерін оқып үйренуге АКТ құралдарының көмегімен жүзеге асырылады.

1) 10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

2) 11-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

Оқушылардың тілдік біліктілігін одан әрі жетілдіре түсу және сөйлеу мәдениетінің ерекшеліктеріне сай сөйлесім дағдыларын жетілдіру, пікірталас әдебін меңгерту мақсатында арнайы сабақтар ұйымдастырылады.

«Академиялық жазылым»
бейіндік пәнінің базалық мазмұны

10-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. «Академиялық жазылым» пәні

1) Пәннің негізгі нысаны
2) Оқытудағы мақсат пен міндеттер
3) Академиялық жазылым және оның ерекшеліктері
4) Пәннің өзге пәндермен байланысы

2-бөлім. Академиялық жазылым жұмыстары

1) Академиялық мәтіндер
2) Академиялық жазылым және оқылым
3) Академиялық жазылым жанрлары

3-бөлім. Эссе – академиялық мәтін

1) Эссе жанры және оның түрлері
2) Шағын эссе және оның құрылымы
3) Аргументтік, мплыстыру, себеп-салдар, үдеріс, келісу жіәне келіспеу эссесі, синтез эссе, уәждемелік эссе, эссенің өзге жзба жұмстардан айырмашылығы

4-бөлім. Сыни ойлау мен сыни жазылым

1) Сыни мәнде қойылатын сұрақтар
2) Сыни сұрақтарға жауап жазу жолдары
3) Сыни жазылым, сипаттамалы жазылым

5- бөлім. Академиялық жазылымның үдерісі

1) Тақырып таңдау
2) Ақпарат іздеу
3) Жазылым үдерісі

6-бөлім. Жазба жұмысын жоспарлау

1) Автордың ой-пікірінің берілу тәсілдері
2) Академиялық еңбектерді пайдалану
3) Пікірді дәлелдеу жолдары
4) Плагиаттан сақтану

7-бөлім. Шығармашылық-ізденіс жұмыстары

Практикалық тапсырмалар

11- сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Академиялық мәтін құрылымы

1) Кіріспе және оның құрылымы
2) Негізгі бөлім және оны тарау, тараушаларға жіктеу
3) Қорытынды жазу

2-бөлім. Академиялық мәтінді рәсімдеу

1) Тақырыпты жазу
2) Түйіндеме жазу
3) Тірек сөздерді таңдау
4) Экспериментті өткізу және пайда
5) Пайдаланылған әдебиеттерді жазу
6) Мақалада қолданылатын сурет, кесте, график, карта, кестелер
7) Сілтеме беру әдісі

3-бөлім. Зерттеу жұмысын жазу

1) Зерттеу жұмысын бастау
2) Зерттеу материалдарын жұптау
3) Зерттеу жұмысын бөліктерге бөлу

4-бөлім. Зерттеу жұмысын жүргізу әдістері

1) Зерттеу әдістері
2) Сұхбат жүргізу арқылы мәлімет жинау

5-бөлім. Зерттеу жұмысының теориялық және эксперименттік аппараты

1) Зерттеу жұмысының ғылыми аппараты
2) Зерттеудің мақсат-мәндеттерін қою
3) Сауалнама алу арқылы мәлімет жинау
4) Зерттеу жүргізу іріктемесі
5) Зерттеу әдебі

6-бөлім. Зерттеу жұмысында мәліметтерді талдау

1) Мәліметті сипаттау
2) Өзгерісті сипаттау
3) Мәліметтерді өзара байланыстыру

7-бөлім. Шығармашылық-ізденіс жұмыстары

1) Библиографияны пайдалану стандарттары
2) Пайдаланылған әдебиеттерді рәсімдеу жолдары
3) Қосымшаларды рәсімдеу жолдары

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:

1. Оспанов Е. Академиялық жазылым. Алматы, 2018. – 120 б.
2. Оспанов Е. Академиялық жзылым негіздері. Оқу құралы. Алматы, Білік баспасы, 2020. – 340 б.
3. Динаева Б.Б., Сапина С.М. Академиялық жазылым және оқылым [Текст] : оқу құралы / - Алматы : CyberSmith, 2017. - 196 б. - Библиогр.: 192-193 б.
4. https://www.opiq.kz/kit/46/chapter/4222
5. https://narxoz.online/enrol/index.php?id=90228
6. Курман Н.Ж. Қазақ тілін оқытуда шәкірттердің креативтік-шығармашылық жазу дағдыларын дамыту// Доклады Казахской академии образования. Журнал ККСОН МОН РК, №1, стр. 158-166

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ,
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ,
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ,
АБАЙ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН
ТЕРЕҢДЕТЕ ОҚЫТАТЫН ОРТА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ

«Келісілді»
Қазақ тілі білімі
кафедрасының меңгерушісі:
_____ А.О. Тымболова

«Бекітемін»
Мектеп-интернат директоры:
_____ Р.Е. Сексенова

«Когнитивтік лингвистика» бейіндік пәні бағдарламасы

Алматы, 2019

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы
10-11-сыныптарына арналған «Когнитивтік лингвистика» бейіндік пәнінің оқу бағдарламасына

ПІКІР

Білім мен ғылымның дамуы – Қазақстанның рухани жаңғыруына әсер етуші фактор. Бүгінгі мектептің, мұғалімнің ең басты міндеті – жан-жақты білімді, ізденімпаз, ойы ұшқыр, саналы, зерек, жауапкершілігі зор тұлғаны қалыптастыру. Өйткені XXI ғасырдың оқушысы тек тыңдаушы, орындаушы ғана емес, өздігінен білім іздейтін, өзіндік көзқарасы бар, сыни ойлай білетін, өз білімін жетілдіруге мүдделі, өзінің алдына нақты мақсаттар қоя білетін, өз білімін кез-келген ортада еркін жеткізе алатын тұлға болуы тиіс.

Когнитивтік лингвистиканы қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы жалпы білім беретін мамандандырылған мектептерде оқыту бүгінгі таңдағы заман талабынан, қоғам қажеттілігінен туындап отырған көкейтесті мәселелердің бірі. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының негізінде осы бейіндік пәнді оқыту міндет болып отыр. Бұл пән ұлттық құндылықтарымызды таным, функционалды (қызметі) тұрғысынан түсіндіру, талдау арқылы ұлттық кодымызды жандандыруға және рухани тұрғысынан тұлға болып қалыптасуы үшін өзекті.

Когнитивтік лингвистика тіл арқылы қоршаған ортаны, адамзат қасиеттерін, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып-білудің ғылыми-теориялық негіздерін қарастырады. Сондықтан когнитивтік лингвистика тіл білімінің танымдық бағыттары мен аспектілерін әртүрлі қырынан ғылыми негіздейді және адамның таным процесіне қатысты білімін тереңдетіп, тәжірибесін молайтады.

Когнитивтік лингвистика – тілдің танымдық теориясы мен танымдық қызметін зерттеп, адамзат білімінің түзілуі мен оның қызмет болмысын қарастырады. Адамзат өзін қоршаған дүниедегі әлем бейнесін қалай таниды, ұлттың өмірге деген көзқарасы негізінде менталитеттік танымдар қалай пайда болады деген сауалдар осы когнитивтік лингвистикада қарастырылады. Аталған пән мектеп оқушылары үшін өзекті. Бұған негіз-пәннің өзегінде уақыт пен кеңістік және оның өрісі теория мен практикада бар екендігі көрсетіледі.

Ф.ғ.к., доценті **К.Қ. Күркебаев**

«Когнитивтік лингвистика» бейіндік пәнінің бағдарламасы

ҮЙЛЕСТІРУШІ: мектеп-интернат директоры **Р.Е. Сексенова**

БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕГЕНДЕР:
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ф.ғ.д., доценті **А.А. Жанабекова**, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ф.ғ.к., доценті **К.Қ. Күркебаев**, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ф.ғ.м., аға оқытушы, жоғары санаттағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі **М.М. Малик**, Абай атындағы ҚазҰПУ п.ғ.м., шебер педагог, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі **Ж.С. Абитова**

ПІКІР ЖАЗҒАН: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ф.ғ.к., доцент **К.Қ. Күркебаев**

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Когнитивтік лингвистика» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Түсінік хат

Когнитивтік лингвистиканы қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы жалпы білім беретін мамандандырылған мектептерде оқыту бүгінгі таңдағы заман талабынан, қоғам қажеттілігінен туындап отырған көкейтесті мәселелердің бірі. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының негізінде осы бейіндік пәнді оқыту міндет болып отыр. Бұл пән ұлттық құндылықтарымызды таным, функционалды (қызметі) тұрғысынан түсіндіру, талдау арқылы ұлттық кодымызды жандандыруға және рухани тұрғысынан тұлға болып қалыптасуы үшін өзекті.

Когнитивті лингвистиканы жеке пән ретінде оқытудың басты мақсаты-тіл білімінің барлық салаларынан жан-жақты хабары бар, әсіресе дәстүрлі ғылымдардың бірнешеуінің басын біріктіретін лингвистикадағы жаңа ғылыми бағыттардың теориялық негіздерімен қаруланған тұлға қалыптастыру.

Когнитивтік лингвистика тіл арқылы қоршаған ортаны, адамзат қасиеттерін, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып-білудің ғылыми-теориялық негіздерін қарастырады. Сондықтан когнитивтік лингвистика тіл білімінің танымдық бағыттары мен аспектілерін әртүрлі қырынан ғылыми негіздейді және адамның таным процесіне қатысты білімін тереңдетіп, тәжірибесін молайтады.

Бұл пән сананың барлық жақтарын зерттеуге арналған сала. Ол ХХ ғасырдың орта шенінен бастап бір емес бірнеше іргелі, негізгі ғылымдардың арасында байланыс құра бастаған. Когнитивтік ғылымның негізгі пәні – «адам санасы мен оның технологиялық ойлауы».Бұл пәнаралық ғылым адам санасының белгілі бір жақтарын, ең алдымен оның жүйелі түрде ойлауымен және дүниені тану үдерістерімен байланысын зерттеуге арналған.

Когнитивтік лингвистика – тілдің танымдық теориясы мен танымдық қызметін зерттеп, адамзат білімінің түзілуі мен оның қызмет болмысын қарастырады. Адамзат өзін қоршаған дүниедегі әлем бейнесін қалай таниды, ұлттың дүниеге деген көзқарасы негізінде менталитеттік танымдар қалай пайда болады деген сауалдар осы когнитивтік лингвистикада қарастырылады. Аталған пән мектеп оқушылары үшін өзекті. Бұған негіз- пәннің өзегінде уақыт пен кеңістік және оның өрісі теория мен практикада бар екендігі көрсетіледі.

Пәнді оқыту мақсаттары: Көркем ойға құрылатын, бейнелі, астарлы мағыналары басым, метафоралық, коннотанттық мәні жоғары қазақ тіл- қазақ халқының ойлау дәрежесімен, өмір сүру салтымен, ұлттық аялық білімімен, ғұрыптық тұрмыс тіршілігімен тікелей қатысты зерттеліп, түпкі мәні, маңызы ашылмай жүрген тіл бірліктерінің уәжі анықталады.Тіл біліміндегі танымдық теорияның ғылыми негіздерін меңгерту, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидалары арқылы оқушылардың ой өрісін дамытады. Оқушылардың ойлау қабілетін, қоршаған ортаны зерттеп тану қасиетін, ой-пікірін дәлелдеп жеткізе білу дағыдысын жетілдіріп, олардың дүниетанымдық көкжиегін кеңейтеді. Тілдік таңба арқылы кодқа салынған ақпаратты ашып немесе ақпараттарды кодқа салу тәрізді әрекеттер осы пәннің құзырына жатады.

Пәнді оқыту міндеттері:

- Өз мамандығы саласындағы белсенді қолданылатын терминологияны білу және оны кәсіби ортада тиімді қатынас жасау үшін ұтымды қолдана алуға;
- Кәсіби-іскери қарым-қатынас кезіндегі «маманданған» сөздерді (ұйғару, мақұлдау, сенім білдіру, келіспеу, негіздеу, дерек келтіру, бағалау, қорытынды) логикалық жүйемен құра білуге;
- Мәтіннен қажетті ақпаратты сұрыптап, оны кәсіби мақсатта сипаттап, қорыта білуге;

- Мәтіннің түзілу тәртібіне көңіл аудару, оның логикалық құрылымдық негізін құра білуге;
- Маманданған тақырыпқа сай өзіндік ой-пікір білдіре білу құзіретін қалыптастыра білуге;
- Болашақ маманның тілдік біліктілігін жетілдіріп, мемлекеттік тілді мамандық деңгейінде коммуникация құралы ретінде қолдану дағдыларын қалыптастыруды көздеу;
- Болашақ маманның кәсіби дағдыларды қолдану салаларына байланысты арнаулы тілдік білім жиынтығы өте кеңейту;
- Кәсіби міндеттерді атқару барысында арнаулы терминдерді қолдану дағдысын жетілдіру болып табылады.

«Когнитивтік лингвистика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
2) 11-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

«Когнитивтік лингвистика»
бейіндік пәнінің базалық мазмұны

10-сыныпта аптасына 1сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. «Когнитивтік лингвистика және оның базалық ұғымдар жүйесі» пәні

Когнитивтік тіл білімі (6 сағат)

Дүниетанымдық тіл білімі және оның зерттеу нысаны. Когнитивтік лингвистика пәнінің мақсаты мен міндеті, зерттелу тарихына шолу. Антропоцентризммен байланысы.

Когнитивтік лингвистиканың басқа ғылым салаларымен байланысы (2 сағат)

Когнитивті лингвистика мен лингвомәдениеттанудың, этнолингвистиканың арақатынасы.

Когнитивтік лингвистика туралы ғылыми сараптамалар (4 сағат)

Отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне шолу. Қазақ тіл біліміндегі когнитивті лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы.

Когнитивті лингвистиканың негізгі категориялары мен ұғымдар жүйесі (8 сағат)

Когнитивтік лингвистиканың базалық ұғымдар жүйесі. Концепт, схема, стереотип, ойсурет, сценарий, гештальт ұғымдары. «Ғаламның тілдік бейнесі» және «қарапайым үлгідегі әлем бейнесі» туралы түсінік. «Дүние бейнесі ұғымы», «Ғалам бейнесі», «Ғаламның тілдік бейнесі», «Ғалам моделі» ұғымдары.

Когнитивтік лингвистиканың негізгі тірек ұғымы - концепт (6 сағат)

Концептология ілімінің мазмұндық-құрылымдық жүйесі. Концепт және оның түрлері. Концепт ұғымының Концептосфера құрылымы. Макро және микроконцептер.

«Туған жер» және «Атамекен» концептісінің когнитивтік негіздері (2 сағат)

«Әке » мен «Ана» концептісінің когнитивтік негіздері (2сағат)

«Бақыт», «Махаббат» концептісінің когнитивтік негіздері(2сағат)

Шығармашылық жұмыс (2сағат)

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар (деңгей бойынша)

Базалық деңгейге қойылатын талаптар:

Пәндік нәтижелер

-тілдің антропоцентристік қасиеттерін танып білуге тиіс;

-танымдық мәтіндер арқылы қоғамдық және жаратылыстық ғылым негіздерін меңгеруге тиіс;

-ақпараттарды талдай, өңдей, жинақтай білуге тиіс;

- тілдің танымдық қызметін әртүрлі жанрдағы мәтінде тани білуге тиіс;
-тілдің қатысымдық қызметін тілдік жағдаяттарда қолдана білуге тиіс;
-тілдің мұра сақтап жеткізуші кумилятивтік қызметін мәтін арқылы негіздей алуы тиіс;
- ұжым мүшелерінің когнитивтік санасында қатталған білімдер жүйесін меңгеруі тиіс;
-тілдік санадағы ақпараттар мен когнитивтік ұжым мүшелерінің өмір сүру салттарындағы ақпараттардың сабақтастығын білуге тиіс;

Тұлғалық нәтиже

- когнитивтік ұлттық құндылықтар мен әлемдік когнитивтік құндылықтарды салыстыра пайымдай алуы тиіс;
-әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін когнитивтік санамен дұрыс бағалай алуға тиіс;
- қоғамға жат құбылыстарға, идеологиялық, діни ағымдарға және заңды бұзушылық әрекетке қарсы көзқарастарын ұлттық код пен дүниетанымдық құндылықтар негізінде жүйелі саралай алуы тиіс;
-өздігінен ізденіп, өмірден өз орнын табуға және таңдаған мамандығына ынта-ықыласы мен қабілеттілігін танытуы тиіс;
-тұлға ретінде белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық сезімін көрсете білуі тиіс

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

-сөйлеудің ауызша және жазбаша түрлерінде когнитивтік тілдік бірліктерді мақсатқа сай қолдана білуі тиіс;
- «ғаламның тілдік бейнесі» тіл арқылы танылатынын меңгеру тиіс;
- дүниетанымдық ауызша, жазбаша және компьютерлік мәтіндерді интерпретациялау тәсілдерін қолдана білуге тиіс;
-зерттеу және шығармашылық әдістерді өз әрекетінде тиімді қолдана білуге тиіс;

- тұрмыстық-әлеуметтік қатынастағы әдептілік нормаларын меңгеруі тиіс;
- когнитивтік семантикадағы қажетті тілдік ресурстарды орнымен жұмсай алуы тиіс;
- когнитивтік ақпаратттарды күнделікті өмірден алынған фактілер бойынша негіздей алуға тиіс;
-ғылыми ізденісте ақпараттар жүйесін іріктеп, өңдеп, сауатты қолдана білуі тиіс.

11-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

«Когнитивтік лингвистика және оның базалық ұғымдар жүйесі» пәні

Тіл мен таным бірлестігі (6 сағат)

«Адам - Тіл - Таным» арақатынасы. Тіл және ойлау. Ойлау және сөйлеу.Таным процесі мен сөйлесім әрекетінің түрлері, олардың арасындағы байланыс

Когнитивтік антропология (6 сағат)

Когнитизм және когнитология. Когнитивтік психология. Когнитивтік социология

Ахмет Байтұрсыновтың таным негіздеріне қатысты ойтұжырымдары (2 сағат)

Когнитивті лингвистиканың базалық категориялары (6 сағат).

Категоризациялау, вербализацилау, концептуализациялау, концепт, концептуалды жүйе, когниция, дүниенің тілдік бейнесі, когнитивтік база, ментальды репрезентация, когнитивтік модель, менталдылық, мәдени константтылық, концептосфера, ұлттық мәдени код, тілдік сана, кеңістік т.б.

Концепт, концептуализациялау, концептуалды жүйе, концептосфера өрісі (6 сағат)

Концептология ілімінің мазмұндық-құрылымдық жүйесі. Концепт және оның түрлері. Макро және микроконцептер. Аялық білім, ассоцицация, стереотип, ойсурет, сценарий

«Өмір» концептісінің когнитивтік негіздері (2 сағат)

«Ағайын» концептісінің когнитивтік негіздері (2 сағат)

«Қонақжайлық» концептісінің когнитивтік негіздері (2 сағат)
«Тағдыр» концептісінің когнитивтік негіздері (2 сағат)

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Базалық деңгейге қойылатын талаптар:
Пәндік нәтижелер

- тілдің танымдық-ақпараттық қасиеттерін танып білуге тиіс;
- концептілік таным негізінде этномәдени ұлттық құндылықтардың тарихи тамырын меңгеруге тиіс;
- ақпараттарды талдай, өңдей, жинақтай білуге тиіс;
- тілдік сана ұғымына ғылыми сараптама жасай білуі тиіс;
- тілдің қатысымдық қызметін тілдік жағдаяттарда қолдана білуге тиіс;
- тілдің мұра сақтап жеткізуші кумилятивтік қызметін мәтін арқылы негіздей алуы тиіс;
- ұжым мүшелерінің когнитивтік санасында қатталған білімдер қорына категоризациялау, концептуализациялау жүйесін меңгеруі тиіс;

Тұлғалық нәтиже

- этномәдени ұлттық құндылықтар мен әлемдік когнитивтік құндылықтарды зияткерлік тұлға ретінде пайымдай алуы тиіс;
-әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін когнитивтік санамен дұрыс бағалай алуға тиіс;
- қоғамға жат құбылыстарға, идеологиялық, діни ағымдарға және заңды бұзушылық әрекетке қарсы көзқарастарын ұлттық код пен дүниетанымдық құндылықтар негізінде жүйелі саралай алуы тиіс;
-өздігінен ізденіп, өмірден өз орнын табуға және таңдаған мамандығына ынта-ықыласы мен қабілеттілігін танытуы тиіс;

-тілдік санадағы ақпараттар мен когнитивтік ұжым мүшелерінің өмір сүру салттарындағы құндылықтарды елжанды тұлға ретінде ақпараттандыруы тиіс;
-тұлға ретінде белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық сезімін көрсете білуі тиіс

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

-сөйлеудің ауызша және жазбаша түрлерінде когнитивтік тілдік бірліктерді мақсатқа сай қолдана білуі тиіс;
- «ғаламның тілдік бейнесі» тіл арқылы танылатынын меңгеру тиіс;
- дүниетанымдық ауызша, жазбаша және компьютерлік мәтіндерді интерпретациялау тәсілдерін қолдана білуге тиіс;
- зерттеу және шығармашылық әдістерді өз әрекетінде тиімді қолдана білуге тиіс;
- тұрмыстық-әлеуметтік қатынастағы әдептілік нормаларын меңгеруі тиіс;
- когнитивтік семантикадағы қажетті тілдік ресурстарды орнымен жұмсай алуы тиіс;
- когнитивтік ақпаратттарды күнделікті өмірден алынған фактілер бойынша негіздей алуға тиіс;
-ғылыми ізденісте ақпараттар жүйесін іріктеп, өңдеп, сауатты қолдана білуі тиіс.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:

1. Э.Оразалиева Танымдық қазақ тілі. Алматы, 2005.
2. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивті негіздері, Алматы, 2003.
3. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивті негіздері // Тілтаным, 2001, №4.
4. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика . Минск, 2004.
5. Лакофф Дж. Когнитивная семантика. // Язык и интеллект. М, 1995.
6. Ченки А. Современные когнитивные подходы к семантике: сходства и различия в теориях и целях // Вопросы языкознания. 1996,№2, с 68-78.
7. Ченки А. Семантика в когнитивной лингвистике // Фундаментальные направления современной американской лингвистики. М, 1997. с 340-369.
8. Б.Ақбердиева Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық тұжырымдар. КДА, Алматы, 2002.
9. Ә.Қайдар Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері.
10. Е.Жанпейісов Этнокультурная лексика казахского языка. Алматы, 1989.
11. Маслова В.А. Лингвокультурология. М, 2001.
12. Б.Ақбердиева Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық тұжырымдар. КДА, Алматы, 2002.
13. Ә.Қайдар Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері.
14. Е.Жанпейісов Этнокультурная лексика казахского языка. Алматы, 1989.
15. Маслова В.А. Лингвокультурология. М, 2001.

Пайдалануға ұсынылатын қосымша әдебиеттер:

1. Кубрякова Е.С. Семантика производного слова // Аспекты семантических исследований. М.,1980
2. Резанова З.И. Функциональный аспект словообразования: Русское производное имя. Томск, 1996
3. Кронгауз М.А. Семантика. М.,2001

4. Кубрякова Е.С. Теория номинации и словообразование // Языковая номинация: Виды наименований. М., 1977
5. Кубрякова Е.С. Семантика в когнитивной лингвистике (о концепте контейнера и формы его объективации) // Известия Академии наук. Серия литературы и языка. 1999
6. Лангакер Р. Когнитивная грамматика. М.,1992.
7. Чейф У. Значение и структура языка. М.,1975
8. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Алматы, 1997.
9. Жаманбаева Қ. Когнитивті лингвистика негіздері. 1998.
10. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. Алматы, 1989. 147-190-бб.
11. Қасым Б. Сөзжасам: Семантика. Уәждеме. Алматы, 2003.
12. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері. //Тілтаным-2004. №1.

ГЛОССАРИЙ

1**. Когнитивтік лингвистика** (лат cognition – білім, түсінік, көзқарас) - тіл біліміндегі бағыт. Тілді игеру. Табиғи тіл механизмін түсіндіру үшін білім жинау, қолдану және оны түсіну моделін құру тұрғысынан зерттеу.

2**. Антропоцентризм** (гр.anthropos-«адам», лат. centrum-орталық) - адам феноменін ғаламның басқа да феномендеріне қарсы қоя отырып, адамды ғаламның орталығы ретінде танытатын, дүниедегі болып жатқан процестердің мақсатын адам факторымен байланыстыратын ғылыми бағыт.

3**. Когниция** – адам санасындағы білім арқылы көрініс табатын ақпараттар жүйесі.

4**. «Фондық білім»** дегеніміз- тілдік ойлау әрекетіндегі (речемыслительная деятельность) тәжірибенің вербалданған көрінісінің (фрагментінің) коммуникативтік бірліктердің (мәтіндердің) кейбіреулерімен байланысы.

5. **Концепт** – ұжымдық білімнің бірлігі, сана (жоғары рухани құндылықтарға жол ашушы) этномәдени ерекшелігі бар тілдік бірлік ретінде таңбаланады.

6. **«Ғаламның тілдік бейнесі»** дегеніміз - « ... тірі (табиғи, ұлттық) тілдер арқылы бекіген ішкі және сыртқы дүние туралы бүкіл ақпарат».

7. **Фрейм** - санада концепт түзеуші оқиға бірліктерінің бірінен кейін бірінің жүйелі, тәртіпке сай өтілуін қадағалайтын ақпараттар жинағы, концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын қарапайым нобай.

8. **Схема** – когнитивтік санада сыртқы сигналдар мен ішкі сезімдер көмегі арқылы жинақталған ақпараттарды бір құрылымда таныту тәсілі.

9. **Сценарий** – концепт қалыптастырудағы оның қарапайым танымдық элементтері фрейм болса, әрбір фрейм тармақтарының төңірегінен оқиғалар мен жағдаяттар жүйесін жинақтауға болады.

10. **Скрипт** – қалыптастыратын басты элемент фрейм. Скрипттің санадағы көрінісі – сценарий құрылымының кеңейтілген формасы, концептілік, мәтіндік құрылымның бір типі.

11. **Ойсурет** – концепт қалыптастыру операциясының ең күрделі формасы. Концепт құрайтын элементтерді санада метафоралау, яғни суреттеу тәсілі.

12. **Ассоциация** – дүниені тануда адам санасындағы алғаш пайда болатын діндік сигналдар, білім берудің бір түрі. Ассоцицация арқылы тану-бұрынғы тәжірибелер мен жаңадан қабылданған түсініктер арасындағы байланыс.

13. **Стереотип** – нақты бір феноменге қатысты концептіні түсіндірудегі оның ішкі валенттілік байланыстарын жинақтап ұйымдастыратын ментальді-тілдік құрылым. Демек, стереотип – адам санасында туындайтын дүние бейнесінің бір үзігі. Яғни әрбір тіл бірлігінің бойынан стереотиптік таңбаны тануға болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ТЕРЕҢДЕТЕ ОҚЫТАТЫН ОРТА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ

«Келісілді»
С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі:
_____ К.Ө. Есенова

«Бекітемін»
Мектеп-интернат директоры:
_____ Р.Е. Сексенова

«Мәтін талдау» бейіндік пәні бағдарламасы

Алматы, 2020

«Мәтін талдау» бейіндік пәнінің бағдарламасы

ҮЙЛЕСТІРУШІ: мектеп-интернат директоры **Р.Е. Сексенова**

БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕГЕНДЕР:
Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, филология ғылымдарының докторы **Қ.Ө. Есенова**
Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы **Ж.Қ. Балтабаева**
Абай атындағы ҚазҰПУ п.ғ.м., шебер педагог, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі **Ж.С. Абитова**

Негізгі орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 8-9-сыныптары үшін «Мәтін талдау» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)
Түсінік хат

Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

Бүгінгі күні әлемдік қауымдастық қатарында өзіне лайық орнын белгілеген біздің мемлекетіміз үшін қазіргі заман талаптарына байланысты өзіндік көзқарасы, саяси түсінігі бар, білімді әрі жоғары білікті жас ұрпақ тәрбиелеу қажеттігі туындап отырғаны сөзсіз. Қазіргі заман балалардың функционалды сауатты болуын талап етсе, соның бірі – оқу сауаттылығы. Оқу сауаттылығы ақпаратты табу, мәтінді интерпретациялау, рефлексия және бағалаудан тұрады. Демек, оқушының оқу сауаттылығын арттырудың бірден-бір жолы – мәтін талдау.

«Мәтін талдау» бейіндік пәні – қарапайым тілмен айтқанда бала өзі оқып отырған мәтіннен ақпаратты толықтай қабылдай біліп, ішінен негізгісін ала білуін көздейді. Сондықтан да бұл пәннің оқу курсы мәтінді оқып-талдаудан басталып, сөздер мағынасына, грамматика және тілдік, мәтіндік құрылымдарға талдау жасауды қамтиды. Бұл – мектеп оқушылары үшін пәннің өзектілігін айқындайды. Мәтін талдау жұмыстары арқылы оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін қазіргі кезде түрлі технологияларды пайдалануға болады. Сондай технологиялардың бірі – оқу және жазу арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту технологиясы болса, сонымен қатар білім беру мен білім алудағы жаңа әдістер болып табылады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының негізгі ұстанымдары топтық жұмысқа, еркін ойлауға, жазбаша, ауызша ой алмасуға, мәтін мәнін ашуға, автор іріктеген сөздер мен сөз тіркестерінде жатқан ұғымдарды түсінуге, әрекеттестікке негізделген. Бұл пәнде оқушылар мұғалімнің бағыттауымен жаңартылған бағдарламаның интербелсенді әдістерін қолдана отырып, оқу сауаттылығын

арттырады. Сол арқылы оқушының функционалдық сауаттылығы артып, алған білімін өмірде қолдана білу дағдысы қалыптасады.

«Мәтін талдау» пәнінің толық курсын аяқтаған оқушы оқуды өз бетінше жалғастыра алатын білім жинау жауапкершілігін түсінуге және оны өз мойнына алуға қалай көмектесуге болатынын меңгереді. Сол арқылы оқу үдерісін шынайы өмірді түсінуге көмек беретін құбылыс ретінде қарастырады.

Пәнді оқыту мақсаттары: алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен кез келген тілдік жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсе алу даярлығын білдіретін құзыреттілікті қалыптастыру.

Пәнді оқыту міндеттері:

- оқылым стратегияларының ішкі дағдыларын;
- оқушылардың ақпарат пен идеяны синтездеу қабілетін;
- ақпарат пен идеяның шынайылығы мен салыстырмалы түрде маңыздылығы туралы ойлана білу қабілетін;
- өзінің оқуына қатысты таңдау жасау және басқалардың идеяларына күмәнмен қарау қабілетін қалыптастыру;
- адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ету.

«Мәтін талдау» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

3) 8-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
4) 9-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

«Мәтін талдау» бейіндік пәнінің базалық мазмұны
8-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. «Мәтін талдау» пәніне кіріспе

1) Пәннің мақсаты мен міндеті
2) Мәтін талдау – функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың көзі
3) Мәтін және мәтіннің құрылымы, типі

4) Мәтіннің өзіндік ерекшелігін, ұйымдастырылуын, стилін ажырата білу
5) Мәтінжасамның модельдері мен тілдік тетіктері

2-бөлім. Мәтін түрлерін ажырата білу

1) Көркем мәтіннің жанрлық ерекшеліктері
2) Хат, мақала, жарнама, т.б.
3) Құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарақ, хабарландыру, т.б.

3-бөлім. Оқылымның ішкі дағдылары

1) Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу
2) Нақты ақпараттарды табу үшін оқу
3) Детальді түрде оқу
4) Сөз мағынасын контексттен ажырату
5) Мәтін құрылымын түсіну үшін оқу
6) Болжай білу үшін оқу

4-бөлім. Практикум

1) Оқу сауаттылығы бойынша тест мәтіндерін шешу
2) Оқу сауаттылығы бойынша тест құрастыру
3) Мәтінді интерпретациялау
4) Шығармашылық ізденіс

9-сыныпта аптасына 1сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Кіріспе

1) Оқушылардың оқу сауаттылығын арттырудағы мәтін сұрақтарын шешудің тиімді жолдары
2) Пайымдау, тұжырым жасау немесе проблеманы шешу
3) Оқылым әрекетінде АКТ қолдану

2-бөлім. Оқылым алдындағы тапсырмалар

1) Мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар
2) Сөздерді алдын-ала үйрету
3) Мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою

3-бөлім. Оқылым барысындағы тапсырмалар

1) Әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар
2) Мәтін мазмұнын түсінуге бағытталған сұрақ-тапсырмалар
3) Мәтіннен нақты ақпаратты анықтауға бағытталған сұрақ-тапсырмалар

4-бөлім. Оқылымнан кейінгі тапсырмалар

1) Мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары
2) Мәтіннің идеясы мен стилін, мәтін құрылымын анықтауға байланысты тапсырмалар

5-бөлім. Практикум

1) Оқу сауаттылығы бойынша тест мәтіндерін шешу
2) Оқу сауаттылығы бойынша тест құрастыру
3) Мәтінді интерпретациялау
4) Шығармашылық ізденіс

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қ.Ө. Есенова. «Қазіргі қазақ медиа мәтінінің прагматикасы». – Алматы, 2017ж.
2. Қ.Ө. Есенова. «Лингвосаясаттану: саяси дискурстың прагматикасы». – Алматы, 2017ж.
3. Оқушылардың оқу сауаттылығы. Оқу құралы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Педагогикалық өлшеулер орталығы»
4. http://group-global.org/kk/publication/15595-shetel-tilin-okytuda-okylym-reketin-uyretu-zholdary
5. Даулеткалиева, Р. Л. Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту / Р. Л. Даулеткалиева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2017. — № 18.1 (152.1). — С. 16-18.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН
ТЕРЕҢДЕТЕ ОҚЫТАТЫН ОРТА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ

«Келісілді»
Қазақ тілі білімі теориясы мен
әдістемесі кафедрасының меңгерушісі
_____ Ж.К. Отарбекова

«Бекітемін»
Мектеп-интернат директоры м.а.
_____ Р.Е. Сексенова

«Сөз мәдениеті» бейіндік пәні бағдарламасы

Алматы, 2020

А ай атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернаты
Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 5-9 -сыныптары үшін «Сөз мәдениеті» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасына

ПІКІР

Тіл – адам қатынасының, ойлаудың, мәдениеттің аса маңызды құралы, өмірдің ұлы каруы. Қарым-қатынас майданына түскен сайын бұл құралдың икемділігі артып, шыңдала береді. Бірақ тілдің мұндай қасиеті оның қызмет етуіне, жетілуі мен дамуына айырықша көңіл бөліп, шынайы қамқорлыққа алып отырудың барысында ерекше жандана түседі.

Сөз мәдениеті алдымен әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді білдіреді.

Дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білуге дағдыланған, әдеби тіл нормасына төселген адамның сөйлеген сөзі де, жазғаны да кедір-бұдырсыз болып, жатық шығып жатады.

Абай атындағы дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-интернатының «Сөз мәдениеті» бейіндік пәнін оқытуы болашақ ұлттық тілдің негізгі тінін сақтап қалу мақсатынан туындағаны айқын. Болашақ қазақ тілінің әсем де әуезді, мәдениетті қолданысына қазіргі ұрпақтың жауапты екендігін ескерген мектеп ұжымы коммуникацияны дұрыс қолдану – тілдің мәселесін шешетіндігін түсінген.

Бағдарлама сөз бен мәдениет ұғымдарының түйісу нүктесін, сауатты коммуникация жасай білуді, қарым-қатынас мәдениетін, ойды жеткізу мәдениетін, сонымен коммуникативті стратегия қою мен коммуникативті тактикаларды қолдануды үйретеді.

Бағдарлама мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне сәйкес жасалған. Сондықтан бағдарламаны қолдануға болады.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы **Т.Н. Ермекова**

«Сөз мәдениеті» бейіндік пәнінің бағдарламасы

ҮЙЛЕСТІРУШІ: мектеп-интернат директоры **Р.Е. Сексенова**

БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕГЕНДЕР:
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а. **Ғ.Б. Шойбекова**
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі **Қ.Тілеуберді, Ж.А.Жалмаханова**

ПІКІР ЖАЗҒАН: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы **Т.Н.Ермекова**

Негізгі орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 5-9 -сыныптары үшін «Сөз мәдениеті» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Түсінік хат

Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

Тіл – адам қатынасының, ойлаудың, мәдениеттің аса маңызды құралы, өмірдің ұлы қаруы. Қарым-қатынас майданына түскен сайын бұл құралдың икемділігі артып, шындала береді. Бірақ тілдің мұндай қасиеті оның қызмет етуіне, жетілуі мен дамуына айырықша көңіл бөліп, шынайы қамқорлыққа алып отырудың барысында ерекше жандана түседі.

Сөз мәдениеті алдымен әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді білдіреді.

Дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білуге дағдыланған, әдеби тіл нормасына төселген адамның сөйлеген сөзі де, жазғаны да кедір- бұдырсыз болып, жатық шығып жатады. Тіл амалдарын дұрыс қолданып, әдеби тіл нормасын сақтап, одан жөнсіз ауытқымауды сөз жатықтығы деп түсінуге болады. Тіл амал-тәсілдерін дұрыс жұмсауға, сөз жатықтығына ғана қанағат етіп қою жеткіліксіз. Сөйлеушінің сөзі әдеби тілдің нормасына сай, дұрыс жұмсалуы және «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетіндей», ой мен сөзімді дәл жеткізе алатындай әсерлі болуы да қажет.

Қазақ тілі мен қазақ әдебиетін тереңдетіп оқитын оқушылардың сөз өнеріне деген талғамын ескере отырып, сөздің ережесіне құрылған тіл білмінің толық қамтып оқытып, оны практикалық тұрғыда көркем сөз өрнектері арқылы талдаса, бала бойында базалық білім толық қанды болары сөзсіз. Осы

бағдарлама шиыршық әдісі бойынша төменнен жоғарыға сәйкесінше жеңілден күрделіге қарай дайындалған.

Білім берудің негізгі бағдарламасында сөз мәдениеті материалдарды оқытуға жеткілікті дәрежеде сағат жетпейді. Осы жағдайды ескерудің нәтижесінде бұл бағдарлама дүниеге келді.

Бұл бейіндік пән оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, әдеби тілдік нормаға сай сөз мәдениетін қалыптастыруды көздейді. Оқушының дамып, жеке тұлға ретінде қалыптасуына көп мүмкіндік береді.

Сөз мәдениеті – оқушының кәсіби дайындығын, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын педагогикалық, психологиялық маңызы зор пән. Осыған орай мынадай мақсаттар мен міндеттер тұжырмдалады.

Пәнді оқыту мақсаттары:

- Қазақ халқы үшін тілден қымбат, тілден қасиетті ештеңе жоқ екенін ұғындыру;
- Сөз – тарихымызды, мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді, ұлттық менталитетімізді, елдігімізді сақтап келген маңызды байлығымыз, төлқұжатымыз
- Атадан қалған ен байлық, мол мұра, таза да өткір, күшті де кең тілдің қадір-қасиетін жастардың бойына сіңіру, өз деңгейінде барлық мүмкіншілігімен қолдануға қалыптастыру

Пәнді оқыту міндеттері:

- Айтылатын ой тыңдаушысына түсінікті де нанымды болуы үшін тілдің қалыптасқан заңдылықтарын, нормаларын білу міндетті;
- Оқытушы тілдік тұлға, ол үшін тілдік норма тыңдаушымен қатысым әрекетінің, түсінісудің негізі болып табылатынын білу міндетті;
- Оқытушы мен тыңдаушының арасындағы субъект-субъектілік қарым-қатынас толық түсіністіктің негізінде қалыптастыру;
- Сөйлеушінің сөзі түсінікті, анық, айқын болуы міндетті;
- Сөз мәдениеті қалыптасқан тұлға ретінде қалыптастыру;

«Сөз мәдениеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
2) 6-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
3) 7-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
4) 8-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
5) 9-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты

«Сөз мәдениеті» бейіндік пәнінің базалық мазмұны

5-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Сөз және мәдениет

5) Сөз бен мәдениет арақатынасы
6) Оқу нысандары
7) Пәннің өзге пәндермен байланысы

2-бөлім. Коммуникация сауаттылығы

4) Тіл жұмсаудағы сауаттылық
5) Сөз және оның мағынасы
6) Тілдік нормадан ауытқу
7) Орфографиялық, орфоэпиялық норма

3-бөлім. Қарым-қатынас мәдениеті

4) Амандасу мәдениеті
5) Қоштасу мәдениеті
6) Құттықтау мәдениеті
7) Көңіл айту мәдениеті

4-бөлім. Ойды жеткізу мәдениеті

4) Өтіну мәдениеті
5) Сендіру мәдениеті
6) Жұбату мәдениеті

5- бөлім. Коммуникативті стратегиялар

4) Қалау, тілек мәнді сөйлеу стратегиялары
5) Ой және сөз дұрыстығы
6) Айқын мақсат қою стратегиясы

6-бөлім. Коммуникативті тактикалар

5) Стратегияларды жүзеге асыру тактикалары
6) Сөз бастау тактикасы
7) «Аргументтер келтіру» тактикасы
8) Қорытындылау тактикасы

7-бөлім. Шығармашылық-ізденіс жұмыстары

Практикалық тапсырмалар

6- сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Сөз және мәдениет

4) Сөзді дұрыс қолдану
5) Пәннің өзге пәндермен байланысы

2-бөлім. Коммуникация сауаттылығы

8) Фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық тұрғыдан дұрыс қолданыс
9) Сөздердің мағыналық топтарын дұрыс қолдана білу
10) Жөнімен және жөнсіз ауытқулар
11) Кейбір дыбыстардың айтылуы мен жазылуы

3-бөлім. Қарым-қатынас мәдениеті

4) Сәлемдесудің ауыз әдебиетіндегі үлгілері
5) Қоштасудың ауыз әдебиетіндегі үлгілері
6) Құттықтаудың ауыз әдебиетіндегі үлгілері
7) Көңіл айтудың ауыз әдебиетіндегі үлгілері

4-бөлім. Ойды жеткізу мәдениеті

3) Өтінудің ауыз әдебиетіндегі үлгілері
4) Сендірудің вербалды және бейвербалды түрлері
5) Жұбатудың ауыз әдебиетіндегі үлгілері

5- бөлім. Коммуникативті стратегиялар

6) Сөз сапасы
7) Тілдесім жанрлары: *сөйлесу, тілдесу, пікірталас, әңгіме*
8) Сөз жатықтығы
9) Бағалау түрлері

6-бөлім. Коммуникативті тактикалар

1) Сөйлеудегі өз қажетін алу үшін қолданылатын тактикалар
2) Сыпайылық таныту тактикалары
3) Салыстыра отырып, бағалау тактикасы

7-бөлім. Шығармашылық-ізденіс жұмыстары

Практикалық тапсырмалар

7- сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Сөз және мәдениет

1) Сөз және тілдік қарым-қатынас

2) Пәннің өзге пәндермен байланысы

2-бөлім. Коммуникация сауаттылығы

1) Морфемалардың дұрыс қолданысы
2) Табу, эвфемизмдер мен дисфемизмдердің сөз өнерінде қолданылуы
3) Лексикалық норма (диалектизмдер, кәсіби сөздер, жаргондар)
4) Өзге тілдерден енген сөздердің айтылуы мен жазылуы

3-бөлім. Қарым-қатынас мәдениеті

1) Сәлемдесудің жазба әдебиетіндегі үлгілері
2) Қоштасудың жазба әдебиетіндегі үлгілері
3) Құттықтаудың жазба әдебиетіндегі үлгілері
4) Көңіл айтудың жазба әдебиетіндегі үлгілері

4-бөлім. Ойды жеткізу мәдениеті

1) Өтінудің жазба әдебиетіндегі үлгілері
2) Сендірудің жазба әдебиетіндегі үлгілері
3) Жұбатудың жазба әдебиетіндегі үлгілері

5- бөлім. Сөз сапасы

1) Сөз тазалығы
2) Сөз әсерлілігі
3) Сөз образдылығы

6-бөлім. Коммуникативті тактикалар

1) Коммуникацияны және көңіл аударылмай қойған назарды жандандыру
2) Коммуникант ниеттенбеген ақпаратты айтқызу

7-бөлім. Шығармашылық-ізденіс жұмыстары

Практикалық тапсырмалар

8- сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Сөз және мәдениет

1) Сөз өнері жөнінде
2) Пәннің өзге пәндермен байланысы

2-бөлім. Коммуникация сауаттылығы

1) Синтаксистік тұрғыдан дұрыс қолданыс
2) Фразеологизмдердің сөз өнерінде қолданылуы
3) Ауызекі сөйлеу тіліндегі норма мен жазба тіл нормасы

4) Орфографиялық және орфоэпиялық нормалардың арнайы сөздіктерде берілуі.

3-бөлім. Қарым-қатынас мәдениеті

1) Сәлемдесудің стильдік ерекшеліктері
2) Қоштасудың стильдік ерекшеліктері
3) Құттықтаудың стильдік ерекшеліктері
4) Көңіл айтудың стильдік ерекшеліктері

4-бөлім. Ойды жеткізу мәдениеті

1) Өтінудің стильдік ерекшеліктері
2) Сендірудің стильдік ерекшеліктері
3) Жұбатудың стильдік ерекшеліктері

5- бөлім. Сөз сапасы

1) Сөз қысқалығы мен нұсқалығы
2) Сөз әдебі

6-бөлім. Коммуникативті тактикалар

1) Бедел аппеляциясы
2) Еркін қарым-қатынасқа көшу тактикасы

7-бөлім. Шығармашылық-ізденіс жұмыстары

Практикалық тапсырмалар

9- сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Сөз және мәдениет

1) Сөз мәдениетін қалыптастырушылар
2) Пәннің өзге пәндермен байланысы

2-бөлім. Коммуникация сауаттылығы

1) Стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану
2) Мақал-мәтелдердің сөз мәдениетінде қолданысы
3) Грамматикалық норма
4) Орфографиялық және орфоэпиялық нормалардың қазіргі тілдегі көрінісі

3-бөлім. Сөйлеу мәдениеті

1) Сәлемдесудің әр кезеңдегі түрлері
2) Қоштасудың әр кезеңдегі түрлері
3) Құттықтаудың әр кезеңдегі түрлері
4) Көңіл айтудың әр кезеңдегі түрлері

4-бөлім. Ойды жеткізу мәдениеті

1) Өтінудің әр кезеңдегі түрлері

2) Сендірудің әр кезеңдегі түрлері
3) Жұбатудың әр кезеңдегі түрлері

5- бөлім. Сөз сапасы

1) Тілдесім жанрларның дискурстағы көрінісі
2) Сөз дәлдігі
3) Тіл этикеті

6-бөлім. Коммуникативті тактикалар

1) Әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынас
2) Ресми-іскерлік қарым-қатынас

7-бөлім. Шығармашылық-ізденіс жұмыстары

Практикалық тапсырмалар

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:

1. Уәлиев Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол. ғыл. докт. дисс: 10.02.02. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2007 .– 336 б.
2. Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті. – А., Қазақ университеті, – 2011. – 128 б. .
3. З. Бейсенбайқызы. Сөз мәдениетінің негіздері. Алматы, 2009. – 186 б.
4. Сыздық Р. Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы. А., 2007.
5. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. А., 1984.
6. Серғалиев М. Тіл мәдениеті. А., 1999.
7. А.Қыдыршаев. Іскерлік шешендіктану қағидалары. Орал, 2007.
8. А.Қыдыршаев. Кестелі шешендіктану. Орал, 2008.
9. Е.О.Арын, Қ.Қ.Нұрлыбекова. Қазақ тілін тереңдетіп оқыту бағдарламасы.Алматы, 2009.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ТЕРЕҢДЕТЕ ОҚЫТАТЫН ОРТА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ

«Келісемін»
Филология және көптілді білім беру институтының директоры,
ф.г.д., проф. Б. Әбдіғазиұлы
_____

«Бекітемін»
Мектеп-интернат директоры:
Р.Е. Сексенова
_____

«Ұлы даланың даналығы» бейіндік пәні бағдарламасы

Алматы, 2019

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 8-11-сыныптарына арналған «Ұлы дала даналығы» бейіндік пәнінің оқу бағдарламасына

ПІКІР

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында бүгінгі ұрпақты әдебиеті мен мәдениетін, салт пен дәстүрін, әдет пен ғұрпын, ұлттық құндылықтарын ұлықтап өскен, елдің ертеңін ойлайтын танымы мол, талантты, бәсекеге қабілетті өскелең ұрпақ тәрбиелеуді алдымызға мақсат етіп қойды. Демек, Мәңгілік еліміздің тарихи даму тұсындағы міндет – сол ата-бабаларымыздан қалған Ұлы даланың жауһарларын қазіргі заманға сай одан әрі дамытып, жас ұрпақтың санасына сіңдіру, оны әлемдік мәдениеттің жаңашыл үрдістерімен үнемі толықтырып, жаңартып отыру. Соны білу, түсіну және түйсіну бүгінгі таңда өте қажет. Бұл қажеттіліктің үдесінен шығу мақсатында Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатымен бірлестікте «Ұлы даланың даналығы» бейіндік пәнінің бағдарламасы жасалынды. Білім берудің негізгі бағдарламасында ұлтымыздың ділмарлығы, этнографиясы, ұлттық ерекшеліктерін оқытуға жеткілікті дәрежеде сағат берілмеген. Осы жағдайды ескерудің нәтижесінде осы бағдарлама дүниеге келді.

Бұл бағдарламада пәннің мақсат, міндеттері айқын көрсетіліп, оқытуға бірнеше тақырыптар ұсынылған. Атап айтсақ:

- ✓ Ұлттық дәстүр мен мінез;
- ✓ Ұлы дала мәдениеті;
- ✓ Ұлы дала фольклоры мен музыкасы;
- ✓ Ұлттық этнографизмдер мен ұлтық сананы айшықтайтын тіл бірліктері, т.б.

Бейіндік сабақтарында әр оқушының белгілі тақырыптардан өзінше жұмыс жасауына: ізденуіне, ғылыми зерттеу жұмыстарына, қажетті сөздердің сырына үңілуіне мән беріледі. Бұл – оқушының қабілетін, ұлттық ойлауын дамытады, белгілі тақырыптардан терең білім алып, оны іс жүзінде қолдана алуға дағдыланады.

Фольклорлық туындылар, ұлттық этнографизмдер адамзаттық құндылықтарға, елдік санаға бай екенін ескере, бұл бейіндік пән мемлекетшілдікке, отансүйгіштікке тәрбиелеп, қоғамдық қызметі қазіргі ұлттық идеямызға негіз болады деп есептейміз. «Ұлы даланың даналығы» бейіндік пәнінің курсын толық аяқтаған оқушы елі мен жері үшін біліммен қаруланған, мәңгілік елдің мәртебесін асқақтатар азат елдің ұландары болып қалыптасатына сенеміміз мол.

Филология ғылымының докторы, профессор,
Халықаралық педагогикалық білім беру
ғылым академиясының академигі **Балтабай Әбдіғазиұлы**

«Ұлы Даланың даналығы» бейіндік пәнінің
бағдарламасы

ҮЙЛЕСТІРУШІ: мектеп-интернат директоры **Р.Е. Сексенова**

БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕГЕН: филология ғылымының докторы, профессор, Халықаралық педагогикалық білім беру ғылым академиясының академигі **Балтабай Әбдіғазиұлы,** қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері **Қ.Қ. Нұрлыбекова,** Абай атындағы ҚазҰПУ п.ғ.м., шебер педагог **Ж.С. Абитова**

ПІКІР ЖАЗҒАН: филология ғылымының докторы, профессор, Халықаралық педагогикалық білім беру ғылым академиясының академигі **Балтабай Әбдіғазиұлы**

Неізгі және жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 5-11-сыныптары үшін «Ұлы Даланың даналығы» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Түсінік хат

Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.
«Ұлы дала даналығы» бейіндік пәні – Елбасы Н.Ә.Назарабаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларында көрсеткен міндеттерді жүзеге асыру шеңберінде, 5-11-сынып оқушыларының түркі тектес халықтардың ішінде ең бай тіл саналатын қазақ тілінің, өздерінің ана тілінің қыр-сырына терең үңіле түсіп, ұлы қазақ ұлтының этнографизмдері, мәдениеті – рухани байлығын жан-жақты меңгеруіне бағыт беретін құрал. Бағдарлама ұлттық рух пен ұлттық сананың кемелденуіне, ұлттық салт-дәстүріміз бен тілімізді, мәдениетімізді сақтауға, бағалауға, дамытуға серпін беруді жүзеге асыру және насихаттауды мақсат тұтқан.

Бұл пәннің мақсаты – әдебиеттен білім беру үдерісінің құрылымына, мазмұнына өзгертулер енгізе отырып, оқушылардың қызығушылықтарын, қабілеттері мен бейімділіктерін ескеріп, саралай және даралай оқыту. Зерттеуші-ғалым еңбектерін басшылыққа ала отырып, ұлы қазақ ұлтының салт-дәстүр, мәдениет, даналығы – рухани байлығын тереңірек меңгерту. Қым-қиғаш оқиғаларға толы жаһандық үдерістерде кез келген ел мен мемлекеттің бүгінгі әлеуетін ғана емес, өткен замандардың даңқты парақтарының мұрагерлері ретіндегі жағымды бейнесін де әлемге танытудың маңызы ерекше.

Білім берудің негізгі бағдарламасында ұлтымыздың ділмарлығы, этнографиясы, ұлттық ерекшеліктерін оқытуға жеткілікті дәрежеде сағат берілмеген. Осы жағдайды ескерудің нәтижесінде бұл бағдарлама дүниеге келді.

Бейіндік сабақтарында әр оқушының белгілі тақырыптардан өзінше жұмыс жасауына: ізденуіне, ғылыми

зерттеу жұмыстарына, қажетті сөздердің сырына үңілуіне мән беріледі. Бұл – оқушының қабілетін, ұлттық ойлауын дамытады, белгілі тақырыптардан терең білім алып, оны іс жүзінде қолдана алуға дағдыланады.

Фольклорлық туындылар, ұлттық этнографизмдер адамзаттық құндылықтарға, елдік санаға бай екенін ескере, бұл бейіндік пән мемлекетшілдікке, отансүйгіштікке тәрбиелеуге, қоғамдық қызметі қазіргі ұлттық идеямызға негіз болады деп есептейміз.

Пәнді оқытудың басты мақсаты: Ұлттық ерекшеліктерді құрметтеп қана қоймай, өмірде қажетіне жаратып, қолдана білетін, ұлттық сана-сезімі мықты, өркениетті қоғамда өмір сүруге бейім, терең білімді дара тұлға қалыптастыру.

Пәнді оқыту міндеттері:

- Ұлттық этнографизмдер мен фольклордың қыр-сыры, даму тарихы мен ерекшеліктерімен таныстыру;
- Жаһандану заманында ақпараттық кеңістікте жұтылып кетпей, саналы шешім қабылдауға мүмкіндік беру;
- Талабын ұштап, тұлғалық, шығармашылық шарықтауына мүмкіндік беру;
- Берілетін материалдарды оқыту арқылы отансүйгіш, халқымыздың әдебиетін, мәдениетін, өнерін, тілін, салт-дәстүрін құрметтеуге баулу,
- Өз ұлтын ең жоғарғы құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғам деңгейі жоғары оқушы құзіреттілігін қалыптастырады.

«Ұлы Дала даналығы» бейіндік пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
2) 6-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
3) 7-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
4) 8-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
5) 9-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
6) 10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
7) 11-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

«Ұлы Даланың даналығы»
бейіндік пәнінің базалық мазмұны
5-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Ұлт, ұлттық мінез

1) Ұлт, ұлттық ерекшеліктер
2) Қазақтың киесі мен иесі
3) Амандасу салты
4) Ұлттық сананы айшықтайтын тіл бірліктері

2-бөлім. Ұлттық отбасы тәрбиесі

6) Отбасы мүшелерінің рөлі
7) Отбасы әдебі
8) Ұлттық сананы айшықтайтын тіл бірліктері

3-бөлім. Ұлы Дала дастаны

4) Ұлы Дала батырлары
5) Ұлы Дала хандары
6) Көшпенділер өркениеті
7) Ұлттық сананы айшықтайтын тіл бірліктері

4-бөлім. Практикум

Практикалық тапсырмалар

6-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Ұлы Дала ұлағаты

1) Ұлы Дала данышпандары
2) Ұлы Жібек жолы
3) Ұлттық сананы айшықтайтын тіл бірліктері

2-бөлім. Ұлы Дала Мәдениеті

1) Киіз үй
2) Шаруашылық түрлері
3) Қолөнер
4) Ұлттық сананы айшықтайтын тіл бірліктері

3-бөлім. Ұлы Дала әуендері

1) Ұлы дала фольклоры мен музыкасы
2) Ұлы даланың көне сарындары
3) Ұлттық сананы айшықтайтын тіл бірліктері

4-бөлім. Практикум

Практикалық тапсырмалар

7-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Ұлы Дешті Қыпшақ

1) Ұлы Дешті Қыпшақ территориясы
2) Ұлы Даланың жерасты байлығы
3) Ұлы Дала табиғаты
4) Ұлттық сананы айшықтайтын тіл бірліктері

2-бөлім. Ұлы Даланың тарихи санасы

1) Түркі, монғол шапқыншылығы тұсындағы тарихи оқиғалар
2) Ұлы Даланы мекен еткен тайпалар мен ұлыстар
3) Археологиялық байлықтар
4) Ұлы Дала жазуы
5) Ұлттық сананы айшықтайтын тіл бірліктері

3-бөлім. Ұлы Дала айшықтары

1) Ұлы Даланың экономикалық білімі
2) Ұлы Дала туризмі
3) Ұлы Даланың халықаралық қатынастары
4) Ұлттық сананы айшықтайтын тіл бірліктері

4-бөлім. Практикум

Практикалық тапсырмалар

8-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Ұлттық салт-дәстүр мен ұлттық мінез

1) Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер
2) Баланың дүниеге келуіне байланысты туған өлең-жырлар
3) Ұлттық сананы айшықтайтын тіл бірліктері

2-бөлім. Ұлттық отбасы тәрбиесі

1) Үйлену салты мен адамның дүниеден өтуіне байланысты салт-дәстүрлер
2) Үйлену салты мен адамның дүниеден өтуіне байланысты туған өлең-жырлар
3) Ұлттық сананы айшықтайтын тіл бірліктері

3-бөлім. Баланың дене бітіміне байланысты сындар мен тыйым сөздер

1) Амандасу салты
2) Тән сұлулығы
3) Ата көрген оқ жонар
4) Қыз өссе – елдің көркі
5) Ұлттық сананы айшықтайтын тіл бірліктері

4-бөлім. Ата кәсіп

1) Аң аулау, саят құру
3) Төрт түлік мал шаруашылығы жайлы ұғымдар
4) Ұлттық қолөнер
5) Қазақтың баспанасы – киіз үй
6) Ұлттық тағамдар, дастархан мәзірі
7) Батырдың бес қаруы
8) Ұлттық шарушалық пен қолөнердің халық ауыз әдебиетіндегі көрінісі
9) Ұлттық сананы айшықтайтын тіл бірліктері

5-бөлім. Практикум

Практикалық тапсырмалар

9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлер

1) Қазақ ауылы – рулық қоғамдағы бірлестік
2) Туыстық қарым-қатынас
3) Ұлттық ойындар
4) Сан атауларына, ырым-тиымдарға байланысты ұлттық бірлік атаулары
5) Бата-тілектер
6) Наурыз мейрамы
7) Діни мейрамдар
8) Бүгінгі күннің салт-дәстүрлері
9) Әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлерге байланысты туған тілдік бірліктер
10) Ұлттық сананы айшықтайтын тіл бірліктері

2-бөлім. Ұлттық-мәдени тіл бірліктері

1) Адам, жан-жануарларға байланысты тіл бірліктері
2) Табиғатқа байланысты тіл бірліктері
3) Аң-құс атауларына қатысты көне сөздер
4) Қазақ сөздерінің анатомиялық атаулармен байланысы

5) Қазақ ұлттық медициналық атаулар
6) Әртүрлі ұғымдарға қатысты көне сөздер
7) Ұлттық сананы айшықтайтын тіл бірліктері

3-бөлім. Практикум

Практикалық тапсырмалар

10-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Ұлы даланың даналық жауһарлары

1) Көне түркі қағанатының рухани-материалдық мәдениеті
2) Түркі мәдениетінің бүгінгі күнмен сабақтастығы
3) Көне түркі дәуіріндегі ұлттық мәдени бірліктер
4) Тарихи-мәдени ескерткіштер
5) Тарихи-мәдени қорық музейлер
6) Тарихи-мәдени қолжазбалар
7) Түркі әлемінің генезисі
8) Ұлттық сананы айшықтайтын тіл бірліктері

2-бөлім. Ұлы дала мәдениеті

1) «Қазақ» этнониміне қатысты зерттеулер
2) Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт
3) Ұлы даланың ұлы есімдері
4) Ежелгі өнер мен технологиялар
5) Ұлы дала туризмі
6) Жеті ата, жеті қазына ұғымдарындағы ұлттық ерекшелік
7) Ұлы дала фольклоры мен музыкасы
8) Ұлы даланың көне сарындары
9) Ұлттық сананы айшықтайтын тіл бірліктері

3-бөлім. Практикум

Практикалық тапсырмалар

11-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

Ұлы даланың жеті қыры

1-Бөлім: Атқа міну мәдениеті
2-Бөлім: Ұлы даладағы ежелгі металлургия
3-Бөлім: Аң стилі
4-Бөлім: Алтын адам
5-Бөлім: Түркі әлемінің бесігі
6-Бөлім: Ұлы Жібек жолы
7-Бөлім: Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны
8-Бөлім: Ұлттық сананы айшықтайтын тіл бірліктері
9-бөлім. Практикум

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы
2. Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы
3. Бабалар сөзі, 100 томдық
4. Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері». – М., 1994. – 222 бет.
5. Әбілқасымова К., Тамаев А. «Қазақ фольклористикасы». – Алматы, 2007. – 240 бет.
6. Қосымова Г. «Қазақ шешендік өнерінің негіздері». – Алматы, 2003. – 260 бет.
7. Кәкішев Т., «Билер сөзі». – Алматы, 1992. – 160 бет.
8. Адамбаев Б. «Қазақ шешендері». – Алматы, 2008. – 304 бет.
9. Кенжеахметұлы С. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері». – Алматы, 2010. – 312 бет.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ТЕРЕҢДЕТЕ ОҚЫТАТЫН ОРТА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ

«Келісілді»
М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры
_____ К.І. Матыжанов

«Бекітемін»
Мектеп-интернат директоры:
_____ Р.Е. Сексенова

«Әдебиеттануға кіріспе» бейіндік пәні бағдарламасы

Алматы, 2019

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 8-11- сыныптарына арналған «Әдебиеттануға кіріспе» бейіндік пәнінің оқу бағдарламасына

ПІКІР

Әдебиет – ардың ісі. Уақыт озған сайын әдебиет өнерінің де, әдебиеттану ғылымының да өрісі ұлғайып, өресі биіктей түсуде. Бұл – шындық. Ендеше, бүгінгі жаһандану үрдісінде адамдық болмысы мен рухани келбетімізді сақтап қалу үшін әдебиеттің атқарар қызметі орасан зор. Әдеби шығармаларды тек мазмұндық тұрғыдан оқып қана қоймай, теориялық тұрғыдан талдай білсек, адамдық борышымыздың орындалары хақ.

Академик Зейнолла Қабдолов: «Әдебиеттану – сөз өнерін зерттейтін ғылым. Бұл ғылымға беташар тәрізді әдебиеттің табиғатына тән ең бір қарапайым қағидалар, ілкі түсініктер «Әдебиеттануға кіріспе» деп аталатын арнаулы пән арқылы талданып, тексеріледі», - дейді. Осыған орай, бұл бейіндік пән аясында оқушылар көркемөнер түрлерімен, олардың қоғамдық атқаратын функциясымен, ерекшеліктерімен, сонымен қатар, әдебиет теориясы, әдебиет тарихы және әдеби сынның өзекті мәселелерімен танысып, көркем туынды табиғатын жақсы ұғынып, оны талдау, бағалау машығын өз бойларына орнықтырып, көркем талғамын жетілдіреді.

Ұсынылып отырған «Әдебиеттануға кіріспе» бейіндік пәнінің бағдарламасында пәннің мақсат, міндеттері айқын көрсетіліп, мазмұны әр сынып оқушыларының деңгейіне сай, жүйелі құрылған. Атап айтсақ, әдебиеттің сөз өнері ұғымынан бастау алып, жанр, әдебиеттегі тек пен түр, шығарма құрылысы, көркем шығарма тілі және әдеби сын, әдебиет тарихын дәуірлеу мәселелерімен жалғасын тапқан.

Бұл пәнді оқу барысында 8-11 сынып оқушылары сөз өнерінің құдіретін сезіне отырып, әдебиеттің теориялық мәселелерімен танысып, практикалық талдау жұмыстарын жасайды. Сол арқылы өзіндік сыни көзқарастары қалыптасып, болашақта өз ойын ашық және көркем түрде жеткізе алатын жеке тұлға болып қалыптасары сөзсіз.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің кауымд. проф. м.а., ф.ғ.д. А.В. Танжарикова

РАСТАЙМЫН: Абай атындағы ҚазҰПУ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТАҒЫ
ЗАВЕРЯЮ: НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО РАБОТЕ ЛИЧНОГО СОСТАВА
КОЛЫ ПОДПИСЬ _____

«Әдебиеттануға кіріспе» бейіндік пәнінің бағдарламасы

ҮЙЛЕСТІРУШІ: мектеп-интернат директоры **Р.Е. Сексенова**

БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕГЕНДЕР: М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор **Г.Ж. Орда**
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері: **А.Ө. Төлепова, А.Т. Еркинбекова**

ПІКІР ЖАЗҒАН: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымд. проф. м.а., ф.ғ.д. **А.В. Танжарикова**

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 8-11-сыныптары үшін «Әдебиеттануға кіріспе» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Түсінік хат

Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

Қоғамдық сананың ерекше саласы саналатын көркем өнердің қасиетті бір тармағы – сөз өнері. Әдебиеттану ғылымының негізін салушы, ғалым Ахмет Байтұрсынұлы: «Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білген соң айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадырынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты, я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән мен күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді», – дейді. Ғасырлар бойы жинаған байлығы сөз өнері болған халқымыздың көркем сөз шеберлерін, би-шешендерді, жыраулар мен ақындарды аса жоғары бағалауы да сондықтан болар.

Сөз өнерінің табиғаты мен шығу тегі, дамуы туралы іргелі де күрделі ғылым – әдебиеттану.

Бұл бейіндік пән оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, әдебиет теориясынан толық білім қалыптастырумен аяқталатын жүйелі және арнайы мақсатқа көзделген нәтижелі жұмыс қана емес, оқушының дамып, жеке тұлға ретінде қалыптасуына көп мүмкіндік береді.

Пәнді оқыту мақсаттары:

- Әдебиеттану ғылымының зерттеу нысаны, негізгі салалары, қалыптасу тарихы туралы дерек беру;
- Жалпы өнердің, әдебиеттің табиғаты туралы түсінік қалыптастыру;

- Көркем шығарманы талдаудың ұстанымдары және әдістерімен, негізгі теориялық ұғымдармен таныстыру;
- Әдеби дамудың қыр-сыры мен ортақ заңдылықтарын айқындау, дәстүр мен жаңашылдық, көркемдік әдіс, әдеби ағым бағыттар, ұғымдарымен таныстыру;
- Әдеби мектептер туралы жалпы дерек;

Пәнді оқыту міндеттері:

- көркем шығармаға талдау жасаудың принциптерін игерту, әдебиет пен фольклорды зерттеп үйренуге қажетті біліммен қаруландыру;
- әдеби шығарманың мазмұны мен пішінінің арақатынасының сырын ұғыну;
- әдебиеттану ғылымын құрайтын ұғымдармен, категориялармен таныстырып, игерту;
- әдеби даму процесі, оның заңдылықтары, көркемдік тәжірибе дәстүрі мен жаңашылдық мәселелерін көркемдік
  тұрғыда қабылдай білу;
- көркемдік, оның өзіндік болмысын тани алып, көркемдік өлшемдерін біліп, танитын талғам қалыптастыру;
- әдеби туындының ішкі, сыртқы аспектілерін саралай алып, түрлі қырынан талдай білуге жаттықтыру.

Бейіндік пәнді оқу барысында қалыптасатын құзіреттіліктер:

Кәсіби құзыреттілік бойынша: оқушылардың әдеби теориялық ұғымдарын қалытастыру, көркемдік әлемінің сырларын түсінуге және түсіндіруге машықтандыру, көркем әдебиеттің өзіне ғана тән ерекшеліктерімен оның эстетикалық құрылымын, көркем шығарманы талдау жолдарын, әдебиеттің көркемдегіш тәсілдерін, көркем туындыда кездесетін тарихи шындық пен көркемдік шындықтың арақатынасын түсіне білу, әдебиеттің теориясына, тарихына және сынына қатысты фундаменталды білімдер жүйесін қалыптастырып, талдау жұмыстарын жүргізе алады.

Проблемаларды шешу құзіреттілігі бойынша: оқушылар көркемөнер түрлерімен, олардың қоғамдық атқаратын функциясымен, ерекшеліктерімен, оның ішінде әдебиет те бар, таныстырып, әдебиет теориясының өзекті мәселелері – типтілік, типтендіру, мазмұн мен пішін бірлігін, сюжет түрлері, дәстүр мен жаңашылдық байланысы, әдебиеттің тектері мен түрлері, жанрлар табиғатын байыптап, сондай-ақ өнертану тарихындағы көркемдік әдістердің, әдеби бағыт, ағымдар, әдеби мектептің маңызы мен орнын әдеби процеспен байланыстыра сөз етіп олардың әдеби-теориялық ұғымдарының, түсініктерінің қалыптасуына ықпал ету. Оқушылардың көркем туынды табиғатын жақсы ұғынып, оны талдау, бағалау машығының орнығуына, көркем талғамының жетілуіне баса назар аудару.

Ақпараттық құзіреттілік бойынша: әдебиеттануға байланысты ғылыми әдебиеттермен таныс болу және ондағы берілген ақпараттарды оқушы толық игеру керек. «Әдебиеттануға кіріспе» бейіндік пәнін оқыту арқылы ақпараттық сауаттылығын, сөз мәдениетін, ой ұшқырлығын, жазу сауаттылығын қалыптастыру, әдебиеттанудың пән сөздері туралы түсінік беру.

Коммуникативтік құзіреттілік бойынша: әдебиеттің теориялық мәселелерін, дәстүрлі және жаңа парадигмаларын, негізгі міндеттерімен жан-жақты танысады. Сонымен қатар, көркем шығарманың композициясы мен сюжеті, көркем шығарманың тілі, өлең құрылысы, әдебиеттің тектері мен түрлері, драмалық тек, түрлері , аралас жанрлар, әдеби процесс, көркемдік әдістер, романтизм әдісі сынды теориялық ұғымдарды көркем сөз өнеріндегі ұлттық идеяларды жалпы адамзаттық идеялармен ұштастырып, гуманизм үрдістеріне негізделген эстетикалық абзал сезімдері қалыптасады.

Мәдени-танымдық құзіреттілік бойынша: әдеби теориялық ұғымдар арқылы көркем шығарманы талдау барысында дәстүр жалғастығы, әдеби бағыт, нәзирагөйлік дәстүр, жаһандану кезеңіндегі жалпыадамдық құндылықтар, әдебиеттегі жаңашылдық идеялар арқылы мәдени танымдық деңгейлері қалыптасады.

«Әдебиеттануға кіріспе» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

5) 8-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
6) 9-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
7) 10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
8) 11-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

«Әдебиеттануға кіріспе» бейіндік пәнінің базалық мазмұны

8-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. «Әдебиеттануға кіріспе» пәні *(2 сағат)*

1. Көркемөнер түрлері мен ерекшеліктері
2. Сөз өнерінің сипаты
3. Әдебиет туралы ғылым

2-бөлім. Әдебиеттің тектері мен түрлері *(13 сағат)*

1. Әдебиеттің текке бөлінуі (эпос, лирика, драма)
2. Тек, түр, жанр терминдерінің мәні
3. Жанрлық жіктеудің шарттылығы
4. Эпикалық тектің жанрлық түрлері. Миф
5. Әңгіме – эпикалық жанрдың шағын түрі
6. Әңгіме және новелла. Айырым белгілері
7. Эпикалық жанрдың орта көлемді түрі. Поэма
8. Романтикалық және реалистік поэмалар
9. Эпикалық жанрдың орта көлемді түрі. Повесть (ұзақ көлемді әңгіме)
10. Роман көркемдік ойлаудың жоғары түрі
11. Роман жанрының ерекшелігі
12. Қазақ романдары
12. Роман-эпопея
13. Талдау жұмысы

3-бөлім. Лирикалық жанр *(14 сағат)*

1. Лирикалық тек (Белинский, Байтұрсынов жіктеуі)
2. Лирикалық кейіпкерлер
3. Лирикалық шығармалардың жанрлық түрлері
4. Ода (мадақ өлең). Жыраулар поэзиясы
5. Ән өлеңі. Көркемдік құндылығы

6. Толғау. Ойға құрылған және сырға құрылған толғау. Арнау толғауы
7. Элегия. Элегияның жіктелуі
8. Романс – сүюді жырлау
9. Сонет жанры. Өлшемдері
10. Сатира және оның түрлері (эпиграмма, памфлет, фельетон, сатиралық лирика, пародия)
11. Сатиралық лирикаға тән қасиеттер
12. Пародия және оның түрлері
13. Шығыс поэзиясының дәстүрлі жанрлары (ғазал, қасыда, рубаи, бәйіт т.б.)
14. Талдау жұмыстары

4-бөлім. Драмалық жанр және оның түрлері *(5 сағат)*

1. Драмалық тек және драма
2. Қазақ драматургиясы
3. Трагедия және катарсис ұғымы
4. Комедия. Комедия жанрына тән кейбір ерекшеліктер
5. Талдау жұмыстары

9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні. Тақырып пен идея
(7 сағат)

1. Көркем шығарма туралы түсінік. Көркем шығарманың ерекшеліктері
2. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні туралы түсінік
3. Тақырып пен мотивтің өзара байланысы
4. Шығарманың тақырыбы. Тақырыптың түрлері
5. Тақырып пен идея бірлігі
6. Эпиграф және цитата
7. Талдау жұмыстары

2-бөлім. Көркем бейне және оның жасалу жолдары *(6 сағат)*

1. Көркем бейне туралы түсінік. Оған қойылатын талаптар.
2. Тип пен прототиптің арақатынасы
3. Көркем бейне сомдаудағы суреттеу тәсілдері (портрет, мінездеу, ішкі монолог, диалог)

4. Әдеби мінездеудің түрлері (тура және жанама мінездеу және олардың характерді айқындаудағы мәні)
5. Кейіпкер тілі
6. Талдау жұмыстары

3-бөлім. Көркем шығарманың композициясы мен сюжеті
(7 сағат)

1. Сюжет туралы ұғым
2. Сюжет және тартыс (фабула). Уақыт пен кеңістік және сюжет
3. Сюжеттің элементтері
4. Сюжетсіз шығармалар. Сюжеттен тыс пролог, эпилогтардың шығарма идеясына қатысы
5. Композиция туралы түсінік
6. Композицияның шығармадағы идеяларды жүйелеудегі, образдарды тұтастыруда, қиыстыруда атқаратын рөлі
7. Талдау жұмыстары

4-бөлім. Көркем шығарманың тілі мен стилі мәселесі
(14 сағат)

1. Көркем шығарманың тілі және жанрлық ерекшелігі
2. Көркем шығармадағы троптың (құбылту) түрлері және олардың рөлі
3. Эпитет, теңеу
4. Метафора және кейіптеу
5. Гипербола және литота
6. Синекдоха және метонимия, ирония, сарказм
7. Символ және аллегория, гротеск
8. Фигураның (айшықтау) түрлері
9. Арнау және оның түрлері
10. Қайталау және оның түрлері
11. Антитеза, градация және инверсия
12. Психологиялық паралеллизм және эллипсис
13. Әдіс және стиль
14. Талдау жұмыстары

10-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Өлең құрылысының негіздері ***(20 сағат)***

1. Поэзиялық шығармалардың ерекшелігі
2. Ырғақ және өлең
3. Абай өлең туралы
4. Поэтикалық шығармалардың композициясы
5. Өлең құрастырудың принциптері. Өлең құрылысының жүйесі
6. Өлең жүйелері. Метрикалық өлең жүйесі
7. Силлабикалық өлең жүйесі
8. Силаботоникалық және тоникалық өлең жүйесі
9. Ұйқас түрлері. Қазақ өлеңіндегі дәстүрлі ұйқас түрлері
10. Қара өлең ұйқасы
11. Шұбыртпалы ұйқас
12. Ерікті ұйқас
13. Кезекті ұйқас
14. Шалыс ұйқас
15. Егіз ұйқас
16. Аралас ұйқас
17. Осы күнгі ерікті ұйқас
18. Қазіргі қазақ өлеңіндегі ізденіс
19. Талдау жұмыстары

2-бөлім. Әдебиеттің қызмет етуі ***(7 сағат)***

1. Герменевтика
2. Түсіну, интерпретация, ойлау
3. Герменевтика диалогтың бір бөлігі іспетті
4. Дәстүрлі емес герменевтика
5. Әдебиеттің қабылдауы
6. Автор және оқырман
7. Талдау жұмыстары

3-бөлім. Көркем әдебиеттің поэтикасы ***(7 сағат)***

1. Көркем шығарма әлемі және жазушының көркемдік әлемі
2. Қазірі әдебиеттанудағы хронотоп ұғымы. М. М. Бахтин теориясы
3. Көркемдік уақыт пен кеңістіктің әдебиеттегі қызметі
4. Шығарма композициясының поэтикасы

5. Әдеби шығармалардағы психологизм
6. Шығарма, цикл, фрагмент. Әдеби шығарманың құрамы
7. Талдау жұмыстары

11-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Әдеби процесс *(8 сағат)*

1. Дәстүр мен жаңашылдық
2. Қазақ әдебиетінің әлемдік әдеби процеспен байланысы
3. Әдеби процесті зерттеудегі әдебиеттанудың басты әдістері
4. Биографиялық әдіс. Мәдени-тарихи әдіс
5. Тарихи-салыстырмалы әдіс. Типологиялық әдіс. Тарихи-теориялық әдіс
6. Социологиялық әдіс
7. Талдау жұмыстары

2-бөлім. Әдебиеттің халықтығы *(9 сағат)*

1. Өнер және қоғамдық шындық. Өнер туындысын бағалау критерийлері
2. Өнер мен әдебиеттегі халықтық ұғымы
3. Халықтық ұғымның әр кезеңдегі әдебиеттегі көрінісі
4. Әдебиеттің халықтығы, ұлттық сипаты жайлы ой-толғамдар

В.Г. Белинскийдің әдебиеттің халықтығы, халықтық суреткер туралы айтқандары

5. Әуезов М.О. Абайдың халықтығы туралы

3-бөлім. Әдеби сын жанры *(10 сағат)*

1. Әдеби сын міндеттері
2. Әдеби сын шығармаларының мәні
3. Әдеби сыншы және жазушы
4. Әдеби сыншы және оқырман
5. Әдеби сын шығармаларының негізгі жанрлары
6. Жанр табиғатын саралау мен талдаудағы сыншылдық эстетикалық көзқарас
7. Сындағы оянған ұлттық сана көріністері
8. Тәуелсіздік тұсындағы әдебиеттің сыны мен теориясы
9. Талдау жұмыстары

4-бөлім. Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері
(7 сағат)

1. Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу
2. М.Әуезовтің қазақ әдебиетін зерттеуі
3. Б.Кенжебаевтың қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеуі
4. Е.Ысмайылов, М.Қаратаев – әдебиеттанушы ғалым
5. Қ.Мұхаметханұлы, М.Мырзахметұлы – абайтанушы
6. Талдау жұмыстары

Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер:

Негізгі:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы, 2010
2. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы, 1999
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 2010
4. Мақпыров С. Әдебиеттануға кіріспе. – Алматы, 1991
5. Мақпырұлы С. Адамтану өнері. – Алматы, 2009
6. Ахметов К. Әдебиеттану әліппесі. –Алматы, 2009
7. Әдебиеттану терминдер сөздігі. –Алматы, 1998

Қосымша:

1. Жұмалиев Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. – Алматы, 1948
2. Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы, 1973
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991
4. Дәстүр және жаңашылдық. – Алматы, 1980-1981
5. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы, 1973
6. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. –Алматы, 1995
7. Кенжебаев Б. Қазақ өлеңінің құрылысы. – Алматы, 1955
8. Кәкішев Т. Қазақ әдеби сынының тарихы. – Алматы, 1994
9. Негимов М. Өлең өрімі. – Алматы, 1970
10. Атымов М. Көркем шығарманың композициясы туралы. – Алматы, 1969
11. Мырзахмет М. Абайтану тарихы. – Алматы, 1994
12. Кәкішев Т. Кер заманның кереғар ойлары. – Алматы, 1997

13. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелігі. – Алматы, 1991
14. Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. – Алматы, 1994
15. Мақпыров С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. – Алматы, 1994
16. Майтанов Б. Суреттеу мен мінездеу. – Алматы, 1991

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ТЕРЕНДЕТЕ ОҚЫТАТЫН ОРТА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ

«Келісілді»
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының PhD докторанты
_____ Г.Т.Оспанова

«Бекітемін»
Мектеп-интернат директоры:
_____ Р.Е. Сексенова

«Халық ауыз әдебиеті» бейіндік пәні бағдарламасы

Алматы, 2019

5-7–сынып оқушыларына арналған «Халық ауыз әдебиеті» бейіндік пәніне

ПІКІР

Қазіргі білім берудегі гуманитарландыру, демократияландыру және ізгілендіру үрдістері білім мазмұнындағы жалпы мәдени компоненттердің басымдылықпен дамуына бағытталуына негіз қалайды. Ендеше халықтық шығармалардың мәдени мұра ретіндегі білім мазмұнында да, тәрбие жүйесінде де алатын орны ерекше.

Халықтық шығармалар – ұлттық өзіндік сананы қалыптастырудың негізі. Қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінің баланың ой-өрісін, тілін дамытудағы маңызы мен тәрбиелік мәні халықтық ой саралау, сөз саптау ерекшелігіне талпындырып, ізгілік қасиеттерін бойына сіңірудің қайнар көзі екендігі танылады.

Фольклорлық шығармалардан халықтың дүниетанымы, өмірге көзқарасы көрінеді. Халықтың ұғымы мен түсінігі байқалады. Қазақ халқы өзінің қоғамдық өмірі, тұрмыс-тіршілігі, харекет-кәсібі, дүниетанымы мен наным-сенімі, қуаныш-қайғысы, арман-үміті және т.б. жайында сан алуан түрлі өлең-жыр, аңыз-ертегілер, мақал-мәтелдер шығарып және оны ауызша айту арқылы таратқан. Фольклорлық мұралар ұрпақтан-ұрпаққа ауысып біздің заманымызға жеткен.

Бұл бейіндік пәннің мақсаты – мазмұн-мәні терең көркем халық әдебиетін аса бағалы байлық ретінде оқыта отырып, оның өзіндік сипатын танытып, оқушыларға тағылым беру. Халық ауыз әдебиетінің өлең-жыр, ертегі, мақал мәтелдері, лиро-эпостық жырларында қарапайым адамдардың, еңбек адамдарының жасампаз күшіне, ақыл-парасатпен сенген, соларды мадақтаған. Сондықтан, ауыз әдебиетіндегі бұқара өкілдері тек жақсы жағынан ғана суреттеледі, олар тамаша қасиеттері арқылы оқушыны өзіне еліктіре біледі. Тұрмыс-салт жырларынан бастап, эпостық жырларға дейінгі бай мұра халық ауыз әдебиетінің жанрлық өрісін танытады.

Халық ауыз әдебиеті – балаларды тәрбиелеудің кешенді құралы.

Халықтың рухани байлығын, асыл мұрасын дәріптеп, бойына сіңіру арқылы баланы дара тұлға ретінде дамытуға мүмкіндіктер ашылады. Сан ғасырлар бойы халық педагогикасының шыңдалған өмір тәжірибесінде сұрыпталып, бекіген қағидалары бала тәрбиелеу ісіне қалтқысыз қызмет етіп келеді. Яғни, халықтық адамгершілік даналық, эстетикалық сезімталдық мұраттардан туған халықтық шығармалардың басты нысанасы – халықтың өзінің ой-арманындағы нағыз адам бейнесін сомдап, осы үлгіде ұрпағын, болашағын тәрбиелеуді мақсат тұтқандығында.

5-7-сынып оқушыларына арналған «Халық ауыз әдебиеті» бейіндік пәні мазмұнындағы халық ауыз әдебиеті үлгілері жанрлық тұрғыдан іріктелген және іштей мазмұндық жағынан жіктеліп көрсетілген.

Әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университеті филология
ғылымдарының докторы,
профессор Сейітжанов Зұфар Нұрсапаұлы

«Халық ауыз әдебиеті» бейіндік пәнінің бағдарламасы

ҮЙЛЕСТІРУШІ: мектеп-интернат директоры **Р.Е. Сексенова**

БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕГЕН: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазақ әдебиеті және әдебиет кафедрасының PhD докторанты **Г.Т. Оспанова,** жоғары біліктілік санаттағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері: **Ұ.Б.Ағыбаева, Г.К.Тайғарина**

ПІКІР ЖАЗҒАН: филология ғылымдарының докторы, профессор **Сейітжанов Зұфар Нұрсапаұлы**

Негізгі орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 5-7-сыныптары үшін «Халық ауыз әдебиеті» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Түсінік хат

Қазақ халқының ерте заманда жасаған мәдени мұрасының бір түрі – халықтың ауыз әдебиеті.

Жазу, сызу өнері болмаған ерте кезде қазақ халқы өзінің тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен күйініші, дүниетанудағы көзқарасы жайында неше түрлі өлең-жыр, ертегі-әңгіме, мақал-мәтел, аңыздар ойлап шығарған және оларды ауызекі айту күйінде тудырған. Сондықтан халықтың ауызша шығарған көркем шығармасын ауыз әдебиеті деп атаған.

В.Г.Белинский: «Әдебиет деген сөздің жалпы мағынасы» туралы жазған еңбегінде ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің арасындағы айырмашылықтарды айта келіп, «ауыз әдебиеті - халықтың ерте замандағы ой-санасының жемісі» деп көрсетеді. «Халық немесе тайпа жазу өнерін білмеуі мүмкін, бірақ оның поэзиясы болуы мүмкін емес»,- деп В.Г.Белинский ауыз әдебиетінің тым ерте кезде туғандығын дәлелдейді.

Әдебиеттік жағынан алғанда, қазақтың ауыз әдебиеті де әр алуан. Мысалы, халықтың тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына байланысты туған өлең-жырлар, мақал-мәтелдер, аңыз әңгімелер, ертегілер, батырлар жыры, айтыс болып бірнеше түрге бөлінеді. Ауыз әдебиетінің бұл аталған түрлері, әрине, бір мезгілде туып, бір мезгілде қалыптасқан жоқ. Әрқайсының шығу, өсіп өркендеу тарихы ұзақ уақытқа созылған даму жолдары бар.

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған ғалым Ш.Уәлиханов болса, ал жазып алу ісіне Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсарин де қатысқан. Қазақтың халық ағартушылары ауыз әдебиетін, асыл мәдени мұраны жинай отырып, оны халыққа таратуға мән берген.

Халық ауыз әдебиетін зерттеу ісі қолға алынып, фольклористика деп аталатын ғылым қалыптасты. Осының

нәтижесінде қазақ ауыз әдебиетінің және оның жеке түрлерінің туу, қалыптасу, даму тарихы жайында оқулықтар жазылып, баспа бетінде жарияланды. Қазақ фольклористикасының қалыптасу, даму, өсу жолын үш кезеңге бөліп қарастырған. Бірінші кезең – 20-30 жылдар арасы; екінші кезең – соғыс жылдары, үшінші кезең – Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдар.

Халық ауыз әдебиетін зерттеуге үлес қосқан ғалымдар: М.О.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмаилов, Ә.Қоңыратпаев, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Ы.Дүйсенбаев, т.б.

Егеменді қазақ елінің тәуелсіздігін, мәңгілігін сақтап, қуатты мемлекеттермен бәсекелестікте жеңіп шығу қоғам мүшелерінің ақыл-ой күшімен ғана жүзеге асады десек, қазақ халқының ауыз әдебиетінің үлгілері ұрпақ санасына ұлттық тәрбиенің мол мұрасын егіп, халқымыздың алдыңғы қатарлы мәдениетті елдер арасынан ең биік тұғырда тұрғанына көзін жеткізеді. Бүгінгі жаңа заман баласын қалыптастырып дамыту үшін тұлғаның ішкі жан-дүниесін ашуда сәби кезінен бастап халық ауыз әдебиетімен суындатып, құлағына құйып өсіру керек. Халықтық шығармалар арқылы баланы дұрыс сөйлеуге, тілін дамытуға, ой-өрісін кеңейтуге үйрету – мектеп мұғалімдерінің басты мақсаты.

ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІ

Тілдік құзыреттілік бойынша:

Ауыз әдебиетінің түрлеріне байланысты халықтық лексиканың бай мұрасын игере отырып, халқымыздың тілдік қорымен етене танысады. Шығыс зерттеушісі, академик В.В.Радлов: «Қазақтардың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен. Әсіресе, сөз сайысына келгенде олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлейтін тапқырлығы таң қалдырады. Қазақтардың тілі – исламның бүлдіргіштік әсеріне ұшырамай, түпкі таза түрін – түркі сипатын сақтап қалған тіл. Рас, мұнда да бірен – саран жат сөздердің енгені байқалады. Бірақ ол сөздер қазақ тілінің үндестік заңына бағынып, бірыңғай халық тілінің қорына қосылған. Қазақ тілінің осы тазалығы мен табиғилығы, сондай-ақ көп таралғандығы бұл тілдегі мұраларды менің

көбірек жинап, оған әдебиет нұсқаларын құрастырған жинақтардың толық бір томын арнауыма себеп болды. Оның үстіне қазақтың басқа бауырластарына қарағанда сөзге тапқырлығы мен шешендігі де маған әсер етті» деген. Халқымыздың көркем сөз өнері баға жетпес мол қазына. Оның ішінде қамал бұзар қаһарлысы да, айшықты әсем құнарлысы да, шебер қиылысқан қисындысы да, нөсерлей құйылған төкпе туындысы да мол. Асылды жасықтан айыра білген халықтың аузынан шыққан тұспалдар мен нақылдар өмір шежіресіндей ұрпақтан ұрпаққа ауысып, адамгершілік үшін қызмет етіп келеді. Мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, жұмбақ, жаңылтпаш, айтыстар – баланың ойлау және сөйлеу қабілетін қалыптастыруда шебер ұстаз болып табылады. Сюжет құру, образ жасау, тіл байлығын дамыту арқылы ауыз әдебиеті көркем әдебиетке негіз салатынын оқушы ұғынады.

Проблемаларды шешу құзіреттілігі бойынша:

Халық ауыз әдебиетінің мәні өте зор. Ең алдымен ол – халықтың өткендегі өмірі, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, дүниетанымы, арман-мүддесі т.б. таныстырып, көптеген мәлімет береді. Бұларды ол әдебиеттік суреттеу арқылы елестетеді. Ауыз әдебиеті өткен өмірді «халықтың психологиясын» оның арман-мүддесін білуімізге аса керекті құнды еңбектің бірі болып табылады.

Халықтың ертегілері, аңыз-әңгімелері, мақал-мәтелдері, басқыншы жаудан ел қорғау жолында ерлік жасаған батырлар жайында шығарған жырлары, адалдық, махаббат жайындағы лиро-эпостық жырлары – адал еңбекті, халыққа қызмет етуді, халықтың жауларына қарсы күресуді, жастардың бір-бірін бағалай білуін, адамгершілік қасиеттерді дәріптеуді үйренеді және олардың ісін өздерінен кейінгі ұрпаққа үлгі, өнеге етіп ұсынады.

Халық ауыз әдебиетін оқи отырып, ұрпақ бойында ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүр, ұлттық мінез қалыптасады. Ауыз әдебиетінің әр түрінің өзіндік ерекшеліктері баланың әртүрлі сезімдерін қалыптастырады. Атап айтатын болсақ, ертегілер арқылы баланың ой-санасы қалыптасып, қиял-ғажайып дүниелерге бой ұрады, арман-мақсаттарының қалыптасуына мол әсер етеді. Батырлар жырын оқи отырып, бала бойында туған

еліне, жеріне сүйіспеншілігі оянып, жау мен досты ажыратуға, бойларына ерлік мінез-құлықты қалыптастыруға үйренеді. Кейін адам санасының дамыған уақытында пайда болған жұмбақтар арқылы терең ойлана білуге, жаңылтпаштар арқылы тілін жаттықтыруға білік дағдылары қалыптасады.

Ақпараттық құзіреттілік бойынша:

Ауыз әдебиетінің ақпараттық-мазмұндық сипатын талдайды; ақпараттардың әлеуметтік-қоғамдық мәнін сыни тұрғыдан түсіндіреді; ақпараттар негізінде шешім қабылдайды; ауыз әдебиетінің танымдық қызметтерін өз мақсатына сай қолдана алады; логикалық операцияларды орындап, ақпараттарды өз мүмкіндігіне сай өңдей алады; сөйлеу әрекетін жоспарлауда және оны жүзеге асыруда ақпараттарды іріктеп таңдайды; ақпараттар негізінде сөйлеудің жалпықоғамдық сипатын бағалайды; сөйлеу мазмұнының ішкі және сыртқы бүтіндігін талдайды; сөйлеудің мағыналық шегін анықтайды; ауыз әдебиетінің көркемдеуші құралдары мен мәнерлеуіш тәсілдерінің ақпарат мазмұнына сәйкестігін анықтайды; ақпараттар негізінде тақырыпқа сай мәтін түрлерін құрайды; ақпараттар мазмұнына сәйкес ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлер бейнесін негіздейді; дискурс тиімділігін артыратын тілдік және тілдік емес заңдылықтарды анықтайды.

Коммуникативтік құзіреттілік бойынша:

Тыңдалым мен айтылымның барлық компоненттеріне тән дағдыларды меңгереді; ауызша және жазбаша тілде сөзді құрау ережелерін, сөзді таңдау тәсілдерін және тілдік нормаларды ұстанады; ауыз әдебиетінің барлық түрінде тілдік сезім мен қажетті коммуникативтік сапаларды қолданады; ұсынылған тақырып пен тілдік жағдайларға сай сөздерді орынды жұмсай алады; жағдаяттарға сай қатысымдық, тілдік-әлеуметтік міндеттерді шешетін технологияларды таңдай алады; ауыз әдебиетінің әр жанрына тән тілдік құралдарды таңдап қолданып, кейіпкерлер бейнесін жасайды; сөйлеу әрекетін құрайтын мерзімдік жағдаят, авторлық шабыт, сөз (пікір) шынайылығы элементтерін меңгереді. Жас буынды жан-жақты дамыту, қиялы жүйрік тұлға ретінде балуи отыра, оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, баланың жеке қабілеті мен

әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашатын шығармашыл тұлға қалыптастыруда сөз қолданыстары мен шебер сөйлеу түрлерін меңгерту.

Мәдени-танымдық құзіреттілік бойынша:

Қоршаған ортаның шынайылығына деген көзқарастар мен сенімділік жүйесі ретінде біртұтас дүниетанымы орнығады, өз халқының ауыз әдебиеті арқылы мәдени құндылықтарын біледі, шығармашыл тұлғаның сапаларын игереді; сөйлеу шеберлігін уақытқа және кеңістікке қарай негіздейді; ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің айырмашылықтарын ажырата алады; ауыз әдебиетінде жағымды тұлғалар рөліне еніп, ұсынылған тақырып пен тілдік жағдаяттарға сай сөз мәдениетін меңгереді; ауыз әдебиетінің тілдік ерекшеліктерін сақтайды; кейіпкерлер тұлғасындағы ұнамды әрекеттерді қоғамдық талап тұрғысынан талдайды; ауыз әдебиетінің ақыл-парасатқа негізделетіндігін мәтін тақырыбы мен идеясы арқылы ашады; сөйлеу мәдениетінің коммуникативтік сапаларына тән талаптарды ұлттық және жалпыадамзаттық нормалармен ұштастырады; ауыз әдебиеті арқылы тілдің этномәдени және эстетикалық даралығын таниды; ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлер сөзінің логикалық байланысын, жүйелілігі мен айқындылығын дәлелдейді.

Аталған құзіреттіліктер қалыптастырылғанда ғана пән қоғамға пайдалы адам болудың, «толық адам» қалыптастырудың, сөйлеу мәдениетін жүзеге асырудың, шығармашыл тұлға қалыптастырудың құралына айналады.

Пәнді оқытудың басты мақсаты

Пәнді оқыту барысында шәкірттерді қазақ ауыз әдебиетінің пайда болу, даму, қалыптасу тарихынан хабардар ету, ой-пікірлердің дамуына қатыстылығын аңғарту арқылы студенттердің жаңа ұғымдық қабілеттілігін қалыптастыра алады.

Пәнді оқытудың міндеттері

-халық ауыз әдебиеті шығармашылығымен таныстыру;

- көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру;

-әдеби шығарма кейіпкерлерімен салыстыра отырып, айнала, қоршаған әлем, адами сезімдер туралы пікірлерін білдіруге, ойын ашық айтуға үйрету;

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі

5-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;
6-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;
7-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;

«Халық ауыз әдебиеті» бейіндік пәнінің базалық мазмұны

5-сыныпта аптасына 1сағат, оқу жылында – 34 сағат

Халық ауыз әдебиетінің зерттелуі. Халық ауыз әдебиетінің қалыптасуы. Ауыз әдебиеті туралы түсінік. Фольклор. Ауыз әдебиетінің даму жолдары. Ауыз әдебиетінің зерттелуі (6 сағат)

Ауыз әдебиетінің түрлері. Тұрмыс-салтқа байланысты туған өлең-жырлар, оның түрлері. Төрт түлік малға байланысты туған өлең-жырлар (6 сағат)

Наурыз жырлары. Наурыз жырлары. Наурызға байланысты ұғымдар. (3 сағат)

Мақал-мәтел, жұмбақтар. Мақал-мәтелдер, тақырыптары. Мақал-мәтелдің өзіне тән ерекшеліктері, айырмашылығы. Жұмбақ, оның тақырыбы. Жұмбақтардың өзіне тән ерекшеліктері. (6 сағат)

Ертегілер. Қазақ ертегілерінің жиналуы және зерттелуі. Ертегілердің халықтық сипаты, құрылысы. Ертегілердің түрлері. «Күн астындағы Күнікей қыз», «Алтын сақа» (10 сағат)

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар(деңгей бойынша)

Базалық деңгейге қойылатын талаптар:

Пәндік нәтижелер

- ❖ халық ауыз әдебиетінің зерттелуі, халық ауыз әдебиетінің қалыптасуын білуі тиіс;
- ❖ ауыз әдебиетінің түрлерін анықтамалық әдебиеттерден тауып анықтайды;

❖ Наурыз жырлары, Наурызға байланысты ұғымдарды анықтамалық әдебиеттерден іздеп табады, шығармашылық жұмыстар жасайды.

❖ мақал-мәтел, жұмбақтар, мақал-мәтелдердің тақырыптары, жұмбақ, оның тақырыбы, өзіне тән ерекшеліктерін ажырата біледі.

❖ қазақ ертегілерінің жиналуы және зерттелуі, ертегілердің халықтық сипаты, құрылысы, ертегілердің түрлерін өзіндің ізденістермен дәлелдеуі тиіс.

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

❖ ауыз әдебиетінің тарихи құбылыс болғандығын тарихи кезеңдермен байланыстыра негіздеуі тиіс;

❖ қазақ халық ауыз әдебиетінің ерекшеліктерін кезең бойынша анықтай алуы тиіс;

❖ ауыз әдебиетінің түрлерін қоғаммен байланыстыра талдауы тиіс;

❖ ауыз әдебиеті түрлерінен көркем ойларды тауып, көркемдік мәнін аша білуі тиіс;

❖ ауыз әдебиетінің ұлттық тәрбие берудегі маңызын негіздей алуы тиіс.

6-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

Қазақ ауыз әдебиетінің зерттелуі. Ауыз әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. Зерттеген ғалымдар, олардың пікірлері. Ауыз әдебиетіне байланысты еңбектер (8 сағат).

Хайуанаттар туралы, тұрмыс-салт ертегілері. Хайуанаттар жайындағы ертегілердің түрлері. «Сырттандар», «Бозінген», «Жақсылық пен жамандық» ертегілері. Тұрмыс-салт ертегілерінің түрлері. «Қарттың ұлына айтқан өсиеті», «Үш ауыз сөз», «Жақсы әйел», «Ханның кесір қызы мен тазша» ертегілері. Ертегілердің тәрбиелік мәні (14 сағат).

Аңыз әңгімелер. Аңыз әңгімелер туралы түсінік. Аңыз әңгіменің өкілдері. Аңыз әңгімелердің зерттелуі. Жиренше туралы аңыздар. Асанқайғы туралы аңыздар. «Асан мен Ежен хан», «Асанның Жәнібек ханға айтқаны» (10 сағат).
Шығармашылық жұмыс (2 сағат).

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар (деңгей бойынша)

Базалық деңгейге қойылатын талаптар:

Пәндік нәтижелер

- ❖ қазақ ауыз әдебиетінің зерттелуі, ауыз әдебиетінің қалыптасу кезеңдері, зерттеген ғалымдар, олардың пікірлері туралы білулері тиіс;
- ❖ хайуанаттар мен тұрмыс-салт ертегілерінің түрлерін ажырата білуі тиіс;
- ❖ аңыз әңгімелер, өкілдері, зерттелуі, Жиренше, Асанқайғы туралы аңыздарды ізденіп оқып, мағынасын аша алуы тиіс.

Тұлғалық нәтиже

- ❖ ауыз әдебиетінің ұлттық тәрбие мен идеологиялық маңызын нақты жағдаяттарда дәлелдеуі тиіс;
- ❖ ауыз әдебиетінің адамгершілік ұстанымдарын өмірде негіздеуі тиіс;
- ❖ шешендердің философиялық дүниетанымын талдай алуы тиіс.

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

- ❖ ертегі мәтінін оқушылардың өз бетінше оқуы тиіс;
- ❖ ертегі мен аңыздардағы сөздік жұмысын жүргізуі тиіс;
- ❖ ертегі, аңыз мәтіндерімен жұмыс (мәтіндерді бөліктерге бөлу, ат қою, рольге бөліп оқу, кейіпкерлерді анықтау, оларды сипаттау, бейнелеуіш сөздерді табу).

7-сыныпта аптасына 1сағат, оқу жылында – 34 сағат

Батырлар жыры. Батырлар жырының зерттелуі. Батырлар жырының тарихқа байланыстылығы. Батырлар жырының өлең құрылысы, образ жасау жолдары. Батырлар жырының мәні. «Алпамыс батыр» жыры. «Ер Тарғын» жыры (12 сағат).

Лиро-эпостық жырлар. Лиро-эпостық жырлардың зерттелуі, ерекшелігі, түрлері. «Қозы Көрпеш - Баян сұлу жыры», кейіпкерлері, жырдағы салт-дәстүрлер, көркемдік ерекшелігі (10 сағат).

Айтыс. Айтыс өлеңдері, оның түрлері. Ақындар айтысы (6 сағат).

Шешендік сөздер. Шешендік сөздер және оның түрлері. Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би (6 сағат).

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар (деңгей бойынша)

Базалық деңгейге қойылатын талаптар:

Пәндік нәтижелер

- батырлар жырының зерттелуін, батырлар жырының тарихқа байланыстылығын, батырлар жырындағы өлең құрылысы мен образ жасау жолдары, мәнін түсіне білуі тиіс;
- лиро-эпостық жырлардың зерттелуі, ерекшелігі, түрлері туралы ізденіс жұмыстарын жүргізіп, өз бетінше оқулары тиіс;
- айтыс өлеңдері, оның түрлері, ақындар айтысы мен ерекшеліктерін талдай білулері керек.

Тұлғалық нәтиже

- ұлттық құндылықтар мен әлемдік адамзаттық құндылықтарды салыстыра пайымдай алуы тиіс;
- батырлар жыры мен лиро-эпостық жұмыстардың ерекшеліктерін дұрыс бағалай алуға тиіс;

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

- ауызша және жазбаша түрлерінде тілдік бірліктерді мақсатқа сай қолдана білуі тиіс;
- тілдің мәдени-этикалық нормаларын меңгеру тиіс;
- тұрмыстық-әлеуметтік қатынастағы әдептілік нормаларын меңгеруі тиіс;
- шешендік өнердің көпшілік алдында сөйлеу әдістерін меңгеруі тиіс;
- шешендік өнердің қажеттілігін қазіргі шешендердің сөздерін талдау негізінде дәлелдеп көрсетуге тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М.Ғабдуллин. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» «Санат», Алматы, 1996 ж.

2. М.Әуезов . Әдебиет тарихы «Ана тілі», Алматы, 1991 ж.
3. «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы». – «Қазақ университеті», Алматы, 2001
4. Ә.Қоңыратпаев «Қазақ әдебиетінің тарихы». – «Санат», Алматы, 1994 ж.
5.Х.Сүйіншәлиев. «Қазақ әдебиетінің тарихы». – «Санат», Алматы, 2006 ж.
6. «Қазіргі айтыс»/құр: И.Нұрахметұлы, С.Дүйсенғазин – «Күлтегін», Астана, 2004 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ТЕРЕҢДЕТЕ ОҚЫТАТЫН ОРТА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ

«Келісілді»
С.Кирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының PhD докторы
_____ Г.Б.Тоқшылықова

«Бекітемін»
Мектеп-интернат директоры
_____ Р.Е. Сексенова

«Әлем әдебиеті» бейіндік пәні бағдарламасы

Алматы, 2019

С. Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының PhD докторы Г.Б.Тоқшылықованың «Әлем әдебиеті» бейіндік пәні бағдарламасына

ПІКІР

XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, сауатты адамын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемелекетіміздің басты назарында. Мемлекетіміздің болашағы – оқушыларға білім беруді одан әрі демократияландыру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Осы мақсатты жүзеге асыру бағытында орта мектеп жүйесіне енгізіліп отырған жаңартылған оқу мазмұнына сәйкес білім алушылардың білім деңгейін көтеру, білімді шығармашылықпен игеру, интеллект жағынан өзін-өзі жетілдіру көзделіп отыр.

«Әлем әдебиеті» пәні –орта білім беретін мектептерде енгізіліп отырған, негізгі нысаны мен ішкі мазмұны, зерттеу әдістері біршама айқындалған бейіндік пән.

8-11-сыныптарда оқытылатын бейіндік пән бағдарламасы әлем әдебиеті классик жазушылары мен ақындарының алдыңғы қатарлы шығармаларымен таныстыру, көркемдік әлемінің сырларын түсінуге және түсіндіруге машықтандыру, әлем әдебиетінің өзекті мәселелерін білу, антикалық әдебиеттің ерекшеліктерін меңгерту, ортағасырлық кезең, оның ерекшеліктері туралы түсінік беру, қайта өрлеу дәуірі әдебиетінің тарихи шындықпен арақатынасын, әр кезеңдегі әдеби үдерісінің сипатын, романтизм және реализм әдебиетінің байланысын, қазақ және әлем әдебиетіндегі әдеби байланыстарды әдебиет үлгілерін талдау арқылы игерту, әр халықтың өзіндік ерекшелігін таныстыру сынды түйінді құзыреттіліктермен қатар, төмендегідей арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыру да көзделген:

адамзаттың көркем тарихының дамуындағы биік белеске айналған және алтын қорға енген әдеби шығармаларды білу;

- шетел әдебиеті, мәдениетті танып-білудің, оқып-зерттеудің маңыздылығын түсіну;
- әдебиеттің тектік қасиеттерінің қалыптасу және даму тарихы, оның фольклорлық ғұрыптық негізін ажырату.

Осындай ерекшелігіне байланысты «Әлем әдебиеті» бейіндік пәнін орта мектепте оқыту – өзекті мәселе. Заман талабына сәйкес білім алушылардың ой-өрісін дамытуда, әдеби байланыс жасауда бейіндік пәннің маңызы зор.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық педагогикалық білім беру ғылым академиясының академигі **Балтабай Әбдіғазиұлы**

«Әлем әдебиеті» бейіндік пәнінің бағдарламасы

ҮЙЛЕСТІРУШІ: мектеп-интернат директоры **Р.Е. Сексенова**

БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕГЕН: С. Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының PhD докторы **Г. Тоқшылықова**, жоғары біліктілік санаттағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері: **Ұ.Б.Ағыбаева, Г.К.Тайғарина**

ПІКІР ЖАЗҒАН: филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық педагогикалық білім беру ғылым академиясының академигі **Балтабай Әбдіғазиұлы**

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 8-11-сыныптары үшін «Әлем әдебиеті» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Түсінік хат

Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, сауатты адамын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Мемлекетіміздің болашағы – оқушыларға білім беруді дамыту, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Осы мақсатты жүзеге асыру бағытында орта мектеп жүйесіне енгізіліп отырған «Әлем әдебиеті» бейіндік пәні бойынша оқушының бағдарламаға сай білім деңгейін көтеру, білімді шығармашылықпен игеру, интеллект жағынан өзін-өзі жетілдіру көзделіп отыр.

Еліміз егемендігін алған бірнеше жылдар ішінде әдебиетіміздің алтын қоры ежелгі дәуір әдебиетінен бастап, шетел әдебиетінің кітаптарымен толықтырылды.

Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі. Қоғамда болып жатқан сан түрлі оқиғалардың, жан түршігерлік жағдайлардың өршуіне кітап оқымау себеп болады. Атақты орыс жазушысы М.Горький: Мен бойымдағы барлық жақсылығым үшін кітапқа қарыздармын” деген. Өзінің биік таза рухани қасиетімен кітап – мәдениет пен руханиятты қорғауда теңдесі жоқ қару болып табылады.

Қай елдің болмасын ғасырлар қойнауынан, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен рухани, мәдени мұрасы қашан да құнды. Әр ұлттың әдебиеті мен тілі әрқайсысының өз алдына керек.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары шығарған,

«Әлем әдебиеті кітапханасы» сериясының кітаптарын оқырман қауым қазақ тілінде оқуға мүмкіндік алып отыр.

Ұлттық білім деңгейін халықаралық деңгейге көтеру, мұғалімдер мен оқушылардың бірігіп жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында ҚР-ның жоғары білім беру жүйесіне оқытудың жаңартылған білім мазмұнына енгізіліп отыр. Оған себеп: бұған дейінгі оқытушы білім негіздерін іздеуші, табушы болып және оны оқушыларға беруші болып, ал оқушы болса енжар тыңдаушы болып келген бұрынғы оқыту жүйесі қазіргі күн талабына жауап бере алмайды. «Әлем әдебиеті» бейіндік пәнін қосымша оқыту оқушылардың өздігінше білім алу дағдыларын да қалыптастырады.

ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІ

Кәсіби құзыреттілік бойынша: әлем әдебиетінің түрлі кезеңдерімен, соның ішінде антика, ортағасыр, қайта өрлеу, классицизм, ағартушылық дәуір өкілдерімен танысады; Азия, Еуропа, Америка елдерінің әдебиеті, тарихы, мәдениеті туралы түсінігі қалыптасады; әлем әдебиетінің көрнекті өкілдерімен, шығармашылығымен, дамыған жетекші жанрларымен, олардың үлгілерімен танысады; Батыс Еуропалық әдебиеттің қалыптасуы мен дамуындағы антикалық әдебиеттің рөлін біледі; адамзаттың көркем тарихының дамуындағы биік белеске айналған және алтын қорға енген әдеби шығармаларды біледі; әлем әдебиетіндегі эстетика тәжірибесін, әдебиеттегі концепциялар туралы негізгі тенденциялар мен позицияларды; қазақ әдебиетіндегі әдеби-эстетикалық пайымдаулар сипатын байыптай алады; әдеби-теориялық терминдерді пайдалана отырып көркем шығарманы талдай біледі, әдеби материалдарды талдау барысында өзіндік тұжырым мен қорытындылар жасай біледі; қазіргі әдебиеттану ғылымындағы жаңа әдеби-теориялық терминдерді қолдана алады; әлем әдебиетінде берілген ақпараттарды толық игереді.

Проблемаларды шешу құзіреттілігі бойынша: әлемдік көркем әдебиеттің тарихы халқымыздың азаматтық тарихының сөз өнеріндегі көрінісі болып табылатындығын; жазушының немесе ақынның дүниеге көзқарасын оның заманы, өскен

ортасы, өз жеке басының рухани тәжірибелері қалыптасатындығын; суреткер заманды Адам арқылы, адамды оның характері арқылы, ал адамның мінез-құлқын оның іс-әрекеттері арқылы танытатындығын; көркемсөз өнерінің басты міндеті Адам жанын ізгілендіру арқылы оның рухын шыңдау болып табылатындығын түсінуге машықтанып, дағдыланады; жеке көзқарасы бойынша әлемдікәдебиет дамуы мен қызмет етуіндегі маңызды мәселелерге талдау жасай біледі; көркем туындыда кездесетін тарихи шындық пен көркемдік шындықтың арақатынасын түсінеді; әдебиеттің өзекті мәселелеріне қатысты айтылған отандық және шетелдік ғалымдардың ойларын, пікірлерін игереді.

Ақпараттық құзіреттілік бойынша: тарихи-мәдени дәуірлердің пайда болу заңдылықтарын, ішкі эволюциясы мен сабақтастығын, олардың идеялық-көркемдік және эстетикалық ерекшелігін; антика әдебиетінің кезеңдерін; ортағасыр және ренессанс дәуіріндегі әдебиет дамуының ерекшелігін; XVII ғасыр классицизм мен барокконың эстетикалық ұстанымдарын; XVIII ғасыр сентиментализм, рококо, ағартушылық реализмнің эстетикалық ұстанымдарын; XIX ғасыр романтизм, классикалық романтизм, декаданс және авангардизмінің эстетикалық ұстанымдарын; XX ғасыр «жаңа реализм», модернизм, постмодернизмінің эстетикалық ұстанымдарын; көркем туындыда кездесетін тарихи шындық пен көркемдік шындықтың арақатынасын түсінеді; әдебиеттің өзекті мәселелеріне қатысты айтылған отандық және шетелдік ғалымдардың ойларын, пікірлерін игереді. Әлем әдебиеті, мәдениетін танып-білудің, оқып-зерттеудің маңыздылығын түсінеді; әдебиеттің тектік қасиеттерінің қалыптасу және даму тарихы, оның фольклорлық ғұрыптық негізін ажыратады.

Коммуникативтік құзіреттілік бойынша: әлем әдебиетінің теориялық мәселелерін, дәстүрлі және жаңа парадигмаларын, негізгі міндеттерімен жан-жақты танысады. Сонымен қатар, қазіргі ғылымдағы проза, поэзия, драматургияның көркемдік сипатына тән өзгерістер мен қазіргі жанрдың әдеби табиғатын жаңаша зерделеуге мүмкіндік алады; көркем сөз өнеріндегі ұлттық идеяларды жалпы адамзаттық идеялармен ұштастырып, гуманизм үрдістеріне негізделген

эстетикалық абзал сезімдері қалыптасады. Әлем әдебиеті мен қазіргі кезеңдегі қазақ әдебиетінің даму үрдістері арасындағы ажырамас байланысты, дәстүр сабақтастығын танып, өзіндік көркемдік ерекшеліктерімен танысады; көркем туындылардағы тың, соны көркемдік ізденістердің сыр-сипатын нақты әдеби мәтіндер арқылы ұғынады.

Мәдени-танымдық құзіреттілік бойынша: әлем әдебиетінің тарихи дамуын, сол елдердегі әдеби бағыттар, ағымдар мен мектептердің генезисін, эволюциясын және алмасуын түсінуді мақсат етеді. Сол елдердің мәдениетімен, тұрмысымен, өнерімен, ғылым, әдет-ғұрып, діни уағыздарымен, мінез-құлықтарымен, ойлау түрлерімен, тілдерімен таныстырады. Алтын қорға енген әдеби шығармалармен танысып,оның қай дәуірге, қандай бағытқа, мектепке жататынын ажыратуға үйретеді. Осылайша, шетел халықтарының мәдени өмірінің барлық көріністерін қамтиды.

Пәнді оқыту мақсаттары:

- ❖ Әлем әдебиеті тарихының кезеңдерімен, көрнекті өкілдерімен таныстыру;
- ❖ әдебиеттің көркемдік-эстетикалық қызметімен таныстыру, оқушылардың қажетті мәліметтерді іріктеп, қажетін қабылдауға бағдар беру;
- ❖ оқытылған әдеби шығармалар арқылы сыни ойлауды қалыптастыру;
- ❖ оқылған әдеби шығармаларға жас ерекшеліктеріне қарай сипаттамалық, баяндамалық, рефлексивтік, сындық, талдаулық, аргументативті эссе жазу;
- ❖ Әдеби шығармаларды таңдап оқуға үйрету;
- ❖ Оқыған әдеби шығармаларға сыни ой айта білуге баулу;
- ❖ Пәнді оқыту барысында алған теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастырып, өмірде қолдана білуге үйрету.

Пәнді оқыту міндеттері:

- ❖ Әлем әдебиеті классик жазушылары мен ақындарының алдыңғы қатарлы шығармаларымен таныстыру;
- ❖ көркемдік әлемінің сырларын түсінуге және түсіндіруге машықтандыру;
- ❖ Батыс Еуропа мәдениеті, әдебиеті жалпы ақпар беру;
- ❖ Оқушылардың көркемдік-эстетикалық талғам-танымын қалыптастыру;
- ❖ антикалық әдебиеттің, орта ғасырлық кезең, оның ерекшеліктері туралы түсінік беру;
- ❖ қайта өрлеу дәуірі әдебиетінің тарихи шындықпен арақатынасын ұғындыру;
- ❖ теориялық білімді игерту арқылы әлем әдебиеті туралы базалық білім қалыптастыру;
- ❖ әлем әдебиеті тарихы және бүгінімен таныстыру арқылы оқушылардың шетел әдебиетіне деген қызығушылығын ояту;
- ❖ әдеби шығармаларды оқыту арқылы оқушылардың ой-сезіміне әсер ете отырып, адамгершілік, эстетикалық, еңбек және туған елді, жерді сүюге тәрбиелеу.

«Әлем әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

8-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
9-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
11-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

«Әлем әдебиеті»
бейіндік пәнінің базалық мазмұны

8-сыныпта аптасына 1сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Антикалық грек әдебиеті -7 сағат

1) Антикалық әдебиет термині және оның мәні, тарихы, хронологиялық сипаттары. Ежелгі дәуірлік әдебиеттің кезеңдерге бөлінуі.
2) Грек әдебиеті. Архаикалық кезең. Гомер шығармашылығы. Гомердің «Илиада», «Одиссея» поэмалары
3) Эзоп – мысал атасы. Эзоп мысалдарының тәрбиелік мәні.
4) Ежелгі замандық миф. Гесиод – дидактикалық поэзияның негізін салушы.

2-бөлім. Классикалық кезең - 7 сағат

1) Антикалық грек театры.
2) Эсхил, Софокл, Еврипид трагедиялары.
3) Ежелгі комедиографтар: Аристофан, Менандр
4) Рим билеуіндегі әдебиет. Плутархтың «Салыстырмалы өмірнамасының» тарихи маңызы.

3-бөлім.Рим әдебиеті – 7сағат

1) Алғашқы рим ақындары. Теренций шығармашылығы.
2) Ежелгі риторика. Цицерон шығармашылығы.
3) Вергилий, Гораций, Сенека шығармашылығы.
4) Публий Овидий Назон. «Метаморфоза» – эпикалық поэма.

4-бөлім.Ортағасырлар әдебиеті - 6 сағат

1) Еуропадағы ортағасырлар әдебиеті, тарихи-мәдени жағдай.
2) Ортағасырлардағы қаһармандық эпостар (француздық «Роланд батыр туралы жыр»; немістің «Нибелунгтар туралы жыр», испандық «Сид» жырлары).

5-бөлім. Қайта өрлеу дәуіріндегі әдебиет - 6 сағат

1) Данте Алигьери. «Құдіретті комедия».
2) Франческо Петрарка, Джованни Боккаччо, Рабле.
3) Сервантес, Томас Мор шығармашылығы
4) Шекспир драмалары мен сонеттері.

6-бөлім. Шығармашылық жұмыс - 1 сағат

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар (деңгей бойынша)

Базалық деңгейге қойылатын талаптар:

Пәндік нәтижелер

❖ Антикалық әдебиет термині және оның мәні, тарихы, хронологиялық сипаттары туралы анықтамалық әдебиеттерден оқып білуі тиіс.

❖ Ежелгі дәуірлік әдебиеттің кезеңдерге бөлінуі, антикалық грек театры, алғашқы рим ақындарының шығармашылықтарын терең ізденіп, оқып, талдаулары тиіс.

❖ Ежелгі риторика, оның өкілдерінің шығармашылығын игеріп, өздік жұмыстар жүргізілуі тиіс.

Тұлғалық нәтиже

❖ әлем әдебиетіндегі құндылықтар мен адамзаттық құндылықтарды салыстыра пайымдай алуы тиіс;

❖ өздігінен ізденіп, ынта мен қабілеттілігін танытуы тиіс;

❖ тұлға ретінде белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық сезімін көрсете білуі тиіс.

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

❖ әлем әдебиетіндегі әдеби шығармаларды тарихи кезеңдермен байланыстыра негіздеуі тиіс;

❖ әр шығарманың ерекшеліктерін кезең бойынша анықтай алуы тиіс;

❖ әр шығармадағы кейіпкерлер бейнесін қоғаммен байланыстыра талдауы тиіс;

❖ шығармадағы негізгі ойларды тауып, мәнін түсіндіруі тиіс;

❖ мәтінде айтылған деректер мен құбылыстар, оқиғалар арасындағы байланыстар мен қарым-қатынастарды аша отырып, мәтінді талдай алуы тиіс.

9-сыныпта аптасына 1сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. XYII ғасыр әдебиеті – 7 сағат

1) XYII ғасырдағы классицизм әдебиеті: классицизм ағымы, заңдылықтары мен ерекшелігі. Мольер – комедия атасы.
2) Корнель, Расин трагедиялары.
3) Лопе де Вега – испан әдебиетінің көрнекті өкілі.
4) Неміс әдебиеті. Соғысқа қарсылық тақырыбы және Гриммельсгаузеннің «Симплициссимустың басынан кешкендері» романы.

2-бөлім. XYIII ғасырдағы ағартушылық әдебиет- 8 сағат

1) Ағылшын ағартушылық әдебиеті: Даниель Дефо («Робинзон Крузоның басынан кешкендері»), Джонатан Свифт («Гулливердің саяхаты») шығармашылығы
2) Француз ағартушылары: Вольтер, Дени Дидро, Руссо
3) Ағылшын әдебиеті. Роберт Бернс шығармашылығы
4) Неміс ағартушылық әдебиетінің өкілдері: Гете, Шиллер

3-бөлім. XIX ғасырдағы романтизм әдебиеті – 8 сағат

1) Неміс романтизмі. Гофман, Шамиссо шығармашылығы.
2) Дания романтизмі. Андерсен ертегілерінің тәрбиелік мәні.
3) Ағылшын романтизмі. Байрон. Вальтер Скотт – тарихи роман жанрының негізін салушы.
4) Француз романтизмі өілдері: Виктор Гюго, Жорж Санд, Александр Дюма.
5) АҚШ романтизмі: Вашингтон, Мелвилл, Лонгфелло, Уитмен.

4-бөлім. XIX ғасыр әдебиетіндегі сыншыл реализм – 9 сағат

1) Француз әдебиетіндегі реализм. Бальзак, Ги де Мопассан шығармашылығы
2) Ағылшын әдебиетіндегі ралист жазушылар: Чарльз Диккенс, Фильям Теккерей шығармашылығы
3) Чех әдебиеті. Божена Немцова ертегілері. «Алтын кітап», «Күміс кітап»
4) Гарриет Бичер-Стоу – аболиционистік әдебиет өкілі
5) Марк Твен – балалар әдебиетінің негізін салушы

5-бөлім. Шығармашылық жұмыс - 2 сағат

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар (деңгей бойынша)

Базалық деңгейге қойылатын талаптар:

Пәндік нәтижелер

- XYII ғасырдағы классицизм әдебиеті: классицизм ағымы, заңдылықтары мен ерекшелігін анықтап, әлеуметтік мәнін түсінуі тиіс;
- Мольер комедиясы , Корнель, Расин трагедияларының тақырыбы, идеясы, кейіпкерлері туралы ізденіс жұмыс жүргізіп, тілдік ерекшеліктерін анықтауы тиіс;
- Испан, неміс әдебиетінің көрнекті өкілдерінің өмірі мен әдеби мұраларын тануы тиіс.

Тұлғалық нәтиже

- ❖ ұлттық құндылықтар және жалпыадамзаттық ортақ көркемдік ойлау дүниетанымын салыстыра пайымдай алуы тиіс;
- ❖ көркем шығармалар арқылы болашақ жалғасының мәңгілігін тануы тиіс;
- ❖ тұлға ретінде белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық сезімін көрсете білуі тиіс.

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

- ❖ XYII ғасырдағы классицизм әдебиетінің көркемдік әдісінің қалыптасу және дамуының ғылыми-теориялық сипатын анықтауы тиіс;

❖ әр шығарманың ерекшеліктерін кезең бойынша анықтай алуы тиіс;
❖ әр шығармадағы кейіпкерлер бейнесін қоғаммен байланыстыра талдауы тиіс;
❖ шығармадағы негізгі ойларды тауып, мәнін түсіндіруі тиіс;
❖ белгілі бір тақырып бойынша қарапайым, күрделі және жан-жақты жоспар жасай алуы, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық нормаларды сақтай білуі тиіс.

10-сыныпта аптасына 1сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. XX ғасырдағы әлем әдебиеті – 9 сағат

1) Франция әдебиеті. Натурализм (Эмиль Золя).
2) Теодор Драйзер «Америка трагедиясы»
3) Бернард Шоу – ағылшын драмасындағы жаңа кезең өкілі («Пигмалион» комедиясы)
4) Эрнест Хемингуэй «Шал мен теңіз» повесі
5) Скандинавия елдерінің әдебиеті (Генрих Ибсен, Мартин Андерсен Нексе)

2-бөлім. Азия елдерінің әдебиеті. Түрік, Иран, Үнді әдебиеті – 9 сағат

1) Түрік әдебиеті. Назым Хикмет Ран, Әзиз Несин шығармашылығы
2) Решад Нури Гюнтекин прозасы. Орхан Памук – Нобель сыйлығының иегері
3) Рабиндранат Тагор – Халықаралық Нобель сыйлығының лауреаты
4) Парсы әдебиетінің көрнекті өкілдері: Садық Хидоят, С.Донешвар прозасы
5) Парсы әдебиетіндегі соғысқа қарсылық әдебиетінің өкілдері: А.Фажр, А.Киани, М.Жамшид

3-бөлім. Жапон әдебиеті - 9 сағат

1) Рюноскэ Акутагава шығармашылығы
2) Харуки Мураками шығармашылығы

3) Киндзабуро Оэ шығармашылығы
4) Кобо Абэнің «Бөтен бет», «Құм құрсауындағы әйел» романдары.

4-бөлім. Корей әдебиеті – 5 сағат

1) Ли Инно шығармашылығы.
2) Ким Дюн
3) Сон Лаврентий

5-бөлім. Шығармашылық жұмыс - 2 сағат

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар (деңгей бойынша)

Базалық деңгейге қойылатын талаптар:

Пәндік нәтижелер

- XX ғасырдағы әлем әдебиетінің тілдік қасиеттерін танып білуі тиіс;
- Ақпараттарды талдай, өңдей, жинақтай білулері тиіс;
- Әртүрлі жанрдың өзіндік ерекшеліктерін тауып, анықтай алуы тиіс.

Тұлғалық нәтиже

❖ ұлттық құндылықтар мен әлем мәдениеті құндылықтарын жан-жақты салыстырып, пайымдай алуы тиіс;

❖ әлем халықтарының рухани құндылықтарын біліп, өмірде қолдана алуы тиіс;

❖ ұлттық құндылықтар мен әлем халықтары құндылықтарының артықшылықтарын білуі тиіс.

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

❖ зерттеу және шығармашылық әдістерді өз әрекетінде тиімді қолдана білуі тиіс;

❖ әдеби-теориялық талдау жүргізе алуы тиіс;

❖ болашақта мамандық таңдауға әлем әдебиетінің де ықпалы болатынын түсінуі тиіс

❖ әртүрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндердің құрылымдық-композициялық, тілдік ерекшеліктерін

салыстырып, анықтамалық материалды пайдалана отырып мәтіндерді түзете және редакциялай алуы тиіс

11-сыныпта аптасына 1сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Түркі халықтарының әдебиеті. Татар әдебиеті – 7 сағат

1) Ғабдолла Тоқай
2) Ғалымжан Ибрагимов, Ғалиасқар Камал
3) Нұри Арсланов
4) Мұса Жәлил

2-бөлім. Түрікмен әдебиеті – 6 сағат

1) Мақтымқұлы Фраги
2) Берды Кербабаев
3) Беки Сейтақов

3-бөлім. Өзбек әдебиеті – 6 сағат

1) Әлішер Науаи
2) Захреддин Мұхамед Бабыр, Айбек
3) Ғафур Ғұлам, Фукат

5-бөлім. Әзірбайжан әдебиеті - 7 сағат

1) Низами Гонжауи
2) Мұхаммед Физули
3) Мырза Фатали Ахундов
4) Самед Вургун

6-бөлім. Қырғыз әдебиеті - 6 сағат

1) Тоқтағұл Сатылғанов
2) Аалы Тоқомбаев
3) Шыңғыс Айтматов

6-бөлім. Шығармашылық жұмыс - 2 сағат

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар(деңгей бойынша)

Базалық деңгейге қойылатын талаптар:

Пәндік нәтижелер

- ❖ түркі халықтары әдебиетінің өкілдерін танып, шығармаларын таңдап оқи алуы тиіс;
- ❖ түркі халықтары әдебиетінің көтерген негізгі мәселелерін анықтап, талдау жүргізе білуі тиіс;
- ❖ термин сөздер мен әдеби ұғымдарды талдап, дұрыс қолдана білуі тиіс.

Тұлғалық нәтиже

- ❖ әртүрлі тақырыптағы ізденісте ақпараттар жүйесін іріктеп, өңдеп, сауатты қолдана алуы тиіс;
- ❖ көркем әдебиеттегі афоризм сөздерді тауып, мәнін түсініп, өмірде қолдана алуы тиіс;
- ❖ көркем әдебиеттегі маңызды тұлғалар өмірін терең оқып, өмірден өз орнын табуға, көшбасшылық ынта-ықыласы мен қабілеттілігін тануға тиіс.

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

- ❖ білім алушы естіген және оқыған ақпараттарын жинақтай отырып, әртүрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндерді жаза білуі тиіс;
- ❖ ақпаратты ұсынудың әртүрлі нысандарын пайдалана отырып, мәтін құрастыра алуы (оның ішінде, баспа); ұсынылған ақпаратты талдау және бағалау қабілетін көрсете отырып, өзінің проблемалық сипаттағы мәтінін (мақала, эссе, хат және т.б.) жазуы тиіс;

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:

1.Тебегенов Т. Әлем әдебиеті (1-2 том). Алматы, 2009.
2. А.Кун.Ежелгі греция мифтері. А 1972ж.
3. Эллада ерлері. А.1985ж /Грек мифтері/
4. Троя сұрапылы және оның батырлары (С.Трудовскаяның қара сөзбен әңгімелеген нұсқасы) А.1988ж.
5. Тоқшылықова Г.Б.Антика әдебиетінің тарихы Қарағанды 2019 ж.
6. Тоқшылықова Г.Б. Шетел әдебиетінің тарихы Қарағанды 2019ж.
7. Дүйсенғазы С. Шетел әдебиетінің тарихы А 2019ж.
8. Қобланов Ж.Т. Шетел әдебиетінің тарихы А 2011 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ,
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ,
АБАЙ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ТЕРЕНДЕТЕ ОҚЫТАТЫН ОРТА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ

«Келісілді»
Қазақстан тарихы
кафедрасының меңгерушісі:
_____ т.ғ.к, доцент Б.О.Жангуттин

«Бекітемін»
Мектеп-интернат директоры:
_____ Р.Е. Сексенова

«Мәдени мұра» бейіндік пәні бағдарламасы

Алматы, 2020

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 5-6-7-8-9 сыныптарға арналған «Мәдени мұра» бейіндік пәнінің оқу бағдарламасына

ПІКІР

XXI ғасыр жаңарған, дамыған реформалар ғасыры болып тарих сахнасына енуде. Сондықтан оқу-ағарту, ғылым саласында жаңа реформалар жасалуда. Әр елдің ұлттық салт-дәстүрі терең зерттеліп, соны игеруге мол мүмкіндік туды. Қазақстан Республикасы соңғы 15 жыл ішінде әлем таныған ел болды. Қазіргі жастарға зор міндеттер жүктелді, білімді ұрпақ қажеттілігі туындады. Қазақ халқының мол мұрасын оқып үйрену жаңа буын оқулықтарында көрсетілген. Соған қарамастан, қазіргі география оқулықтарында жергілікті өлкеміздің тарихы аз жазылған, толық зерттелмеген мәліметтер көп. Сондықтан оқушыларға сабақтан тыс уақытта өлкетану пәнін жүргізу- қоғам қажеттілігі деп білеміз.

Қазақстан егемендік алып, тәуелсіз даму жолына түскен уақытта тарихи өлкетану сабағының отандық тарихтың ақтаңдақтарын толтыруда атқарар рөлі зор. Пән белгілі бір өлкенің тарихи, әлеуметтік-экономикалық, саяси, әдеби-мәдени дамуын, табиғи жағдайларын теориялық-танымдық тұрғыдан талдау өзекті. Пәнді оқыту қоғам дамуын, өлке тарихын жалаң зерттемей, қоғам мен қоршаған тарихи ортаның географиялық, топонимикалық, экологиялық жағымен байланыстыра зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Бұған қоса әр өңірде туылған, өмір сүрген қоғам белсенділері, тарихшы, ақын, жазушы, әнші-композитор, т.б. тұлғаларды дәріптеу, таныту осы пәннің меншігінде телулі тұр деп ойлаймын.

Бұл пән аясында география, тарих, әдебиет, өзін-өзі тану пәндерінде оқу мақсаттарынан, жылдық сағат санына қосылмай қалған тақырыптар осы пәнде талданып өтілетіні қуантарлық жайт болып отыр. Қоғам белсенділерін ассоциативті тұрғыдан географиялық аймағымен түсіндіру - бала үшін маңызды. Мысалы: Семей қаласы дегенде Абай, «ЭКСПО көрмесі» дегенде Астана, Ақтөбе облысы дегенде Димаш Құдайберген, Орал қаласы дегенде Ержан Максим, т.б. осындай ассоциативті ақпараттар оқушы жадында сақталғандықтан танымдық, рухани дүниесінде ұзақ уақытқа дейін функционалды тұрғыдан білім қоржынында сақталады. Бұл оқушылардың ақпараттық кеңістіктен білім көкжиегіне ауысуына, тоғысуына, функционалды тұрғыдан тұлға болып қалыптасуына алып келеді деген ойдамыз.

Бұл бейіндік пәннің құрылымы, тақырыптық жоспары, сағат саны, пайдаланылған негізгі-қосымша әдебиеттер тізімі жан-жақты қаралып, сүзгіден өтіп, тарихшы-ғалымдар тарапынан теориялық тұрғыдан сұрыптаудан өтіп, ұсынылып отыр.

PhD докторы **Д.Б.Асымова**

«Мәдени мұра» бейіндік пәнінің бағдарламасы

ҮЙЛЕСТІРУШІ: мектеп-интернат директоры **Р.Е. Сексенова**

БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕГЕНДЕР: Абай атындағы ҚазҰПУ PhD **Д.Б.Асымова**, жоғары санаттағы тарих пәні мұғалімі **М.С. Байсымакова**

ПІКІР ЖАЗҒАН: Абай атындағы ҚазҰПУ PhD докторы **Д.Б. Асымова**

Негізгіы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 5-9 сыныптары үшін «Мәдени мұра» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Түсінік хат

Бүгінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында атап көрсетілген тапсырмаларды орындауға арналған кешенді іс-шаралар қарқынды, ауқымды әрі жоспарлы түрде қолға алынып, нәтижелі атқарылуда.
Солардың бірі – «Мәдени мұра» пәніне байланысты жүргізіліп, насихатталып отырған мәселелер.

«Мәдени мұра» бейіндік пәннің бағдарламасы ҚР Президентінің «Еңбек жолына 20 қадам» жолдауындағы бағыт-бағдарды басшылыққа алып жүзеге асыру мақсатында құрылды. Бейіндік пән бағдарламасы ізденіс - зерттеу жұмыстарының жүйелі құрылымын, оқушылардың өлкелік танымдық әрекеттерін құрайды. Бағдарлама өлкені танудағы өзіндік ерекшеліктерімен, жұмыс дағдысымен, жеке бағыт-бағдарымен ерекшеленеді. Оқушы өзінің мекен етіп отырған жерінің өткені мен бүгінгісіне көз жүгіртіп, тарихынан сыр шертіп, ізденіс қабілеттерін дамытып, өз өлкесі жайлы қосымша мәліметтермен жұмыс істеуге дағдыланауы шарт. Өз елінің географиялық орнын, оның аумағын, шекаралас мемлекет пен аудандарын әрбір адам баласы білуі қажет. «Мәдени мұра» бейіндік пәннің бағдарламасы мектеп оқушыларына өз өлкесі жайлы жүйелі білім бере отырып, өз елінің патриотты азаматы болу, ақпараттық қоғамда қосымша әдебиеттермен жұмыс істеуді дамыту, отан сүйгіштік қасиеттерін дамыту, өзі туып өскен өлкесіне қамқор бола білуге, құрметтеуге дағдыландыру, туристік аймақ ретінде насихаттауды, дәріптеуді негізгі, өзекті мәселе қатарына қойып отыр. Осы мақсаттарды жүйелі жүргізу мақсатында бүгінгі өскелең жас ұрпақты тек өзінің туып өскен мекеніне қатысты емес, Республика көлемінде өңірлерді таныту, дәріптеу мақсатында осы пәннің обьектісін (көкжиегін) кеңейтіп, бейіндік пән ретінде қолдап, бағыт-бағдар беріп отырмыз. Әр географиялық аймаққа қатысты ұсынылған

тақырыптар тікелей тарих, әдебиет, мәдениет, өзін-өзі тану, т.б. салалармен сабақтастырылып, жүйеленген. Бұл өз кезегінде мектеп оқушыларының танымдық-теориялық жағынан, құзіреттілік тұрғысынан қалыптасуына себептігін тигізеді әрі тұлға болып қалыптасуына бағыт-бағдар береді деген сенімдеміз!

Пәнді оқыту мақсаттары:

- Жергілікті жердің географиялық орнымен танысу;
- Елді мекеннің тарихына, оның бүгінгі келбетіне баға беру, салыстыру;
- Жергілікті жерін топонимикалық жағынан қарастыру;
- «Мәдени мұра» пәнінде материалдарды нақты игеру;
- Әртүрлі әдебиеттерді пайдаланып, оқушыларды қызықтырған сұрақтарына толық жауап беріп, түсіндіру;
- Өз өлкесінің мәдени-ағарту ісіне үлес қосқан адамдар жайлы материалдарды талдау;
- Ақпарат құралдарды пайдаланып оның ішінде: газет, журнал, әлеуметтік желі арқылы мәліметтер жинау, талдау. Тарихи деректер арқылы қоршаған орта жағдайымен байланыс орнату;
- Отанға, туған мекеніне деген сүйіспеншілік сезімін насихаттау;
- Тарихи-танымдық білімге қызығушылығын ояту, өзге ұлт халықтарымен қарым-қатынас жасауда төзімділікпен қарау, құрметтеу, сыйлау сезімін дамыту;
- Мектеп оқушыларын қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатыстыру, балалардың ескерткіш орындарын, әскери тарихи ескерткіштерді қорғауға деген жігерлерін қалыптастыру;
- Батыр ардагерлерді құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында естеліктер мен ақпараттар жинақтау, туған өлкенің тарихын жазу/баспаға ұсыну;
- Өлкетану әдебиеттерін оқуға деген қызығушылығын ояту үшін байқаулар, викториналар, олимпиадалар, экскурсиялар өткізуді ұйымдастыру.

Пәнді оқыту міндеттері:

- Оқушыларға өз өлкесінің шығу тарихы, орналасқан жері, аумағы, халқы, мәдениеті жөнінде білім беру;
- Оқушылардың өлкетану сабақтарында өз жерін оқи отырып патриоттық сезімдерін қалыптастыру;
- Сабақта өз жерінде шыққан (аумақтан, ауылдан, облыстан) атақты адамдар жайлы материалдар жинап білімдерін толықтыру/баспаға ұсыну;
- Тарихи материалдарды игеру барысында рухани, танымдық қажеттіліктерін қалыптастыру;
- Білім алушылардың туған өлке туралы білімдерін (көкжиегін) кеңейту және тереңдету;
- Қарым-қатынас жасау, іс-шараға дайындық жасау, көрмені безендіру қабілеті мен дағдысын қалыптастыру.

«Мәдени мұра» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

5- сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

«Мәдени мұра»
бейіндік пәнінің базалық мазмұны

1. Кіріспе. «Мәдени мұра» пәні туралы түсінік, курстың өзектілігімен мақсат міндеттерімен таныстыру. (1сағат)
2. Туған өлкенің аңыз-ертегілері: туған өлке туралы аңыз-ертегілерді білу, аңыз-ертегілердің мән-мағынасын түсіну және талдау, өткен ұрпақтың тарихи және мәдени мұрасын сақтау мен толықтыруды ұғыну. (3сағат)
3. Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер: туған өлкедегі ескерткіштерді білу, туған өлкедегі тарихи ескерткіштердің құндылығын түсіну, туған өлкенің маңызды ескерткіштерінің әрқайсысының пайда болу тарихын түсіндіру. (3 сағат)
4.Зерттеу жұмысы. Шығармашылық жұмыс. (2сағат)
5. Өңірдің тарихи тұлғалары: туған өлкенің тарихына кірген билер, ақындар, батырлар мен палуандар, білу, бұл тұлғалардың туған өлке тарихына бекер кірмегендігін дәлелдей білу. (5сағат)

6. Жәдігерлер сыр шертеді: тарихи жәдігердің не екендігін білу, тарихи мұраны жеткізудегі жәдігердің рөлін анықтау, нақты жәдігерлер нені білдіретінін түсіну (өлкетану мұражайына бару). (4сағат)
7. Зерттеу жұмысы. Шығармашылық жұмыс. (2сағат)
8.Туған өлке симфониясы: туған өлкедегі музыкалық өнердің ерекшеліктері, туған өлкенің сазгерлерімен танысу, менің туған өлкемнің әуендерін білу. (4сағат)
9. Туған өлкенің дәстүрлі әндері мен күйлері: «Мәңгілік сарын» ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ән күйлермен танысу, олардың өлке тарихында атын орнын білу. (2 сағат)
10. Туған өлкені сипаттау өнері: бейнелеу өнері, кино өнері, деректі қойылымдық фильмдер туралы мәліметтер жинау (2 сағат)
11. Зерттеу жұмысы. Шығармашылық жұмыс. (2сағат)
12. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарына тоқталу: өлке тарихындағы тарихи ескерткіштерді құрметтеу, олардың туған өлке тарихында алатын орнына баға беру. (2 сағат)
13. Жәдігерлер жинау, жергілікті өлкетану мұражайларына саяхат.
(2 сағат)

«Мәдени мұра» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

6-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

«Мәдени мұра»
бейіндік пәнінің базалық мазмұны

1. Кіріспе. «Мәдени мұра» пәні туралы түсінік, курстың өзектілігімен мақсат міндеттерімен таныстыру. (1сағат)
2. Топонимдер – өткен заманнын куәгерлері: өлке тарихы атауларында, жергілікті жер, қалалар, өзендер, көлдер, таулар атаулар нені білдіретінін білу, бұл атаулардың пайда болу тарихын анықтау. (3 сағат)

3. Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері, жергілікті жерге қандай дәстүрлі қолөнер тән екендігін білу, туған өлкенің дәстүрлі көркем мәдениетін жандандыруға үлесін қосқан шеберлерді білу. (3 сағат)
4. Зерттеу жұмысы. Шығармашылық жұмыс. (2сағат)
5. Бір ел – бір тағдыр: менің өлкемнің халықтары, туған өлке халқының қалыптасу тарихын білу, туған жеріндегі ұлттардың салт-дәстүрін білу және құрметпен қабылдау. (3 сағат)
6. Туған өлке тарихының тірі куәгерлері: туған өлке тарихының тірі куәгерлерін саралау, Ұлы Отан соғысы ардагерлері, тыл ардагерлері, еңбек ардагерлері, ауған-әскерлері, тың игерушілер, құрметті тұрғындар, еңбегі сіңген педагогтер мен дәрігерлер, соғыс және тыл ардагерлерінің ерліктері туралы білу. (3 сағат)
7. Зерттеу жұмысы. Шығармашылық жұмыс. (2сағат)
8. Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада: туған өлкенің табиғаты мен тарихы сипатталған поэтикалық және прозалық шығармаларды білу, туған өлкенің ақындарымен жазушыларының шығармашылығын білу, олардың шығармашылығы туралы деректер жинау және презентация дайындау. (4 сағат)
9. Зерттеу жұмысы. Шығармашылық жұмыс. (2сағат)
10. Туған жердің таланттары:туған өлкенің жыршы-термеші, әнші және сазгерлерінің шығармашылығымен танысу, туған өлкенің кәсіпкерлерімен, қоғам қайраткерлерімен сұхбаттасу. (4 сағат)
11. «Ұлы даланың жеті қыры». Атқа міну мәдеиеті: жылқының қолға үйретілуі, атқа міну мәдениеті, ат-әбзелдерімен танысу, атты баптауды үйрену. Адамзат қоғамындағы жылқының алатын орнына баға беру. (3 сағат)
12. «Ұлы даланың жеті қыры». Ұлы даладағы ежелгі метталургия: Ежелгі заманда Қазақстанның орталық солтүстік шығыс аймақтарында тау-кен өндірісінің ошақтары пайда болуы арқылы ежелгі заманда біздің жеріміздегі дала өркениеті технологиялық тұрғыдан қаншалықты қарқынды дамығандығы туралы білу. (3 сағат)
13. Зерттеу жұмысы. Шығармашылық жұмыс. (1сағат)

«Мәдени мұра» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

7-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

«Мәдени мұра»
бейіндік пәнінің базалық мазмұны

1. Кіріспе. «Мәдени мұра» пәні туралы түсінік, курстың өзектілігімен мақсат міндеттерімен таныстыру. (1сағат)
2. Туристік маршруттар: туристік маршрут дегеннің не екенін білу, туристік маршруттар құрастырудың алғашқы дағдыларын меңгеру. 3 сағат)
3. Туған өлкенің демеушілері мен меценаттары: нақты адамдардың істеген жақсылықтары туралы және өзінің туған жерін қолдау үшін не істеуге болатынын білу. (3 сағат)
4. Туған өлкенің жылнамасы: дереккөздер негізінде өлке дамуының тарихи маңызды кезеңдерін анықтау,туған өлкенің шежіресін білу, мұражайлардан, мұрағаттардан, кітапханалардан, ғаламтор желісінен туған өлкеге қатысты қажетті ақпаратты табу, тарихи оқиғалардың хронологиясын құрастыру. (3 сағат)
5. Зерттеу жұмысы. Шығармашылық жұмыс. (2сағат)
6. Менің мектебімнің тарихы: мұражайлардан, мұрағаттардан, кітапханалардан, ғаламтор желісінен, туған өлкеге (ауыл, аудан, қала, облыс) қатысты қажетті ақпаратты табу, тарихи оқиғалардың хронологиясын құрастыра білу. (3 сағат)
7. Туған өлке бұқаралық ақпарат құралдарда: өңірде шығатын газет-журналдарды білу, туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктерді ақпараттылығы, мазмұнының тереңдігін талдау, деректі фильмдер, бағдарламаларын көру. (3 сағат)
8. Туған өлкенің флорасы мен фаунасы: өлкенің өсімдік жамылғысын білу,өлкеге тән жануарлар дүниесімен танысу, қызыл кітапқа енген жануарларды білу. (3 сағат)
9. Зерттеу жұмысы. Шығармашылық жұмыс. (2сағат)
10. «Ұлы даланың жеті қыры». Аң стилі: Аң стилі бабаларымыздың айрықша жоғары өндірістік туындысы

ретінде бағалау. Аң стилінің ерекшеліктері мен құпиясын ашу. Егеменді Қазақстанның символдарының бірі жергілікті жануарлар әлемінде сирек кездесетін тұрпатты текті қар барысы туралы мағлұмат беру. (3 сағат)

11. «Ұлы даланың жеті қыры». Түркі әлемінің бесігі: Қазақтардың және Еуразияның басқа халықтарының тарихында Алтайдың алатын орны, түркі дүниесінің пайда болуы, түркі мемлекеттерімен ұлы көшпелілер империялар сабақтастығының айрықша моделін қалыптастырудағы ролі. (3 сағат)

12. «Ұлы даланың жеті қыры». Ұлы жібек жолы: Еліміздің географиялық тұрғыдан ұтымды яғни Еуразия құрлығының кіндігінде орналасуы, ежелден әртүрлі мемлекеттермен өркениеттер арасында транзиттік дәліздердің пайда болуында Қазақстанның алатын орны. Ұлы жібек жолының еліміздің экономикасына әсері. (3 сағат)

13. Зерттеу жұмысы. Шығармашылық жұмыс. (2сағат)

«Мәдени мұра» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

8 сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

«Мәдени мұра»
бейіндік пәнінің базалық мазмұны

1. **Кіріспе.** «Мәдени мұра» пәні. (1 сағат)
2. **Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:** рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының басым бағыттары. (2 сағат)
3. **Батыс Қазақстан облысы**: географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)
4. **Ақтөбе облысы**: географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)

5. **Маңғыстау облысы**: географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)

6. **Ақтау порты**: Өзіндік ерекшеліктері. (2 сағат)

7. **Атырау облысы:** географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет,туристік маршруттар. (2 сағат)

8. **Сынақ. Тест. Зерттеу жұмысы. Шығармашылық жұмыс.** (1 сағат)

9. **Солтүстік Қазақстан облысы**: географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)

10. **Нұр-сұлтан қаласы:** Тарихы. Климаты. Мұражай, т.б. ерекшеліктер. (2 сағат)

11. **Көкшетау. Бурабай:** Географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)

12. **Қостанай облысы**: географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)

13. **Павлодар облысы**: географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)

14. **Ақмола облысы:** географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)

15. **Сынақ. Тест. Зерттеу жұмысы. Шығармашылық жұмыс.** (2 сағат)

16**. Орталық Қазақстан облысы:** географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам

белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)

17. **Жезқазған қаласы:** Географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)

18. **Сынақ. Тест. Зерттеу жұмысы. Шығармашылық жұмыс.** (2 сағат)

«Мәдени мұра» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

9 сыныптарға – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

«Мәдени мұра»
бейіндік пәнінің базалық мазмұны

1. **Кіріспе:** «Мәдени мұра» пәні. (1 сағат)
2. **Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар:** рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының басым бағыттары.(2 сағат)
3. **Түркістан облысы**: географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет,туристік маршруттар. (2 сағат)
4. **Түркістан қаласы**: Географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)
5. **Шымкент қаласы:** Географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)
6. **Отырар қаласы**: Географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)
7. **Қызылорда облысы**: географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам

белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)

8. **Байқоңыр қаласы:** Географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)

9. **Шығыс Қазақстан облысы**: географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)

10. **Өскемен қаласы:** Географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)

11.**Семей қаласы:** Географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)

12. **Сынақ. Тест. Зерттеу жұмысы. Шығармашылық жұмыс.** (1 сағат)

13.**Алматы облысы:** географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (1 сағат)

14. **Есік қаласы:** Географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)

15. **Алматы қаласы:** Географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)

16.**Талдықорған қаласы:** Географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)

17. **Жамбыл облысы:** географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам

белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)

18.**Тараз қаласы**: Географиялық аймағы, климаты, археологиялық ескерткіштері, ақын-жазушылар, қоғам белсенділері, тұлғалар, мәдениет, әдебиет, туристік маршруттар. (2 сағат)

19. **Сынақ. Тест. Зерттеу жұмысы. Шығармашылық жұмыс. (1 сағат)**

Пайдаланылған негізгі әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақала. 12 сәуір, 2017.
2. Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы /Собрание сочинений в пяти томах 1961-1972.-Алматы: Ғылым, 1961. 777б.
3. «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия /Бас редактор Ә. Нысанбаев-Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998, IX том.
4. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2002.
5. Қазақстанда өлкетану жұмыстарының басталуы. Негізгі кезеңдері. Қазақстандағы өлкетану жұмыстарының казіргі жай – күйі.
6. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы-Астана 2006-2011.
7. Шашаева Г.Қ. Қазақстандағы мәдени мұра құндылықтарын жүйелеу және оларды білім беруде жетілдіру. Алматы: 2016.
8. Мазбаев О., Асубаев Б., Тоқпанов Е. Туризм және өлкетану негіздері: Оқу құралы.-Астана: Фолиант, 2013.
9. Нұрабаева Л.С. Экологиялық білім беруде өлкетанудың алатын орны.
10. «Тарихи өлкетану» пәнінің оқу- әдістемелік кешені (ПОӘК)
11. Жергілікті жерде өткізілетін өлкетану жұмыстарының маңызы
12. Бекмағамбетов А.Ж. Оқушыларға патриоттық тәрбие беруді ұйымдастыру. Қарағанды: ҚарМУ баспасы. 2009.

13. Қамбар Атабаев «Қазақстан тарихының деректанулық негіздері». А: 2002.

14. Бекмағамбетов А.Ж. Оқушыларға патриоттық тәрбие беруді ұйымдастыру: Оқу құралы.-Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009.

15. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы бұйрығы.

16. Тілеуов Қ. Жер атаулары – ел тарихы. Тыл және еңбек ардагері. Лысенко. Челябинск: ЮУКИ, 1969; Урал и Приуралье. – М.: Наука, 1968.

17. Негізгі орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім жане ғылым министрі міндетін атқарушысының 25 қазандағы №545 бұйрығы.

18. «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207-II Қазақстан Республикасының Заңы (05.05.2017 жылы берілген өзгерістер мен толықтырулар).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ,
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ,
АБАЙ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ТЕРЕНДЕТЕ ОҚЫТАТЫН ОРТА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ

«Келісілді»
Қазақстан тарихы
кафедрасының меңгерушісі:
Б.Б.Карибаев

«Бекітемін»
Мектеп-интернат директоры:
Р.Е. Сексенова

«Әлемдік мәдениет» бейіндік пәні бағдарламасы

Алматы, 2019

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған **«Әлемдік мәдениет»** бейіндік пәнінің оқу бағдарламасына

ПІКІР

«Әлемдік мәдениет» бейіндік пәнінің оқу бағдарламасында жалпы әлемдік мәдениет пәні әлемдік мәдениетке үлес қосқан елдер мен халықтардың мәдени жетістіктері, пайда болу тарихы, адамзат үшін маңызы туралы нақты мағлұматтар берілген. Мәдени құндылықтарды жинақтау және жеткізу процесі алғашқы қоғамдық дәуірден бастау алатыны дәлелденген. Ұрпақтан-ұрпаққа берілген мәдени құндылықтар адамзатты бүгінгі күні дамуға жеткізіп отырғанына нақты мысалдар келтірілген.

Бағдарлама әлемдік мәдениет тарихы негізінде дүниежүзілік адамзат қоғамының қалыптасу процесі мен дамуы; мәдениет ұғымының мәнін және маңызын ашу, әлемдік мәдениеттер туралы білім беру; әлем мәдениеттерінің пайда болуы және даму тарихы; адамзаттың мәдени жетістіктері туралы білімдерге, мәдениет дамуының және қалыптасуының негізгі заңдылықтары мен негізгі формаларын түсіну мен игеруге; сондай-ақ, оқушылар өзінің болашақ кәсібін таңдау мен өзін-өзі жетілдіру үшін дүниежүзілік өркениет құндылықтарын толық түсінуге арналған арнайы тақырыптарға негізделіп жасалған.

Әлемдік мәдениет пәні оқушыларға белгілі бір тарихи оқиғаны, құбылысты, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсініп, бағалауға, термин сөздермен жұмыс істей білуге бағыттайды. Оқушы бойында азаматтық жауапкершілік және отансүйгіштік қабілеттерді дарытып, бір-біріне құрмет пен ынтымақтастық құндылықтарын қалыптастырады. Жоғары сынып оқушылары бұл пәнді оқи отырып, жеке тұлғаға тән қабілет, білікке дағдыланбақ. Сол арқылы сыни көзқарастары қалыптасып, болашақта өзіндік пікірі бар азамат қалыптастыруға да түрткі болары сөзсіз.

Қазіргі қоғамның мәдени ортасынан бағдар ала білетін, ұлттық және әлемдік мәдени мұраның сақталуына үлес қосатын және қамқор болатын, жалпы адамзаттық құндылықтарды басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға жетелейді. Сондықтан да «Әлемдік мәдениет» бейіндік пәнінің оқу бағдарламасын сауатты жасалған, бүгінгі күн сұранысына ие бағдарлама ретінде бағалауға болады.

әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық университетінің,
Қазақстан тарихы кафедрасының
профессоры, т.ғ.к Телеуова Э.Т.

«**Әлемдік мәдениет**» бейіндік пәнінің бағдарламасы

ҮЙЛЕСТІРУШІ: мектеп-интернат директоры **Р.Е. Сексенова**

БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕГЕН: Тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің, Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры **Телеуова Эльмира Тешебаевна,** тарих пәні мұғалімі: **Ф.А. Рысбекова**

ПІКІР ЖАЗҒАН: Тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің, Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры **Телеуова Эльмира Тешебаевна**

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарға арналған «Әлемдік мәдениет» бейіндік пәнінің оқу бағдарламасына

Түсінік хат

Әлемдік мәдениет пәні әлемдік мәдениетке үлес қосқан елдер мен халықтардың мәдени жетістіктері, пайда болу тарихы, адамзат үшін маңызы туралы баяндайды. Мәдени құндылықтарды жинақтау және жеткізу процесі алғашқы қоғамдық дәуірден бастау алады. Ұрпақтан-ұрпаққа берілген мәдени құндылықтар адамзатты бүгінгі күнгі прогресске жеткізіп отыр.

Бағдарлама:

- әлемдік мәдениет тарихы негізінде дүниежүзілік адамзат қоғамының қалыптасу процесі мен дамуы;
- мәдениет ұғымының мәнін және маңызын ашу, әлемдік мәдениеттер туралы білім беру;
- әлем мәдениеттерінің пайда болуы және даму тарихы;
- адамзаттың мәдени жетістіктері туралы білімдерге, мәдениет дамуының және қалыптасуының негізгі заңдылықтары мен негізгі формаларын түсіну мен игеруге;
- өзінің болашақ кәсібін таңдау мен өз-өзін жетілдіру үшін дүниежүзілік мәдениет құндылықтарын толық түсінуге арналған тақырыптарға негізделген.

Әлемдік мәдениет пәні оқушыларға белгілі бір тарихи оқиғаны, құбылысты, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсініп, бағалауға, термин сөздермен жұмыс істей білуге бағыттайды. Оқушы бойында азаматтық жауапкершілік және отансүйгіштік қабілеттерді дарытып, бір-біріне құрмет пен ынтымақтастық құндылықтарын қалыптастырады.

Жоғары сынып оқушылары бұл пәнді оқи отырып, жеке тұлғаға тән қабілет, білікке дағдыланбақ. Сол арқылы сыни көзқарастары қалыптасып, болашақта өзіндік пікірі бар азамат қалыптастыруға да түрткі болары сөзсіз.

Қазіргі қоғамның мәдени ортасынан бағдар ала білетін, ұлттық және әлемдік мәдени мұраның сақталуына үлес қосатын

және қамқор болатын, жалпы адамзаттық құндылықтарды басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға жетелейді.

Жалпы білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11сыныптарға арналған «Әлемдік мәдениет» бейіндік пәнінің оқу бағдарламасы

I. Мәдениет ұғымы мен мәні (1 сағат)

Мәдениет ұғымының тарихи қалыптасуы.
Тарихи мәдени процесс.
Мәдениет көп қызметті жүйе ретінде және оның басты әрекеті .

II. Адам әлемі мәдениет ретінде (4 сағат)

Тіл және мәдениет.
Мәдениет түрі: өнер, дін, мораль, құқық, саясат, ғылым.
Адам тарихи-әлеуметтік және мәдениетті байланыс жүйесі ретінде.
Адам мәдениет субьектісі ретінде.
Тіл, тілдесу әдісі және мәдениеттің трансляция әдісі.
Құқықтық мәдениет.

III. Қауымдық құрылыс мәдениеті (7 сағат)

Алғашқы тұрмыс мәдениетінің ерекшеліктері.
Ежелгі Шығыс мәдениеті. Ежелгі Шығыстағы мемлекеттік құрылымның пайда болу ерекшеліктері. Ніл аңғарының табиғаттық жағдайы, халқы және өркениеттің қалыптасуы.
Ежелгі Египеттің мемлекеттік құрылымының ерекшеліктері және діни сенімдері. Ежелгі Египеттіктердің өнер саласындағы жетістіктері. Ежелгі Египеттіктердің ғылым мен білім саласындағы жетістіктері
Көне Қытай мәдениеті.
Ежелгі Қосөзен мәдениеті.

IV. Антикалық мәдениет (5 сағат)

Гуманизм антикалық әлемдік көзқарас ретінде
Ежелгі грек мәдениетінің ерекшелігі. Гомер дәуірінің мәдениеті (б.з.д XI-VIII ғасырлар). Грек классикалық мәдениеті (б.з.д. V-IV ғасырлар). Элленизм дәуірінің мәдениеті (б.з.д. IV-I ғасырлар).
Ежелгі Рим мәдениеті. Республика дәуіріндегі Римнің мәдениеті (б.з.д. IV-I ғасырлар).
Империя дәуіріндегі Римнің мәдениеті (I- IV ғасырлар).

V. Ислам мәдениеті (3 сағат)

Ислам мәдениеті – араб мәдениетінің бастамасы.
Араб тіліндегі философия және ғылым. Жазба мәдениеттің қалыптасуы.
Ислам мәдениетінің қазіргі заман өркениетіне әсері.

VI. Орта ғасырлық еуропа мәдениеті (5 сағат)

Христиан діні еуропалық орта ғасыр дәуірінің реттеуші идеясы ретінде.
Феодалдық Батыс Еуропадағы католик шіркеуінің гегемониясы және оның мәдениеттің дамуына әсері.
Орта ғасырлық Еуропадағы білім беру жүйесі.
Орта ғасырлық Еуропа халқының әдебиеті және өнері.
Қайта өрлеу дәуірінің мәдениетінің ерекшеліктері.

VII. Жаңа заман - мәдени құндылықтар негізі (3 сағат)

Ағарту дәуірінің мәдениеті. Британия ағарту Отаны. Неміс ағартушылары.
Ұлы Француз ағартушыларының қоғамдық қызметі.
Ағартушылық замандағы мәдениеттің дамуындағы өзгерістер.
Ағарту дәуірінің жетістіктері.

VIII. Қазіргі заман мәдениеті (7 сағат)

XX ғасырдың 20-жылдарының басы мен 30-жылдардың соңы- әдебиетте авангардизм (көркемдеу), ұлттық реализм (кезеңді бейнелеу), натурализм (шынайы), сюрреализм (асыра реализм), кино өндірісінің қалыптасуы, өнеркәсіптік дизайнның қалыптасуы.
60-жылдардағы контр-мәдениет пен анти-мәдениеттің феноменінің пайда болуы (хиппи, панка).
90-жылдардан бастап жаһандану мәдениетінің қалыптасуы.
XX ғ. мәдениетінің қайшылығы мен негізгі құндылықтары. Адам табиғаты. Мәдени құндылықтарды сақтау міндеті.
Қазіргі заман мәдениетінің өркениетке әсері. Постиндустриялық қоғамның қалыптасу жолдарына ықпалы.

IX. Номадизм мәдениеттің мұрасы мен сабақтастығы (4 сағат)

Көшпелі өмір сүру салтының қалыптастырған рухани құндылықтары. Номадтық әлемнің дүниетанымдық түсінігі мен сипаты. Номадизмге қатысты түрлі әлемдік көзқарас концепцияларының талдануы. Еуразиялық кеңістіктегі – номадтар мәдениетінің негізгі белгілері. Еварзия өркениетінің әлемдік мәдениетке қалдарған жәдігерлері.

X. Қазақ мәдениеті – әлемдік мәдениет контексінде (10 сағат)

Түркі мәдениетінің әлемдік өркениеттегі орны. Түркілік өркениет және алғы ойлар. Еуразия кеңістігіндегі исламдық Ренессанс және оның ерекшеліктері. Әдебиет: «Қорқыт атаның кітабы», «Оғызнама», «Түрік үстеуінің сөздігі», «Құтты білім», «Диуани хикмет».
Халық поэзиясының түрі: ақындар мен жыраулардың шығармашылықтары.
Қазақ халқының салт-дәстүрлері, мерекелері, шешендік өнері.
Қазақтың ағарту ерекшеліктері.
Ақындардың шығармашылықтарындағы дәстүрлі әлемдік көзқарастың күйзелісі және оның бейнесі.

Қазақстандағы XVIII – XX ғасырдағы музыка мәдениеті.
XVIII – XX ғасырдың басындағы әдебиетте және қоғамдық ойдағы негізгі бағыттар.
Тоталитарлық-әкімшілік жүйесі және ұлттық мәдениет.
Мәдени саясаттың қайшылықты тенденциялары.
Кеңестік өнер мен білім, ғылымның дамуы.

XI. Ұлттық мәдениеттің қоғамдық сананы қалыптастырудағы қызметі (4 сағат)

Ұлтық бірегейліктің мәдениеттің дамуына ықпалы. «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы. Оның мақсаты және жүзеге асырудың негізгі бағыттары: рухани және білім беру жүйесін дамыту, мәдени мұраның сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету. Тарихи және сәулет ескерткіштерін жаңғырту. Мәдени мұраны зерделеудің біртұтас жүйесін құру – фольклор, дәстүр, әдет-ғұрыптар.

XII. Мәдениет ұлттың рухани тәжірибесін айшықтаушы фактор (8 сағат)

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру міндеттері». Ұлттық бірегейлікті сақтау. Білім салтанатына қол жеткізу. Ұлттық мәдениеттің қайта жаңғыру мәселесі. Ұлттық код. Қазақ халқының қазіргі заман мәдениеті: жағдайы мен болашағының дамуы. Қазіргі замандағы дін, адамгершілік, тіл, өнер, әдебиет, ғылым, білім. Постмодернизм кезеңіндегі ұлттық мәдениет. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі «100 жаңа оқулық» жобасының әлемдік мәні бар мұраны дәріптеу. «Туған жер» бағдарламасы бойынша қазақ даласының мәдени қорықтарын әлемдік деңгейде таныстыру.

XII. Әлемдік жаһандану тұсындағы мәдениет: шақыру мен жауап (7 сағат)

Жаһандық үдерістердің ауқымдылығы мен оның сиапты. Ұлтымыздың рухани мұрасы мен мәдениетін жаңаша бағамдау. «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақала. Әлемдік

мұрағаттардағы тарихи-мәдени жәдігерлерді жинақтау- Архив-2025. Ұлы даланың ұлы есімдері әлемге насихаттау. Ұлы даланың ежелгі өнер мен технологиялар музейі. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы. Атқа міну мәдениеті. Аң стиліндегі өнер. Алтын адам. Ұлы Жібек жолы әлемдік мәдениетті тоғыстырған байланыс үлгісі. Мәдениет адамзаттың ортақ мұрасы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ,
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ,
АБАЙ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ТЕРЕҢДЕТЕ ОҚЫТАТЫН ОРТА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ

«Келісілді»
Халықаралық қатынастар
кафедрасының меңгерушісі:
_____
т.ғ.к., доцент Н.Ш. Жамансарин

«Бекітемін»
Мектеп-интернат директоры:
_____ Р.Е. Сексенова

«Дипломатия негіздері» бейіндік пәні бағдарламасы

Алматы, 2020

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10,11-сыныбына арналған «Дипломатия негіздері» бейіндік пәнінің оқу бағдарламасына

ПІКІР

Дипломатия - жалпы адамзаттың әлеуметтік-мәдени, қоғамдық-саяси болмысының, қоғамның сыртқы халықаралық қатынас индустриясы өндірісінің нәтижесі.

Бүгінде дипломатия міндеттері тәтенше қиындай түскен заман туды. Өйткені ол жаңа, бұрындары өз құзырына бағынбайтын, мәселені әскери қарусыздандыру, экология, космос, теңіздер мен мұхиттар тәрізді кең көлемдегі халықаралық-құқықтық реттеуге мұқтаж салаларға тез кіріп, араласа бастады.

Ресми дипломатияның өз іс-тетіктерінде де айтарлықтай өзгерістер жүріп жатыр. Онда экономикалық ынтымақтастық пен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді дамытуға бағытталған көпқырлы дипломатияға басым мән берілген. Дипломатия тарихшылар мен саясаттанушыларға ғана емес, сонымен бірге әлеуметтанушылар пен психологтарға, журналистерге ықпал ететін нысанға айналды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев дипломатиялық істі бағалай келіп: «...дипломаттың миссиясы құрметті де, жауапты. Елші мемлекет атынан сөйлейді, ол ұлттық мүдделерді қорғайды. Елші болу – дипломат қызметінің шырқау шыңы және айрықша жауапкершілік. Елші ең жоғарғы өлшемдерге сәйкес болуы тиіс ...», - деп көрсетеді.

Бұл бағдарламада пәннің мақсат, міндеттері айқын көрсетіліп, оқытуға бірнеше тақырыптар ұсынылған. Атап айтсақ:

- ✓ дипломатия негіздері мен тарихы;
- ✓ дипломатия тарихындағы негізгі тарихи үдерістер;
- ✓ әр түрлі елдердің елшілік қызметінің ерекшеліктері, дипломатияның әдістері мен жолдары;
- ✓ пәнді оқыту барысында алған теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастырып, өмірде қолдана білуге үйрету т.б.

Демек, жоғары сынып оқушылары бұл пәнді оқи отырып, болашақ дипломатқа тән қабілет, білікке дағдыланбақ. Сол арқылы сыни көзқарастары қалыптасып, болашақта өзіндік пікірі бар жеке тұлға қалыптастыруға да түрткі болары сөзсіз. Сондықтан, мектеп қабырғасында дипломатияның алғашқы негіздерін, елшінің бойында болуы тиіс қасиеттерді, іскерлік дағдыларын меңгерту нұр үстіне нұр болмақ. Бұл оқушылар үшін қосымша және ең бастысы керекті білім.

Халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі **т.ғ.к., доцент Н.Ш. Жамансарин**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МИНИСТРЛІГІ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ ПЕРСОНАЛДЫ БАСКОРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ

ҚАЗАҚСТАЙМЫН: Абай атындағы ҚазҰПУ ПЕРСОНАЛДЫ БАСКОРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ

ЗАВЕРЯЮ: НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ КазНПУ имени Абая

КОПІЯ ПОДЛИННИК

«**Дипломатия негіздері**» бейіндік пәнінің бағдарламасы

ҮЙЛЕСТІРУШІ: мектеп-интернат директоры **Р.Е. Сексенова**

БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕГЕН: т.ғ.к., доцент **Ғ.А.Менибаев**, тарих пәні мұғалімі: **Ж.О.Мурабулдаева**

ПІКІР ЖАЗҒАН: Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институтының «Халықаралық қатынастар» кафедрасының меңгерушісі т.ғ.к., доцент **Жамансарин Н.Ш.**

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныбы үшін «Дипломатия негіздері» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасы

Түсінік хат

Дипломатия – үкімет органдары, оның шетелдердегі өкілдері мен сенімді тұлғалары жүзеге асыратын мемлекеттің сыртқы саяси міндеттерін іске асыру қызметі. Нақты айтқанда, дипломатия мемлекеттің сыртқы саяси және халықаралық қатынастарды жүзеге асырушы тәжірибелік тәсілдер, құралдар мен әдістерінің жиынтығы болып табылады.

Көптеген елдерде дипломатия мемлекеттердің бейбіт жағдайда бірлесіп өмір сүруінің ғылымы немесе әдістемесі жайлы теориясы, мемлекеттер арасындағы достықты нығайтуға, әріптестікті орнатуға, олардың арасындағы қандай да бір қайшылықтарды бейбіт реттеудің саяси амалдары мен әдістері жөніндегі ғылым ретінде қарастырылады. Дипломатия тарихы, дипломатиялық құқық, дипломатиялық қызмет, дипломатиялық хаттама осы ғылымның салалары болып табылады.

«Дипломатия негіздері» оқу пәніне гуманитарлық, әлеуметтік, экономикалық ғылымдар жатады. Бұл курс оқушылардың дипломатия негіздері мен тарихы, халықаралық қатынастарды теориялық тұрғыдан оқып-үйренуіне негізделген.

Пәнді оқу барысында оқушылар: дипломатия негіздері мен тарихы, дипломатия тарихындағы негізгі тарихи үдерістер, әр түрлі елдердің елшілік қызметінің ерекшеліктері, дипломатияның әдістері мен жолдары, дипломатиялық қызметтің негіздерін қарастырады.

Оқу пәнінің негізгі **мақсаты:**

- Оқушылардың дипломатия туралы теориялық білімін қалыптастыру және отансүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дамыту;
- Пәннің негізгі ұғымдарын, терминологиясын меңгерту, әлемнің тарихи бейнесін, тарихи ойлауды қалыптастыру;
- Адамгершілік құндылықтарына негізделген, азаматтық-патриоттық тәрбие мен жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту болып табылады

Пәнді оқыту міндеттері:

- Мәмілегерлік құжаттардың түрлерімен таныстыру;
- Дипломатиялық жұмыстың негізгі әдістері мен амалдарын көрсету;
- Халықаралық қатынастағы дипломатиялық қызметтің рөлін, маңызын көрсету
- Оқушы бойында іскерлік қабілеттілікті, коммуникативті құзіреттілікті қалыптастыру;
- Сын тұрғысынан ойлау, проблемаларды шешу сияқты білік, дағдыларды қалыптастыру

Курс халықаралық қатынас, халықаралық құқық, әлемдік экономика, халықаралық журналистика, елтану, аймақтану, саясаттану, тарих сияқты мамандықты қалайтын жеткіншектерге бағыт-бағдар, көмек береді.

«Дипломатия негіздері» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

10,11-сынып – аптасына әр сыныпқа 1 сағат, оқу жылында әр сыныпқа
34 сағатты құрайды

«Дипломатия негіздері»
бейіндік пәнінің базалық мазмұны

1-тақырып. Дипломатия ғылым және өнер ретінде

Дипломатия мен дипломатиялық қызметтің мәні. Дипломатияның принциптері, түрі, әдістері және құралы. Дипломатияның ерекшеліктері. Дипломатияны ұйымдастыру. Дипломатия ғылым және өнер ретінде. Дипломатия халықаралық қатынастың қайнар көзі ретінде. Халықаралық құқықтың дипломатиялық қызметтегі рөлі. Заманауи дипломатияның мәселелері. Қазіргі заманғы қазақ дипломатиясының міндеттері.

2-тақырып. Ежелгі дүние дипломатиясы. Ежелгі Греция дипломатиясы.

Тель-Амарна хат алмасуы. II Рамзес перғауынның хеттермен келісімі. Ассирияның халықаралық саясаты.

Ашшурбанипал патшаның мәмілегерлігі. Ежелгі Грекиядағы халықаралық қатынас. Келісімдер мен одақтар. Елшілер мен елшіліктер. Грекияның классикалық кезеңіндегі дипломатия(б.э.д. XII-VIIIғғ.). Гомерлік Греция кезеңінде дипломатияның тууы(б.э.д. VIII-IVғғ.). Перикл. Пелопоннес соғысы. Спартадағы одақтық конференция. Македония патшаларының дипломатиясы. Гректер мен парсылар. Коринф конгресі. Фукидид. Спартаның Персиямен достық келісімі (б.э.д. 412ж.). Парсы сатрапы Тиссаферон, оның кеңесшісі Алкивид. Б.э.д. 387ж. Анталкид бейбіт келісімі. Ежелгі Грекияның дипломатиялық келісімдерінің амалдары мен әдістері.

3-тақырып. Ежелгі Рим дипломатиясы. Орта ғасырлардағы Византия империясының дипломатиялық қызметі.

Республика және Империя кезеңіндегі Римнің дипломатиялық қызметі. Рим дипломатиясының негізгі ерекшеліктері: бөліп алда да, билей бер; жаулармен күресте бөтендердің аумағында «достардың» қарулы күштерін пайдалану; өзге мемлекеттің ішіндегі әлеуметтік қозғалыстарды өз мақсатына пайдалану; дипломатияны өнерге айналдыру; «сатып алу» дипломатияның маңызды әдістерінің бірі ретінде; дипломатиялық жұмыста әскери күшті кеңінен пайдалану; Империя кезеңінде дипломатиялық жұмыста діннің рөлінің күшеюі. Рим мен Карфаген арасындағы күрес. Греция, Македония, Таяу Шығыстағы римдіктердің мәмілегерлігі. Цезарьдің Галлиядағы дипломатиясы. Шешендік-дипломатиялық мектептер. Варварлармен келісім. Халықтардың Ұлы қоныс аударуы кезеңіндегі дипломатия. Рим империясы және варварлар. Константинополь және Аттила. Одоакр және Теодорих. Византия дипломатиясы. Юстиниан. Византиядағы елшілік ісі.

4-тақырып. Ортағасырлардағы итальяндық мемлекеттердегі дипломатиялық қызмет. Венеция – дипломатиялық күрес орталығы.

Папалар мен франк мемлекеті. Ұлы Карлдың дипломатиясы. Араб халифатының дипломатиясы. Түрік және Хазар қағанаттары. Киев Русі және Батыс Еуропа. Каролингтер империясының құлауы. Жеке соғыстар құқы. Қасиетті Рим империясы және папалық. Крест жорықтары.Бату ханның

Еуропаға жорығы және еуропалықтар мен моңғолдар байланысы. Еуропада ұлттық мемлекеттердің қалыптаса бастауы. Жүзжылдық соғыс. Еуропада итальяндық дипломатиялық тәжірибенің таралуы. Ганза және Солтүстік Еуропадағы халықаралық қатынастар.

5-тақырып. Ортағасырлар мен жаңа заман кезеңіндегі еуропалық мемлекеттер дипломатиясындағы шіркеудің рөлі.

Ортағасырлық қоғамдағы шіркеудің рөлі. Саяси ықпалдың таралу жолы ретіндегі діннің таралуы. Еуропа және мұсылман әлемінде саяси мақсаттарға дінді пайдалану ерекшеліктері. Еуропадағы ұлттық мемлекеттердің қалыптасуындағы діни фактордың рөлі. Орта ғасыр мен Жаңа замандағы өркениеттер қақтығысы ареалындағы – Ресей, Испания, Балқан. Католик және православие шіркеуі иерархтарының саяси процестер мен саяси оқиғаларға әсері. Христиан және исламдық бөлінудегі саяси фактордың рөлі. Шіркеу дипломатиясының ерекшеліктері.

6- тақырып. XIX ғасырдағы Пруссиядағы дипломатиялық қызмет. Бисмарк – дипломат.

Герман ұлтының Қасиетті Рим империясының дипломатиялық тәжірибесі. «Жұдырық құқығы»(«кулачное право»). Отызжылдық соғыс. Пруссия дипломатиясы. Германияның «жоғарыдан» бірігуі. Кацлер Бисмарк. Герман отаршылдығы.

7-тақырып. Жаңа замандағы Англия дипломатиясы (XVII-XIXғғ.)

Норман жаулап алуынан кейінгі Англияның халықаралық байланыстары. Отаршылдық экспансия және британ дипломатиясы. Англияның Франция және Испаниямен бәсекелестігі. Британ дипломатиясындағы корольдердің рөлі. Сыртқы қатынастар жүйесінің қалыптасуы. Британ протоколы. Азия, Африка және Америка елдерімен байланыстағы британ тәжірибесі. «Теңіз қожайыны» және «әлемдік шеберхана». Версаль-Вашингтон жүйесіндегі Ұлыбритания. Керзон. Бальфур Декларациясы, Британ достастығы шеңберіндегі доминиондар қарым-қатынасы.

8-тақырып. XVII-XXғғ. Франция дипломатиясы

Филипп IV тұсындағы француз ұлттық мемлекетінің қалыптасуы кезеңіндегі дипломатия. Жүзжылдық соғыс мәмілегерлігі. Людовик XI. Еуропалық халықаралық қатынастағы Францияның гегемониясы.«Ұлы жобалау» дипломатиясы және Сюлли. Кардинал Ришелье және француз отаршылдық экспансиясы. Францияның дипломатиялық қызметінің қалыптасуы. Француз тілі және әлемдік дипломатиялық тәжірибедегі хаттама. Қырым соғысы. Франция Версаль-Вашингтон жүйесінде. Виши және француз Қарсыластығы. Суық соғыс жылдарындағы француз дипломатиясы.

9-тақырып. Ресей дипломатия тарихы (IX-XVIIғғ.)

Ежелгі Русьтің халықаралық байланысы. Феодалдық бытыраңқылық кезеңіндегі дипломатиялық тәжірибе. Монғол шапқыншылығы кезіндегі Руське шығыстық әсер. Мәскеу княздарының халықаралық ықпалының күшеюі. III Иван, «Мәскеу – үшінші Рим» концепциясы. Иван Грозный мәмілегерлігі. Герберштейн және Олеарий елшілері. XVII ғасырдағы елшілік.

10-тақырып. XVIII ғасыр мен XX ғасырдың басындағы Ресей дипломатиясы

I Петр және Ресейде дипломатиялық өкілдік жүйе құру. Сыртқы істер коллегиясы. Ресейде еуропалық хаттама енгізу. Сыртқы істер министрлігін құру. Венн жүйесіндегі Ресейдің рөлі. Канцлер Горчаков. Извольский және Сыртқы істер министрлігі реформасы. Ақпан революциясы мәмілегерлігі.

11-тақырып. Қазақ хандары дипломатиясы. Нәзір Төрекұлов - тұңғыш қазақ дипломаты

Жәнібек хан мен Керей ханның дипломатиясы. Қасым ханның дипломатиясы. Хақназар және Тәуекел хан тұсындағы елшілік алмасулар. Дала дипломатиясы. Бағзы қазақ елшілік істерінің ерекшеліктері. Елшілік әдет-ғұрыптар. Нәзір Төрекұлов – Сауд Арабиясында консул болған қазақтан шыққан тұңғыш дипломат. Нәзір Төрекұлов – шығыстанушы, саясаткер, мемлекет қайраткері, ғалым, әдебетші, журналист.

12-тақырып. Кеңестік дипломатияның ерекшеліктері

Большевиктердің құпия дипломатиямен күресі. Дүниежүзілік пролетарлық революция сыртқы саяси императив ретінде. Троцкий және Чичерин сыртқы істер Халық Комиссариатының басшылығында. Сталиндік дипломатия: пролетарлық интернационализм орнына ресейлік национализм. Литвинов, Молотов және Вышинский сыртқы істер Халық Комиссариатының басшылығында. Кеңес билігін халықаралық мойындау. Рапаллодағы келісім. Кеңестік дипломатиялық корпустағы репрессия. КСРО дипломатиясындағы мемлекеттік қауіпсіздік органдарының рөлі. Екінші жүниежүзілік соғыстан кейінгі НАТО елдерімен, социалистік және дамушы елдермен қарым-қатынас.Хрущев дипломатиясы. Қайта құру кезеңіндегі өзгерістер.

13-тақырып. Қазақстан Республикасының әлем елдерімен дипломатиялық қарым-қатынасы

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі қалыптасуының негізгі кезеңдері. Қазақстан Республикасын тәуелсіз мемлекет ретінде де-факто және де-юре мойындау. XX ғасырдың 90-жылдарындағы дипломатияның қалыптасуы. ҚР екіжақты және көпжақты дипломатиясы. Әлем елдерімен қарым-қатынаста қазіргі заманғы Қазақстан дипломатиясының қалыптасуы мен дамуы. Халықаралық проблемаларды шешудегі қазақ дипломатиясының рөлі. Сирия мәселесін реттеудегі Қазақстанның рөлі. Астана процесі.

14-тақырып. Мемлекеттің сыртқы қатынастар органдары: орталық және шетелдік

Сыртқы қатынастар органдары ұғымы. Сыртқы қатынастардың орталық және шетелдік органдары. Сыртқы істер ведомоствосы. Шетелдік миссиялар, олардың атқаратын қызметтері. Мемлекеттің сыртқы қатынастарындағы дипломатиялық жолдар. Мемлекеттің сыртқы қатынастар органдары қызметіндегі нормативті құжаттар.

15-тақырып. Дипломатиялық персонал (қызметкер)

Дипломатиялық өкілдіктің қызметтері. Сыртқы қатынастардағы уақытша және тұрақты шетелдік органдар. Дипломатиялық өкілдікті ұйымдастырудағы құрылымдар. Дипломатиялық өкілдіктегі қызметкердің лауазымдары. Дипломатиялық өкілдік бар елдегі билікпен қарым-қатынас тәртібі. Халықаралық ұйымның жанындағы тұрақты өкілдік және оның атқаратын қызметтері.

16-тақырып. Дипломатияның ерекшеліктері және шетелдік мемлекеттердің сыртқы қатынастар органдары

Шетелдік сыртқы қатынастар органдарының түрлері. Дипломатия қызметкерлерінің жалпы кәсіби белгілері.

Әр түрлі елдердегі дипломатиялық ведомство басшыларының қызметтік жағдайларының ерекшеліктері. Кейбір мемлекеттердегі шетелдік өкілдіктердің ерекше түрлері. Шығыс дипломатиясы ұғымы. Шығыс дипломатиясының сипаттары. Шығыс елдеріндегі дипломаттардың жұмыс стиліндегі ерекшеліктер. Халықаралық қатынастардағы қазіргі заманғы шығыс дипломатиясының рөлі. Ағылшын-американ, француз-герман дипломатиялық органдар жүйесі.

17-тақырып. Дипломатиялық протокол және этикет

Дипломатиялық хаттама (протокол) түсінігі. Дипломатиялық тәжірибедегі дипломатиялық хаттаманың рөлі. Хаттаманың принциптері мен нормалары. БҰҰ мысалындағы халықаралық ұйымның хаттамалық тәжірибесі және хаттамалық қызмет. БҰҰ хаттамалық қызметінің функциялары. БҰҰ жаңа мүшелерді қабылдаудағы дипломатиялық хаттама.

Этикет және рәсім.Дипломатиялық биязылық. Дипломатиялық өкілдік тұрған елдегі жағдайға бейімделу. Мемлекеттік рәміздерге қатысты дипломатиялық этикетті, хат алмасу ережелерін сақтау. Дипломатиялық хаттама және жергілікті дәстүр. Дипломаттың киім үлгісі.

18-тақырып. Дипломатиялық қатынас орнату және дипломатиялық өкілдік қызметін тоқтату

Дипломатиялық қатынас орнатудың хаттамалық нормалары. Жаңа елшілік ашу. Мемлекеттер арасындағы қатынасты рәсімдейтін құжаттар. Дипломатиялық өкілдік басшысын тағайындау. Агреман сұранысы. Агреман

сұранысынына жауап. Дипломатиялық өкілге сенім грамотасын тапсыру. Дипломатиялық өкілдік лауазымы қызметіне кірісу тәртібі. Дипломатиялық өкілдік қызметін тоқтату жағдайлары. Дипломатиялық қатынасты үзудің хаттамалық нормалары.

19-тақырып. Дипломатиялық жұмыстың әдістері

Дипломатиялық қабылдау ұғымы. Дипломатиялық қабылдау дипломатиялық қызметтің түрі ретінде. Дипломатиялық қабылдаулардың классификациясы. Күндізгі және кешкі қабылдаулар.Отыру тәртібімен және отыру тәртібінсіз қабылдау. Іс-шаралар мен атаулы күндердегі және күнделікті дипломатиялық қызмет барысындағы қабылдаулар тәртібі. Дипломатиялық қабылдаулардағы киім үлгісі.Дипломатиялық қабылдаулардағы заманауи үрдістер және ұйымдастырудағы ерекшеліктер.

20-тақырып. Елшілік қызметтің негіздері. Елшілік және оның қызметкерлері

Консулдық мекемелердің түрлері. Орталық және шетелдік елшілік мекемелер. Елшілік мекемелерінің қызметі. Елшілік мекемелерін ұйымдастыру құрылымы. Консулдық дәреже (класс). Консулдық округ. Консулдық патент және экзекватура. Елшіліктің лауазымдық қызметкерлері, штаттық және штаттан тыс консулдар. Консулдық артықшылық және иммунитет. Консулдық алымдар және тарифтер. Консулдық мекеме қызметкерлерін тағайындау тәртібі. Консулдық мекеме қызметкерлеріне қойылатын талаптар.

21-тақырып. Шетелдік азаматтар статусы және оны реттеу

«Шетелдік азамат» түсінігі. Шетелдік азаматтарға мемлекеттің берген құқықтық режимдерінің түрлері. Елдегі шетелдік азаматтардың жүріп-тұруын реттеу ерекшеліктері. Шетелдік азаматтардың жағдайы мен заңды жауапкершілігін реттеу жолдары. Шетелдік азаматтардың құқықтары мен олардың еңбек қызметін реттеу.

22-тақырып. Шетелдік агенттік қызметінің арнайы түрлері. Көпжақты дипломатия

Дипломатиялық почта және дипломатиялық курьерлік байланыс түсінігі. Дипломатиялық почтаның қолсұғылмаушылығы. Ресми дипломатиялық өкілдік корреспонденция ұғымы және оның статусы. Дипломатиялық

курьер. Дипломатиялық курьерге қойылатын кәсіби талап. Дипломатиялық курьердің дипломатиялық почтаны тапсыру тәртібі. Дипломатиялық курьердің иммунитет ерекшеліктері.
Көпжақты дипломатия түсінігі. Қазіргі әлемдегі көпжақты дипломатияның рөлі. Көпжақты дипломатияның органдары. Халықаралық ұйымдарды жіктеу. Басты халықаралық ұйымдардың сипаттамалары. Көпжақты дипломатияның органдары ретіндегі халықаралық конференциялар мен кеңестер.

23-тақырып. Экономикалық дипломатия

Экономикалық дипломатия түсінігі. Экономикалық дипломатияның функциялары. Экономикалық дипломатия органдары. Экономикалық дипломатияның арнайы түрлері. Қазіргі заманғы экономикалық дипломатияға тән белгілер.

24-тақырып. Заманауи дипломатиядағы жаңалықтар. Қазіргі әлемдегі ашық және қоғамдық дипломатия

Қазіргі заманғы халықаралық қатынастардағы дипломатияның рөлінің өзгеруі. «Жұмсақ күш» дипломатиясы. Заманауи дипломатиядағы БАҚ-тың рөлі. Батысеуропа мемлекеттері дипломатиясындағы реформалар. Американдық дипломатия – супермемлекет дипломатиясы. Қазіргі заманғы дипломатияның жетістіктері мен кемшіліктері. Халықаралық келісімдердегі жаңалықтар. Электронды құралдардың дипломатиядағы рөлі. Цифрлық дипломатия. Дипломатиядағы «жаңа әлемдік кеңістік». Парадипломатия. Дипломатиялық этикеттегі жаңалықтар.

25-тақырып. Дипломатиядағы ұлттық-мәдени және діни ерекшеліктер

Мәмілегердің жұмысындағы дәстүрді, салтты, діни және этникалық ерекшеліктерді есепке алу. Ментальді ерекшеліктер және оның дипломатиялық келісімдер барысына әсері. Этикеттің ұлттық және психологиялық ерекшеліктері.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ТЕРЕҢДЕТЕ ОҚЫТАТЫН МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ

«Келісемін»
Баспасөз және электронды
БАК кафедрасының меңгерушісі
_____ Г. Сұлтанбаева

«Бекітемін»
Мектеп-интернат директоры
_____ Р.Е.Сексенова

«Журналистика негіздері» бейіндік пәні бағдарламасы

Алматы, 2020

Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін терендете оқытатын мектеп-интернатының 10-11-сынып оқушылары үшін қазақ әдебиеті курсы бойынша дайындалған «Журналистика негіздері» бейіндік пәніне

ПІКІР

Бұл бағдарлама ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында журналистика негіздерін оқытуды көздейді. Негізгі міндеті – журналистиканы теориялық негізде таныстырып, бұқаралық ақпарат құралдары жайында базалық білім қалыптастыру. Оқушылардың жеке қабілеттерін оқу үдерісінде ескерілетіндігі бағдарламаның жүйелі түрде мектеп деңгейіне ыңғайластырып сипатынан анық байқалады. Мектептің жоғары сатысында 10-11 сыныптарда бейімі анықталған балалардың болашақ білім алу деңгейіне сәйкес терендетіліп оқытуды қолымызға ұстап отырған бағдарламамыз нақтылай алады. Бағдарлама сағаты ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен сағатқа сәйкес құрылған.

10-сыныпта журналистиканың бастапқы ұғымдары оқытылып, тарихымен таныстырылады. Медианың қоғамда атқаратын рөлі айқындалып, мақала жазудың алғышарттары жалпы орта мектеп деңгейіне дейін ыңғайластырып түсіндіріледі. Практикалық тұрғыдан оқушылар мақала жазып, репортаж және корреспонденция сынды жанрларда жұмыстар жасайды.

11-сыныпта жалпы журналистика жайында түсінік қалыптасқан оқушыларға «ақпараттық қауіпсіз», «факт чек», «медианың қоғамдық пікір қалыптастыруда атқаратын рөлі сынды» күрделі тақырыптар қозғалып талданады. Бұл болашақта оқушылардың ақпаратты қабылдап, тексеріп, талдай алатын қабілеттерін қалыптастыруына септігін тигізеді.

Бейіндік пәннің мектеп бағдарламасына енгізілуі уақыт талабы деген пікірдемін. Алдағы уақытта тиімділігін байқатқан жағдайда жалпы орта мектептердің біраз бөлігіне енгізу керек деп ойлаймын.

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
PhD доктары **А. Ақынбекова**

«Журналистика негіздері» бейіндік пәнінің
бағдарламасы

ҮЙЛЕСТІРУШІ: Мектеп-интернат директоры **Р.Е. Сексенова**

БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕГЕНДЕР: Қазақ ұлттық университетінің саяси ғылымдарының докторы, профессор **Г. Сұлтанбаева**, журналистика негіздері пәні мұғалімі **Б. Балымбетов**

ПІКІР ЖАЗҒАН: Қазақ ұлттық университетінің әлеуметтік ғылымдардың PhD доктары **А. Ақынбекова**

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Журналистика негіздері» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Түсінік хат

Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

XXI ғасыр ақпарат пен ақпараттық технологиялар ғасыры екендігі анық. Өміріміздің әр саласына сандық технологиялардың енуімен, күнделікті тірлікте біздің жаңа үрдіске ілесуіміз өздігінен жүріп жатқан процесс. Қай елдің ғылымы озық, технологиясы жетік болса, сол мемлекеттің тілінің қолдану аясы әлемдік деңгейде болады. Еліміз егемендік алған соңғы жиырма бес жыл көлемінде қоғам өмірінің барлық саласында қалыптасқан қағидалар бұзылып, көптеген өзгерістер орын алды. Жаңалықтың жаршысы болған бұқаралық ақпарат құралдары да түбегейлі ақпарат кеңістігіндегі көптеген тың ізденіс пен шығармашылық тәсілдің алуан түрі қалыптасуына қол жеткізді. Олардың түрлі тақырыптағы жариялынымдары ғалам мен өркениет үйлесіміне, әлеуметтік ақпарат жеткізудің кәсіби жоғарғы стандарттарына, дәлдікке, объективтілікке және тепе-теңдікке табан тіреуге ұмтылды. Жаңа ғасыр басындағы қазақ журналистикасының мәтіндері ұлттық мүдде, қоғам алдындағы толықтай жауапкершілікке негізделді. Бүгінгі БАҚ арқылы таралатын аудиалды және визуалды түрде қабылданатын хабарламалардың бәрі біріге келіп вербалды және медиалық белгілердің жиынтығы ретінде «әлеуметтік медиа» ұғымын құрайды.

Уақыт талабына сай қандай мамандық иесі болмасын күнделікті кездесіп отыратын «қаржылық сауаттылық», «әлеуметтік қарым-қатынас», «құқықтық сауаттылық» сынды салаларды оқытатын пәндердің маңызы артып келеді. Солардың ең маңыздысы – ақпараттық сауаттылық. Себебі қазіргі таңда ақпараттардың ағыны көп болғанымен одан білім сапасы артып

жатқан жоқ. Бұл олқылықты отандастарымыздың әлеуметтік желіден, тағы да басқа ресми емес ақпарат көздерінен алған мәліметтерге мәселенің байыбына бармай еріп кететінімен және еркін ақпарат көздерінен білім алған қоғамға зияны тиетін әлеуметтік топтардың (мысалы діни экстремистер) қалыптасуымен түсіндірсе болады. Осы орайда ақпараттық жағынан сауатты, бар мәліметтерге талдау жасап өзіндік шешім шығара алатын қоғам қалыптастыру маңызды.

«Журналистика негіздері» пәні бағдарламасы оқушыларға филологияға жақын журналистиканың қыр-сырын танытуға, жалпы сауаттарының, шығармашылық қабілеттерінің артуына, тілдерінің дамуына және ақпараттық анализ жасауға септігін тигізуге бағытталады. Мақсаты: сөзді қоғамдық пікір қалыптастырудың құралы ретінде жұмсап, көпшілікке арналған мерзімді басылымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында (газет, журнал, радио, теледидар) қандай тілдік қолданыстарды алуға болатыны туралы мағлұмат беру.Оқушылар сондай-ақ сөз бостандығы, журналистік этика, сенімді ақпарат көздері және басқа да көкейкесті мәселелер жөнінде хабардар болады.

Мектеп қабырғасындағы жас жеткіншектерді журналистика әлемімен таныстырып, шығармашылық жұмыспен айналысуға мүмкіндік жасаудың тиімділігін уақыт дәлелдеп берді. Ең алдымен жаңа медианың негізгі құралдары бүгінгі таңда кез-келген салада керек болады. Бұл оқушылар үшін қосымша, және ең бастысы керекті білім. Екіншіден, балалардың арасынан қызығушылығы жоғарыларын іріктеп олардың одан әрі жоғары оқу орнында өз білімін жетілдіруге жағдай жасауға, серіктестік негізінде толық әлеуетіміз жетеді. Журналистиканың негізін мектеп қабырғасында игерген жас жеткіншек, өз білімін тереңдете түсетін болса, қоғамның көш ілгерілеуіне септігін тигізе алатын мықты медиа мамандар қалыптасады деп есептейміз.

Бейіндік пәнді оқи отырып, журналистиканың негізгі теориялық білімімен танысып, жаңа ақпарат тарату әдістері мен технологияларды игереді. Ақпараттық қауіпсіздік сынды әрбір азаматқа маңызды біліммен танысады.

Бұл пәнді оқыту барысында:

Ақпарат таратудағы журналистік әдіс-тәсілдердің шығармашылық негіздерімен таныстыру;

Пәнді оқыту барысында алған теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастырып мақала жазудың қисындарын үйрету;

Пәнді оқытудың басты мақсаты – оқушыларды журналистика негіздерімен таныстырып, журналист кәсібінің ерекшеліктерін біліп шығуларын жолға қою.

Пәнді оқыту міндеттері:

Журналистиканы теориялық негізде таныстырып, бұқаралық ақпарат құралдары жайында базалық білім қалыптастыру;

Журналистиканың тарихы және бүгінімен таныстыру арқылы, оқушылардың масс-медиаға деген қызығушылығын ояту;

Жаңа ақпараттық технологияларды игеруге септігін тигізу;

Журналист этикасы мен имиджін игеру арқылы, кез-келген салада медиа адамы ретінде өзін-өзі ұстаудың негіздерін үйрену.

Пәнаралық байланыс бейіндік пәнді игеруді жеңілдетіп, баланың дүниетанымының кеңеюіне септігін тигізеді. Жалпы білім беретін мектептің орта деңгейінде «Журналистика негіздері» бейіндік пәнін төмендегі пәндермен байланыстыру көзделеді.

«Қазақ тілімен»

Оқу және жазу сауаттылығы журналистика саласының негізгі тірегі болып саналады;

Қазақ тілі пәнінен алған теориялық білім практикалық негізде «Журналистика негіздері» пәнінде қолданылатын болады;

«Қазақ әдебиетімен»

Сөз саптау және шешендік өнер телевизияның тікелей эфир табиғатына керек қасиет. Бұл өнерді «қазақ әдебиеті» пәнімен ұштастыра отырып, игеретін боламыз;

«Қазақстан тарихымен»

Алаш зиялыларының қазақ журналистикасы үшін сіңірген еңбектерін «Қазақстан тарихы» пәнін негізге ала отырып талдаймыз;

«Информатикамен»

Ақпараттық технологияларды игеру барысынды «информатика» пәнінен алған білімді негізге аламыз;

Оқушылар алған теориялық білімдерінің негізінде, мақала жазу және журналист мамандығының алғышарттарын игеретін болады.

1) 10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

2) 11-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

Алған білімдерінің нәтижесі ретінде оқушылар жоғары оқу орындарында өтетін жарыстарға белсенді қатысып отыратын болады.

Гүлмира Сұлтанбаева
«Журналистика негіздері»
бейіндік пәнінің базалық мазмұны

10-сыныпта аптасына 1сағат, оқу жылында – 34 сағат

1. Ақпарат және журналистика (1 сағат);
2. Қазақ баспасөзінің тарихы (1 сағат);
3. Қазақ журналистикасының негізін салушылар (1 сағат);
4. Журналистиканың қызмет ету функциялары, принциптері (1 сағат);
5. Журналистика терминдері және оның түсінігі (1 сағат);
6. Журналистика жанрлары (1 сағат);
7. Журналистиканың ақпараттық жанрлары (1 сағат);
8. Журналистиканың талдамалы жанрлары (1 сағат);
9. Журналистиканың көркем әдеби жанрлары (1 сағат);
10. Журналистиканың шоу-бизнес жанрлары (1 сағат);
11. Мақала. Мақаланың құрылымы (1 сағат);

12. Тақырыпты қызықты етіп қою әдістері (1 сағат);
13. Лид. Кеңейтілген тақырып (1 сағат);
14. Мақала жазу барысындағы емлемен жұмыс (1 сағат);
15.Мақала жазу шеберлігі және түрлері (1 сағат);
16. Рерайт (1 сағат);
17. Жинақтама мақала (1 сағат);
18. Көркем жазу әдістері (1 сағат);
19. Хроника (1 сағат);
20. Репортаж (1 сағат);
21. Репортаж элементтері (1 сағат);
22. Талдамалы бейнесюжет: Корреспонденция (1 сағат);
23. Сюжет кезіндегі техникамен жұмыс (1 сағат);
24. Ақпараттық технология (1 сағат);
25. Монтаж жасаушы бағдарламалар (1 сағат);
26. Материалды эфирге дайындау (1 сағат);
27. Мультимедиялық журналистиканың ақпараттық, мәтіндік құралдары (1 сағат);
28. Анимациялық, визуалдық, дыбыстық құралдар мен бағдарламалары (1 сағат);
29. Веб күнделіктер. Фотодеректер (1 сағат);
30. Сұқбат. Көзқарас, пікір (1 сағат);
31. Аналитикалық мақала (шолу, очерк) (1 сағат);
32. Пиктограммалар, көрсеткіштер мен бастырмалар (1 сағат);
33. Интернет журналистика: кеше, бүгін, ертең (1 сағат);
34. Жылдық қорытынды сабақ (1 сағат).

11-сыныпта аптасына 1сағат, оқу жылында – 34 сағат

1. Журналистикаға кіріспе (1 сағат);
2. Журналистік этика (1 сағат);
3. Журналистика жанрлары (1 сағат);
4. Фото журналистика (1 сағат);
5. Радио репортаж (1 сағат);
6. Радио сұқбат (1 сағат);

7. Публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедері (1 сағат);
8. Тілдік норма және жүйе (1 сағат);
9. Сөз байлығы (1 сағат);
10. Жаңа медиа (1 сағат);
11. Әлеуметтік желінің атқарар рөлі (1 сағат);
12. Конвергентті медиа (1 сағат);
13. Дәстүрлі БАҚ (1 сағат);
14. Әлемдік БАҚ жүйесіндегі дәстүрлі БАҚ-тың орны (1 сағат);
15. Мультимедиалық журналистиканың қызметтері (1 сағат);
16. Браузерлерді қолдана білу (1 сағат);
17. Басқа да компьютерлік бағдарламаларды қолдану (1 сағат);
18. Журналистиканың қызмет ету функциялары, принциптері (1 сағат);
19. Журнлистің ақпараттық функциясы (1 сағат);
20. Журналистің мәдени-ағартушылық функциясы (1 сағат);
21. Журналистің әлеуметтік басқару функциясы (1 сағат);
22. Журналистің білім берушілік функциясы (1 сағат);
23. Журналистің рекреативті функциясы (1 сағат);
24. Журналистің қоғам алдындағы рөлі (1 сағат);
25. Медиадағы сөз бостандығы туралы түсінік (1 сағат);
26. Төтенше жағдайлар кезіндегі журналист қызметі (1 сағат);
27. БАҚ-тың интернеттегі порталдары (1 сағат);
28. Электронды хат тарату тізімі (1 сағат);
29. Желілік мамандандырылған ақпарат көздері (1 сағат);
30. Конвергентті журналистиканың дамуы, бағыттары, талаптары (1 сағат);

31. Мәтін дизайны (1 сағат);
32. Мәтінді күшейтетін кейбір бейнелеуіш элементтер (1 сағат);
33. Пиктограммалар, көрсеткіштер мен бастырмалар (1 сағат);
34. Жылдық қорытынды сабақ (1 сағат).

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қожакеев Т. Таңдамалы шығармалар: көптомдық / құраст. – Алматы: ҚАЗақпарат, 2007.
2. Уайдин Ү. «Журналистік этика» пәнінің типтік бағдарламасы: 521030 - Журналистика маманд. бойынша ун-т студенттеріне арн. / ҚР білім ж/е ғылым м-гі, әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2001. - 20
3. Қамзин.К.Х. Журналистика негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013ж.
4. Қамзин.К.Х. Талдамалы журналистика. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013ж.
5. Медеубекұлы С.Замансөз: генезис және типология. Оқу құралы / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. - 314 б.
6. Медеубекұлы С.Шешенсөз. Оқу құралы / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2015. - 152 б.
7. Сұлтанбаева Г.С., Әлімжанова Ә.Б., Мультимедиалық журналистика: оқу құралы / әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2016.
8. Жақсылықбаева Р. Журналист этикасы: оқу құралы әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2013. – 229
9. Әліқожа Б. Замансөз: дерек, оқиға және образ үндестігі: оқу құралы Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. – 149
10. Медиа және ақпараттық сауаттылық [Мәтін]: оқытушыларға көмекші құрал / К. Уилсон [және т. б.]; [ғыл. ред. А. Елғондинова; орыс тіл. ауд.: Г. С. Сұлтанбаева, Б. Әліқожа] ; Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. - 192 б.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ТЕРЕНДЕТЕ ОҚЫТАТЫН ОРТА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ

«Келісілді»
С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі:
К.О. Есенова

«Бекітемін»
Мектеп-интернат директоры:
Р.Ж. Сексенова

«Медиасауаттылық» бейіндік пәні бағдарламасы

Алматы, 2019

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Медиасауаттылық» бейіндік пәнінің оқу бағдарламасына

ПІКІР

XXI ғасыр ғылым мен техниканың қарыштап дамып, ақпараттар легіне ілесе алмай жатқан уақыт. Қай елдің ғылымы озық, технологиясы жетік болса, сол мемлекеттің тілінің қолдану аясы әлемдік деңгейде болады. Осы орайда жаһандану заманында әлемдік ақпараттар легінде жұтылып кетпей, ұлттық ерекшелігімізді, дербестігімізді сақтап қалу үшін медиалық және ақпараттық жағынан сауатты ұрпақ тәрбиелеу қажеттілігі туындайды. Бұл қажеттіліктің үдесінен шығу мақсатында Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін терңдете оқытатын орта мектеп-интернаты «Медиасауаттылық» бейіндік пәнін қолға алып, бағдарламасын әзірлеуде. Бұл бағдарламада пәннің мақсат, міндеттері айқын көрсетіліп, оқытуға бірнеше тақырыптар ұсынылған. Атап айтсақ:

- ✓ Әлемдік кеңсітіктегі ақпараттарды сүзгіден өткізіп, қажетті ақпараттарды іріктеп, саналы шешім қабылдауға мүмкіндік беру;
- ✓ БАҚ арқылы сыни ойлауды қалыптастыру;
- ✓ Пәнді оқыту барысында алған теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастырып, өмірде қолдана білуге үйрету т.б.

Демек, жоғары сынып оқушылары бұл пәнді оқи отырып, түрлі БАҚ арқылы келіп жатқан ақпараттарды сүзгіден өткізіп, жалғандықтан қашық болуға дағдыланбақ. Сол арқылы сыни көзқарастары қалыптасып, болашақта өзіндік пікірі бар жеке тұлға қалыптастыруға да тұрткі болары сөзсіз.

Медиасауаттылық, нақтырақ айтсақ медиалық және ақпараттық сауаттылық (МАС), қазіргі уақытта трендтегі пәннен ең қажетті, ең өзекті пәнге айналып отыр. Еліміз егемендік алған соңғы жиырма бес жыл көлемінде қоғам өмірінің барлық саласында қалыптасқан қағидалар бұзылып, көптеген өзгерістер орын алды. Жаңалықтың жаршысы болған бұқаралық ақпарат құралдары да түбегейлі ақпарат кеңістігіндегі көптеген тың ізденіс пен шығармашылық тәсілдің алуан түрі қалыптасуына қол жеткізді. Олардың түрлі тақырыптағы жариялынымдары ғалам мен өркениет үйлесіміне, әлеуметтік ақпаратты жеткізудің кәсіби жоғарғы стандарттарына, дәлдікке, объективтілікке және тепе-теңдікке табан тіреуге ұмтылды. Шынымен де, қазіргі заманда адамның оқи алуы мен жаза алуы оның сауаттылығына дәлел бола алмайды. Кім болсын ақпаратпен жұмыс істей алуы керек. Ең алдымен, жаңа медианың негізгі құралдары бүгінгі таңда кез-келген салада керек болады. Бұл оқушылар үшін қосымша және ең бастысы керекті білім.

Ф.ғ.к., ун.профессоры **М.А. Жунисова**

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ

РАСТАЙМЫН: Абай атындағы ҚазҰПУ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ
ЗАВЕРЯЮ: НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ КазНПУ имени Абая
КОЛЫ ПОДПИСЬ

«Медиасауаттылық» бейіндік пәнінің бағдарламасы

ҮЙЛЕСТІРУШІ: мектеп-интернат директоры **Р.Е. Сексенова**

БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕГЕНДЕР: Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, филология ғылымдарының докторы **Қ.Ө. Есенова**, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі **Д.Г. Орынбаева**

ПІКІР ЖАЗҒАН: Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, филология ғылымдарының кандидаты **М.А. Жунисова**

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Медиасауаттылық» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Түсінік хат

Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

Еліміз егемендік алған соңғы 28 жыл көлемінде қоғам өмірінің барлық саласында қалыптасқан стереотиптер бұзылып, көптеген өзгерістер орын алғаны мәлім. Осындай өзгерістер жаңалық жаршысы болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдарында ерекше көрініс тапты. Мұның өзі жалпы **ақпараттық кеңістікте** көптеген тың ізденістер мен шығармашылық тәсілдердің алуан түрде қалыптасуына жол ашты. Бұған жарты ғасырдан астам үстемдік еткен Кеңестік цензураның алынып тасталуы, тәуелсіздікпен қатар қол жеткізілген шығармашылық еркіндік, нарық жағдайындағы баспасөз қызметіндегі жаңаша үрдіс, БАҚ түрлерінің көбеюіне байланысты ақпараттық кеңістіктегі бәсекенің күшеюі бір себеп болса, бұқаралық сананың жаңа деңгейге көтерілуі, бұрынғы ұсынылған нәрсені оқып бас шұлғуға мәжбүр болған тізгіндеулі күйден өткен аудиторияның БАҚ-қа қойылатын талабының арта түсуі, жалпы оқырман, тыңдарман, көрерменнің қабылдаушы ретіндегі талғамының да өсуі екінші себеп болды.

Қоғам өмірінің айнасы болып табылатын БАҚ ондағы саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, спорт, өнер, кино, денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы барлық қордаланған проблемаларды жұртшылық назарына ұсынатын да, қандай да бір ғылыми жаңалықтар мен жетістіктерді көпшілікке таныстырып жеткізетін де әмбебап құрал болғандықтан журналистер қауымын **ғаламның ақпараттық бейнесін** жасаушылар деп тануға негіз бар.

Медиасауаттылық, нақтырақ айтсақ медиалық және ақпараттық сауаттылық (МАС), қазіргі уақытта трендтегі

пәннен ең қажетті, ең өзекті пәнге айналып отыр. Аталмыш пәнді әртүрлі аудиторияларда (мектептерден бастап университет кафедралары мен корпорациялардың штаб-пәтерлеріне дейін) оқытудың қажеттілігі туындады. Шынымен де, қазіргі заманда адамның оқи алуы мен жаза алуы оның сауаттылығына дәлел бола алмайды. Кез келген тіл тұтынушысы қоғамда болып жатқан ақпаратты дұрыс қабылдап, талдап, түсініп отыруы тиіс. Бұл инженер үшін де, фермер үшін де, саясаткер үшін де, дәрігер үшін де бірдей қажеттілікке ие. Осы орайда жаңа ақпараттық технологияларды жылдам игеріп, оны жүзеге асыратын мамандар тапшылығы байқалады.

Мектеп қабырғасындағы жас жеткіншектерді әлеуметтік медиа әлемімен таныстырып, шығармашылық жұмыспен айналысуға мүмкіндік жасаудың тиімділігін уақыт дәлелдеп берді. Ең алдымен, жаңа медианың негізгі құралдары ретіндегі медиасауаттылық кез келген салада сұранысқа ие екені белгілі. Бұл оқушылар үшін бейіндік пән болғанымен, өмір қажеттілігінің бірі ретінде өзекті білім болмақ. Екіншіден, балалардың арасынан қызығушылық танытқан озық оқушыларды іріктеп, олардың одан әрі жоғары оқу орнында өз білімін жетілдіруге жағдай жасау арқылы медиасауаттылық әлеуетін қалыптастыру. Журналистиканың негізін мектеп қабырғасында игерген жас жеткіншек өз білімін тереңдете түсетін болса, осы салада сауатты, жаңа технологияларды игеретін мамандар тапшылығынан құтыламыз деп есептейміз.

Пәнді оқыту мақсаттары:

- Журналистика саласының қыр-сыры, даму тарихы мен ерекшеліктерімен таныстыру;
- Әлемдік кеңісітіктегі негізгі қажет деп танылған ақпараттарды сүзгіден өткізу арқылы мәтінге аксиологиялық және лнгвистикалық талдау жасап, дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік беру;
- БАҚ арқылы сыни ойлауды қалыптастыру;
- Оқушылардың әртүрлі тілдік манипуляцияға ұшырап кетпеуіне көмектесу;
- Мақала құрылымына назар аударуды, тақырып қоюды, дұрыс жазудың әдіс-тәсілдерін меңгерту;

- Телебағдарламалар дайындаудың алғышарттарын үйрету;
- БАҚ-тағы медиа мәтіндерді талдай білуге бағыттау;
- Пәнді оқыту барысында алған теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастырып, өмірде қолдана білуге үйрету.

Пәнді оқыту міндеттері:

- Теориялық білімді игерту арқылы БАҚ туралы базалық білім қалыптастыру;
- Журналистиканың тарихы және бүгінімен таныстыру арқылы оқушылардың масс-медиаға деген қызығушылығын ояту;
- Медиасауаттылығы жетілген тұлға ретінде қалыптастыру;
- Жаңа ақпараттық технологияларды игеруге бағыттау;
- Журналист этикасы мен имиджін игеру арқылы кез келген ортада медиа адамы ретінде өзін-өзі ұстаудың негіздерін қалыптастыру.

«Медиасауаттылық» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

9) 10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
10) 11-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

«Медиасауаттылық» бейіндік пәнінің базалық мазмұны

10-сынып аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Медиасауаттылық

1) Медиалық және ақпараттық сауаттылық (МАС)
2) Демократиялық дискурс және медиа
3) МАС құзіреті

2-бөлім. Болашақ тенденциялар

1) Пост-шындық дәуірі және БАҚ
2) Жаңа медиа, жаңа форматтар
3) Конвергенция және медиа бизнестің трендтері

3-бөлім. Ақпараттық қауіпсіздік

1) Өшпенділік тілі және БАҚ-тағы кемсітушілік
2) Ақпараттық соғыстар, кемсітушілік
3) Өшпенділік тілінің технологиясы, стереотиптер
4) БАҚ-та алауыздық тудырудың маркерлері

4-бөлім. Медиа-гигиена

1) Ақпараттық шақыртулар мен қауіп-қатер
2) Жеке және қоғамдық медиа-гигиена
3) Ақпараттық қауіпсіздік қағидалары

5-бөлім. МЕДИАТҰТЫНУ. Ақпарат алаңы

1) Ақпарат алаңы, ақпарат көздері
2) Сыни ойлау
3) Ақпарат беру және насихат

6-бөлім. Насихат

1) Насихат түрлері: PR, жарнама, идеология
2) Насихаттың механизмдері
3) Мемлекеттік насихат

7-бөлім. Практикум

Практикалық тапсырмалар

11-сыныпта аптасына 1сағат, оқу жылында – 34 сағат

1-бөлім. Сапаны бақылау

1) Жаңалық дайындау. Жаңалық және оның сипаттамалары
2) Авторлық жанрлар: редакциялық мақалалар, бағандар
3) Ақпараттық жанрлар: сұхбат, репортаж

2-бөлім. Журналистика стандарттары

1) Ақпарат стандарттары
2) Журналистикағы өзін-өзі реттеу
3) Ақпарат сапасын бағалау әдістері

3-бөлім. МЕДИАӨНДІРІС. Жаңалықтар фабрикасы

1) Жаңалықтарды іріктеу. Жаңалықтарды таңдайтын технология: бақылау, аудитория
2) Күн тәртібі теориясы
3) Фейк: жалған ақпаратты кім және не себепті шығарады?

4-бөлім. Жаңалықтардың берілуі

1) Жаңалықты қабылдау деңгейлері

2) Тақырып, жаңалықтарды безендіру ережелері
3) Медиа-бизнес

5-бөлім. Контенттің жасалуы

1) Фото және видео журналистика
2) Фото және видеоның мағынасы мен әсері
3) Фото және фотошоп, видео және видеоредакторлар
4) Сурет пен видеоматериалдарды пайдалану ережелері

6-бөлім. Әлеуметтік медиа

1) Әлеуметтік желі қағидалары
2) Әлеуметтік желілерде жалған ақпараттың таралуы
3) Желідегі этикалық ережелер

7-бөлім. Практикум

Практикалық тапсырмалар

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:

1. С. Штурхецкий: «Медиасауаттылық» (жоғары оқу орындарына арналған медиа және ақпараттық сауаттылық бойынша оқу құралы). Қазақ тіліне аударған: Сәния Әбдіғапар.
2. Қ.Ө. Есенова. «Қазіргі қазақ медиа мәтінінің прагматикасы». – Алматы, 2017ж.
3. Қ.Ө. Есенова. «Лингвосаясаттануға кіріспе». Оқу құралы. – Алматы, 2017ж.
4. Қ.Ө. Есенова. «Лингвосаясаттану: саяси дискурстың прагматикасы». – Алматы, 2017ж.
5. Омашев Н. Журналистиканың жаңа стилі // Ақиқат, № 9, 1997ж.
6. Қайдар.Ә. Қазақта мультфильм өнері бар еді. // Рух-Мирас, 2005ж. №1
7. Мұқатай Ж. Қазақ телережиссурасы қай деңгейде? //Қазақ әдебиеті, 27 тамыз, 2004ж.
8. Әбдіжәділқызы Ж. «Тікелей эфир табиғаты». – Алматы: «Қазақ университеті», 2003ж.
9. Ошанова О. «Журналистің сөйлеу мәдениеті». – Алматы: «Қазақ университеті», 2007ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ТЕРЕҢДЕТЕ ОҚЫТАТЫН ОРТА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ

«Келісілді»

әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық Университеті
Қазақ әдебиеті және әдебиет
теориясы кафедрасының
профессоры:
С.Б. Ержанова

«Бекітемін»

Мектеп-интернат директоры
Р.Е. Сексенова

«Поэзия әлемі» бейіндік пәні бағдарламасы

Алматы, 2019

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 5-11-сынып оқушылары үшін «Поэзия әлемі» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасына

ПІКІР

Қазақ халқы қай заманда да терең ойлы, көркем тілді, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін дүлдүл шешендерді, аузы дуалы ақындарды ардақтай білген. Олар өз толғау, жырларын қағазға түсірмегенімен өлеңнің бағасын білетін ұлтымыздың қастерлеуі арқылы ауыздан-ауызға жалғасып, бүгінге жетті. Өлең халқымыздың қуанышын да, қайғысын да, ішкі мұң-мұқтажын да жеткізуші асыл қасиеті болып келеді. Қариялар өлең, дастан, жырды жаттату арқылы жас буынды тәрбиелеп отырған. Себебі, жыраулардан қалған үлгі-өнегені жаттаған бала тегін адам болмасын сезген.

Поэзия XXI ғасырда өз бағасын жоғалтпауы тиіс. Ол үшін, бүгінгі күнде мектепте поэзияны арнайы оқушыларға дәріптей алатын дәрістер өткізілуі керек. Бұл бағдарлама осы орайда өте қажет көмекші бола алады. «Поэзия әлемі» атты сабақтың бағдарламасына өлең жазудағы негізгі баспалдақ бола алатын өлеңнің құрылысынан бастап әдебиетімізде ойып тұрып орын алатын ақындарымыздың біразы қамтылған. Бағдарламаның басты артықшылығы – мектеп оқушыларының жасына сай авторлар мен шығармалар таңдап алынып, оларды сатылай күрделендіре отырып оқытуға оңтайлы болуы.

Бағдарлама өлеңнің құрылысы, ұйқас түрлері, халық ауыз әдебиеті, ежелгі дәуір әебиеті бастауларын оқудан басталады. Поэзияны оқыған оқушылар өлеңнің ең басты заңдылықтарын үйреніп алса, болашақта оған өлең жазу аса қиындық тудырмайды.

Сонымен қатар, бұл курста оқушылар поэзияның көркемдегіш құралдарымен танысады, оларды ақындардың шығармашылығынан тауып, талдайды. Бұл бағдарламада өлеңді мәнерлеп оқуға, өлең оқудағы характерге де мән беріледі. Поэзиямен қатар мәнерлеп оқуды үйрету тұтас сыныптың шығармашылыққа деген құштарлығын оятуы даусыз.

Жоғары сынып оқушылары қазақ поэзиясының теориясы жөніндегі құнды зерттеулерге шолу жасайды, өзіндік көзқарас қалыптастырады, қазақ поэзия өнеріне ақындарымыздың енгізген жаңалықтарымен қатар бүгінгі күнгі поэзия саңлақтары мен шығыс шайырларының мұрасымен танысады.

«Поэзия әлемі» атты оқу бағдарламасы сөз құдіретін сезетін жастарға үлкен көмек болады деп білеміз. Бағдарлама өлеңдері хатқа түскен ақындармен қатар, жырауларды да назардан тыс қалдырмаған. Бұл пән ерте заманнан, жыраулар поэзиясынан бастау алатын тарихи сабақтастықтың үзілмеуіне негіз болады деп сенеміз!

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры м.а., ф.ғ.к. **Б.С. Бегманова**

«Поэзия әлемі» бейіндік пәнінің бағдарламасы

ҮЙЛЕСТІРУШІ: мектеп-интернат директоры **Р.Е. Сексенова**

БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕГЕНДЕР: филология ғылымдарының докторы, профессор **С.Б. Ержанова**, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері: **Д. Оспан, А. Еркинбекова**

ПІКІР ЖАЗҒАН: ф. ғ. к., қауым.проф. м.а. **Б.С. Бегманова**

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 5-11-сыныптары үшін «Поэзия әлемі» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Түсінік хат

Адам баласы дүние есігін ашқаннан бастап, өмірінің соңына дейін өлеңмен өмір сүреді. Оған қазақ халқының салт-дәстүрінің өзі үлкен дәлел бола алады. «Шілдехана», «тұсаукесер», «жарапазан», «жар-жар», «беташар», «жоқтау» секілді тұрмыс-салт жырлары түгелімен өлеңімен орындалады.

«Дүниеге сәби келді: бұлданып, жер тепкілеп жылап келді. Үнінде ырғақ бар. «Ырғақ бар жерде өлең бар» (Маяковский). Демек, жас сәби өмірге жылап келген жоқ, «өлеңдетіп, өлең айтып келді» - деген З. Қабдоловтың осы сөзі өлеңнің адам өмірінде алатын орнын көрсетеді.

Тарихтағы Майқы би, Аяз би, Асан қайғы, Жиренше, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Сырым секілді би-шешендердің есімі бүгінге дейін өлмей жетуінің басты себебінің бірі тапқырлығы болса, екінші себебі тіл құралын, яғни өлеңнің қасиетін толық меңгергені. Жастарымыз жаһанданууға жұтылып кетпес үшін осындай бағалы өнердің, өлеңнің қыр-сырын меңгергені жөн.

Поэзия – бүкіл әлем елдері сүйетін құдіретті өнер. Әлем әдебиетіндегі поэзия хатқа түсу арқылы сақталған болса, қазақ халқының поэзиясы ауызша (жыраулар поэзиясы) және жазбаша түрде дамыды. Сондықтан да оқушыларға поэзияны оқыту барысында жазба ақындармен қатар төкпе ақындардың мұраларымен таныстыру мақсат етіліп отыр.

Поэзияны оқыту оқушыларды шығармашылыққа баулу болып саналғандықтан, оны практикалық және теориялық тұрғыдан үйреткен дұрыс. Әсіресе өлеңдегі көркемдегіш құралдарды, өлеңнің техникасын, өлеңнің құрылысын талдауға кеңінен тоқталамыз.

Поэзияны жаза білумен қатар оны оқи білудің өзі өз алдына бір өнер. Сондықтан сабақ барысында шығарманы

мәнерлеп оқу техникасына да басты назар аударылады. Өлеңді мәнерлеп оқу үшін шығарманың мазмұнын жете түсіне және талдай білуі де керек. Оқушыларға поэзияны оқытқанда олардың жас ерекшелігін міндетті түрде ескеріп, әр сыныпқа өз деңгейінде тапсырмалар беріледі.

Бұл пәнді оқу барысында оқушылар есте жоқ ерте заман поэзиясынан бастап бүгінгі күнгі постмодернизм бағытында жазатын ақындардың шығармашылығымен де танысады, талдайды.

Пәнді оқытудың басты мақсаты

Өлең жазу өнерін жан-жақты үйретіп, ой-өрісі кең, елжанды адамзатты тәрбиелеу. Ұлттық құндылықтарды бағалай білетін, өз ойын еркін жеткізе алатын адамгершілік, ізгілік қасиеттерді меңгерген жас буынды қалыптастыру. Үйренген шығармашылық қабілетін өмірде қолдана білетін өнерлі жастарды жетілдіру.

Пәнді оқытудың міндеттері

-оқушыларға көркем әдебиеттегі шығарманың адамгершілік мәнін түсіндіру;
-көркем шығармадағы көркемдегіш құралдарды ажырата білуге, оның қолданылу ерекшеліктерін түсінуге үйрету;
-оқушылардың өз бетінше ізденіп оқуын қалыптастыру;
-өлең жазу техникасын үйрету;
-әдеби теориялық білімін арттырып, шығармадағы көркемдік тәсілдерге талдау жүргізіп үйрету;
-ақпараттарды талдай, өңдей, жинақтай білуге төселдіру;
-зерттеу және шығармашылық әдістерді тиімді қолдану біліктілігін қалыптастыру;
-өлең жазуда тілдік бірліктерді мақсатқа сай қолдана білуге жеткізу;
-ұлттық құндылықтар мен әлемдік адамзаттық құндылықтарды салыстыра пайымдату;
-шеберлікпен мәнерлеп оқуға үйрету.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі

5-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;
6-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;
7-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;

8-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;
9-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;
10-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;
11-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат.

«Поэзия әлемі»
бейіндік пәнінің базалық мазмұны

5-сынып
5-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

Поэзия туралы түсінік. Поэзия және тақпақ өлеңдердің айырмашылығы. Өлеңдегі буын, бунақ жүйесі. Қара өлең ұйқас. Егіз ұйқас. Шұбыртпалы ұйқас. Кезектес ұйқас. *(4 сағат)*.
Халық ауыз әдебиеті. "Тұрмыс-салт жырлары". Олардың түрлері, ерекшелігі. Жан-жануарларға және Наурызға байланысты жырлар. Наурыз жырларындағы малшылық кәсіпке ықылас пен сүйіспеншілік, еңбекті дәріптеу, төрт түлік туралы. Қазіргі кезеңдегі бата-тілектер, жоқтаулар. Әдебиет теориясы: өлең туралы *(2 сағат).*
Біздің заманымыздан бұрынғы әдеби мұралар.
Орхон ескерткіштері. «Күлтегін» жазуы *(2 сағат).*
Ислам дәуіріндегі әдебиет. Әбунасыр әл-Фараби поэзиясы туралы ойлар. Әбунасыр әл-Фарабидің шығыс ақындарына тигізген әсері. Қожа-Ахмет Яссауи поэзиясындағы сопылық. Қожа-Ахмет Яссауидің төрттаған өлеңдері. Қожа-Ахмет Яссауи поэзиясының хикметі (*4 сағат)*.
Алтын орда дәуіріндегі әдебиет. Рабғұзи (Насреддинұлы Бұрhанеддин). Әли «Қисса Жүсіп» дастаны. Сайф Сарайи поэзиясы *(2 сағат)*.
XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы. Жыраулық поэзияның қалыптасу тарихы. Жыраулық поэзия өкілдері *(2 сағат)*.
XIX ғасырдың I жартысындағы қазақ поэзиясы. Махамбет Өтемісұлы поэзиясы. Дыбыс қайталаулар туралы. Дулат Бабатайұлы поэзиясы *(3 сағат)*.

XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ поэзиясы. Абай Құнанбайұлының ақындық мұрасы. Өлең сөздің – патшасы, сөз сарасы *(3 сағат)*.

XX ғасырдың I жартысындағы қазақ поэзия өнері. Ахмет Байтұрсынұлының ақындық тұлғасы, мұрасы. "Мысал өлеңдер". Мысал жанрының ерекшелігі, тәрбиелік мәні. "Өгіз бен бақа", "Егіннің бастары" мысалдарының тағылымдық сипаты. Әдебиет теориясы: астарлау *(3 сағат)*.

XX ғасырдың II жартысындағы «Алтын ғасыр». Мұқағали Мақатаев поэзиясы. Мұқағали Мақатаев өлеңдеріндегі заман келбеті. Мұқағали поэмалары. Ұлықбек Есдәулеттің ұлттық құндылықтар мәселесі *(3 сағат).*

Тәуелсіздік жылдарындағы поэзия.

Мұхтар Шаханов поэзиясындағы патриоттық рух *(2 сағат)*.

Практикалық тапсырмалар *(4 сағат)*.

«Поэзия әлемі» бейіндік пәнінің базалық мазмұны

6-сынып

6-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

Поэзия туралы түсінік. Төрттаған өлеңдер. Оқиға негізінде жазылған өлеңдер. Мәнерлеп оқудағы дикцияның рөлі. Мәнерлеп оқудағы интонацияның рөлі *(3 сағат)*.

Халық ауыз әдебиеті. «Қобыланды батыр» жыры туралы. «Алпамыс батыр» жыры туралы. Гипербола. Шендестіру *(3 сағат).*

Біздің заманымыздан бұрынғы әдеби мұралар.

«Алып Ер Тоңа» дастаны. Алып Ер Тоңаны жоқтау *(2 сағат).*

Ислам дәуіріндегі әдебиет. Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастаны. Махмұд Қашқари поэзиясы. *(2 сағат)*.

Алтын орда дәуіріндегі әдебиет. Хорезмидің "Мұхаббатнамасы" - Алтын Орда дәуірі әдебиетінің ең көрнекті нұсқасы. Хұсам Қатиб поэмасы. Құтбтың "Хисрау Шырын", "Фархад- Шырын" дастандары *(3 сағат)*.

XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы. Қазақ әдебиетіндегі жыраулық дәстүр құндылығы. Асанқайғы. Бұқар жырау поэзиясы. Қазтуған жырау мұрасы *(2 сағат)*.

XIX ғасырдың I жартысындағы қазақ поэзиясы. Зар заман ақындары. Шортанбай Қанайұлы. Мұрат Мөңкеұлы. Сүйінбай Аронұлының ақындық мұрасы *(3 сағат)*.

XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ поэзиясы. Абай Құнанбайұлының шығармашылығы мен аудармалары *(3 сағат)*.

XX ғасырдың I жартысындағы қазақ поэзия өнері. Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясы. «Жолама қулар маңайға», «Адамдық борышың» өлеңдері *(3 сағат)*.

XX ғасырдың II жартысындағы «Алтын ғасыр». Жұмағали Саин поэзиясы (*3 сағат)*

Тәуелсіздік жылдарындағы поэзия. Е.Раушанов, М.Ақдәулетов, А.Салықбай, Б.Бекетова лирикаларындағы жанрлық ерекшеліктер. Лирикадағы «көркемдік дәстүр сабақтастығы» тақырыбында тілдік поэзияға талдау жасаңыз *(4 сағат)*.

Практикалық тапсырмалар *(3 сағат)*.

«Поэзия әлемі» бейіндік пәнінің базалық мазмұны

7-сынып

7-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

Поэзия туралы түсінік. Кезекті ұйқас. Шалыс ұйқас. Аралас ұйқас. Осы күнгі ерікті ұйқастар. Орфоэпиялық норманы сақтай отырып сөздерді дұрыс оқу. Мәнерлеп оқудағы характер *(4 сағат)*.

Халық ауыз әдебиеті. Тарихи жырлар. Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай туралы жырлар *(2 сағат).*

Біздің заманымыздан бұрынғы әдеби мұралар. «Алып Ер Тоңа» дастаны. Алып Ер Тоңаны жоқтау *(1 сағат).*

Ислам дәуіріндегі әдебиет. Сүлеймен Бақырғанидың “Ақыр заман кітабы”. Ахмет Йугнекидің “Ақиқат сыйы”. Бурхануддин

Рабғұзидың “Қиссасул әнбия”, Сайф Сарайдың “Гулистан бит-түрки” (3 сағат).

Алтын орда дәуіріндегі әдебиет. Сайдахмедтің "Таһшшуқнама", "Саонама" дастандары. Дүрбек ақынның "Жүсіп-Зылиқа" дастаны. Сақақи лирикасы *(2 сағат)*.

XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы. Шалкиіз жырау. Сыпыра жырау. Ақтамберді жырау. Доспанбет жырау поэзиясы *(3 сағат)*.

XIX ғасырдың I жартысындағы қазақ поэзиясы. Зар заман ақындары. Шортанбай Қанайұлы. Мұрат Мөңкеұлы өлеңдері. Тарихи оқиға белестері. *(2 сағат)*.

XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ поэзиясы. Абай Құнанбайұлының поэмалары. Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының ақындық мұрасы *(3 сағат)*.

XX ғасырдың I жартысындағы қазақ поэзия өнері. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың азаматтық лирикасы. Қазақ поэзиясындағы әлеуметтік, ойшылдық сарын. Мағжан Жұмабаев – табиғат суретшісі. «Мен жастарға сенемін» өлеңі. Мағжанның махаббат лирикасы. Мағжан Жұмабаев өлеңдерінің сыршылдығы. Мағжан поэзиясындағы метафоралар галереясы. Мағжан поэзиясын мәнерлеп оқу *(4 сағат).*

XX ғасырдың II жартысындағы «Алтын ғасыр». Қазіргі аға буын ақындар шығармашылығындағы дәстүрлі ұлттық тақырыптар. Ғафу Қайырбеков, Нұрлан Оразалин, Күлаш Ахметова, Аққұштап Бақтыгереева поэзиясы *(4 сағат)*.

Тәуелсіздік жылдарындағы поэзия. Ерлан Жүніс, Қалқаман Сарин, Танагөз Толқынқызы лирикасы *(3 сағат)*.

Практикалық тапсырмалар *(3 сағат)*.

«Поэзия әлемі»
бейіндік пәнінің базалық мазмұны

8-сынып

8-сыныпта аптасына 1сағат, оқу жылында – 34 сағат

Өлең құрылысына талдау. Бунақ. Тармақ. Шумақ. Ырғақ. Буын *(2 сағат).*
Өлең жүйелері. Силлабикалық өлең жүйесі. Тоникалық өлең жүйесі. Силлабо-тоникалық өлең жүйесі *(2 сағат)*
Көркемдеуіш құралдар. Троп пен фигура. Метафора. Кейіптеу. Аллегория. Ассонанс. Аллитерация. Анафора. Эпифора. Теңеу. Эпитет. Алмастыру. Мегзеу. Ирония. Сарказм. Гипербола. Литота. Гротеск *(5 сағат).*
Халық ауыз әдебиеті. "Лиро-эпостық жырлар. "Қыз Жібек" жырынан үзінді" (3 сағат). Лиро-эпостық жырлардың батырлар жырынан ерекшелігі. "Қыз Жібек" жырындағы ұлттық мәдениет, тұрмыс-салт көрінісі. Төлегеннің өзіне ақылы мен көркі сай жар іздеп шығуы. Қыз Жібектің сұлулығын бейнелеудегі көркемдік амал-тәсілдер. Сұлулық, адамгершілік қасиеттердің ерлік және батыр намысымен тұтастықта сипатталуы. Жырдағы жер, су, ру, тайпа атаулары және оның тарихи шындықпен сәйкестігі. "Қыз Жібек" жыры мен "Қозы Көрпеш - Баян сұлу" жырының ұқсастықтары мен айырмашылықтары. "Қыз Жібек" жырының композициялық құрылымы, сюжеттік даму желісі. Жырдағы негізгі кейіпкерлердің портреттері. Тіліндегі көркемдік айшықтар. Жырдың көп вариантты болуының мәні. Әдебиет теориясы: композиция, сюжет, монолог, диалог *(3 сағат).*
Қазақ поэзиясындағы нәзирагөйлік дәстүр *(1 сағат).*
XIX ғасыр әдебиетіндегі жыраулық дәстүр көрінісіндегі ерекшеліктер. Мұрат пен Асанқайғы өлеңдерінің үндестігі.Махамбет пен Шалкиіз сөзқолданыстары мен өлең жолдарының байланысы. Махамбет, Базар, Мұрат туындылары мен Асанқайғы, Шакиіз, Қазтуған жырау шығармаларының үндестігі мен сабақтастығы. Майлықожа Сұлтанқожаұлы өлеңдері. Майлықожа өлеңдерінің көркемдігі. Қашаған

Күржіманұлы поэзиясы. Қашағанның «Есқали сопыға айтқаны» толғауының жазылу ерекшелігі. Жыраулар поэзиясындағы көркемдеуіш құралдар. Көркемдік және тарихи құндылықтар *(9 сағат)*.

XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ поэзиясы. Ыбырай Алтынсариннің поэзиясы. Қазақтың жазба әдеби тілінің даму бағытын белгілеудегі Ыбырай Алтынсариннің рөлі мен орны. Ыбырай өлеңдерінің мазмұны мен жанры *(3 сағат).*

XX ғасырдың I жартысындағы қазақ поэзия өнері. Мәшhүр Жүсіп жаңа мен ескі заман әдебиетінің алтын көпірі. Мәшhүр Жүсіп Көпеевтің «Мес» жинағы. Жинақтың жіктелуі *(2 сағат).*

Кеңестік дәуір әдебиетіндегі поэзия. Сәкен Сейфуллинннің поэзиясы. Жаңа тұрмыс жырлары. Сәкеннің көңіл күй әуендері. Сәкен лирикасының өзіндік сыр-сипаты *(2 сағат).*

XX ғасырдың II жартысы. «Алтын ғасыр». Қадыр Мырзалиевтың шығармашылығы. Қадыр Мырзалиев – балалар әдебиетінің классигі. Өлеңдерінің құрылымдық ерекшелігі *(1 сағат).*

Тәуелсіздік жылдарындағы поэзия. Гүлнар Салықбай, Маралтай Райымбекұлы поэзиясындағы постмодернизм *(2 сағат)*.

Практикалық тапсырмалар *(2 сағат)*.

«Поэзия әлемі» бейіндік пәнінің базалық мазмұны

9-сынып

9-сыныпта аптасына 1сағат, оқу жылында – 34 сағат

Әдебиеттегі тек пен түр. Жанрлар жүйесі. Лирика жанры. Субъективтілік ұғымы. Эпиграмма. Элегия. Эпитафия. Ода. Сонет. Баллада *(6 сағат).*

Көркемдік әдіс. Ағым, бағыттар. Әдеби бағыт, ағымдардың халық поэзиясындағы көрінісі. Психологизм. Романтизм мен реализм. Социалистік реализм *(4 сағат).*

Абай поэзиясы. Абай өлеңдерінің тарихи және көркемдік құндылығы. Абай өлеңдеріндегі көркемдеуіш құралдар. Абай мен Шәкәрім поэзиясының сабақтастығы *(4 сағат).*

Шоқан және халық поэзиясы. Шоқан Уәлихановтың «Қазақтың халық поэзиясының түрлері»атты зерттеу еңбегі. «Ер Көкше-Ер Қосай», «Орақ батыр», «Едіге» жырлары. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының нұсқалары *(3 сағат).*

Ж. Аймауытовтың ақындық мұрасы. Ақын Абайдың өлеңдерін насихаттауы. «Нұр күйі» поэмасы. Жүсіпбек Аймауытов жырларының көркемдік ерекшелігі *(3 сағат).*

Қазақ поэзиясының асқақ үні – Ілияс Жансүгіров. І. Жансүгіровтің өлеңге атау беру стилі. Өлеңдерінің құрылымы, құрылысы. Ілияс поэмалары.

І. Жансүгіровтің жарияланбаған өлеңдері *(3 сағат).*

Жамбыл Жабаев поэзиясы. Жыр алыбы Жамбылдың ұстазы. Жамбылдың ақындық қуаты. Жамбылдың импровизаторлық ақындығы. Жамбыл үлгі тұтқан ақындар *(2 сағат).*

Сырбай Мәуленовтің поэзиясы. Сырбай Мәуленовтің поэтикалық кітаптары. Сырбай Мәуленов лирикасы. Сырбай өлеңдерінің идеясы және заманауилығы *(1 сағат).*

Тұманбай Молдағалиевтің ақындық мұрасы. «Студент дәптері» өлеңдер жинағы. Тұманбай Молдағалиев аудармалары. Тұманбай лирикасы. Тұманбай Молдағалиевтың «поэтикалық портреттер галереясы» *(2 сағат).*

Темірхан Медетбек поэзиясындағы түркілік сарын *(1 сағат).*

Иран Ғайып поэзиясындағы ұлттық құндылықтар мәселесі *(1 сағат).*

Тыныштықбек Әбдікәкімов поэзиясындағы абстрактылы ойлардың танымдық сипаты *(1 сағат).*

Практикалық тапсырмалар *(3 сағат)*.

«Поэзия әлемі»
бейіндік пәнінің базалық мазмұны

10-сынып
10-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

Мәнерлеп оқу. Лирикалық өлеңдерді мәнерлеп оқу. Эксперимент өлеңдерді мәнерлеп оқу. Мәнерлеп оқу арқылы өлеңнің әсерін арттыру. Көлемді шығармаларды мәнерлеп оқу технологиясы. Поэмаларды рөлдерге бөліп оқу *(4 сағат)*.
"Айтыс". Айтыс туралы жалпы түсінік. Айтыстың шығу тегі, даму ерекшеліктері. Әлем әдебиеті тарихындағы көріністері. Ш.Уәлихановтың зерттеу еңбектеріндегі айтыс туралы деректер. Айтыстың түрлері, айтылу дәстүрі, жанрлық ерекшеліктері. Айтыстың драмалық жанрмен ұқсастығы. "Біржан мен Сара" айтысының тарихи негіздері. Айтысқа тән дәстүрлері, композициясы. Сюжеттік даму желісі. Біржан мен Сара" айтысы". Біржан-Сара айтысындағы тартыстың шарықтау шегі. Логикалық қисын. Сөзге тоқтау. Көркемдік ерекшеліктері. Әдебиет теориясы: импровизация *(3 сағат)*.
Сегіз сері Баһрамұлы, Жаяу Мұса Байжанұлы, Мұхит Мералыұлы мұрасы *(3 сағат)*.
Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығы. Абайдан кейінгі ірі суреткер ақын. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың реалистік өлеңдері. Ақын өлеңдерінің өміршеңдігі. Торайғыров лирикасы. Поэмалары *(2 сағат)*.
Міржақып Дулатовтың ақындық мұрасы. Қазақ халқының көзін ашуға талпынған «Оян, қазақ!» жыр жинағы. Міржақыптың лирикасы. «Елім-ай» өлеңінің тарихи құндылығы. Ақын өлеңдерінің басты тақырыбы мен идеясы *(3 сағат)*.
Әбділда Тәжібаев поэзиясы. Әбділда Тәжібаевтың алғашқы өлеңдері. Ақын шығармаларының көркемдік сапасы. «Жаңа ырғақ», «Аралдар», «Кешеден бүгінге», «Жартас», «Жаңа өрімдер», «Құрдастар», «Толағай» өлеңдерінің идеясы мен тарихи және көркемдік құндылығы *(3 сағат)*.
Жұбан Молдағалиевтің поэзиясы. Жұбан Молдағалиевтің ақындық мұралары. «Жеңіс жырлары» жинағы. Лирикалық

поэмасы. «Мен, Қазақпын!» поэмасындағы реализм. Халық тағдырының өлеңдерінде көрініс табуы. Аудармалары *(3 сағат).*
Қасым Аманжолов поэзиясы. Қасым Аманжоловтың ақындық мұрасы. «Өмір сыры» өлеңдер жинағының идеясы. Қасым жырларындағы оптимистік пафос. Ақынның өміріндегі елеулі кезең (1939-1940 жылдар). «Құпия қыз», «Бикеш» поэмалары. Қасым лирикасы. Қасым аудармалары *(3 сағат)*.
Жұмекен Нәжімеденов, Сағи Жиенбаев лирикасындағы туған жер тақырыбы *(2 сағат)*.
Ұлттық идеялар: толғаныстар мен тылсым шешімдер толқынында: Жаркен Бөдешұлы, Есенбай Дүйсенбайұлы, Дүйсенбек Қанатбаев, Исраил Сапарбаев, Рафаэл Ниязбековтер шығармашылығы. Ұлттық идеяны жеткізуде бейнелеу құралдарын қолдану *(5 сағат)*.
Практикалық тапсырмалар *(3 сағат)*.

«Поэзия әлемі» бейіндік пәнінің базалық мазмұны

11-сынып

11-сынып*та *аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

Сопылық поэзия. Сыр бойындағы ақын-жырауларының сопылық поэзиясы. Сопылық тіркестер мен символдар (нәпіс, зікір, шариғат, тариқат, ақиқат, мағрифат, мағшұқ, пірмұған, сұхбат, фәнәфилла және т.б.). Шәкәрім қажы, Әбубәкір Кердері, Қарасақал Ерімбет, Ақтан Керейұлы өлеңдеріндегі сарын. А. Байтұрсынұлы, М.Әуезовтың сопылық поэзия тұрғысындағы көзқарасы (2 сағат).
Абайдың қазақ поэзиясына енгізген жаңалығы *(2 сағат).*
Абай және шығыс әдебиеті. Абай және батыс әдебиеті *(2 сағат)*.
Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы түркілік таным *(1 сағат).*
Төлеген Айбергенов поэзиясы. Төлеген Айбергенов өлеңдерінің құрылысы. Ақын өлеңдеріндегі паралеллизм. Махаббат лирикасы. Төлеген Айбергеновтің қазақ поэзиясына қосқан жаңалығы *(3 сағат)*

Тайыр Жароков поэзиясындағы Ұлы Отан соғысы тақырыбы *(1 сағат).*

Олжас Сүлейменов поэзиясы. «Адамға табын жер енді!» поэмасы. «Жабайы жер» өлеңінің идеясы. Халықаралық деңгейдегі ақын. Ақынның поэтикалық шығармашылығының ерекше белгісі. Өлеңдердегі құпия ойлар көрінісі *(3 сағат).*

Мұхтар Шаханов поэмаларындағы адами құндылықтар, руханият, өркениет мәселелері *(3 сағат)*.

Фариза Оңғарсынованың поэзия әлемі. Фариза Оңғарсынованың "Сандуғаш" атты тұңғыш өлеңдер жинағы. Ақынның "Сенің махаббатың" жинағы мен "Сырласу мен ақын әйелдің анасымен диалогы" атты поэмасында көрінетін басты қасиет. Фариза Оңғарсынованың ақындық миссиясы. Ақын өлеңдеріндегі романтикалық сарын. Ақын өлеңдеріндегі лиризм. Көркемдік ерекшелігі. Құндылығы *(3 сағат)*.

Ақберен Елгезек поэзиясы. Ақын өлеңдерінің құрылымы. Ақберен Елгезек өлеңдеріндегі постмодернистік сарын. Ақынның эксперимент өлеңдері. Ақберен өлеңдеріндегі метафора. Ақберен Елгезек жыр тармақтарындағы өзгешелік және азаматтық позиция *(3 сағат)*.

Алмат Исаділ поэзиясы. Алмат Исаділдың балаларға арналған өлеңдері. Ақын өлеңдеріндегі жаңашылдық. Өлеңдерінің негізгі идеясы *(1 сағат)*.

Сыни көзқарас. Ақындар шығармашылығына сыни пікір білдірген сыншы-ғалымдар (С. Қирабаев, Т. Кәкішұлы, Т. Қожекеев, Д. Ысқақ т.б.) *(4 сағат).*

Қазақ поэзиясының теориясы жөніндегі құнды зерттеулер (А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Б. Кенжебаев, Қ. Жұмалиев, Х. Сүйіншалиев, Н. Келімбетов, Т. Шапаев, Б. Кәрібаева, Б. Майтанов, Ш. Елеукенов, С. Ержанова т.б.) *(4 сағат).*

Практикалық тапсырмалар *(2 сағат)*.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. "Әдебиет танытқыш". – Алматы, 1997.
2. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы, 1988.
3. Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы, 1989.
4. Айтыс I кітап. – Алматы, 1988.
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.
6. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989.
7. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1991.
8. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы, 1989.
9. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. – Алматы, 1989.
10. Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы, 1993.
11. 40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1998.
12. Ж. Молдағалиев. Студент дәптері. Өлеңдер. – Алматы, ҚМКӘБ, 1957;
13. Ж. Молдағалиев. Кәмила. Өлеңдер мен поэма. – Алматы, ҚМКӘБ, 1960;
14. Ж. Молдағалиев. Құралай. Өлеңдер. – Алматы, ҚМКӘБ, 1961;
15. Елім деп соққан ұлы жүрек. «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық серия. Алматы., 2002. 362б.
16. Ержанова С.Б. Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында. – Алматы: Білім баспасы, 2010.
17. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
18. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматы кітап баспасы”, 2009.
19. О. Сүлейменов. Таңдамалы туындылары, Жібек жолы, – Алматы. 2005.
20. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1994.
21. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 2002.
22. Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы, 1956.
23. Сыздықова Р. Сөз құлдіреті. – Алматы, 1997.
24. Нұрмаханова Ә. Мәнерлеп оқу мәселелері. – Алматы, 1976.

25. Шаңбай Т. Шәкәрімнің философиялық лирикасы// Қазақстан мектебі.– Алматы, 2008, – №4, – 70-76 бб.
26. Академик Зәки Ахметов және руханият мәселелері: «Академик З. Ахметовтің ғылыми мұрасы және қазақ әдебиеттану мәселелері» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы: «Үш қиян» баспасы, 2003.
27. Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы.Алматы: Жазушы. – Т 2. Өлеңдер мен аудармалар. – 2002. – 336 бб.
28. Дулатов М. Ахмет Байтұрсынович Байтұрсынов. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы Алматы, 2007.
29. Қирабаев С. Ақын тағдыры. Кітапта:Сұлтанмахмұт Торайғыров. Шығармалары. 1-том. – Алматы ,1993.
30. Жамбыл Жабаев творчествосы. – Алматы, 1989.
31. Жолдасбеков М. Жүз жыл жырлаған жүрек. – Алматы, 1993.
32. Егеубаев А. Мұқағали Мақатаев. Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том. – Алматы, 2005.
33. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Алматы: «Қазақ университеті», 2010. –368 б.
34. Ергөбек Қ. Өлеңсөз. –Алматы, 2012. -576 б.
35. Қазіргі қазақ поэзиясындағы ежелгі әдебиет дәстүрі. – Алматы, 2011. –376 б.
36. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы. – Алматы: «Жазушы», 2011.
37. Ержанова С., Зайкенова Р. Қазіргі әдеби үрдіс.- Алматы:ҚазМемҚызПу, 2014ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СҮЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ТЕРЕҢДЕТЕ ОҚЫТАТЫН ОРТА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ

«Келісілді»
С.Демирел атындағы университет
Тілдік білім беру кафедрасының
меңгерушісі
_____ Т. Жүсіпбек

«Бекітемін»
Мектеп-интернат директоры:
Р. Сексенова

Дебат курсы бойынша бейіндік пән бағдарламасы

Алматы, 2019

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 8-11-сынып оқушылары үшін «Дебат» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасына

ПІКІР

«Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», – деп ұлы Абай тегін айтпаған. Әрбір адамның сөзінің дұрыстығы, ширақтығы, ойының дәлдігі оның көп шыңдарды бағындыруының кепілі. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Сөз өнерінің ғылымы» атты еңбегінде сөз талғамының бірден бір шарттары ретінде «Сөз дұрыстығы» мен «Тіл тазалығын» алға қояды. Яғни, халқымыздың тілінің мол байлығын игерген, құдіретін тани білген, түсінген, күшіне тағзым етіп, бас иген адам өзіне де, өзгеге де талап қоя алатыны даусыз. Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы. Ал, әрбір болашақ ұрпақ халқымыздың мол мұрасын орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, нысанаға дөп тиетіндей дәл шығып, төрешінің әділ төрелігіне лайық, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болғанда ғана – туған тіліміздің құдіреті сезілер еді. Ал мұндай шеберлік тек тіл мәдениеті, сөз қолдану шеберлігі жоғары, ізденімпаз, білімді майталманының ғана қолынан келер дүние екені айтпаса да белгілі.

«Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой. Ақылды ой, алғыр сөз адамның ең жоғарғы қасиеті», – деп Ғ.Мұстафин айтқандай, еліміз бәсекеге қабілетті, дамыған отыз елдің қатарына қосыламыз деген шағында, алдымызда жан-жақты, айтар ойы жүйелі, халқының құндылығын білетін, өз ойын дәлелді жеткізе алатын, бәсекеге қабілетті тұлғаларды қалыптастыру міндеті тұр.

Бүгінде, жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 8-11-сынып оқушыларына арналған «Дебат» бейіндік пәні осы жоғарыда аталған заман талабына сай азаматтар мен азаматшаларды даярлауға арналған деп білемін. «Дебат» бейіндік пәнінің бағдарламасы жан-жақты, жүйелі түрде жасалған. Теориялық және практикалық сабақтарға құрылған. Аталған бейіндік пән мектепті аяқтап, өмірдің жаңа баспалдағына аттаған оқушылардың ары-қарай өмірге бейімделіп кетуіне, қоғамдағы орын алып отырған түрлі-мәселелерге бей-жай қарамауға, еліміздің келешек патриот жастарын, сөз қадірін, халқымыздың құндылықтарын білетін, сезіне алатын, ойы ұшқыр, парасатты азаматтарды қалыптастыратынына сенемін. Еліміздің де, оқушылардың да болашағы үшін маңызды деп білемін.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты К.С. Әбдіқалық

«Дебат» бейіндік пәнінің бағдарламасы

ҮЙЛЕСТІРУШІ: мектеп-интернат директоры **Р.Е. Сексенова**

БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕГЕНДЕР: С.Демирел атындағы университет профессорлары, п.ғ.к. **Ш.Л.Ерхожина,** ф.ғ.д. **М.С.Жолшаева,** қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі **А.Т.Еркинбекова,** «Дебат» бейіндік пәнінің мұғалімі **Р.Н.Ахметова**

ПІКІР ЖАЗҒАН: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты **К.С. Әбдіқалық**

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 8-11-сынып оқушыларына арналған «Дебат» бейіндік пәні үшін оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Түсінік хат

Оқу бағдарламасы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 қаулысымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

Жаһандану заманында білім берудің озық үлгілерін пайдалана отырып, нақты нәтижелерге қол жеткізу – бүгінгі күннің басты талабы. Осыған орай білім мен ғылымды жаңа заман талабына сай ұлттық идеялармен ұштастыру көзделуде. Білім беру жүйесі жаңа өркениетті қоғамға қажетті білім бере отырып, жан-жақты дамыған, қабілетті, ойын еркін жеткізе алатын, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлғалар тәрбиелеуге бағытталған.

Қазіргі кезде оқушы құзіреттілігін арттыру басты мақсат болып отыр. Құзіреттілік – оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілеті.

Оқушының көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мен дамыту, шебер сөйлеу құзіреттілігін арттыру, атап айтқанда: өзіндік тұжырым жасау, дәлелді сөйлеу, сөзіне қарсыласын иландыру, жүйелі білім, сапалы тәлім-тәрбие алуы, мәдени-рухани жағынан өсіп жетілуіне дебат ойындарының маңызы зор.

Оқушыны озық қоғамға сай тәрбиелеуде «Дебат» бейіндік пәнінің берері мол. Себебі жас ұрпақтың бойындағы қабілет-қарымын анықтау арқылы оған бейіміне қарай бағыт берілсе, жасампаздық қасиеттерді бойына сіңіріп өскен ұрпақ ұлтын сүйетін, елінің тағдырына бей-жай қарамай, ұлт келешегін көркейтуге барын салары хақ.

8-11-сынып оқушыларына арналған «Дебат» бейіндік пәні дебатқа қатысушылардың негізгі мақсат-міндеттерін айқындап, қарсыласты жеңуге қажетті ұстанымдар мен әдіс-тәсілдерді,

тактикаларды игертуге бағытталған. Пән арқылы дебатқа қатысушының бағыт-бағдарын айқындау, жеңіске ұмтылыстарын шыңдай түсетін тиімді жолдарды үйрету мақсаты көзделді.

Құзіреттіліктер

Тілдік құзыреттілік бойынша: оқушы тілдік қарым-қатынастағы ұтымды сөйлеудің рөлін түсінеді; сөйлеу мен ойлаудың арақатынасын таниды; сөз мағыналарының, грамматикалық заңдылықтардың шешендік өнермен сабақтастығын біледі; дебат тарихындағы ұстанымдар мен басты қағидаларды игереді; дебатта қолданылатын тәсілдерді меңгереді; тілдік қатынастың сөйлеу шеберлігімен сабақтастығын түсінеді; тілдің қатысымдық қызметінің сөйлеу түрлерімен байланысын біледі; сөйлеу түрлерінің әрқайсысына тән белгілерді ажыратады; сөйлеу әрекетін құрайтын элементтерді таниды; сөйлеу әрекетіндегі жұмсалатын сөздер мен сөйлемдердің сөйлеу түрлеріне қатыстылығын анықтайды; сөйлеу түрлеріндегі заңдылықтарды меңгереді; монологтік және дискурстық сипаттағы қарым-қатынастағы сөздің ерекшеліктерін біледі; мәтін құрау тәсілдерін меңгереді, пікірсайыс түрлері мен қолданылатын орындарын, оларға тән тілдік қолданыстарды негіздейді.

Проблемаларды шешу құзіреттілігі бойынша: әртүрлі тілдік жағдаяттардағы өзі тап болған проблемаларды анықтайды; түрлі пікірлерге, ізденген материалдарына сүйене отырып, өздігінен шешім қабылдайды; өз шешімінің нәтижесін бағалай алады; сөйлеу әрекетіндегі жұмсалатын сөздер мен сөйлемдердің сөйлеу түрлеріне қатыстылығын дәлелдейді; пікірсайыс барысында тіл тазалығының ой айқындылығына тәуелділігін талдайды; сөз дәлдігінің тілдік сезімге, сөз таңдауға қатыстылығын сайысқа қатысушының сөзінен анықтайды; сөздерді өз мақсатына, негізгі ойға, мазмұн мен сөз мәдениеті талаптарына сәйкес өз бетінше талғап қолдана алады; өзгелермен тіл табысуға қажетті сөздерді іріктей біледі; тілді қарым-қатынастық, танымдық, эстетикалық қызметтеріне сай қолданады; шешендік сөздердегі сөйлеу заңдылықтарын

негіздейді; қарсыластарының сөзіндегі дәл қолданыстарды анықтап, сөздік қорын өз бетінше толықтырады.

Ақпараттық құзіреттілік бойынша: пікірсайыс тақырыбының ақпараттық-мазмұндық сипатын талдайды; ақпараттардың әлеуметтік-қоғамдық мәнін сыни тұрғыдан түсінеді; ақпараттар негізінде шешім қабылдайды; шешендік сөздің танымдық қызметтерін мақсатқа сай қолданады; логикалық операцияларды орындап, ақпараттарды өз мүмкіндігіне сай өңдей алады; сөйлеу әрекетін жоспарлауда және оны жүзеге асыруда ақпараттарды іріктеп таңдайды; ақпараттар негізінде сөйлеудің жалпықоғамдық сипатын бағалайды; сөйлеу мазмұнының ішкі және сыртқы бүтіндігін талдайды; сөйлеудің мағыналық шегін анықтайды; ақпаратты жеткізудегі мәнерлеуіш тәсілдерінің ақпарат мазмұнына сәйкестігін айқындайды; ақпараттар негізінде тақырыпқа сай мәтін түрлерін құрайды; өзіне қажетті ақпараттарды жеңіске жету мақсатында тиімді қолдана алады; дискурс тиімділігін артыратын тілдік және тілдік емес заңдылықтарды біледі.

Коммуникативтік құзіреттілік бойынша: сөйлесімнің барлық компоненттеріне тән дағдыларды меңгереді; ауызша және жазбаша сөзді құрау ережелерін, сөзді таңдау тәсілдерін және тілдік нормаларды ұстанады; оқу материалдары бойынша дискурсқа (монолог, диалог, полилог) қажетті дағдыларды меңгереді; ауызша, жазбаша және компьютерлік сөйлеу тілдерінде тілдік сезім мен қажетті коммуникативтік сапаларды қолданады; ұсынылған тақырып пен тілдік жағдайларға сай сөздерді орынды жұмсай алады; сөз дұрыстығы, сөйлеу шеберлігі талаптарын меңгереді; қазіргі қоғамда туындаған жағдаяттарға сай қатысымдық, тілдік-әлеуметтік міндеттерді шешетін технология-ларды таңдай алады; өзіне қажетті тілдік құралдарды таңдап қолданып, сөйлеу әрекетін құрайтын мерзімдік жағдаят, авторлық шабыт, сөз (пікір) шынайылығы элементтерін меңгереді; тілдік жағдаяттарға сәйкес туындаған дискурс түрлерін анықтайды және сөз қолданыстары мен сөйлем түрлерін меңгереді.

Мәдени-танымдық құзіреттілік бойынша: қоршаған ортаның шынайылығына деген көзқарастар мен сенімділік жүйесі ретінде біртұтас дүниетанымы орнығады, өз халқы мен

басқа халықтың мәдени құндылықтарын біледі, көп мәдениетті тұлғаның сапаларын игереді; пікірсайыс мәнерін талдайды; сөйлеу шеберлігін уақытқа және кеңістікке қарай негіздейді; сөз мазмұныныдағы ұлттық-мәдени ұғымдарды ажыратады; пікірсайыс барысында ұсынылған тақырып пен жағдаяттарға сай сөз жұмсау дағдыларын меңгереді; ұлттық тілдің ішкі ерекшеліктеріне сай сөйлеу нормаларын сақтайды; өзіндік және өзге қатысушылардың сөйлеу тактикасын қоғамдық талап тұрғысынан талдайды; сөйлеу мәдениетінің коммуникативтік сапаларына тән талаптарды ұлттық және жалпыадамзаттық нормалармен ұштастырады; сөйлеу түрлеріне лайық тілдік дағдыларды жұмсау шеберлігін меңгереді; тілдің этномәдени және эстетикалық даралығын таниды. Аталған құзіреттіліктерді қалыптастырғанда ғана пән қоғамға пайдалы тұлға болудың, жан-жақты, ізденімпаз, заман талабына сай тұлға мен ұлттық сананы қалыптастырудың, мәдени-тілдік мүдделерді жүзеге асырудың құралына айналады.

Бейіндік пәннің мақсаты – дебаттың форматын, қарсыласты жеңу тәсілдері мен сөздік қорды жүйелі қолдануды үйрету, білім алушының шығармашылық белсенділігін арттыру, сонымен бірге зерттеушілік, ізденушілік қасиеттерін қалыптастыру, дамыту.

Міндеттері:

- оқушыны ойкөкпар кезінде түрлі тақырыпта сөйлеуге, пікір таластыруға, ойын дәлелдеуге, өзгенің пікірінен қайшылықтарды тауып, дәлелді сөйлеуге жаттықтыру арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру және шебер сөйлеуге дағдыландыру;
- оқушының сөйлеу мәдениетін арттырып, олардың топ алдында пікірлерді талдай білуге, өзгелерді тыңдай алуға, көзқарасын дәлелдеуге, сауатты сөйлей білуге үйрету;
- оқушыны ойын тиянақты жеткізуге, сөз байлығын арттырып, тілдік қорын жүйелі қолдануына бейімдеу;
- коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыта отырып, коммуникативтік стратегия мен тактиканы дұрыс таңдауға үйрету.

Бағдарламаның іске асырылуын қорытындылау нысандары:

1. Дебат және оның орындалу моделін меңгеруде дайындықтар жүргізу мақсатында өзара дебаттар ұйымдастыру, қатысу;

2. Дебатта сөйлеудің логикалық құрылымын талдауға, шешендіктің түрлерін пайдалануға байланысты ғылыми жоба жаздырту, оқу-зерттеу конференциясын өткізу;

3. Оқушылардың дебаттық шығармашылықтарын бейнетаспаға түсіріп, мектеп-интернаттың әлеуметтік желідегі парақшаларына салу.

«Дебат» бейіндік пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 8-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
2) 9-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
3) 10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
4) 11-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты

құрайды.

«Дебат»
бейіндік пәнінің базалық мазмұны

8-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1) Пікірталас мәдениетін меңгеру – жаңа заман талабы. Пікірталас туралы түсінік. Пікірталастың түрлері *(1 сағат)*
2) Пікірталас түрлерінің бір-бірінен айырмашылығы*(1 сағат)*
3) Дебаттың шығу тарихы мен негізгі принциптері *(1 сағат)*
4) Дебатта жиі кездесетін терминология *(1 сағат).*
5) Резолюция түрлері мен типтері *(1 сағат)*
6) Пікірталас шарттарын сақтау, ойды дамыту практикасы *(1 сағат)*
7) Дебаттың шарттары:негізгі қарар, дәлелдеме, дефиниция, аргумент *(1 сағат)*
8) Дебаттағы психологиялық көңіл-күй.Түрлі жаттығулар *(2 сағат)*
9) Дебатты ұйымдастырушының міндеті:
   - дебаттың тақырыбын анықтау
   - негізгімақсатын нақты қою

- дебатты өткізу формасын айқындау
- қатысушылардың іріктелуі мен жұптасу шарттары *(1 сағат)*

10) Дебаттағы модуль структурасы, дебаттағы ойынның мақсаты *(1 сағат)*

11) Түсіндіру өнері (Ли Лефебер) *(2 сағат)*

12) Сөйлеуге дайындық (демалыс (дыхание), сөйлеу жаттығулары, есте сақтау, жадыны (память) жаттықтыру жаттығулары, артикуляцияның нақтылығы, дауыс тоны) жаттығулары *(1 сағат)*

13) Фракция. Дебат тәртібі: саны, уақыты, амандасу, кейс, қарар, негізгі ұғымдарды анықтау *(1 сағат)*

14) Дебаттағы ойын мақсаты, дебаттағы 3 принцип *(1 сағат)*

15) Жақтаушы, даттаушы топтың берілген қарар бойынша төрешілерді өз бағыттарының дұрыс екеніне көндіру жолдары *(1 сағат)*

16) Берілген қарар бойынша аргумент құрылымы (*1 сағат*)

17) Ойын ережесі және спикерлердің рольдері *(1 сағат)*

(Конструктивті бөлім)

18) Дебаттағы табыс неге байланысты (дауыс, мимика мен жест, визуальды контакт, көру контактісі) *(1 сағат)*

19) Аргументация *(1 сағат)*

20) Аргументацияны дәлелдеу *(1 сағат)*

21) Сұрақтардың жіктелуі *(1 сағат)*

22) Шалыс сұрақтар (Перекрестные вопросы) *(1 сағат)*

23) Төрешінің жеребе тастау тәртібі, дайындыққа берілетін уақыт, уақыт төрешісі (таймкипер) *(1 сағат)*

24) Критерий-әр топтың өз қарарын, өз бағытын қорғаудағы негізгі мәні, сол қарарды қолдаудағы мүдделері *(1 сағат)*

25) Сараптама немесе анализатор спичі: салыстыру *(1 сағат)*

26) Дебаттағы маңызды принциптер *(2 сағат)*

27) Принципиалдық аргументке қарсылық немесе контраргумент *(1 сағат)*

28) Практикалық жұмыс: Б.П. пластикалық хирургияға тыйым салады *(1 сағат)*

29) Б.П. кедей отбасыларды балалы болмауға ынталандырады *(1 сағат)*

30) Б.П. оқушылардан мектеп формасын алып астайды *(1 сағат)*

31) Төрешілік, олардың міндеттері, талдаулары *(1 сағат)*
32) Қорытынды сабақ (рефлексия, кері байланыс сағаты) *(1 сағат)*

«Дебат»
бейіндік пәнінің базалық мазмұны

9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1) Дебат философиясының негіздері *(1 сағат)*
2) Дебат тактикалары: сөз шабуылы, тойтарыс, қорғаныс және оны қолдану амалдары *(1 сағат)*
3) Дебат тактикаларына арналған жаттығулар *(1 сағат)*
4) Спикерлер және тіл шеберлігі *(1 сағат)*
5) Пікірсайысшының сөйлеу мәнерінде болатын кемшіліктер және оны болдырмау жолдары *(1 сағат)*
6) Практикалық жұмыстар (ауызша тілдік жаттығулар) *(1 сағат)*
7) Дебаттың негізгі принципін ұстану: қарар, дәлелдеме, дефиниция, аргумент *(1 сағат)*
8) Дефиниция және берілген резолюциядағы кілттік сөздерді табу. Статус квоның (SQ) маңыздылығы *(2 сағат)*
9) Аргументтер. Ақыл шабуылы. Ақыл шабуылының тәртібі *(1 сағат)*
10) Аргументті негіздеу түрлері. Жалпылау. Ұқсастық. Себеп-салдар қатынасы. Беделге сүйену *(1 сағат)*
11) Жақтаушы, даттаушы топтардың өз позицияларын қорғау жолдары *(1 сағат)*
12) Аргументация негіздері: пайымдау (рассуждение) неге бұл шындық, неге бұл маңызды, салыстырмалы деңгейде оппозиция тарапында қалай жұмыс жасайды *(2 сағат)*
13) Аргументацияны дұрыс қою техникасы *(2 сағат)*
14) Конструктивті аргументация *(1 сағат)*
15) Критерий – әр топтың өз қарарын, өз бағытын қорғаудың негізгі маңызы, сол қарарды қолдаудағы мүдделері *(1 сағат)*
16) Жаттығу ойындары *(1 сағат)*

17) Дебаттың ресмилік сипаты *(1 сағат)*
18) Кілттік фраза-маркерлер *(1 сағат)*
19) Аналитикалық процесс. Синтез үрдісі *(1 сағат)*
20) Спикерлердің сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жолдары *(1 сағат)*
21) Спикердің сараптама бөлімі бойынша дәлелдемелеріне жаттығулар (ауызша, жазбаша жұмыстар) *(1 сағат)*
22) Контраргументация *(1 сағат)*
23) Аргументтің сапалық стандарты*(1 сағат)*
24) Практикалық және принципиалдық аргументация *(1 сағат)*
25) Модератор қызметі мен басқару талаптары. Екі жақтың ойлары мен сөз қолданыстарына талдау *(1 сағат)*
26) Дебаттағы төрешілер қызметі, олардың міндеттері, талдау жүйесі. Топты, спикерлерді бағалау тәртібі *(1 сағат)*
27) Таймкипер белгілері. Төрешілер мен спикерлердің қорытынды сөзі *(1 сағат)*
28) Практикалық жұмыс *(1 сағат)*
29) «Қазақстанда атом энергетикасы қажет пе?» тақырыбында дебат *(1 сағат)*
30) «Б.П.Қазақстан үкіметі қабылдаған индустриалды – инновациялық жоба елімізді 30 елдің қатарына жеткізе алады д.е.» дебат *(1 сағат)*
31) Қорытынды сабақ (рефлексия, кері байланыс сағаты) *(1 сағат).*

«Дебат»
бейіндік пәнінің базалық мазмұны

10-сыныпта аптасына 1 сағат,
оқу жылында – 34 сағат

1) Дебаттың жалпы талаптарын еске түсіру *(1 сағат)*
2) Бәсекелердің ұйымдастырылуы. Пікір-сайыс бәсекелерін өткізудің ережелері мен кеңестері *(2 сағат)*
3) Ортаға тасталған мәселенің маңыздылығын саралау *(1 сағат)*
4) Адамды иландыруға көмектесетін 14 ереже *(2 сағат)*.

5) Мақал-мәтелдер мен дәйексөздердің пікір-сайыстағы маңызы *(1 сағат)*
6) Жаттығу практикасы (сөздік қорды дұрыс қолдану) *(1 сағат)*
7) Дебат форматтарының ара-қатынасы *(1 сағат)*
8) Американдық парламенттік форматында пікір-сайыс ұйымдастырудың тиімділігі (кейсті түсіндіруші; қарсылас кейсін талқандаушы; ойынды қорытындылап, сараптама жасаушы) *(1 сағат)*
9) Проблема шешу практикасы (кейс-стади әдісі арқылы) *(2 сағат)*
10) Линкольн-Дуглас форматының ерекшелігі *(1 сағат)*
11) ЛД форматы бойынша дебаттық ойын үлгілері *(1 сағат)*
12) Британдық Парламенттік форматының өзгешелігі *(1 сағат)*
13) Дебат түрлері: саяси дебат *(1 сағат)*
14) Саяси дебат үлгілерін талқылау (видео жазбаларды қолдану) *(1 сағат)*
15) Телевизиялық дебаттың қиындықтары *(1 сағат)*
16) Телевизиялық дебат үлгілеріне аналитикалық талдау жасау (видео жазбаларды қолдану) *(2 сағат)*
17) Сұрақ-жауап бөлімі: екі топтың өзара сұрақ алмасуын ұйымдастыру *(2 сағат)*
18) Дебат-конференция, дебат-клуб, дебат-шоу, дебат-лига, дебат-компаниялар т.б. айырмашылығы мен ұқсастықтары *(1 сағат)*
19) Дебат-шоу ұйымдастыру практикасы *(2 сағат)*
20) Дебат-лига ұйымдастыру практикасы *(2 сағат)*
21) Қорғаныштық және шабуылдау тактикаларының басты қағидалары *(1 сағат)*
22) Дебат стратегиялары бойынша өзге елдер тәжірибелерін салыстыра талдау*(1 сағат)*
23) Дебаттағы парадокстарға (дағдыға, әдетке қайшы келетін жаңа пікір) қойылатын талаптар *(2 сағат)*
24) Практикалық жаттықтыру сабақтары *(1 сағат)*
25) «Ұялы телефонның пайдасы мен зияны» тақырыбында пікір-талас *(1 сағат)*
26) Қорытынды сабақ (рефлексия, кері байланыс сағаты) *(1 сағат)*.

«Дебат»
бейіндік пәнінің базалық мазмұны

11-сыныпта аптасына 1 сағат,
оқу жылында – 34 сағат

1) Дебат ережесін еске түсіру, қайталау *(1 сағат)*
2) Сөз сөйлеуге даярлық – демосфендік дағды *(1 сағат)*
3) Шешен сөйлеуде логика заңдарын қолдану*(1 сағат)*
4) Адамды иландыруға көмектесетін 14 ережені талқылау *(2 сағат)*
5) Дебаттың негізгі принциптері: қарар, дәлелдеме, дефиниция, аргументті қолдану *(1 сағат)*
6) Жаттықтыру практикасы (аргумент, ой дәлелін жазу, ойды синтездеу, тұжырым шығару, ауызша баяндау.т.б.) *(1 сағат)*
7) Аргументтер. Ақыл шабуылы. Ақыл шабуылының тәртібі *(1 сағат)*
8) Жаттығу практикасы (шешендік өнердің негізгі әдістері) *(1 сағат)*
9) Аргументті негіздеу түрлері. Жалпылау. Ұқсастық. Себеп-салдар қатынасы. Беделге сүйену *(1 сағат)*
10) Бұрынғы және қазіргі ораторлар сөздерінен дәйектемелер алу жолдары, оны қолдана білу тактикасы *(1 сағат)*
11) Жаттығу практикасы (ораторлар сөздерінен дәйектемелер жинап, жүйелеу) *(2 сағат)*
12) Дебатқа қатысушы портфолиосын дайындау: маңызды ақпараттар (түрлі қарарлар бойынша мәліметтер, дайын сілтемелер, т.б) жинау *(1 сағат)*
13) Жақтаушы, даттаушы топтардың өз позицияларын қорғау жолдары *(1 сағат)*
14) Дебаттағы жақтаушыларға арналған тілдік жаттығулар (дәлелдемелер, афоризмдер, мақал-мәтелдер) *(2 сағат)*
15) Дебаттағы даттаушыларға арналған жаттығулар (мәтіндермен жұмыс, ауызша баяндау, түсіндіру, әңгімелеу, анализ, синтез әдістерін қолдану) *(2 сағат)*
16) «Мектеп оқушыларына кешкі сағат оннан кейін серуендеуге тыйым салынады» сыныпішілік пікір-сайыс ұйымдастыру *(1 сағат)*

17) Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасының мәні неде? *(1 сағат)*
18) Бүгінгі қоғамдағы ескерілуі тиіс мәселелер тұрғысынан ой қозғау (дәлелдер мен дәйектерді келтіру) *(2 сағат)*
19) Жаттығу практикасы (жағдаяттардан шығу амалдарына құрылған кейстерді шешу; практикалық кейстерді шешу) *(2 сағат)*
20) Линкольн-Дуглас форматында қоғамдық маңызды тақырыпқа пікір-сайыс өткізу *(1 сағат)*
21) Парадокс мәселелерді дебатта қолданудың маңыздылығы *(1 сағат)*
22) Жаттығу практикасы (жұптық, топтық жұмыстар жасау, белгілі тақырыптарға парадокс мәселелер ойлап табу) *(2 сағат)*
23) Американдық парламенттік форматында пікір-сайыс ұйымдастыру (кейсті түсіндіруші; қарсылас кейсін талқандаушы; ойынды қорытындылап, сараптама жасаушы) *(1 сағат)*
24) Пікірсайыстағы экономикаға қатысты тақырып таңдап, парадоксты дебат құру *(1 сағат)*
25) Оқушылар қалауындағы тақырыпқа қоғам мәселелеріне арналған дебат ұйымдастыру *(1 сағат)*
26) Жастардың шетелде білім алуға ұмтылуына қатысты тақырып таңдап, мектепішілік дебат ұйымдастыру *(1 сағат)*
27) Қорытынды сабақ (рефлексия, кері байланыс сағаты) *(1 сағат)*

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Р.Сыздықова. Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. Алматы «Ғылым» 1987 ж.
2. Г.Қосымова. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. Алматы, «Баян жүрек», 2007.
3. Қыдырашев А. Шешендіктану: теориясы және практикасы. Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ Редакциялық баспа орталығы, 2012
4. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік сөздері. – Алматы: Ана тілі, 2008

5. Ашимбетова Р.Д.Журналистің тіл мәдениеті (14 ереже осында) Павлодар, 2010
6. Н.Уәлиев. Сөз мәдениеті. – Алматы, Мектеп, 1984.
7. А. Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 бб.
8. Д. Әлкебаева. Сөз мәдениеті. – Алматы, 2011.
9. Д. Қойшығұлова. Сөйленістегі келісу, келіспеудің вербалды амалдары. – Алматы, 2017.
10. Ә.Әлметова. Сұхбаттасу мәдениеті. Алматы, Толағай. 2007ж.
11. Б. Жумагулова. Полемический дискурс. – Алматы, 2009.
12. Джонсон Стивен Л. Как побеждать в дебатах: пособие по Британскому (Всемирному) формату парламентских дебатов. – Нью-Йорк, Лондон, Амстердам: IDEA, 2012. – 240 бб.
13. Турик Л.А. Дебаты. Игровая, развивающаяся, образовательная технология. Издательство: Феникс, 2012. -186 с.
14. Стивен Л.Джонс. Как побеждать в дебатах.
15. Светенко Т.В. Путеводитель по дебатам.
16. Хайнц Леммерман. Урок риторики и дебатов.
17. Акулич Е. Как подготовиться к турниру по парламентским дебатам в британском формате.
18.Ли Лефебер. Искусство обьяснять. Как сделать так,чтобы вас понимали с полуслова.

«КЕЛІСІЛДІ»
А.Жұбанов атындағы РКММИ
кафедра меңгерушісі
_____ 2019 жыл

«БЕКІТЕМІН»
Абай атындағы РММИ
директоры
_____ 2019 жыл

«Халық аспаптары» бөлімінің мәжілісінде талқыланды.

№ 1 Педагогикалық кеңесінің шешімімен бекітілді.

Құрастырғандар:

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Өнертану» мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор - Ерболат Жұмашұлы Мұстафаев

Республикалық конкурстардың лауреаты
Жоғары санатты «Домбыра» пәнінің мұғалімі – Теңізбаев Бақытжан Нұргелдіұлы

«Домбыра» бейіндік пәнінің бағдарламасы

ҮЙЛЕСТІРУШІ: мектеп-интернат директоры **Р.Е. Сексенова**

БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕГЕНДЕР: Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Өнертану» мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор **Ерболат Жұмашұлы Мұстафаев,** Республикалық конкурстардың лауреаты, «Домбыра» пәнінің жоғары санатты мұғалімі **Теңізбаев Бақытжан Нұргелдіұлы**

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 5-11-сыныптары үшін «Домбыра» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Кіріспе
Екі ішектің бірін қатты,
Бірін сәл-сәл кем бұра.
Нағыз қазақ – қазақ емес,
Нағыз қазақ – домбыра.
(Қ. Мырзалиев)

Қазақ халқының күй өнері атадан балаға, ұстаздан шәкіртке жалғасып келе жатқан ұлт өркениеті мен мәдениетінің бір бөлшегі болып табылады. Ұлан-ғайыр жерді жаудан қорғап қалу үшін тек батырлық қана емес, сол батырларды жорыққа бастайтын салмақты, салиқалы сөз бен рухты қозғаушы мақам-саз, әуен, күй-ұран керек болды. Ел басына күн туған қилы кезеңдерде сол рухани күш берер ұран халықтың жігеріне жігер қосып, дер кезінде саха ерлердің намысын қайрап отырды. Жауырыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай, елім деп еңіреген ерлер ел шетіне жау келгенде халқын соңынан ерте білді. Осыншама байтақ жерді ғана емес, қайталанбас өнері мен мәдениетін де аманат етіп, қалдырып кетті.

ЮНЕСКО ұйымы «Қазақ халқының ата-бабалары осыдан бес мың жыл бұрын жылқы малын қолға үйреткен, сауып сүтін ішкен, мініп көлік еткен» деген деректі өз мұрағатына алтын әріппен жазып қалдырған болатын. Енді, жақында сол мұрағат жаңа деректермен толықты. 2014 жылдың 28 қараша күні Париж қаласында өткен ЮНЕСКО-ның штаб-пәтеріндегі отырыста «Күй өнері – қазақ ұлтының ғана төл өнері. Домбырамен күй орындаудың қазақ халқының бірлігі мен өзіндік ерекшелігін, ауызбіршілігін сақтаудағы атқаратын маңызы зор» деген сөз айтылды, жазылды. Сөйтіп адамзаттың мәдени мұрасы болып саналатын 10 мұраның қатарына қазақтың күй өнері қосылып отыр. Бұл қазақ халқының ғана емес, қазақ өнерінің де мәртебесін көтере түспек.

Домбыра – қазақ халқының ұлттық аспабы, қасиетті аспабы, киесі. Домбыра – көңіл-күйдің бетпердесі, қазақ ұлтының адал серігі. Домбыра арқылы біз өткенімізді екшеп, болашаққа үмітпен қараймыз. Әр қазақтың үйінде домбыра ілулі тұруы тиіс. Әр қазақ баласының домбыра тарта білуі, күйді меңгеруі өз халқының тарихын, табиғатын, өнерін, әдебиетін, мәдениетін, дінін, ділін, тілін білу болып табылады. Демек, әр өнерпаз домбыра аспабын үйренуге міндетті екенін астын сызып айтқанымыз жөн. Бұл – қазақ халқының музыка мәдениетіне, өнеріне елеулі үлес қосу екені даусыз. Ата-бабаларымыздан жалғасып келе жатқан саф өнерді кейінгі ұрпаққа таза күйінде жеткізу тәрбие берудің ең негізгі жолы болуы тиіс. Ал бұл жолдың ұлттық өнеріміздің басқа түрлеріне де жетелейтіні анық.

Біз, оқытушылар, ұлтымыздың аспабы-домбыраны үйрету арқылы саналы тәрбие бере отырып, жас ұрпаққа сауатты білім алуға жетелеуіміз қажет.

Түсінік хат

Еліміз егемендік алған соң, ұлтымыздың халық аспаптарын оқыту үдерісі жаңа өріс ала бастады. Қазақ халқы тәуелсіз ел атанғаннан бастап, тарих қойнауынан үзілмей келе жатқан қазақтың музыкалық аспаптарын оқытудың маңызы алға тартылды.

Саналы, сауатты, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу жолында ұлттық өнердің берер тәрбиелік мәні орасан екенін білгеніміз жөн. Қазақ халқының күйлерінің шығу тарихын саралай отырып, балаларға оң тәрбие беруге болады. Мұғалімдер балаға тек білім беріп қана қоймай, ұлттық өнер арқылы тәрбие де бере алады.

Оқушылардың күйшілік қабілетін дамыту үшін оларға ата-бабаларымыздан мұра болып қалған күйлерді үнемі тыңдатып, талдап, орындап беріп отыру қажет. Оқытушының өзі орындап беруі оқушыға ерекше әсер береді. Жалпы, сөзбен сабақ бергеннен гөрі оқытушының орындап көрсетуі оқушының таным-түйсігінің тез жетілуіне алып келеді, қазақтың ұлттық

аспабына деген сүйіспеншілігін арттырады, баланың мәдениетке, өнерге үлес қосуға деген ынтасын аша түседі.

Ескі заманнан келе жатқан күйлермен қоса ХХ ғасырда өмір сүрген композиторлардың да күйлерін үйретіп отырғанымыз дұрыс. Ол оқушыға көне күйлер мен қазіргі заман сазгерлерінің шығармаларын салыстыра отырып талдауға, қазақ халқының тарихын, жер-су аттарын, ұлт батырларын тануға көмектеседі, қазақ халқының басынан өткен небір қиын замандарды екшеуге мүмкіндік береді. Осының бәрін біліп қана қоймай, болашақта домбырада күйді сауатты орындай алатын азамат шығады.

«Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» демекші, қазақтың әрбір баласы кішкентай кезінен, мектеп жасынан домбыра аспабында ойнай алуы тиіс және міндетті. Ол үшін арнайы музыка мектебінде оқуға әр баланың қабілеті де, мүмкіндігі де жете бермеуі мүмкін. Сондықтан керемет күйші, орындаушы дәрежесіне жетпесе де, өз ұлтының болмысына айналған күй құдіретінің маңызын терең түсіне отырып үйрену керектігін бала санасына сіңіру қажеттілігі туындап отыр. Осы орайда, жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 5-11-сыныптары үшін «Домбыра» бейіндік пәнінен оқу бағдарламасы жасалынды.

Бағдарламада ұсынылған материалдарды сағат сандарына бөлу мұғалім-маманның еркіне қалдырылады.

«Домбыра» пәнінің мақсаты:

- домбыра аспабын ұлттық тәрбие құралы ретінде кеңінен қолдана отырып, аспапқа деген қызығушылығын арттыру;
- оқушыны домбырада ойнауға үйрету;
- домбыра тарту шеберлігін дұрыс меңгеру;
- оқушының өнерге деген ынта-ықыласын өсіре отырып, эстетикалық талғамын арттыру;
- музыканы дұрыс тыңдап, терең түсіне білуге тәрбиелеу;
- ұлттық аспабымыз домбыраға деген сүйіспеншілікті арттыра отырып, оқушыларды ұлттық рухта тәрбиелеу;

- халық шығармаларына деген қызығушылықтарын арттыру

Пәннің міндеттері:

- аспапты ыңғайлы ұстап, дұрыс отырып үйрету;
- домбырамен ән сүйемелдеуге үйрету;
- шығарманы талдай білуге, жете түсінуге дағдыландыру;
- күйлерді сауатты орындауға жетелеу;
- күй өнерін басқа өнер түрлерімен сабақтастыру;
- сахна мәдениетін үйрету;
- домбыра аспабын үйрене отырып басқа аспаптарды да меңгеруге бағыттау;
- өнер туралы ойын айта алу, сол ойын қағаз бетіне түсіріп, мақалалар жазу

Күтілетін нәтиже:

Қазіргі заман талабына сай домбыра аспабын жақсы деңгейде меңгерген, халықтық музыка тарихынан хабардар, эстетикалық тәрбиелі, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан бәсекеге қабілетті жеке тұлға даярлау.

Оқытушымен бірге жүргізілетін жеке практикалық жұмыс

- Қолдардың қойылымын дұрыс қою; сол қол саусақтарын дұрыс орналастыру (постановка); саусақтардың дұрыс орналасуын қадағалау; пернелерді анық басуды қадағалау; екі қолдың бірге жүруін бақылау (координация); күйлермен жұмыс істеу; күйлерді үйретуде неше түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану; күйлердің шығу тарихын айту; басқа өңірдің күйлерімен салыстыра қарау; күй стильдерін түсіндіру; күйлерді буын-буынға бөліп үйрету; вибрация алуды үйрету; баланы сахнаға дайындау;

- нота сауатын үйрету; жаттығулар арқылы саусақтарын жүргізу; этюдтерді ойнату; жеңіл пьесалармен жұмыс істеу; динамикалық белгілермен жұмыс істеу; фразалармен жұмыс істеу; бір шекті тремолоны үйрету; екі шекті тремолоны үйрету; вариациялармен жұмыс істеу;

- күрделі шығармалармен жұмыс істеу

Жеке үй тапсырмасы (өзіндік практикалық жұмыс)

Оқытушымен бірге өткен сабақ материалдарын бекіту. Жаңа шығарманы жеке үйрену. Музыкалық әдебиеттермен жұмыс істеу. Нотаны оқу. Жеке жоспарда жазылған репертуар бойынша тапсырмаларды орындау (қағысты дұрыс алу, сол қол саусақтырының дұрыс басылуы, дыбыс шығару ерекшеліктері, вибрация); күйлерді жаттау; шығармаларды жаттау.

Оқушыны шығармашылыққа баулу

Оқытушы домбыра пәнінде оқушыға бірінші кезекте күй өнері туралы көп әңгіме айтуы керек. Күйлердің тарихын білу өте маңызды. Күй қай заманда шықты, қандай тарихи оқиғаға байланысты жазылды, күйдің қандай тәрбиелік мәні бар, соны оқытушы дұрыс жеткізгені абзал.

Дарынды оқушы күйшілік қабілеті болған соң, елімізде өткізіліп тұратын республикалық сайыстарға қатысып, өз бағын сынап жүргені дұрыс. Оқушының көптеген күйлерді білуі оның болашақта білікті, сауатты, қажетті тұста білім-білігін қолдана алуының бір кепілі болып табылады.

Күйді талдау

Күйді буын-буынға бөліп үйрену тез жаттауға үйретеді. Әр күйдің мән-мағынасы бар. Күй кездейсоқ шыға салмаған, көңіл күйге байланысты шыққан.

Орындаушылық практика

Жоғарыда айтып кеткендей дарынды оқушы елімізде өтетін республикалық конкурстарға, сайыстарға қатысып жүруі қажет. Ал, жалпы, домбыра үйренген балалар мектепішілік, аудандық, облыстық, қалалық түрлі іс-шараларда жеке немесе ансамбльде домбыра тартып, білім-білігін көрсетеді.

Оқушының көрерменнің, тыңдарманның алдына шығып аспап тартуы оны шыныктырады, қалыптастырады, тәжірибе жинақтауға зор көмегін тигізеді.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі

5-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;

6-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;

7-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;

8-сынып - аптасына 2 сағат, оқу жылында - 68 сағат;

9-сынып - аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
10-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;
11-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат.

«Домбыра» бейіндік пәнінің базалық мазмұны

5-сынып.

5-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

Домбыра аспабының шығу тарихы

Домбыра бар жерде қазақ халқының тілі, өнері, тарихы бірге жүреді. Домбыра - қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Қазақ халқының ұлттық аспабы домбыра туралы аңыз әңгімелер

Домбыраның құрылысы

Домбыра құрылысы бірнеше бөліктен тұрады: басы, құлақтары, пернелер, мойын, шанақ, бетқақпақ, ілгек және ішектер. Сондай-ақ, оның көптеген қосымша бөлшектері бар (тиек, кемер ағаш, тұжым ағаш, бастырма, ойық, қалқа, түйме, өрнек, желкелік). Домбыра тиегі үш түрлі болады (шайтан тиек, негізгі тиек, табалдырық тиек).

Домбырашының отырысы мен аспап ұстауы

Домбырада ойнағанда ер бала мен қыз бала орындықта отыру мәнерімен ерекшеленеді. Орындықта тік отырғанда домбыраның басы оқушының көз тұсына ал, шанағын оң қолдың шынтағымен қысып бекітіп тарту керек және т.б әдістерін қолданады. Аспапта ойнау, орындықта дұрыс отыру тәсілдері көрсетіледі.

Домбыра қағыстары. Саусақтармен жұмыс жасау

Домбыра тартып үйрену әуелі ашық ішекті қағыстардан басталады. Домбыраны алғаш меңгеру барысында оқушы қолдарын еркін әрі бос қозғалтып үйренуі керек. Қағыс пен перне басуда екі қолдың үйлесімін келтіру, т.с. сияқты алғашқы ойнау тәсілдері домбыра ойнау шеберлігінің негізі болып табылады. Домбыра аспабының негізгі екі түріне байланысты аспапта күй орындаудың екі түрі «төкпе» мен «шертпе» қағыстары қалыптасқан. Сазды күйлер Арқа өңірінде, ал төкпе күйлер батыс аймақтарда кең таралған.

Домбыра шертудің «сұқпа» (сұқ және орта саусақпен шертіп ойнау), «жап тақымта» (ішекті бос күйінде қағып, пернені басып отыру), «іліп-қақпай» (ішекті іліп қағу), «теріс қақпай» (жоғары-төмен) деп аталатын түрлері бар.

Жаттығулар. Қолдарына алғаш домбыра ұстаған оқушылар шағын жаттығуларды тарту арқылы қолдары икемденіп, қағыс әдіс тәсілдерін үйреніп, домбырада ойнаудың қыр-сырын ұғынады.

Этюд. Шағын этюдтер

Күйлер туралы түсінік

Қазақтың домбыра, қобыз, сыбызғы, шертер сияқты ұлттық музыкалық аспаптарында орындалатын әуен - саз күй деп аталады. Бізге жеткен ең көне күйлер – күй атасы Қорқыттың шығармалары.

Күй – бағдарлы мазмұны бар, көркемдігі жоғары аспаптық жанр. Онда табиғат құбылыстары («Алатау», «Саржайлау», «Көбік шашқан»), тарихи оқиғалар («Ел айырылған», «Жеңіс»), халық мерекелері («Тойбастар», «Балбырауын»), жан-жануарлар («Аққу», «Қоңыр қаз», «Көкала ат»), аңыз-ертегілер («Мұңлық-Зарлық», «Қос мүйізді Ескендір»), жеке адамдар («Байжұма», «Абыл»), адам сезімдері («Қуаныш», «Сағыныш»), т.б. түрлі оқиғалар мен құбылыстар суреттеледі.

Күйлер тақырыбы мен мазмұнына қарай аңыз-күйлер, тартыс күйлер, тарихи күйлер, арнау күйлер, лирикалық күйлер, психологиялық күйлер болып жіктеледі.

Домбыра күйлері орындалу мәндері мен құрылымдылық ерекшеліктеріне қарай төкпе және шертпе деп аталатын екі үлкен түрге бөлінеді. Төкпе күйлер тұрақты екпін мен өлшемде, оң қолдың тұтас сілтенуімен орындалады. Ал шертпе күйлер көбінесе жалғыс дауысты болып, оң қол саусақтарының ұшымен орындалады.

Күйші композиторлар

Домбыра аспабы халықтық кәсіби өнердің туып-қалыптасуына, өркендеуіне негіз болған Байжігіт, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Сейтек, Қазанғап, Сүгір, Тоқа, т.б. даңқты күйшілердің төкпе, шертпе күй дәстүрлерінің тууы,

дамуы осы домбыра аспабымен тікелей байланысты. Олардың дәстүрін, мұрасын бүгінгі күнге жеткізген Дина Нұрпейісова, Ә. Хасенов, Науша, Махамбет Бөкейхановтар, Т. Момбеков, М. Хамзин, Қ. Жантілеуов, С. Балмағамбетов, Л. Мұхитов, т.б. сияқты домбырашылар болса, қазіргі майталман орындаушылар – Қ. Ахмедияров, У. Бекенов, Р. Ғабдиев, С. Шәкіратов, Б. Ысқақов, Б. Тілеуханов, А. Үлкенбаева, А. Райымбергенов, т.б. көптеген күйші композиторларға шолу жасау.

Халық күйі «Жастар».

Х.Тастановтың «Би» күйі. Күйлерді тыңдап, оның шығу тарихына тоқталу. Күйлерді тартып үйренер алдында оң қолдың қойылымына, қағысына және сол қолмен пернелердің басылуына көңіл бөлу қажет. Күйді буынға бөліп, оның дыбыс тазалығымен жұмыс жасалынады.

Күйді ансамбльде толық жатқа орындау, күйдің мінезі мен тұтас болмысын түсіну, күйді тұтас игерумен қатар дыбыс сапасын да ескеріп отыру керек.

Барлық өткен күйлерді қайталау.

Оқу жылында өткен жаттығуларға, «Би», «Жастар» күйлеріне шолу жасау.

6-сынып.

6-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

Өткен жаттығуларды, «Би», «Жастар» күйлерін жатқа қайталау

Домбыра туралы түсінік. Музыкалық дыбыстар. Музыкалық дыбыстардың жазылуы Домбырадағы шартты белгілер. Музыкалық дыбыстардың биіктігін таңбалау. Интервалдар. Музыкалық дыбыстардың домбыра пернелерінде орналасуы. Домбыраның құлақ күйі. Оқушыны домбыра тартуға дайындау. Екі қолдың қойылымы. Музыкалық сауаттылық. Такт. Өлшем. Акцент. Метр. Ырғақ. Қағыстар. Перне басып ойнау. Ноталық жазуды қысқарту белгілері. Жеңіл жаттығулар орындау.Тыныс белгілер. Паузалар. Аппликатура. Екпін. Динамикалық белгілер.

Этюдтер ойнау

Халық күйі «Кеңес»

Үнтаспадан халық күйлері туралы қысқаша мағлұмат беру. Авторы ұмыт болып қолдан-қолға таралып тартылатын күйлерді халық күйі деп айтамыз. «Кеңес» күйін толық тыңдап, сағасына жеке-жеке тоқталу. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу. Күйді буынға бөліп ойнау. Оң қолмен қағыстарды таза тартып, сол қолмен пернелерді дұрыс басып, дыбыс тазалығымен жұмыс жасау. «Кеңес» күйін ансамбльде толық жатқа орындау.

Халық күйі «Келіншек»

«Келіншек» күйін тыңдап, әр буынына және сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару. Ансамбльде жатқа ойнау.

7-сынып.

7-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

Этюдтерді, халық күйлерін: «Жастар», «Кеңес», «Келіншек», Х.Тастановтың «Би» күйлерін жатқа қайталап, ансамбльде ойнау.

Домбыраның шығу тарихына қысқаша шолу. Домбыра қандай аспап? Қазіргі кездері археологиялық олжалар домбырашылық дәстүрдің тамыры тым әріде жатқанын пайымдайды. Домбыра дәстүрінің дамуы XIX ғасырда өзінің шарықтау шыңына жетті. Домбыра өнерінде Батыс Қазақстандық төкпе және Шығыс Қазақстандық шертпе тәрізді екі аспаптық дәстүр қалыптасты. Бұл екі дәстүр бір-бірінен композициялық құрылысы, ойнау техникасы, музыкалық тілі жағынан айрықшаланып дараланады. Сыр күйшілері.

Домбыра үйрену тарихы. Домбыраның қағысы – күйдің тілі. Күй үйрену тәсілдерінің өте ерте заманда-ақ қалыптасқанын көрсететін айғақтардың бірі

Ұлы халық күйшілерінің тәжірибесіне сүйенсек, бұрынғы кезде өнерге табыс табудың көзі деп қарамаған, рухани мұра деп қараған.

Күй үйрену тәсілінің дәстүрлі сипаттары. Күй туралы және күйдің аңыз әңгімесін тыңдаушыға әрі түсінікті әрі

қызықты етіп айту; күйді есту арқылы үйрету; күй сазын әуен арқылы айтып беру; домбырада күйді тартып көрсету

Күйлерді кезеңдерге бөліп үйрену жүйесі.

Бірінші кезең: күй жанрының негіздерін үйрену.

Екінші кезең: күй жанрының дәстүрлік сипаттарын үйрену.

Үшінші кезең: күй жанрының мектептерін үйрену.

Төртінші кезең: күй жанрын ұлттық өнер ретінде меңгеру.

Дәулеткерейдің күйі «Қосалқа». Дәулеткерейдің шығармашылық өміріне шолу. Күйдің шығу тарихы. «Қосалқа» күйін тыңдап, әр буынына және сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару. Ансамбльде жатқа ойнау.

Халық күйі «Қоңыр». Күйдің шығу тарихына шолу. «Қоңыр» күйін тыңдап, әр буынына және сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару. Ансамбльде жатқа ойнау.

Абай «Торыжорға». Абайдың күйге қатысты шығармашылығына шолу. «Торыжорға» күйінің шығу тарихы. «Торыжорға» күйін тыңдап, әр буынына және сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару. Ансамбльде жатқа ойнау.

8-сынып.

8-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат

Өтілген этюдтерді, халық күйлерін: «Жастар», «Кеңес», «Келіншек», «Қоңыр», Х.Тастановтың «Би» күйін,

Дәулеткерейдің «Қосалқа», Абайдың «Торыжорға» күйлерін қайталау. Ансамбльге қосып, жатқа ойнау.

Домбыра және оның түрлері. Домбыраның құрылысы. Домбыраның күтімі. Музыкалық дыбыстар. Музыкалық дыбыстардың қасиеттері. Музыкалық дыбыстардың атауы. Дыбыс қатары. Октава аттары. Бүтін және жарты тон. Музыкалық дыбыстардың жазылуы. Нота таңбасы. Нота желісі. Музыкалық дыбыстардың биіктігін таңбалау. Музыкалық кілттер. Интервалдар. Нота таңбасының ұзақтыққа бөлінуі. Акцент. Метр. Такт. Өлшем. Ырғақ. Жай метрлер мен өлшемдер. Домбыраның бұрауы (құлақ күйі). Оқушыны домбыра тартуға дайындау. Домбырашының отырысы. Екі қолдың қойылымы. Сол қолдың қойылымы. Сол қолдың таңбалануы. Оң қолдың қойылымы. Оң қолдың таңбалануы. Қағыстар. Қағыс қағып үйрену. Төмен бағыттағы қағыстарды үйрену. Жоғары бағыттағы қағыстарды меңгеру. Алма-кезек қағысты меңгеру. Перне басып ойнау. Аппликатура. Динамика және оның белгілері. Ноталық жазуды қысқарту белгілері. Тыныс белгілер. Паузалар. Альтерация белгілері. Дыбыс ұзақтығын ұзартатын қосымша белгілер. Лига қойылған ноталарды домбырада орындаудың негізгі әдістері.

Абай. «Май түні». ««Май түні» күйінің шығу тарихы. «Май түні» күйін тыңдап, әр буынына және сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару. Ансамбльде жатқа ойнау.

Динаның күйі «Той бастар». Автордың шығармашылық өміріне шолу. «Той бастар» күйінің шығу тарихы. «Той бастар» күйін тыңдап, әр буынына және сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару. Ансамбльде жатқа ойнау.

Құрманғазының күйі «Кісен ашқан». Автордың шығармашылық өміріне шолу. «Кісен ашқан» күйінің шығу тарихы. «Кісен ашқан» күйін тыңдап, әр буынына және

сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу. Ансамбльде жатқа ойнау. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару. Ансамбльде жатқа ойнау.

Сейтектің күйі «Заман-ай». Автордың шығармашылық өміріне шолу. «Заман-ай» күйінің шығу тарихы. «Заман-ай» күйін тыңдап, әр буынына және сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару.

Күйдің дыбыс тазалығымен жұмыс. Ансамбльде жатқа ойнау.

Өтілген күйлерді қайталап, ансамбльде жатқа ойнау.

9-сынып.

9-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат

Өтілген этюдтерді, күйлерді: Халық күйлері: «Жастар», «Кеңес» , «Келіншек», «Қоңыр», Х.Тастановтың «Би» күйін, Дәулеткерейдің «Қосалқа», Абайдың «Торыжорға», «Май түні», Динаның «Той бастар», Құрманғазының «Кісен ашқан», Сейтектің «Заман-ай» күйлерін қайталау. Ансамбльде жатқа ойнау.

Күй тартып үйрену. Төкпе дәстүрінде күй тартып үйрену. Буындар мен кіші сағаны меңгеру. Тербеліс. Үлкен сағаны меңгеру. Шертпе дәстүрінде күй тартып үйрену.

Музыкалық білім жүйесімен күй тартып үйрену.

Күй тарту шеберлігінің сипаттары: біріншіден, күй жанрының негіздерін көрсете алатын шеберлік; екіншіден, күй жанрының дәстүрлік сипатын көрсете алатын шеберлік; үшіншіден, күй жанрының мектептерін көрсете алатын шеберлік; төртіншіден, күй жанрын ұлттық өнер ретінде көрсете алатын шеберлік Домбыра тарту шеберлігі – дамып жетіле беретін өнер. Қағыс түрлері. «Тентек қағыс» – Құрманғазы дәстүріндегі, кейін Дина дамытқан кең шеңберлі қағыс; «Төре қағыс» – Төре күйлеріндегі ішектің екі жағынан аса алыс

кетпейтін қағыс; «Сүйретпе қағыс» – Абылдан келе жатқан бұл қағыс күйлердің динамикалық жақтарын аса жандандырады. Әсіресе, ол шартты бөлуден жұпты бөлінген дыбыстарға ауысқанда, соңғылардың үлкен айырмасын көрсетеді; «Шұбыртпа қағыс» – бес саусақты кезегімен жоғарылы-төмен сілтеген қағыс; «Сипай қағыс» – саусақтың ұшымен сипай өтетін қағыс.

Дәстүрлі күй қағыстарының түрлері. Ілме қағыс, саулама қағыс, шалу қағыс, орама қағыс, тырнама қағыс, толқындама қағыс, иілме қағыс, шашқын қағыс.

Абайдың «Майдақоңыр» күйі. «Майдақоңыр» күйінің шығу тарихы. «Майдақоңыр» күйін тыңдап, әр буынына және сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару.

Күйдің дыбыс тазалығымен жұмыс. Ансамбльде жатқа ойнау.

Ә. Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйі. Автордың шығармашылық өміріне шолу. «Ерке сылқым» күйінің шығу тарихы. «Ерке сылқым» күйін тыңдап, әр буынына және сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару.

Күйдің дыбыс тазалығымен жұмыс. Ансамбльде жатқа ойнау.

Құрманғазының күйі «Бозшолақ». Автордың шығармашылық өміріне шолу. «Бозшолақ» күйінің шығу тарихы. «Бозшолақ» күйін тыңдап, әр буынына және сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару.

Күйдің дыбыс тазалығымен жұмыс. Ансамбльде жатқа ойнау.

Н.Тілендиевтің күйі «Ата толғауы». Автордың шығармашылық өміріне шолу. «Ата толғауы» күйінің шығу тарихы. «Ата толғауы» күйін тыңдап, әр буынына және сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару.

Күйдің дыбыс тазалығымен жұмыс. Ансамбльде жатқа ойнау.

10-сынып.

10-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

Өтілген этюдтерді, күйлерді: халық күйлері «Кеңес» , «Келіншек», «Қоңыр», Х.Тастановтың «Би» күйін, Дәулеткерейдің «Қосалқа», Абайдың «Торыжорға», «Май түні», «Майдақоңыр», Динаның «Той бастар», Құрманғазының «Кісен ашқан», «Бозшолақ», Сейтектің «Заман-ай», Ә. Желдібаевтың «Ерке сылқым», Н.Тілендиевтің «Ата толғауын» қайталау. Ансамбльде жатқа ойнау.

Абай. «Абайдың желдірмесі». «Абайдың желдірмесі» күйінің шығу тарихы. «Абайдың желдірмесі» күйін тыңдап, әр буынына және сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару.

Күйдің дыбыс тазалығымен жұмыс. Ансамбльде жатқа ойнау.

Н.Тілендиевтің күйі «Әлқисса». Автордың шығармашылық өміріне шолу. «Әлқисса» күйінің шығу тарихы. «Әлқисса» күйін тыңдап, әр буынына және сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу.. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару.

Күйдің дыбыс тазалығымен жұмыс. Ансамбльде жатқа ойнау.

Құрманғазының күйі «Балбырауын». Автордың шығармашылық өміріне шолу. «Балбырауын» күйінің шығу тарихы. «Балбырауын» күйін тыңдап, әр буынына және сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару.

Күйдің дыбыс тазалығымен жұмыс. Ансамбльде жатқа ойнау.

Дарынды балалармен жеке жұмыс. (Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар бере білу - ерекше қиын іс. Олардың қалауымен күйлерді таңдау, шетел классиктерінің шығармашылықтарынан да шығармалар таңдауға болады).

11-сынып.

11-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

Өтілген этюдтерді, күйлерді: Халық күйлері «Кеңес» , «Келіншек», «Қоңыр», Дәулеткерейдіңі «Қосалқа», Абайдың «Торыжорға», «Май түні», «Майдақоңыр», «Абайдың желдірмесі», Динаның «Той бастар», Құрманғазының «Кісен ашқан», «Бозшолақ», «Балбырауын», Сейтектің «Заман-ай», Ә. Желдібаевтың «Ерке сылқым», Н.Тілендиевтің «Ата толғауы», «Әлқисса» күйлерін қайталау. Ансамбльде жатқа ойнау.

Дәулеткерейдің күйі «Көроғлы». Автордың шығармашылық өміріне шолу. «Көроғлы» күйінің шығу тарихы. «Көроғлы» күйін тыңдап, әр буынына және сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару.

Күйдің дыбыс тазалығымен жұмыс. Ансамбльде жатқа ойнау.

Түркештің күйі «Көңілашар». Автордың шығармашылық өміріне шолу. «Көңілашар»күйінің шығу тарихы. «Көңілашар» күйін тыңдап, әр буынына және сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау.

Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару.

Күйдің дыбыс тазалығымен жұмыс. Ансамбльде жатқа ойнау.

Құрманғазының күйі «Сарыарқа». Автордың шығармашылық өміріне шолу. «Сарыарқа» күйінің шығу тарихы. «Сарыарқа» күйін тыңдап, әр буынына және сағасына жеке-жеке тоқталып, домбыра қағысын дұрыс орындау. Оқушының техникасын дұрыстау үшін жаттығулармен жұмыс істеу, қағыстарға тоқталу. Әр оқушымен жеке жұмыс жасау, сол қол саусақтарының жұмысына ерекше көңіл аудару.

Күйдің дыбыс тазалығымен жұмыс. Ансамбльде жатқа ойнау.

Дарынды балалармен жеке жұмыс. (Олардың қалауымен күйлерді таңдау, шетел классиктерінің шығармашылықтарынан да шығармалар таңдауға болады).

Қорытынды

Қазақтың сайын даласы қай кезде де өнерге кенде болмаған. Ұлан-ғайыр аймақтың, әр өңірдің өзіндік ерекшелігі, белес-бедері, үні, әуезі, бояуы, екпіні бар. Әрине, өнер ауқымы кең, әрі сан-салалы екендігі де белгілі. Қазақ даласының өміршең өнерінің бірі – күй. Қатты мұңы көктен түскен жасындай, сырлы мұңы таудың тілсіз тасындай, ащы мұңы көздің кермек жасындай.

Қазағымның ғұмырына нәр берген де, азаптан арашалаған да, алдынан жарқыраған ай боп туып, алысқа шақырған да, асудан асырған да, жауға шапса семсеріне күш берген де арғы-бергідей бар болмысының күре тамыры – құдіретті күй. Күйде ұлттық рух бар.

Күй қазақтың өмір қазығы – ұлықты ұраны. Дарабоз дархан күйді де, күйшіні де өмірге келтірген, оған ұзақ өмір, мәңгілік мәнсап, биік тұғыр берген де халық. Сондықтан күй халқымен бірге жасап, ғасырды ғасырға жалғап, өрелі өрімдерінен болашаққа бойтұмар тағып, өзі де өзіне табынғандармен бақилық ғұмыр кешуде. Сондықтан арнайы музыка мектебінде оқымайтын балаларға домбыраны жай ғана

үйретіп қана қоймай, күй құдіретін түсіндіре отырып үйрету аса маңызды және міндетті.

Қорыта келе, осы құдіретті күйдің пайда болуы, дамуы мағынасы жөнінде керемет ой түйген белгілі ғалым Қ.Жұбановқа жүгіне кеткен жөн. Ол өзінің «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болу нәсілі» атты еңбегінде мынадай пікірін алға тартады: «Қазақ музыкасы шығармаларының ішіндегі ең ірі жанрдың бірі – күйлер», - дейді. Демек, заманымыздың өміршең өнері бүгінгі күнге дейін сақталып, өміріміздің қазығы, ұлықты ұраны болып қала бермек.

Қолданылған әдебиеттер:

1.Қ.Ахмедиаров «Күй – ұран» – Алматы, 2001. – Б.336
2. С.Балмағанбетов «Қазанғап» – Ақтөбе: ЖШС «Ақжар - АБК», 2005. – Б.120
3. Б.Жүсіпов «Ж.Байсын күйлері» оқу құралы. – Алматы: «Ғылым», 2000.
4. А.Тоқтаған «Құрманғазы» – Алматы: Білім, 2005. – Б. 216
5. А.Райымбергенов, С.Аманова «Күй қайнары» – Алматы: - Өнер, 1990. – Б. 288
6. М.Ермекбайұлы «Күй маржаны» – Павлодар. – 1999. – Б.288
7. К.Сахарбаева «Атырау ән-күй мұхиты» – Алматы: «Дайк Пресс», 2001. – Б. 21
8. К.Сахарбаева «Домбыра дастан» – Алматы: - Мектеп, 2002. Б.43
9. А.Сейдімбек «Қазақтың күй өнері» – Астана, 2002. – Б.832
10. А.Тоқтаған «Тәттімбет және Арқа күйлері» – Алматы: Білім, 2005. – Б.184
11. К.Сахарбаева «Дәстүр ізімен» – А., 1997.
12. А.Райымбергенов «Қазанғап Ақжелең», Алма – Аты, «Өнер» 1984 ж.
13. С.Балмағамбетов «Саз зергері Қазанғап» «Өлке» 2001ж.
14. А.Райымбергенов, С.Райымбергенова «Күй қайнары», «Өнер» 1997 ж.
15. А.Есенұлы, Г.Елеусізқызы «Күй керуені»., «Өлке», 1997.

16. Ө.Спанов. «Домбыра үйренейік»., «Әуен», 1992.
17. А.Жайымов, С.Бүркітов «Домбыра үйрену мектебі»., «Өнер», 1992.
18. Л.Хамиди, Б.Ғизатов «Домбыра үйрену мектебі»., «Өнер», 1983
19. Қ.Дүйсембінова «Музыкалық білім беру педагогикасы» – Талдықорған,
2006.Б.86-164.
20.И.Аравин., Б.Ерзакович «Қазақстанның музыка мәдениеті» – Алматы, 1957. – Б.4 – 68
21. Қ.Мерембаев «Домбыраға арналған хрестоматия» Қарағанды, 2003
22. У.Бекенов «Күй табиғаты»., «Өнер», 1981
23. Х.Тастанов «Домбырадан сабақ беру әдісі»., «Жазушы», 1970
24. Т.Мерғалиев «Домбыра сазы», «Жазушы», 1972

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИРИСТРЛІГІ

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Абай атындағы республикалық мамандандырылған
дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін
терендете оқытатын орта мектеп-интернаты

«Келісілді»
Өнер, мәдениет және спорт
институтының директоры
_____ Г.М.Кожағұлов

«Бекітемін»
Мектеп-интернат директоры:
_____ Р.Е. Сексенова

«Сәндік қолданбалы өнер» бейіндік пәні бағдарламасы

Алматы, 2019

1

Жалпы орта білім беру деңгейінің

қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы

5-9 сыныптарына арналған «Сәндік қолданбалы өнер»

бейіндік пәні бағдарламасына

ПІКІР

Халықтық сәндік-қолданбалы өнер – әлемдік көркем мәдениеттің негізі. Даналық пен әсемдіктің таусылмас қайнар көзі. Онда сан ұрпақтың түрлі материалдарды: ағаш, саз, жүн, металдарды өңдеу тәжірибесі бейнеленген. Көне дәстүрлерді көздің қарашығындай сақтап және байыта отырып, халықтық көркем қолөнер кәсібі қазіргі мәдениеттің айқын құбылысы болып, үй тұрмысының маңызды және бөлінбес құрамына айналды. Қолөнер туындылары қайталанбас және алуан түрлі: әсем әшекейлерден және шағын ойыншықтардан бастап күрделі кестеленген композицияларға дейін және көлемді кілемдерді, тоқыма матадан жасалған көп заттық жиынтықтарды, шыны, ағаш және металл бұйымдардарын қамтиды. Пішіндердің ықшам да мәнді үйлесімі, түстердің жоғары талғамы, өрнектердің әсемдігі, композициялық шешімі, көздің мүлтіксіздігін, қолдың дәлдігін және қиял ұшқырлығын ұштастырып, шебердің өзіне тән тәсілдермен орындауына жеткізеді. Сондықтан халқымыз қолөнерді ертеден қастерлеп бағалай білгенін жақсы білеміз. Ал қазіргі уақытта атадан балаға ұласып келе жатқан осы дәстүр кейбір жерлерде ұмытыла бастаған сияқты, соны жандардыру...

«Көпшілік жұрт қазақтың ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрпының сырын біле бермейді. Оларды жүйелеп, көңілге қонарлықтай етіп бекзаттыққа, имандылыққа, ізгілікке қатысты білім-танымның талаптарына сай пайдаланып жүргендер жоқтың қасы», – деп жазады өзінің бір сұхбатында Ө.Жәнібеков. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, дәстүрді бағалай білетін, яғни адамгершілік, құнды қасиеттерді сіңіріп өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуге отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Ұлы дала төсінде соңғы үш мың жыл бойы салтанат құрған көшпелі өмір салтының ең соңғы мұрагері қазақ халқы. Содан болар, көшпелі қазақтың материалдық және рухани мәдениеті тікелей байырғы салтпен шендесіп жатқанын енді көріп жатырмыз. Сондықтан ұстаздар алдында, оқушының сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарасын қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс жеткізе білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Сонымен қатар, адамгершілік қасиетін, ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, халық

педагогикасының әдіс-тәсілдері мен қазақ өнерінің озық үлгілерін үйретіп, өнерлі де білікті, мәдениетті және денсаулығы мықты азамат етіп тәрбиелеу. Барлық тәрбиелік істе әрбір баланы жеке тұлға деп танып, қоғам өміріне белсене қатысатын жан-жақты дамыған адамды қалыптастырумен қоса, ең қолайлы мамандықты таңдау үшін саналы түрде өз ықыласының болуы және өзін әр түрлі іс-әрекетте байқап көруі, ең дұрысы өзінің қолынан келетін, сол жұмысқа бейімділігі, сонымен қатар қабілетті болуын мақсат тұтамыз. Дамыта оқытудың да басты мақсаты – баланы оқыта отырып, оны шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту. Оқушының шығармашылық іс – әрекеті және оның мәнін түсіну үшін жеке тұлғаның ғылыми – педагогикалық зерттеулердің обьектісі ретінде анықталу сипатын білу қажеттілік болып табылады. Шығармашылық іс-әрекет тұлғаны құраушы және оны айқындаушы фактор ретінде де қарастырылады. Жеке тұлғаның ерекшеліктеріне тән қасиеттер оның санасына, өзіне-өзінің сын көзімен қарауына, адам баласының есіне әсер ететін ішкі және сыртқы түйсік, түйсіктердің әсеріне және оның ерік – жігер күші мен әсерленушілік сезім дүниесіне байланысты құбылыс деген пікірді біздер қуаттаймыз. Оның себебі, ұлы ғұламаларымыз осы ой-пікірде болған деп білеміз.

Өнер адамның дүниетанымына, сеніміне, адамгершілік – моральдық қасиеттердің қалыптасуына, эстетикалық сезімдерінің тұрақтылығына, алдына қойған мақсатының айқындала түсуіне игілікті әсер етеді. Сол себепті де халық өз ұрпағының өнердің сан – саласынан толық мағлұматы болуын аңсап, бұған қатты көңіл бөлген жөн. Жастарымыз – «біліммен шыңдалсын, өнермен – өрісін кеңейтсін» - дегім келеді.

Пікір жазған
Абай атындағы ҚазҰПУ,
Дизайын кафедрасының
п.ғ.к., қауымд., профессор Сманова Ақмарал Смаилқызы

4

«Сәндік қолданбалы өнер» бейіндік пәні бағдарламасы

ҮЙЛЕСТІРУШІ: мектеп-интернат директоры **Р.Е. Сексенова**

БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕГЕНДЕР: Абай атындағы ҚазҰПУ дизайын кафедрасының доценті, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері төсбелгісінің иегері **Майра Нұрке Сыздыққызы**, «Педагог-зерттеуші», жоғарғы санаттағы көркем еңбек пәнінің мұғалімі **Кульзипа Куанышбекқызы Козыбакова**

ПІКІР ЖАЗҒАН: Абай атындағы ҚазҰПУ, Дизайын кафедрасының п.ғ.к., қауымд.профессор **Сманова Ақмарал Смаилқызы**

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 5-9-сыныптары үшін «Сәндік қолданбалы өнер» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасы
(оқыту қазақ тілінде)

Түсінік хат

Сәндік-қолданбалы өнер сабақтарын өткізгенде барлық бейіндік пәнінде қолданылатын дидактикалық принциптермен ережелер мұқият сақталуға тиіс. Бағдарламада тек қолмен жасалатын жұмыс түрлері қарастырылған. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері әр түрлі болып келеді және өте бай өнер. Қазақ халқының қол өнері сонау ерте заманнан дамып келе жатқан бай қазына. Сәндік-қолданбалы өнерге адам тұрмысын көріктендіретін нәрселерді заттарды көркем өңдеуді, күнделікті адам пайдаланатын бұйымдарды, үйдің ішкі бұйымдарын жатқызады. Оқушылардың эстетикалық әсер алуы, көркемдік мәдениеті олардың пайдалы бұйымдарды жасау процесінде қалыптасады. Сондықтанда оның дәстүрлерін, көркемдік құрылымдарын тұрмыста қажетті, пайдалы заттарды жасау үстінде оқып үйренген жөн. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері бойынша сабақтар негізінен практикалық сипатта өтіледі. Іс жүзінде жүргізілетін жұмыстардың мазмұны қазақтың қолданбалы бейнелеу өнерін, оқушылардың еңбекке, дайындығын шыңдауға, түрлі заттарды өңдеуге және пайдалы өнім шығаруға, ұтымды пайдалануға жұмсалады. Бағдарлама оқушылардың шығармашылық және танымдық қабілетін, эстетикалық сезімін, еңбекқорлық мәдениетін, жеке басының дербестігін шыңдап тәрбиелейді. Оқушылардың білімін тереңдетуде, шығармашылығын, еңбекке қызығушылығымен ой-өрісін кеңейтіп, талғам деңгейін жоғарылату барысында қолөнер бейіндік пәндердің алатын орны ерекше.

"Сәндік-қолданбалы өнер» бейіндік пәнді оқытудың басты мақсаты:

Оқушының ұлттық өнер туралы түсінігін кеңейтіп, өз қолымен жасаған бұйымдары арқылы дүниетанымын тереңдетіп, технологиялық ойлау қабілетін, еңбекке деген шығармашылық көзқарасын, потенциялды дамыта отырып, шығармашылық жоба жасауды және оны өмірде қолдана білуді үйрету, өзінің өмірлік және кәсіби жоспарларын саналы түрде анықтауға ықпал ету. Оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту. Жаңа заман ғылымының мол жетістіктермен қаруланған, мәдени дүние танымын кеңейтілген, көзқарасы қалыптасқан бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеп, шәкірттердің шеберлігін, іздену, білім мен еңбегін көрсету мен қатар іскерлік, икемділік қабілет, дағдысын арттырып, қалыптастыру, еңбектену жұмысына төзімделігін жеткізе, арттыра түсу болып тадылады.

***"Сәндік-қолданбалы өнер» бейіндік пәнді оқытудың міндеттері*:**

- ұлттық сәндік қолданбалы өнер түрлерін білгізу;
- халықтың қол өнерін эстетикалық тұрғыдан меңгерту;
- ғылыми танымдық және идеологиялық тұрғыдан алған
- білімдерін өмір тәжірибесінде қолдана білгізу;
- зерттеу және шығармашылық әдістерді тиімді қолдана алу біліктілігін қалыптастыру;
- шеберлікті дамыту, халық мұрасын зерттеу;
- өнер адамдарының іс-тәжірибесін меңгерту;
- эстетикалық талғамын арттыру, ұлттық салт-дәстүрді, қолөнерді қастерлеуге дағдыландыру;
- іс-тәжірибеде қолдану шеберлігін дамыту;
- қарапайым материялдармен жұмыс жасау техникасын меңгерту;
- өз беттерімен көркемдік әрекеттер орындау дағдыларын жетілдіру;
- қолдың моторикасын, иілгіштігін және көзбен шамалдау дәлдігін жақсарту:

- өз бетінше бұйым әзірлей білуіге төсілдіру;
- құрал-сайман, материалдармен жұмыс жасау техникасын меңгерту;
- техникалық қауіпсіздік ережелер мен санитарлық-гигиеналық нормаларын сақтау;

Бағдарламаның өзектілігі, маңыздылығы, қажеттілігі:

Қолөнер - өресі биік, өрісі кең өнер. Қол өнер халықтың тұрмыс-тіршілігімен жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Қазіргі кезде сол ұлттық қолөнерді жас ұрпақтың бойына дарытатын, үйрететін қосымша бейіндік пәні. Ал, оқушының қызығушылығы мен белсенділігін оятатын, пән бойынша білім бойынша білім сапасын көтеретін әрине сыныптан тыс іс-шара. Мемлекеттік стандарт бойынша бүгінгі таңда техналогия пәні қысқартылады, демек практикалық жұмысқа аз уақыт беріледі. Сондықтан, бұйым жасау үшін, қолөнерге баланы баулу мақсатында сабақ уақыты жеткіліксіз. Оқушының білімін тереңдетуде, шығармашылық қабілетін дамытуда, еңбекке қызығушылығы мен ой-өрісін кеңейтуде және эстетикалық талғам деңгейн жоғарлату мақсатында «Сәндік қолтаңбалы өнер» бейіндік пәннің орны ерекше. Бұл бағдарлама оқушының оқу процесінде алған білімін үйірмеде қолданып, сәндік-қолданбалы өнердің қыр-сырымен сусындап, халық шеберлерінің ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан керемет шығармашылығымен таныса отырып, шеберліктің, еңбексүйгіштіктің шыңдалуына мүмкіндкік береді.

Бағдарлама ұлттық қол өнерді игеру арқылы халықтық рухани құндылықтарын біліп , мәдени мұрасын қадірлеп , салт дәстүрді өз бойларын сақтап кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, этникалық, ұлттық қаситтерін қалыптастыруға негізделген. Дүниежүзілік бәсекеге түскен қоғамымыз ұрпағын енжар, самарқау болғанын көтермейді. Қазіргі кезде мақсат-жан жақты білімді, өмір сүруге бейімделген, өзіндік ой толғаны бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті, қарыитап алға басқан өмір ағымына ілесіп, өз мүддесіне мен халық мүддесін қатар алға алып жүретін ойлы, ұғымтал , көрерген, ынтымақшыл, жауапты, іскер, жеке тұлғаны қалыптастыру.

Біз бұдан не ұтамыз, менімше біріншіден, жас ұрпақтың ұлттық сана сезімін қалыптастырамыз, екіншіден, жас таланттың жолын ерте ашамыз, үшіншіден, жалпы өнерге баға беруші қарапайым халықтың өнерге деген көзқарасын тереңдетеміз. Бүгінгі таңда қолөнер туралы, ою-өрнек туралы танымдық кітаптар бар, бірақ мектептегі балаларға арналған кітаптар жоқтың қасы. Орта мектептерде қолөнерге қызығатын жастар көп, соларға жол көрсететін, үйрететін білікті ұстаз болғандықтан өзімнің авторлық бағдарламамды ұсынып отырмын.

Бейнелеу өнерінің әртүрлі салалары көп. Мысалы, халық шаруашылығының түрлерін; ағаш өңдеу, тері өңдеу мен қатар ши тоқу, кілем, гобелен тоқу өнерін мектеп оқушылары арасында қолға алудамыз. Халықтың ұлттық нақышын көрсететін, өзге ұлттан ерекшелейтін ою-өрнек пен олардың түс үйлесімділігі деп білемін. Оқушы қыздармен біз, мыңнан астам ою-өрнектің ежелгі және осы заманғы түрлері енгенін ұғып, «қазақ ою өнері басқа халықтардан тайға таңба басқандай дара тұрады»- деген ұғымды санамызға түйіп алдық.

Белгілі өнертанушы В.Чеплев: «Қазақтар тек ою-өрнек әлемінде өмір сүретін сияқты» деп жазады. Шынында да мектеп оқушыларына халқымыздың қолөнерін үйренумен қол өнер әлеміне саяхаттап, эстетикалық тәрбие береміз. Үйірмеде алғашқы күнінен бастап-ақ баланың әлемге көзқарасын қалыптастыру құралы ретінде, әлемді біртұтас жағымды мәнімен қабылдауға, бағалауға үйретеді және бейнелі ойлауын дамытады. Бейнелеу өнеріндегі әртүрлі өнер түрлеріндегі көркем іс-әрекеттерді меңгере отырып, адам тек суретшінің практикалық дағдыларын ғана меңгеріп, шығармашылық ойларын жүзеге асырып қана қоймайды, сонымен қатар өзін талғампаздыққа тәрбиелейді. Күнделікті көріп жүрген нәрселерінен әсемдікті таба білу қабілетіне ие болады, көргенін еске сақтап, қиялдау қабілеті дамып, шығармашылықпен ойлап, талдауға, біліктілікке дағдыланады. Аталған қасиеттер баршаға қажет. Кез келген кәсіптің иесі, егер ол бейнелеу құралдарын игерсе және оны пайдалана білуге машықтанса, жұмысты да жақсы істейді.

Оқушылардың шығармашылық ой нәтижесінде жаңа жоба туындайды. Бұл ойдың нәтижесі – жаңа Гобелен өнеріне жоба бола, жаңа зат –бұл модель ретінде заттың жеке формасы – жеке модель болып табылады. Модель жаңа, көркем құрылым болғандықтан формамен қатар түрі, түсі, қолданыс ұтымдылығы, безендірумен ерекшелігімен бір дана ғана жасылынады. Осындай шығармашылық жобалар оқушы бойындағы ьек жалпы ғана емес, арнаулы қабілеттерін қалыптастыратыа көз жеткіземіз. Психологтардың пайымдауынша қабілетсіз шәкірт болмайды және де даналар айтқандай «Оқушы бойындағы бұйығы жатқан мол мүмкіншіліктерді ашудың, жеке тұлғаның жан-жақты дамуындағы маңызы орасан зор».

Оқушылар жұмыс жасау барысында ұстаз – өзінің берген кеңес мен нұсқауының дұрыстығына, оның оқушы еңбегінің әлдеқайда жеңілдететіндігіне өздері сурет, нобай(эскиз) салу барысында, түс үйлесімділігін ұтымды пайдаланғанына көз жеткізуде. Оқушылар өнермен айналысу барысында (гобелен тоқу) ғылымның өнерге жәрдесдесетіні олардың әр кезде естерінен шықпайтындай болуы тиіс... Қазақтың қолөнері өзінің төлтума бітім қасиетімен, көркемдік мән мағынасы меншын мәніндегі халқымыздың ғасырлар тағылымынан өткен асыл қазынасы. Осы асыл қазынаны жоғалтпай, әрі қарай дамыту біздің болашақ жастарымыздың қолында.

Болашақ мамандардың қазақ халқының бала тәрбиесі дәстүрлерінің өзекті негіздері: тілі мен діні, тарихы мен салт-дәстүрі, рухани — материалдық және мәдени құндылықтары төңірегіндегі танымын, рухани-мәдениет саласындағы білімін кеңейте отырып, өз өмірі мен кәсіби іс- әрекетінде ұлттық бала тәрбиесі тәжірибесін қолдануға баулу мен ұлттық рухының кемелдене түсіп, туған халқына қызмет ету бағытындағы парызыдылық қасиетінің қалыптасуына бағдар беру.

Сапалы білім берумен қатар еңбекке баулу, үйрету аса қажет. Жастармыздың өнерлі болуы қоғамдық өмірімізге үлкен әсерін тигізеді деп ойлаймын. Үлкендер айтқандай қыздарға «Үйренгеннің өзіне құт, істегенің еліне құт.»- демекпін.

Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар:

- жұмыста идеяларын іске асыру мақсатында түрлі ақпарат көздерінің ең тиімдісін таңдай отырып, қолдану;
- онлайн платформадағы ауқымды аудитория алдында дайын жұмыстарды қорғау және оны ұсыну;
- әртүрлі графика тәсілдерін қолданып, бұйым дайындаудың реттілігі мен тиімді тәсілін анықтап, графикалық және технологиялық құжаттар дайындау;

Қауіпсіздік техника ережесі:

- жұмысты қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану;
- құралдар- жабдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу туралы ескертпе парағын құру;

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі

- 5-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;
- 6-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;
- 7-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;
- 8-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;
- 9-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағат;

«Сәндік қолданбалы өнер» бейіндік пәнінің базалық мазмұны

5-сынып

5-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1. Бөлім.Сәндік қолтаңбалы өнер туралы мәлімет (5 сағат)

Кіріспе. Сәндік қолданбалы өнер туралы мәлімет. Елдің өнеріндегі еңбектің мәні. Ою түрлері. Оюларды құру. Орындау техникасы. Ою құрау және жасай білу.ТҚЕ. СГТ

2. Бөлім. Табиғи материалдармен жұмыс (7 сағат)

Жүн талшықтарынан, иірілген жіптерден бұйымдар жасау, тоқу. Талшықтардың қасиеттері. Жасалатын бұйымның суреті, нобай (эскиз)жасау. Пішімі. Ши түрлері, атаулары. Шым ши. Шиден бұйымдар тоқу. ТҚЕ. СГТ

3. Бөлім. Ұлттық нақыштағы кестелі бұйымдар. (8 сағат)

Сырмақ тігу. Сырмақ оюының үлгісін салу. Ою үлгісін қиып дайындау. Кестелі орамал тігу. Қол орамал, сүлгілердің өрнегін сызу. Саукеленің эскизін салу. Саукеленің жиегін кестелеп тігу. Сәндеу. ТҚЕ. СГТ

4. Бөлім. Гобеленмен жұмыс (12 сағат)

Сәндік бұйымдар жасау. Гобелен түрлері. Тоқудың эскизін, сызбасын салу. Тоқуға керекті заттарды дайындау. Материалдар: түрлі-түсті жіп, кілем тоқу станогі. Тоқудың әдіс-тәсілдері, түрлі пішімде гобелен бұйымдарын тоқу. ТҚЕ. СГТ

5. Бөлім. Жоба қорғау. Көрме (2 сағат)

Сәндік қолданбалы бұйымдарын қорғау. Көрме ұйымдастыру.Қорытынды.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар (деңгей бойынша)

Базалық деңгейге қойылатын талаптар

Пәндік нәтижелер

- қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекушеліктері туралы білімі мен түсінігін көрсетуі тиіс;
- қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтап және зерделей білуі тиіс;
- өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарында қолданылған әдіс-тәсілдерді (техниканы) сипаттауы тиіс;.
- шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар орындай алуы тиіс;
- көркемөнер материалдарын, техникаларын пайдалану және эксперимент жүргізу білуі тиіс;
- өз идеялары мен сезімдерін беру үшін өнердің көркем тәсілдерін қолдана білуі тиіс;
- бұйымдар дайындау үдерісінде қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалана алуы тиіс;
- композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік түрлерін, ерекшеліктерін талдай алуы тиіс;
- түрлі материалдан (тоқыма , табиғи және жасанды)қарапайым бұйым орындай алуы тиіс;

- техника қауіпсіздігін қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдана білуі тиіс;

Тұлғалық нәтиже

- қарым-қатынас мәдениетін көрсетуі тиіс;
- рухани-адамгершілік, елжандылық өмір салты қажеттіліктерін игеруі тиіс;
- құндылық ретінде өзі туралы және басқа адамның тұлғасы туралы ұсыныстар жүйесін меңгере білуі тиіс;
- қоғамдағы өзіндік әлеуметтік мәртебесіне саналы қызығушылығын көрсетуі тиіс

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

- нақты жағдаятқа талдау жасап, проблеманың пайда болу себептерін көрсетуі тиіс;
- ұсынылған ақпаратты тапсырмаға сәйкес пайдалануы тиіс;
- қойылған міндеттерді шешуге ұмтылыс жасауы тиіс;
- нақты міндеттерді шешу үшін белгілі әрекеттер технологиясын қолдануы тиіс;
- өз жұмысын сапалы әрі жоғары деңгейде жасай алуы тиіс

«Сәндік қолданбалы өнер» бейіндік пәнінің базалық мазмұны

6-сынып

6-*сынып*та *аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат*

1. Бөлім. Сәндік қолтаңбалы өнер туралы мәлімет (5 сағат)

Кіріспе. Сәндік қолданбалы өнер туралы мәлімет. Сәндік қолданбалы өнер тарихы. Елдің өнеріндегі еңбектің мәні. Ою түрлері. Оюларды құру. Композициялық ритм, симметрия. Оюлардың нұсқасы. Оюды нұсқаулау және жасау. Орындау техникасы. ТҚЕ. СГТ

2. Бөлім. Табиғи материалдармен жұмыс (7 сағат)

Жүн талшықтарынан, иірілген жіптерден бұйымдар жасау, тоқу. Талшықтардың қасиеттері. Жасалатын бұйымның суреті, нобай (эскиз)жасау. Пішімі. Заттың көлемі. Тоқудың әдістері. Ши түрлері, атаулары. Шым ши. Шиден бұйымдар тоқу. ТҚЕ. СГТ

3. Бөлім. Ұлттық нақыштағы кестелі бұйымдар. (8 сағат)

Сырмақ тігу. Сырмақ оюының үлгісін салу. Ою үлгісін қиып дайындау. Қиып алынған оюды ойыныға қиылыстырып тігу. Тоқуға керекті заттарды дайындау. Кестелі орамал тігу. Қол орамал, сүлгілердің өрнегін сызу. Саукеленің эскизін салу. Саукеленің жиегін кестелеп тігу. Сәндеу. ТҚЕ. СГТ

4. Бөлім. Гобеленмен жұмыс (12 сағат)

Сәндік бұйымдар жасау. Гобелен түрлері. Тоқудың эскизін, сызбасын салу.Тоқудың сызбасын дайындау. Тоқуға керекті заттарды дайындау. Материалдар: түрлі-түсті жіп, кілем тоқу станогі. Тоқудың әдіс- тәсілдері, түрлі пішімде гобелен бұйымдарын тоқу. ТҚЕ. СГТ

5. Бөлім. Жоба қорғау. Көрме (2 сағат)

Сәндік қолданбалы бұйымдарын қорғау. Көрме ұйымдастыру. Қорытынды.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар (деңгей бойынша)

Базалық деңгейге қойылатын талаптар

Пәндік нәтижелер

- қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтап және зерделей білуі тиіс;
- өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарында қолданылған әдіс-тәсілдерді (техниканы) сипаттай алуы тиіс;
- заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, оларды өңдеу мен пайдаланудың тиімді жолдарын анықтай алуы тиіс;
- материалдардың қасиеттері жайлы білімі мен тәжірибелік жұмыс істеу дағдыларын айқындай түсуі тиіс;

- көркемдік материалдарды қолдану және эксперемент жасай алуы тиіс;
- шығармашылық идеяларын іске асыру үшін нобайлар,техникалық суреттер мен сызбалар орындай алуы тиіс;
- материялдық шығынды анықтай (сандық көрсеткіштер) алуы тиіс;
- тоқыма материялдары мен бұйымдарының қасиеттері мен фактурасын анықтау және зерделей білуі тиіс;
- бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материялдарды білуі тиіс;
- әр түрлі конструкциялар мен материалдарды (тоқыма,табиғи және жасанды)қолдана отырып,бір өнім орындай тиіс;
-

Тұлғалық нәтиже

- қарым-қатынас мәдениетін көрсетуі тиіс;
- рухани-адамгершілік, елжандылық өмір салты қажеттіліктерін игеруі тиіс;
- құндылық ретінде өзі туралы және басқа адамның тұлғасы туралы ұсыныстар жүйесін меңгере білуі тиіс;
- қоғамдағы өзіндік әлеуметтік мәртебесіне саналы қызығушылығын көрсетуі тиіс

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

- нақты жағдаятқа талдау жасап, проблеманың пайда болу себептерін көрсетуі тиіс;
- ұсынылған ақпаратты тапсырмаға сәйкес пайдалануы тиіс;
- қойылған міндеттерді шешуге ұмтылыс жасауы тиіс;
- нақты міндеттерді шешу үшін белгілі әрекеттер технологиясын қолдануы тиіс;
- өз жұмысын сапалы әрі жоғары деңгейде жасай алуы тиіс

«Сәндік қолданбалы өнер» бейіндік пәнінің базалық мазмұны

7-сынып

7-сынып*та *аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат

1. Бөлім.Сәндік қолтаңбалы өнер туралы мәлімет (5 сағат)

Кіріспе. Сәндік қолданбалы өнер туралы мәлімет. Сәндік қолданбалы өнер тарихы. Әйел кәсібі. Елдің өнеріндегі еңбектің мәні. Ою түрлері. Оюларды құру. Композициялық ритм, симметрия. Оюлардың нұсқасы. Оюды нұсқаулау және жасау. Орындау техникасы. ТҚЕ. СГТ

2. Бөлім. Табиғи материалдармен жұмыс (5 сағат)

Жүн талшықтарынан, иірілген жіптерден бұйымдар жасау, тоқу. Талшықтардың қасиеттері. Жасалатын бұйымның суреті, нобай (эскиз)жасау. Пішімі. Заттың көлемі. Тоқудың әдістері. Ши түрлері, атаулары. Шым ши. Шиден түрлі бұйымдар тоқу. ТҚЕ. СГТ

3. Бөлім. Ұлттық нақыштағы кестелі бұйымдар. (7 сағат)

Сырмақ тігу. Сырмақ оюының үлгісін салу. Ою үлгісін қиып дайындау. Қиып алынған оюды ойыныға қиылыстырып тігу. Үлгі бойынша оюдың суретін салу. Керекті материал таңдау, пішу. Тоқуға керекті заттарды дайындау. Материалдар: түрлі-түсті жіп, кілем тоқу станогі. Кестелі орамал тігу. Қол орамал, сүлгілердің өрнегін сызу. Саукеленің эскизін салу. Саукеленің жиегін кестелеп тігу. Сәндеу. ТҚЕ. СГТ

4. Бөлім. Гобеленмен жұмыс (14 сағат)

Сәндік бұйымдар жасау. Гобелен түрлері. Тоқудың эскизін, сызбасын салу. Тоқудың сызбасын дайындау. Үлгі бойынша оюдың суретін салу. Керекті материал таңдау. Тоқудың сызбасын дайындау, картасын сызу. Тоқуға керекті заттарды дайындау. Тоқудың әдіс- тәсілдері, түрлі пішімде гобелен бұйымдарын тоқу. ТҚЕ. СГТ

5. Бөлім. Шығармашылық жоба. Жоба қорғау. Көрме (3 сағат)

Сәндік қолданбалы бұйымдарын қорғау. Көрме ұйымдастыру. Қорытынды.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар (деңгей бойынша)

Базалық деңгейге қойылатын талаптар

Пәндік нәтижелер

- қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтап және зерделей білуі тиіс;
- өнер құралдары мен әртүрлі техникада таңдалған қасиеттері мен тәсілдерін білуі тиіс;
- тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындаларының ерекшеліктерін өз бетінше зерделеу және сипаттай білуі тиіс;
- функционалды (техникалы) және эстетикалық талаптарға сай , дизайн дайындау бойынша тапсырмалар орындай алуы тиіс;
- нолбайлар, графикалық және технологиялық құжаттар дайындай білуі тиіс;
- тоқыма және сәндеу материалдарын қолдана отырып, тегін машинасында технологиялық талапқа сәйкес бұйым жасай алуы тиіс;
- бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалана білуі тиіс;
- талаптарға сай нысан дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындай алуы тиіс;
- зерттеу нәтижелері негізінде тұтынушылардың өнімнің түрлеріне деген қажеттілігін анықтай білуі тиіс;

Тұлғалық нәтиже

- қарым-қатынас мәдениетін көрсетуі тиіс;
- рухани-адамгершілік, елжандылық өмір салты қажеттіліктерін игеруі тиіс;
- құндылық ретінде өзі туралы және басқа адамның тұлғасы туралы ұсыныстар жүйесін меңгере білуі тиіс;
- -қоғамдағы өзіндік әлеуметтік мәртебесіне саналы қызығушылығын көрсетуі тиіс.

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

- нақты жағдаятқа талдау жасап, проблеманың пайда болу себептерін көрсетуі тиіс;
- проблеманы шешуге бағытталған өз әрекеттеріне мақсат қоя отырып, әрекеттің жоспарланған өнімін бағалауға тиіс;
- ұсынылған ақпаратты тапсырмаға сәйкес ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетуі тиіс;
- қойылған міндеттерді шешуге ұмтылыс жасауы тиіс;
- нақты міндеттерді шешу үшін белгілі әрекеттер технологиясын қолдануы тиіс;
- қарым-қатынас мақсатына сәйкес тілдік қатынасқа түсіп, мәтін құрауы тиіс;
- өз ойын мазмұнды әрі жүйелі жеткізе алуы тиіс

«Сәндік қолданбалы өнер» бейіндік пәнінің базалық мазмұны

8-сынып

8-*сынып*та *аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат*

1. Бөлім. Сәндік қолданбалы өнер туралы мәлімет (5 сағат)
Сәндік қолданбалы өнер. Сәндік қолданбалы өнер тарихы. Әйел кәсібі. Елдің өнеріндегі еңбектің мәні. Ою үлгісін қиып дайындау. Түс палитрасы, оның үйлесімділігі, композициялық ритм, симметрия. Оюлардың нұсқасы. Қиып алынған оюды ойыныға қылыстырып тігу. Үлгі бойынша оюдың суретін салу. Керекті материал таңдау, пішу. Саукеленің эскизін салу. Саукеленің жиегін кестелеп тігу. Кестемен ішін толықтыру. Сәндеу. ТҚЕ. СГТ
2. Бөлім. Габеленнен пано жасау. Әсемдеу, сәндеу. (14 сағат).
Габеленнен пано. Кілемшелер. Гобелен түрлері. Тоқудың эскизін, сызбасын салу.Тоқудың сызбасын дайындау. Үлгі бойынша оюдың суретін салу. Керекті материал таңдау, пішу. Көркем дайын қолөнер туындылары, Материалдар: түрлі-түсті жіп, кілем тоқу станогі. Заттарды дәстүрге сай көркем бейнелеу.. Тоқудың сызбасын дайындау, картасын сызу. Тоқуға керекті заттарды дайындау. Тоқудың әдіс- тәсілдері, түрлі пішімде

гобелен бұйымдарын тоқу. Композиция негіздері. Орнаметалдық композиция құру.
ТҚЕ. СГТ

3.Бөлім. Шығармашылық жоба. (12 сағат)

Габелен тоқу техникасы Қазақ халқының кілем, габелен түрі. Практикалық жұмыс №3. Кілем тоқу техникасы Кілемнен жасалған өнер туындылары, табиғи материалдың қасиеттері, эскизді көркемдеп өңдеу, және ою ережелері туралы білім беру. Эскиз негізінде кілем тоқу техникасын жетілдіру, бұйым жасау.

4.Бөлім. **Шығармашылық жобаны қорғау. (2 сағат)**

Өз бетімен орындалған шығармашылық және ғылыми жұмыс. Сәндік қолданбалы бұйымдарын қорғау.

5.Бөлім. Көрме ұйымдастыру. Қорытынды. **(1 сағат)**

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар (деңгей бойынша)

Базалық деңгейге қойылатын талаптар

Пәндік нәтижелер

- қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтап және зерделей білуі тиіс;
- өнер құралдары мен әртүрлі техникада таңдалған қасиеттері мен тәсілдерін білуі тиіс;
- өздерінің алған білідері мен тәжрибесін қолдана отырып шығармашылық әркеттерін жоспарлай алуы тиіс;
- талаптарға сай нысан дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындай білуі тиіс;
- зерттеу нәтижелері негізінде тұтынушылардың өнімнің түрлеріне деген қажеттілігін анықтай алуы тиіс;
- жасалған өнімнің (шығармашылық жұмыс) сапасын қолдынылған әдіс-тәсілдерін бағалай білуі тиіс;
- заманауи және дәстүрлі емес материалдардың тиімді қолдануын түсіне отырып өздігінен таңдау жасай алуы тиіс;
- шығармашылық жұмыстар жасау үшін әр түрлі технологиялар мен өнер материалдарын өз бетінше анықтап, таңдау және біріктіре алуы тиіс;

Тұлғалық нәтиже

- қарым-қатынас мәдениетін көрсетуі тиіс;
- рухани-адамгершілік, елжандылық өмір салты қажеттіліктерін игеруі тиіс;
- құндылық ретінде өзі туралы және басқа адамның тұлғасы туралы ұсыныстар жүйесін меңгере білуі тиіс;
- -қоғамдағы өзіндік әлеуметтік мәртебесіне саналы қызығушылығын көрсетуі тиіс;
- өздігінен ізденіп, өмірден өз орнын табуға және таңдаған мамандығына ынта-ықыласы мен қабілеттілігін танытуы тиіс;
- тұлға ретінде белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық сезімін көрсете білуі тиіс

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

- зерттеу және шығармашылық әдістерді өз әрекетінде тиімді қолдана білуге тиіс;
- нақты жағдаятқа талдау жасап, проблеманың пайда болу себептерін көрсетуі тиіс;
- проблеманы шешуге бағытталған өз әрекеттеріне мақсат қоя отырып, әрекеттің жоспарланған өнімін бағалауға тиіс;
- ұсынылған ақпаратты тапсырмаға сәйкес ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетуі тиіс;
- қойылған міндеттерді шешуге ұмтылыс жасауы тиіс;
- нақты міндеттерді шешу үшін белгілі әрекеттер технологиясын қолдануы тиіс;
- қарым-қатынас мақсатына сәйкес тілдік қатынасқа түсіп, мәтін құрауы тиіс;
- өз ойын мазмұнды әрі жүйелі жеткізе алуы тииіс;

«Сәндік қолданбалы өнер» бейіндік пәнінің базалық мазмұны

9-сыныпта аптасыны 1сағат, оқу жылында – 34 сағат

1- Бөлім. Сәндік қолданбалы өнер. (1 сағат)

Сәндік қолтаңбалы өнер, оның түрлері, мақсат-міндетттері. Қазақтың ұлттық өнері.

2-бөлім. Мұражайға, көрмеге , қолөнер шеберханалырына бару. (2 сағат)

Мұражайға, қолөнер шеберханалырына бару. Кілем фабрикасына саяхат. Қолөнер бұйымдарының жасалу процестері мен техналогиясының қыр-сыры көру, білу, танысу.

3-бөлім. Қауіпсіздік техника ережелері (1 сағат)

Қауіпсіздік техника ережелері. Санитарлық гигеналық талаптар.

4-бөлім. Композиция негіздері (3 сағат)

Сәндік - қолданбалы өнер туындылары. Оранмент түрлері. Композиция ұғымына байланысты талаптары, принциптары, ережелері, заңдықтары. Ырғақ, симметрия, ритм, статик, динамика, таңбалық, космогониялық, символық ою-өрнектер. Композициядағы пропорциялық қатынастар. Өнер туындылары, репордуциялар, техналогиялық карта.

5-бөлім. Табиғи материалдармен жұмыс. Габелен тоқу техникасы.

(6 сағат)

Қазақ халқының кілем түрлері. Габелен тоқитын шеберлері, ісмерлері, ұста зергерлері, олардың қолөнер туындылары. Шекмелер өнері туралы ақпарат. Шекмелеу техникасы арқылы деккаративті панно жасау. Геометриялық немесе зооморфты өрнекті қолдана отырып қағаз бетіне жасалған эскизден габелен тоқу.

6-бөлім. Кілем тоқу техникасы. Табиғи материалдармен жұмыс.(6 сағат)

Асыл мұралар. Ағаштан жасалған өшпес мұралары, кілемнен жасалған өнер туындылары, табиғи материалдың қасиеттері, эскизді көркемдеп өңдеу және ою ережелері. Эскиз негізінде кілем тоқу техникасы, бұйым жасау.

7 - бөлім. Шығармашылық жоба. (15-сағат)

Шығармашылық жоба. Габеленнен пано. Кілемшелер. Шығармашылық жоба оқушының өз бетімен орындалған шығармашылық және ғылыми жұмыс.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар (деңгей бойынша)

Базалық деңгейге қойылатын талаптар

Пәндік нәтижелер

- қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтап және зерделей білуі тиіс;
- өнер құралдары мен әртүрлі техникада таңдалған қасиеттері мен тәсілдерін білуі тиіс;
- шығармашылық материалдары мен стильдерді қарастыра отырып, салыстырмалы таңдау жасай білуі тиіс;
- заманауи бағыттары мен стильдерін анықтау және сипаттай алуы тиіс;
- тәжірибелік жұмысты орындау үшін түрлі салалардағы білімдерін жалпылай білуі тиіс;
- бұйымның сапасын және өнімнің сыртқы көрінісін анықтайтын негізгі факторларды (эстетика, атқаратын қызмет, экономика) талдау және бағалай білуі тиіс;
- қоршаған ортаны бейнелі қабылдауын қалыптастыру, қоғам өміріндегі бейнелеу, сәдік қолөнердің рөлін түсіндіре білуі тиіс;
- ұлттық бұйым жасау арқылы оқушылардың бойына іскерлік, табандылық, еңбексүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру, өз беттерімен көркемдік әрекеттер орындау дағдылар жетілдіре білуі тиіс;
- қолдарының моторикасын, иілгіштігін және көзбен шамалдау дәлдігін жақсарта білуі тиіс;
- қауіпсіздік техник ережелерін сақтай отырып, құрал-саймандармен жұмыс істеу техникасын меңгеру, тазалық гигиенасын сақтай білуі тиіс;

Тұлғалық нәтиже

- қарым-қатынас мәдениетін көрсетуі тиіс;
- рухани-адамгершілік, елжандылық өмір салты қажеттіліктерін игеруі тиіс;
- құндылық ретінде өзі туралы және басқа адамның тұлғасы туралы ұсыныстар жүйесін меңгере білуі тиіс;
- -қоғамдағы өзіндік әлеуметтік мәртебесіне саналы қызығушылығын көрсетуі тиіс;

- өздігінен ізденіп, өмірден өз орнын табуға және таңдаған мамандығына ынта-ықыласы мен қабілеттілігін танытуы тиіс;
- тұлға ретінде белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық сезімін көрсете білуі тиіс

Жүйелі-әрекеттік нәтижелер

- зерттеу және шығармашылық әдістерді өз әрекетінде тиімді қолдана білуге тиіс;
- ғылыми ізденісте ақпараттар жүйесін іріктеп, өңдеп, сауатты қолдана білуі тиіс.
- нақты жағдаятқа талдау жасап, проблеманың пайда болу себептерін көрсетуі тиіс;
- проблеманы шешуге бағытталған өз әрекеттеріне мақсат қоя отырып, әрекеттің жоспарланған өнімін бағалауға тиіс;
- ұсынылған ақпаратты тапсырмаға сәйкес ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетуі тиіс;
- қойылған міндеттерді шешуге ұмтылыс жасауы тиіс;
- нақты міндеттерді шешу үшін белгілі әрекеттер технологиясын қолдануы тиіс;
- қарым-қатынас мақсатына сәйкес тілдік қатынасқа түсіп, мәтін құрауы тиіс;
- өз ойын мазмұнды әрі жүйелі жеткізе алуы тиіс;

ГЛОССАРИЙ

Колорит- лат. Color (түс) –түстің байлығы, әркелкілігі және қаныққандығы.

Контрастті түстер-Түстік шеңберде бір-біріне қарама қарсы орналасқан түстер.

Локальді түс-фр.Local (жергілікті)заттың не түсін бейнелейді:-жасыл шөп, қызыл қызанақ, сары лимон,т.с.с.

Композиция-көркем шығарма бөліктерінің орналасуы және олардың бірлігі.

Дизайн- (ағыл. Design-жобалау, сызу) –заттардың көркем конструкциясын, заттық ортаның біртұтас рационалды құрылуын білдіретін термин, көркемдік жобалау жұмысының бір түрі.

Кілем - арнулы өрмек арқылы керілген желіге түрлі-түсті жүннен жуандау иірілген жіптер шалу әдісімен тоқылатын, тұту немесе төсеу мақсатында қолданылатын, көлемді әрі сәнді бұйым.

Адарғы - керілген желіні айқастыра белағаштан кейін орналасатын күзулі мен күзусіз жіптердің арасында белағашпен қатар жатқан ағаш. Адарғы желінің шатысын түсіріп, өрмектің тоқылуында басты қызмет атқарады.

Ақ құр - сәндік үшін қызыл басқұрдың жоғары жағынан катар керілетін, ені де, ұзындығы да қызыл басқұрмен жапсарлас, ақжеліге термелеп, не түр шалып өрнек түсіретін құр.

Алақұрт - екі түсті түрден есіліп кілем тоқуда басталар басы мен бітер жерінен тақта жургызылгенненкеін өткізіледі, кей жерлерде "еспе" деп аталады.

Алаш - түрлі - түсті мақта не жүн жіптен өрнек арқылы тоқылатын, үй ішіне төселетін төсеніш.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Тілеужан** *М.* Рухани өнегелі тәрбие // Бала тәрбиесі. — Алматы, 2006. — № 2. — 24-б.
2. **Ахметова М.Т**. Адамгершілік-рухани тәрбиенің маңыздылығы // Өзіндік таным. — Алматы, — № 2. — 18
3. **Ордабеков Т., Канленов М., Найманов Б.** Линогравюра методикалық оқу құралы Алматы: -2001ж. -17 бет
4. Муканов М. Казахские домашние художественные ремесла. Алма-Ата. 1979
5. Джанибеков У. Культура казахского ремесла. –Алма-Ата, 1982
6. Марғұлан А. Х. Казахское народное прикладное искусство. –Т. 1. – Алма-Ата, 1987

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Т.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ТЕРЕҢДЕТЕ ОҚЫТАТЫН ОРТА МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ

«Келісілді»
Жеке ән салу кафедрасының меңгерушісі:
Г.Ғ. Сапарғалиева

«Бекітемін»
Мектеп-интернат директоры:
Ж.П. Сексенова

«Вокал» бейіндік пәні бағдарламасы

Алматы, 2019

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Вокал» бейіндік пәнінің оқу бағдарламасына

ПІКІР

Музыка әлемі – адамзат мәдениетінің байлығы ішіндегі мұхиттай шексіз, ғажайып дүние. Музыкада адамның асқақ, асыл ойлары, арман-мақсаты, ізгі тілектері, қуанышы, қайғы-қасіреті мен әр түрлі сезім иірімдері бейнеленеді. Музыканың адам жан дүниесіне тигізетін әсері орасан, сондықтан оны шынайы ықыласпен қабылдау арқылы ғана түсінуге болады.

Қаншама ғасырлар бойы жинақтаған музыкалық қазына – ұшы-қиыры жоқ, аса мол мұра. Қазақ – әнді сүйетін, әнді түсінетін, шыр етіп дүниеге келген сәттен келер дүниеге аттанғанша әуенмен әлдилейтін көңілі сырға толы халық. Ұлы Абай да «Әнді сүйсең, менше сүй», - деп, халық мұрасын жоғары бағалайды. Осы орайда, ұлы өнердің құдіретін оқушы жадына жастай сіңіру мақсатында Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернаты «Вокал» бейіндік пәнін жүргізуді қолға алып, бағдарламасын әзірлеуде. Бағдарламада пәннің мақсат-міндеттері айқын көрсетілген.

- ✓ дауыс жаттығуларын өз бетімен орындай білу қабілетін дамыту;
- ✓ патриоттық әндерді орындату арқылы елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттыру;
- ✓ Абай әндерін орындату арқылы ұлы ақынның шығармашылық мұрасына деген қызығушылықтарын ояту;
- ✓ сахналық әншілік мәдениетін қалыптастыру;
- ✓ ән өнерін өмірде қолдануға бейімдеу және т.б.

мақсаттарды қамту арқылы бүгінде ұмыт бола бастаған халық әндерін, оқушылардың елжандылық қасиетін оятатын патриоттық әндерді, ұлы Абайдың шығармашылығын дәріптеу мақсатында Абай әндерін үйрету, насихаттау – көңіл қуантарлық іс. Сонымен қатар, оқушылардың дыбысты анық айту, әуенді дұрыс шығару техникаларын жетілдіре отырып, болашақта қазақ елін, қазақ әнін әлемге танытар тұлға даярлау да осы пәннен күтілетін нәтижелердің бірі.

Жаһандану заманында әлемдік ақпараттар легіне ілесіп, ұлттық ерекшеліктерімізді ұмытпаудың бірден бір жолы – ұлттық музыкамызды ұмытпау. Бұл бүгінгі күні барлық мектептерде вокал пәнінің жүргізілуінің қажеттілігін айқындайды. Демек, ұлы өнерді дәріптеуге жұмыс жасайтын бұл пән бүгінгі күні аса қажетті.

ҚР Еңбек сінірген қайраткері,
Т.Жүргенов атындағы
ҚазҰӨА профессоры **Ж.Ә.Махамбетов**

Т.Ж. ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ИСКУССТВ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚҰЖАТТАУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ
СЛУЖБА ДОКУМЕНТИРОВАНИЯ И УЧЕТА ПЕРСОНАЛА
РУКОВОДИТЕЛЬ
ЗАВЕДУЮЩИЙ

«Вокал» бейіндік пәнінің бағдарламасы

ҮЙЛЕСТІРУШІ: мектеп-интернат директоры **Р.Е. Сексенова**

БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕГЕНДЕР: Педагогика ғылымдарының магистрі, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің музыкалық білім оқу бағдарламасының докторанты **Н.Т. Кулданов**, Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатының музыка жетекшісі **Қ.Қ.Қалыбаева**

ПІКІР ЖАЗҒАН: Педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры, музыкалық білім және хореография кафедрасның меңгерушісі **С.Т. Балагазова**

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 5-11-сыныптары үшін «Вокал» бейіндік пәніне арналған оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Түсінік хат

Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

Бүгінгі уақытта, жастар арасында вокалдық өнердің көптеген бағыттарына қызығушылық әсте жоғарылауда. Сондықтан да қазіргі таңда оқушылардың кәсіби ән айту дағдыларын қалыптастыру арқылы білімгерлерді руханилыққа тәрбиелеу, өзін-өзі шығармашыл тұрғыда дамыту мәселесі маңызды көкейкесті сауалдардың бірі болып табылуда. Осы негізде, жалпы орта білім беру саласында білімігерлерге ұсынылатын білім беру қызметтер қатарында кәсіби тұрғыда ән айту сабақтарын енгізу жүйесін жетілдіру көзделуде.

Ұсынылып отырған бағдарламада вокалдық өнер өзінің әдістері мен формаларының әр түрлілігі негізінде санаға, сезімге, талғамға, болмысқа эстетикалық көзқарасты қалыптастыруға, тұлғаның шығармашылық қасиеттерін дамытуға үлкен әсер ететін әдістері негізінде қарастырылған.

Оқушыларға ұлттық өнер, дәстүрлі әндердің табиғаты мен тәлімін қолдану сипатында интеграциялық тұрпатта шет ел классиктерінің әндерінің мән мағынасын ашып үйренуіне бағдар беру және түрлі вокалдық стильдер мен бағыттармен таныстыруға аса көңіл бөлінуі арқылы өзінің табиғи қабілеттерін мүмкіндігінше ашу мақсаттылығымен ерекшеленеді.

Пәнді оқытудың басты мақсаты: жан-жақты дамытылған тұлғаны тәрбиелеуге назар аудара отырып, кәсіби орындау шеберлігі қалыптасқан, вокал өнерін толыққанды меңгерген, өз бетінше қабілетін пайдалана білетін, өнерлі оқушыны даярлау.

Пәнді оқыту міндеттері:

- Вокалдық өнер әдістерінің негізінде балалар бойындағы көркемдік, сезімталдық, интеллектуалдық қасиеттерін, талғамын дамыту және білім алушының музыкалық ой-өрісін құнарландыру, мәдени деңгейінің көтерілуіне ықпал ету.
- Әншілік өнердің теориялық негіздерін игеруді пайдалана отырып, дауыста вокалды-техникалық жағынан жетілдіру, орындауға арналған ауқымды ән репертуарларын меңгеру;
- Педагогтың тікелей бақылауы арқылы көркем орындаушылық шеберліктерінің дамуын жүйелі түрде қалыптастыру, сахнада ән салу мәнерін үйрету;
- Музыкалық бейнені ерекше мәнерлеу құралы арқылы және музыкадан тыс ақпараттарды оқыту мен тәрбиелеудің маңызды құралы ретінде аудиториямен коммуникативтік қарым қатынас құруға тәрбиелеу;

«Вокал» бейіндік пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

Р/с	Сынып	Сағат саны (аптасына)	Сағат саны (Оқу жылы)
1	5-сынып	1	34
2	6-сынып	1	34
3	7-сынып	1	34
4	8-сынып	1	34
5	9-сынып	1	34
6	10-сынып	1	34
7	11-сынып	1	34

«Вокал» бейіндік пәнінің базалық мазмұны

Сынып	Теориялық	Практикалық
5	Вокал өнерінің ұғымдарын түсіну. Тыныс алу және шығару. Ән шырқау кезіндегі ән айту позициясы, дыбыс қалыптастыру тәсілі. Артикуляциялық аппаратура және ән айту дикциясы, бояу, дыбыстық шабуыл, кантиленді дыбыс, жұмсақ таңдай позициясы, тілдің тамыры, кеуде, төменгі жақ, диафрагма және т.б.	Қозғалыс белсенділігі арқылы тыныс алу техникасын дамыту, Демді үнемді жұмсау. Тыныс алу жаттығулары; Вокализ жаттығулары, Дауыс регистрларын тегістеу, тірек сезімін дамыту, Ортаңғы дыбыстар жаттығуы. Легатода жұмыс. Дыбыстарды біріктіру, қосу әдісі. Қазақ халық әндерімен танысу. Бағдарлама қосу.
6	Резонаторлық сезім арқылы үлкен ауқымда дауысты теңестіру. Жоғары вокалдық позицияны құру. Дауысты және дауыссыз дыбыстар үндестіктерін ән айтуда реттеу**.** Әртүрлі дыбыстағы ауыз формасы. Музыкалық пәндермен байланысын қарастыру: Дирижерлеу, Сольфеджио,Музыка теориясы, Хор, Музыка әдебиеті, Музыка тарихы.	Мінсіз дыбыс сипаты резонаторлық сезімдерді меңгеру. Жоғарғы дыбыстарда резонаторлық сезімдерді меңгеру. Кеуде және бас механизмдерінің резонаторларын бір мезгілде пайдалану. Дауыс ауқымы бойынша жұмыс. Вокалдық жаттығулар. Диапазонда жоғарғы дыбыстарды дамыту**.** Орыс классиктерінің романстарымен танысу. Қазақ композиторларының әндерімен танысып бағдарламаға қосу.
7	Дыбыс динамикасы. Динамикалық белгілердің өзгеруін түсіну.	Бұлшық ет динамикасы. Речитативтік техника. Бұлшықет еркіндігін, дұрыс позицияны табу. Вокалдық жаттығулар Шет ел композиторларының әндерімен танысу. Бағдарламаға енгізу.
8	Дыбыстық рендермен жұмыс. Дыбысты филтрлеу (дыбыс деңгейін өзгерту)	Piano да орындау шеберлігі. Вокалдық дизайн жаттығулары. Вокалдық әрлеу белгілерін меңгеру. Шығармаларды талдау. Дауыста вибрато техникасымен жұмыс.

9	Стильдік сезімді дамыту Дыбыстың сипаты, әр түрлі стильдер мен жанрдағы фразировка	Әр түрлі стильдерге тән орындаушылық өнер. Шығарманың бейнелі-эмоционалдық құрылысы, өзара іс-қимыл және бейнелі салалардың дамуы.Шығарманың бейнелік-көркемдік және стильдік бағытын анықтаудың негізгі жолдары.
10	Фразаны дұрыс ырғақты құра білу.	Фразировкадағы ырғақпен жұмыс**.** Фразада ағынды дем шығаруды жетілдіру. Тыныс алудың дұрыс тұжырымдамадағы ролі үндестіктегі фразировка. Халық және халық композиторларының әндері;
11	Мүмкін болатын орындаушылық қиындықтарды болжау, оларды жеңу әдістерін анықтау.	Атқарушылық штрихтер, орындау мәнерін іздеу. Синкопирленген ырғақты сурет пен рубато ән салу тәсілдерін меңгеру

ЕСКЕРТУ: *Әр бөлімді күнтізбелік-тақырыптық жоспарға тарату барысында пән мұғалімі тақырып сайын практикум жұмыстарын қосып отырады. Әр тақырыпты меңгерту үшін халық әндерін, Абай және Шәкәрім, Қазақстан композиторларының әндерін практикалық тапсырмаларға пайдаланады.*

Қолдануға ұсынылатын репертуарлық тақырыптар

Абай әндері
1. Көзімнің қарасы 2. Айттым сәлем Қаламқас 3. Желсіз түнде жарық ай 4. Қараңғы түнде тау қалғып 5. Сегіз аяқ
Қазақ халық әндері
1. Беу айдай 2. Дайдидау

3. Қара ай көзім 4. Қамажай 5. Илигай әттең шіркін 6. Тау ішінде 7. Наз қоңыр 8. Бір бала 9. Ақбақай 10. Алқоңыр 11. Құсни Қорлан 12. Екі жирен 13. Маусымжан 14. Сәулемай 15. Шапибаяу
Қазақстан композиторларының әндері:
1. «Рахмет саған туған ел» әні: Әуесхан Салабеков, сөзі: Нарша Қашағанов 2. «Егемен Қазақстан» әні мен сөзі: Қ. Жүнісов 3. «Өз елім» әні: Нұрғиса Тілендиев, сөзі: Қадір Мырзалі 4. «Мама» әні: А. Зацепин, сөзі: Ж. Молдағалиев 5. «Мен Қазақпын» әні: Жарасқан Төлебай, сөзі: Нұржан Өмірбай 6. «Мерекем» әні: С. Сыздықов, сөзі: Ринат Заитов 7. «Есіңе мені алғайсың»., әні: Нұрғиса Тілендиев, сөзі: Мұқағали Мақатаев 8. «Қазақтай ел қайда»., әні: Ж. Дәулет, сөзі: Н. Айтұлы 9. «Қара бауыр қасқалдақ» әні: І. Аманов, сөзі: Е.Раушанов 10. «Ұстазым» әні: Арман Дүйсенов, сөзі: Б. Шомбеков 11. «Сағындым Алматымды» әні: Алтынбек Қоразаев, сөзі: Серікбай Оспанов 12. «Наурыз – думан» әні: Т. Сарыбаев, сөзі: М.Мақатаев 13. «Анамның тілі» әні: Әбиірбек Тінәлі, сөзі: Шона Смаханұлы 14. «Қазақстаным» әні: С.Рыспанбетов, сөзі: С. Дүйсенғазин 15. «Мектебім-жыр дастаным» әні: Кеңес Дүйсекеев, сөзі: Махмут Түшенбаев 16. «Аяулы Анашым», әні: Бауыржан Өскенбаев, сөзі: Айнұр Тұрсынбаева 17. «Ақ көгершін» әні: Ахмет Жұбанов, сөзі: И. Баймұхамедов ***18.*** «Саржайлау» әні: Нұрғиса Тілендиев, сөзі: Мұқағали Мақатаев
Әскери және соғыс жылдарына арналған әндер:
1. «Әлия» әні: Сейдолла Бәйтереков, сөзі: Бәкір Тәжібаев 2. «Жойылсын мәңгілік соғыс деген» әні:Шәмші Қалдаяқов, сөзі: Жұмекен Нәжімеденов 3. «Смуглянка»; әні: А. Г. Новиков, сөзі: Яков Шведов 4. «Синий платочек» әні: Ежи Петерсбурский, сөзі: Яков Гольденберг 5. «Катюша» әні: М. Блантер, сөзі: М. Исаковский 6. «Ана туралы баллада» әні: А. Шамкенов, сөзі: Ж. Сейілов 7. «День победы» әні: Давид Тухманов, сөзі: Владимир Харитонов 8. «Ақ көгершін», әні: Ахмет Жұбанов, сөзі: Н. Баймұхамедов
Шетел халық әндері

1. Француз халық әні «В Париж» 2. Италия халық әні «Funiculi Funicula » 3. Италия халық әні «Santa Lucia » 4. Ағылшын халық әні «Billy Boy » 5. Ағылшын халық әні «Long, Long Ago » 6. Армян халық әні «Ручеёк » 7. Әзірбайжан халық әні «Чал, ойна!» 8. Грузин халық әні «Светлячок» 9. Түркімен халық әні «Мотылёк» 10. Татар халық әні «Дождик » 11. Жапон халық әні «Aka-Tonbo» 12. Украин халық әні «Дивлюсь я на небо» 13. Белорусь халық әні « Напішу пісьмо к дружку» 14. Орыс халық әні «Ах ты, душечка» 15. Орыс халық әні «Утро туманное»
Шетел композиторларының шығармалары
1. В. А. Моцарт «Ночная серенада» 2. **Ф. Шуберт** «Вечерняя серенада» 3. L. Cohen «Hallelujah» 4. J. Styne «Let it snow!» 5. S. Fain «Love is amany-splendored thing 6. A. Bixio «Parlami D`Amore, Mariu 7. H. Mancini «Moon river» 8. J. Revaux and C. Francois «My way» 9. L. Bernstein «Somewhere» 10. B. Kaempfert «Strangers in the night» 11. P. Beltran-Ruiz «Sway»

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:

1. Ибрагим Нүсіпбаевтың әндері. Құрастырған Рәбиға Нүсіпбаева. Алматы, 1960ж.
2. Сейдолла Байтереков әндері. Алматы 2009ж.
3. Әсеттің 500 әні. /Бірінші,екінші кітаптар/ Құрастырғандар: Н.Нүсіпжан., Д.Ә.Бейсеуов. Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық министірлігі «Өнер» баспасы. – Алматы, 1988ж.
4. Малышева Л. «О пении». – М. 1950
5. Машевский Г. «В помощь педагогу музыканту». – М. 1979
6. А. Юсупова., Кулданов Н.Т. учебное пособие «Постановка голоса» для студентов по направлению 6В014 – подготовка

учителей с предметной специализацией общего развития (подготовка учителей музыки). Алматы.- Тоғанай-Т. 2019
7. Менабени А.Г. Методика обучения сольному пению, М. «Просвещение» 1987.
8. Милькович Е.К. Систематизированный вокально-педагогический репертуар /часть/ для высоких и средних голосов
9. Вербов А.М. Техника постановки голоса. Ленинград, 1971
10. Багадуров В.А. Очерки по истории вокальной методологии, 1937
11. Дмитриев Б. Методика вокального обучения / Л.Б. Дмитриев. – М.: Музыка, 2007. – 368 с.
12. Варламов А.Е. Полная школа пения: учебное пособие, 3-е изд. СПб.: 2008 - 120 с.
13. Емельянов В.В. Развитие голоса. Координация и тренинг - СПб, 2007, 19с.
14. Емельянов В.В. Фонопедический метод формирования певческого голосообразования. Новосибирск, «Наука».: 1991
15. Назаренко И.К. Искусство пения. М.: Муз.,1968
16. Плужников К.И. Механика пения/К.И.Плужников – СПб.: Композитор. 2004. – 88с.
17. Сборники казахских народных песен и песен народных композиторов «Гаухартас» I том, «Сұршақыз» II том. Составители: Жунис М.О., Кожахметова А.Ш., Смаилова Т.А., Токсанбаева Г.А. Алматы 2009,
18. Алчевский Г.А. Таблицы дыхания для певцов и их применение к развитию основных качеств голоса: Уч.пособие, 2-е изд., 2014
19. Кадцын Л.М. Массовое музыкальное искусство XX столетия (эстрада, джаз, барды и рок в их взаимосвязи) : учеб. пособие. Екатеринбург, 2006.
20. Малинина Е.М. Вокальное воспитание детей. Л.: Музка,1967.-*Б.13.*
21. Гладкая С. О формировании певческих навыков на уроках музыки // Музыкальное воспитание в школе. Выпуск 1. – Москва - 1989.- Б. 67.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....3
«Шешендік сөз өнері» бейіндік пәні бағдарламасы.....5
«Академиялық жазылым» бейіндік пәні бағдарламасы.....42
«Когнитивті лингвистика» бейіндік пәні бағдарламасы.....51
«Мәтін талдау» бейіндік пәні бағдарламасы.....65
«Сөз мәдениеті» бейіндік пәні бағдарламасы 71
«Ұлы дала даналығы» бейіндік пәні бағдарламасы.....81
«Әдебиеттануға кіріспе» бейіндік пәні бағдарламасы.....91
«Халық ауыз әдебиеті» бейіндік пәні бағдарламасы 104
«Әлем әдебиеті» бейіндік пәні бағдарламасы 117
«Мәдени мұра» бейіндік пәні бағдарламасы.....134
«Әлемдік мәдениет» бейіндік пәні бағдарламасы.....149
«Дипломатия негіздері» бейіндік пәні бағдарламасы.....158
«Журналистика негіздері» бейіндік пәні бағдарламасы.....170
«Медиасауаттылық» бейіндік пәні бағдарламасы.....180
«Поэзия әлемі» бейіндік пәні бағдарламасы.....188
«Дебат» бейіндік пәні бағдарламасы.....205
«Домбыра» бейіндік пәні бағдарламасы.....220
«Сәндік қолданбалы өнер» бейіндік пәні бағдарламасы 240
«Вокал» бейіндік пәні бағдарламасы 263

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 5-11-сыныптарына арналған бейіндік пәндердің үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

ЖАЛПЫ РЕДАКЦИЯСЫН БАСҚАРҒАН:
Сексенова Роза Ербозымқызы –
мектеп-интернат директоры

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР:
Әбділдә Айжан Сейсенбайқызы –
директордың ғылыми істер жөніндегі орынбасары
Төлепова Айгерім Өміржанқызы –
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Абитова Жанар Сабетханқызы –
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Орынбаева Динара Ғабитқызы –
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі